

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

ӘОЖ: 373.016:811.512.122

Қолжазба құқығында

САБДЕНОВА БАГИЛА АЛТЫНБЕКОВНА

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшілер
п.ғ.д., профессор
Сатбекова А.А.
п.ғ.д., профессор
Жұмабаева Ә.Е.

Шетелдік ғылыми кеңесші
докт, PhD проф.
Кок Абдуллах

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2021

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ОҚЫТУДЫҢ ДЫБЫС-БЕЙНЕЛІК ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	15
1.1 Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту мәселесінің қарастырылу жайы	15
1.2 Дыбыстық-бейнелік оқу құралдарының түрлері және оларды қолданудың маңызы	24
1.3 Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері	38
Бірінші бөлім бойынша тұжырым	69
2 ОҚЫТУДЫҢ ДЫБЫС-БЕЙНЕЛІК ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫ ӘДІСТЕМЕСІ	70
2.1 Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі	70
2.2 Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері және олардың сипаттамалары	79
2.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері	112
Екінші бөлім бойынша тұжырым	133
ҚОРЫТЫНДЫ	134
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	137
ҚОСЫМШАЛАР	146

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сәйкес сілтемелер пайдаланылған:

Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы. (Редакция 01.01.2016 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен) ИС BestProfi © 22.04.2016.

Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы.

Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ , 17 қаңтар. 2014 ж.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. -Астана, 2018.// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989>

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған "Қазақ тілі" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). - Астана, 2018. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989>

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары - көру және есту ақпаратын ұсынуға арналған оқу көрнекі құралдары.

Бейнелік оқыту құралы – қарым-қатынас құралдарын (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, графикалық) игеруде, тілдік іс-әрекетке жаттығуда қолданылатын көру құралдары.

Дыбыстық оқыту құралдары – оқу ақпаратын табиғи тілдік формада ұсынуға мүмкіндік туғызатын, оқу үдерісін қарқынды етуге ықпал ететін дыбыстық техникалық құралдар.

Бейнеграммалар – грамматикалық кестелер, сызба-сұлбалар, суреттер, картиналар, слайдтар, транспоранттар т.б.

Бейнефонограммалар – кинофильм, мультимедиалық бағдарламалар, диафильмдер, мультипликациялық фильмдер, телехабарлар немесе телебағдарламалар, бейнежазбалар, киноүзінділер.

Интернет-ресурстар – Veb серверлерде, РГР серверлерде және т.б. орналасқан интернеттің ақпараттық материалдарының жиынтығы.

Қатысым – тілдік қарым-қатынас, бір адамның екінші адамға ақпарат беруі, өзара әрекеттестіктің ерекше формасы.

Блум таксономиясы – сын тұрғысынан ойлауды қарастыруға болатын ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық моделі.

Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсінуі, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кемшіліктерді мойындауы не жоққа шығаруы.

3D ТУР – компьютер мониториянда көрсетуге бейімделген қоршаған ортаның 360°-тық бейнесі, виртуалды саяхат түрі.

Эмпатия – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі.

Медиабілім – білім алушылардың бұқаралық байланыс заңдылықтары оқуын жақтайтын бағыт.

Модель – зерттелуге тиісті құбылыстардың (заттар, үдерістер, жағдаяттар) жобадағы бейнесі.

Мультимедиа – компьютерде дыбысты, ақпаратты, тұрақты және қозғалыстағы бейнелерді біріктіріп көрсету үшін жинақталған компьютерлік технология.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР БЖҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ЖОО – жоғары оқу орны

PhD – философия докторы

т.б. – тағы басқа

фр. – француз тілінен

лат. – латын тілінен

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ИОТ – интерактивті оқыту технологиясы

ПОПС-формула – интербелсенді әдістердің бірі, орысша сөздердің алғашқы әрпі негізінде қысқартылған сөз: позиция, объяснение, примеры, суждение.

ТОҚ – техникалық оқу құралдары

ОДБТ (АТО) – оқытудың дыбыс-бейнелік технологиясы (Аудиовизуальная технология обучения)

ОТДБТ (ТАТО) – оқытудың техникалық және дыбыс-бейнелік технологиясы (Техническая и аудиовизуальная технология обучения)

ДБҚ – дыбыс-бейнелік құралдар

ОДБҚ (АВСО) – оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары (Аудиовизуальные средства обучения)

СЖҚ (CD-ROM) – сыртқы жадтау құрылғысы (Compact Disc Read-Only Memory).

БҰҰБҒМЖҰ (ЮНЕСКО) – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы (United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization).

СКД (DVD) – Сандық көпмақсатты дискілер (Digital Versatile Disc).

КТК – Көңілді тапқыштар клубы

АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

БЖБ – Бөлім бойынша жиынтық бағалау

ТЖБ – Тоқсандық жиынтық бағалау

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазіргі кезде білім беру үдерісі сын тұрғысынан ойлайтын, ақпаратты саналы түрде меңгеріп, ойын жетік жеткізе алатын, қарым-қатынасқа еркін түсетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталып отыр. Осыған орай заманауи бастауыш сынып мұғалімінен оқушыларының танымдық белсенділігін дамыту, сабаққа деген ынтасын арттыру мақсатында оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары мен тиімді әдістерін үйлестіре отырып қолдану талап етіледі.

Жалпы, оқушының қатысымдық дағдысы өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерінен тұратын білім мен тәжірибе жиынтығын құрайды. Қатысымдық дағдысы дұрыс қалыптасқан оқушы оқу әрекетіне белсенді түрде қатысатын, өз ойын шығармашылықпен жеткізе алатын, шынайы қарым-қатынас жасауда тілдік құралдарды тиімді қолданатын болады. Сол себепті оқу үрдісінде әртүрлі дыбыстық және техникалық құралдар мен әдістерді тиімді қолдану арқылы оқушының ойы мен тілін, яғни қатысымдық дағдысын дамыту өзекті мәселеге айналып отыр.

Дыбыстық-бейнелік оқу құралдары арқылы тыңдаған мәтіннен қажетті ақпаратты түсінуге, есте сақтау қабілетін жетілдіруге, мәтіннің құрылымы мен түрлерін ажыратуға, тыңдаған мәтінін ауызша айтуға, жазуға мүмкіндік алады. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда көмекші құралдардың бірден-бірі болмақ. Мұғалімнің сөзі, аудиомәтін мен бейнебаян мәтінінің оқушыға түсінікті, логикалық тұрғыдан жүйелі, ақпаратты болуы мәтіннің негізгі ойын түсінуге лексикалық сөздік қорының толығып еркін қарым-қатынасқа түсуіне септігін тигізеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Қазіргі кезде білім беру жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізіліп, білім берудің мазмұны жаңартылуда. Жаһандану кезеңінде оқу әрекетіне белсенді қатысатын, өз ойын шығармашылықпен жеткізіп, өздігінен шешім шығара алатын және қатысымдық дағдылары дамыған, білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана білетін сауатты тұлға қалыптасуы тиіс. Мұндағы басты мақсат – оқушыларды біліммен қаруландырып, олардың жалпы оқу білігі мен дағдысын, құзыреттіліктерін қалыптастыру ғана емес, оқушы тұлғасының жан-жақты, үйлесімді дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу. Бұл туралы «Қазақстан Республикасы білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы» Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту міндетінде көрсетілген [1].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші екендігіне, әлемдік білім саласының дамуы көшінен қалмай ілгерілеудің қажеттілігіне, ал сол көшке ілесе алмау мемлекет үшін үлкен сын болатындығына назар аударады [2]. Аталған стратегиялық тұжырымдар республикамыздың мектептеріне енгізілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» [3] мен бағдарламаларының, оның ішінде «Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4

сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасында» қатысымдық дағдыны дамыту туралы «Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану» [1, б. 1] - деп берілуі бағдарламаның негізі болып табылатындығын дәлелдей түседі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасауды мүмкін ететін кең ауқымды дағдылар негіздерінің қатарында «қатысымдық түрлі тәсілдерді, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгерудің» [3,б. 3] көрсетілуі оқушылардың қатысымдық дағдысын мақсатты түрде дамыту қажеттігін туындатады.

Жоғарыда аталған кең ауқымды дағдыларды, соның ішінде қатысымдық дағдыларды тиімді қалыптастыруға білім беру сапасын арттырудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру, оқыту үдерісінде заманауи оқыту технологияларын қолдану арқылы қол жеткізілетіні белгілі. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың маңызы оның қоғамда табысты болуын қамтамасыз етуге деген бағыты арқылы танылады. Ал қатысымдық дағдылардың негізі бастауыш мектепте дами бастайды. Бастауыш сынып оқушысының қатысымдық дағдыларының дамуы арқылы оның сөйлеу қабілеті мен әлеуметтік-мәдени, дүнитанымының дамуы, жетістіктерге жетуі, жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуының негізі берік бола бастайды.

Тілдің басты қызметі қарым-қатынас, танымдық құрал болғандықтан, тілдік білім беруде оқушының қатысымдық дағдыларын дамытудағы жаңаша әдістемесін талдап-таразылау – дидактика, соның ішінде бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзекті мәселесі.

Әдістеменің заман дамуымен бірге әрдайым жаңаша келбетте келіп, жетіліп отыратын бір аспектісі – оқытуда дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану. Бұл – білім беру мазмұнының жаңаруымен, заман талаптарының қажеттіліктерін өтеуден туындаған заңдылық. Осымен байланысты ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жетістіктері білім беру саласында кең ауқымда қолданыла бастады. Осы тұрғысынан бастауыш мектептің білім беру үдерісінде оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану – оқушының білім сапасын арттырудың тиімді жолдарының бірі. Сондықтан оның ғылыми-әдістемелік, технологиялық негіздерін айқындау бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзекті мәселесі негізінде қарастырылады. Адамдардың бір-бірімен ізгілікті қарым-қатынасы, айтатын ойын нақты фактілермен, ұтқыр сөзбен жеткізе білу, тыңдағанынан ой түйу мәселесі ерте замандардан бері адамзат баласының алдында тұрған міндеттердің бастысы, тұлға қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі болған және оған барлық тарихи кезеңдерде философ, психолог, педагогтер, сондай-ақ басқа да сала ғалымдары үлес қосқан.

Қатысымдық дағдыны дамытуды ғылыми түрде зерттеу классик ұлы ғұламаларымыз әл-Фараби, А.Яссауи, Ж.Баласағұн, Х.Дулати, М.Қашқари, А.Құнанбаев еңбектерінде адамның өзін-өзі тануы және нені білгісі келетінін

ұғынуы, әрбір ісіне қорытынды жасап, өкінбей өмір сүру үшін жасайтын ой әрекеті тұрғысынан қарастырылғандығы анықталды.

Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов қатысымдық дағдыны дамыту мәселесін арнайы қарастырмаса да, өз еңбектерінде сөйлеу әрекеті біліктіліктерін қалыптастырудың педагогикалық және психологиялық аспектілеріне тоқталған.

Есте сақтау үдерісі туралы Н.И.Гез, И.А.Зимняя, Н.В.Елухина, Е.И.Исенина, А.И.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн, С.Қожахметовтердің зерттеулерінде қарастырылған.

Сөйлеу әрекеті түрлерінің (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым) лингвистикалық негізін, тыңдалым әрекетінің фонетикалық ерекшеліктерін, сөз бен сөйлемнің мағыналық жақтарын ғалымдар Е.И.Пассов, С.К.Фоломкина, Н.В.Бассова, Т.М.Никитина, Қ.Жұбанов, Ф.Оразбаева, А.А.Маргарян, Е.Ю.Юрьева, А.Д.Швейцер, Е.Б.Шубин, С.Н.Бернштейн, К.Жақсылықова өз еңбектеріне арқау еткен.

Қазақ тіл білімінде алғаш рет тілдік қатынас мәселесінің ғылыми теориялық негізін Ф.Оразбаева жасаған.

Ақпараттық білім беруде, соның ішінде қатысымдық дағдыларды дамытуда оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану қызметі В.П.Беспальконың, Е.С.Полаттың, М.Ю.Тихоновтың теориялық еңбектерінде анықталған.

Тілді оқытудың ақпараттық-коммуникациялық қырларын қазіргі кездегі ақпараттану мен қатысымдық теориясы тұрғысынан қарастыру Н.Винер, К.Шеннон, У.Эшби еңбектерінде зерделенген.

Сөйлеуді игеруде тілдің қатысымдық қызметі С.Рахметова, Қ.Қадашева, Н.Құрманова, З. Бейсенбаева, Ж.Сүлейменова, Ә.Әлметова, Н.Оразақынова, Ж.Дәулетбекова, Ш.Құрманбаева, А.Сатбекова, Ж.Балтабаевалардың; тілдік бірліктердің қатысымдық мәні Т.Ермекова, Н.Ильясова, Ғ.Шойбековалардың; қатысымдық дағды, құзыреттілік қалыптастыру Қ.Молдабек, Ә.Е.Жұмабаева, Э.Уайдуллақызы, К.Ч.Мулдабекова, Ә.Д.Рысқұлбекова, М.МДүйсенова, З.Абдулжановалардың еңбектерінде қарастырылған.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану арқылы білім беруді ақпараттандыруды жүзеге асыру мәселесі Г.Қ.Нұргалиева, Т.О.Балықбаев, Ж.А.Қараев, Ж.У.Кобдикова, К.З.Халықова, Б.Абықанова, Б.Ж.Құрманова, Д.Н.Исабаева, Н.Т.Сартаевалар еңбектерінің негізгі арқауы болған.

Жоғарыда талданған ғылыми еңбектерде дыбыс-бейнелік оқу құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың арнайы қарастырылмауы біз зерттеп отырған мәселенің ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда әлі де болса жеткілікті дәрежеде шешімін таппай отырғанын дәлелдейді.

Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа оқытудың дыбыс-бейнелік қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулық, бағдарламаларды пайдалану оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытумен қатар, танымдық белсенділігін арттырып, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға,

шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту ең алдымен оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдануға тікелей байланысты десек, бұл мәселенің арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын көрсетті. Бұл жағдай:

– білім беруді ізгілендірумен байланысты қазіргі заман талабына сай тұлға қалыптастырудың қажеттілігі мен оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту жұмыстарының жеткіліксіздігі арасындағы;

– қазіргі ұйымдастырылған педагогикалық жағдайда дыбыс-бейнелік оқыту құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың қажеттілігі мен осы міндетті шешу үшін ғылыми негізделген және тәжірибелік қатынас құрудың жеткіліксіздігі арасындағы;

– бастауыш сынып оқушыларын дыбыс-бейнелік оқыту құралдарымен жұмыс жасауға үйретудің қажеттілігі мен оқу материалдарын қолдану технологиясының жетіспеуі арасындағы қарама-қайшылықтар бар екенін көрсетеді.

Мұндай қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту мәселесін айқындап, зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу мақсаты - оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу, оқу-әдістемелік кешенін ұсынып, тәжірибелік-эксперименттен өткізіп, тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеу нысаны. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту үдерісі.

Зерттеу пәні – бастауыш сыныптардағы әліппе және қазақ тілі сабақтарында оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжамы. Егер оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту теориялық тұрғыдан негізделіп, оның әдістемесі әзірленсе, құрылымдық-мазмұндық моделі шығармашылықпен қолдануға бағытталса, онда бұл әдістеме қазақ тілі сабақтарында оқушылардың оқу пәнінің мазмұнын тереңірек түсінуге және оқу тәсілдерін түрлендіруге мүмкіндік береді, өйткені бұл жағдайда дыбыстық-бейнелік құралдар қатысымдық дағдылардың дамуына ықпал ететін белсенді қызмет түрлеріне жатады.

Зерттеудің міндеттері:

1. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту мәселесінің ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы;

2. Дыбыстық-бейнелік оқу құралдарының түрлері мен оларды қолданудың маңызы;

3. Дыбыстық-бейнелік оқу құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздерін анықтау;

4. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

5. Дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесін ұсыну;

6. Тәжірибелік эксперимент жүргізу, оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігін дәлелдеу арқылы ғылыми негізделген ұсыныстар беру.

Зерттеудің жетекші идеясы – оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту олардың әлеуметтенуіне жағдай жасайды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері ретінде философ, психолог, педагог ғалымдардың теория мен тәжірибенің бірлігі туралы ұстанымдары, таным теориясы, білім беру жүйесін ақпараттандыру тұжырымдамасы, тұлғаның іс-әрекетте қалыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық тұжырымдамалар, ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы; ғалымдардың ақпараттық мәдениетті дамыту, өзін-өзі дамыту туралы тұжырымдамалары; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалар, көрнекілік теориясы, қатысымдық дағдыны дамыту туралы ғылыми тұжырымдамалар, біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы басшылыққа алынды.

Зерттеудің дереккөздері ретінде: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетел ғалымдарының философиялық, лингвистикалық, педагогикалық, психологиялық еңбектері, қатысымдық дағды туралы, ақпараттық сауаттылық, техникалық оқыту құралдарын қолдану туралы педагогикалық зерттеулер, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары, бастауыш мектептегі оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жинақталған отандық және әлемдік озық тәжірибелер, Қазақстан Республикасында жалпыға міндетті бастауыш білім берудің мемлекеттік стандарты, жаңартылған оқу бағдарламасы алынды.

Зерттеу кезеңдері

Бірінші кезең (2016-2018) – зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық-психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға теориялық тұрғыдан талдау жасалып, материалдар жинақталды. Осы кезеңде зерттеу мәселесі, міндеттері, зерттеу көздері, пәні және ғылыми болжамы айқындалды; дыбыс-бейнелік оқыту құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту бағытындағы озық тәжірибелер зерделенді, бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың теориялық негіздері айқындалып, оның мазмұндық-құрылымдық моделі жасалып, өлшемдері мен деңгейлері көрсетілді.

Екінші кезең (2018-2019) – оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту үлгісін оқыту үдерісіне енгізудің тиімділігін анықтау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Анықтау эксперименті барысында бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту өлшемдеріне сәйкес бастапқы білім деңгейлері зерделенді. Осы кезеңде 3 және 4 сыныптың «Қазақ тілі» оқулығының тыңдалым материалдары қамтылған 1-2 бөлімнен тұратын ұнтаспа, «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» атты оқу-әдістемелік кешені - жалпы білім беретін тірек мектептердің бастауыш оқыту үдерісіне енгізілді.

Үшінші кезең (2019-2021) – жүргізілген эксперимент қорытындыларын талдау, жалпылау, нақтылау нәтижелері бойынша алдын-ала жасалған қорытындыларға түзетулер ендіріліп, эксперимент материалдары жүйеге келтірілді, соның негізінде, дыбыс-бейнелік оқыту құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту динамикасы анықталып, оның тиімділігі математикалық-статистикалық тұрғыда негізделді. Диссертация талап бойынша ресімделді.

Зерттеудің әдістері: *теориялық* (философиялық, әлеуметтік, психологиялық, лингвистикалық, педагогикалық және әдістемелік ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу мәселесі тұрғысынан талдау, озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу, жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); *эмпирикалық* (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау, т.б.); *математикалық-статистикалық* (алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыда өңдеу, мониторинг жүргізу, сараптау).

Зерттеу базасы: Тәжірибелік-эксперимент жұмысы Алматы қаласы Білім басқармасының «№15 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сыныптарында жүргізілді. Тәжірибеге барлығы 165 оқушы қатысты, оның 82 оқушысы эксперимент сыныбы және 83 оқушысы бақылау сыныбы ретінде алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы:

– бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың зерттелу жайы анықталды;

– оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының түрлері мен оларды бастауыш оқыту үдерісінде қолданудың маңызы нақтыланды;

– қазақ тілі сабақтарында оқушылардың қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік оқу құралдары арқылы дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздері айқындалды;

– оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

– дайындалған дыбыс-бейнелік оқыту құралдарының оқушының қатысымдық дағдыларын дамытудағы тиімділігі тәжірибелік-эксперимент негізінде дәлелденіп, ұсыныстар әзірленді.

Зерттеу жұмысының практикалық мәні

1. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту мақсатында авторлық «Бізде көңілді!» сайты [4] ұсынылды.

2. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту бойынша оқу-әдістемелік кешені ұсынылды.

3. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту мақсатында «Қазақ тілі (3-сынып)» [5], «Қазақ тілі (4-сынып)» [6] 1-2 бөлімдерінің ұнтаспасы әзірленіп, жалпы білім беретін мектептердің бастауыш оқыту үдерісіне енгізілді.

4. «Әліппе» оқулығының байқау нұсқасында тыңдалымға берілген QR материалдары мен «Әліппе» ұнтаспасы 2020/2021 оқу жылында ҚР пилотты мектептерінде эксперименттен өтіп, 2021/2022 оқу жылында QR материалдары бар «Әліппе» оқулығы мен «Әліппе» ұнтаспасы жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбының оқу үдерісінде пайдалануға ұсынылды.

Зерттеу нәтижелерін жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныбында, жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты тәжірибесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

1. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту – қатысымдық теорияға негізделіп, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы оқушының сөйлеу әрекеті түрлерін жетілдірудегі және оны әлеуметтік-мәдени жағынан дамытудағы инновациялық траектория.

2. Зерттеу барысында айқындалған педагогикалық-психологиялық ерекшеліктер оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуды психологиялық, теориялық, практикалық тұрғыдан қамтамасыздандырады. «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» – оқушының жеке басы дамуының, сөйлеу қабілеті жетілуінің, өмірде табысты болуының, оқуда жетістіктерге жетуінің кепілі, әлеуметтік-мәдени дамуының негізі болатын тілдің қатысымдық бірліктері жайындағы білімдері, лексикалық қорының дамуы, танымдық құзыреттілігінің қалыптасуы, тыңдап, кері байланысқа түсуі, басқа адамдардың пікірімен санаса білуі, оны мұқият, шыдамдылықпен тыңдай, түсінгенін өзінше қорытып, өзіндік сындарлы пікірін айта білуі, диалог пен талқылауларға қатысуы, өз қатарындағы құрдастарымен белсенді түрде араласа білуі, үлкендермен, өз қатарымен ынтымақтастық қарым-қатынасқа түсе алуы сияқты бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасы.

3. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі жоғары нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; қатысымдық дағдыларды дамыту үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған әдістерін, құралдарын сипаттайтын, дамыту деңгейлері айқындалған құрылым болып табылады. Модель болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда,

бастауыш білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларын және «Әліппе», «Қазақ тілі» оқулықтарын әзірлеуде басшылыққа алатын ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулық бола алады.

4. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесі «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» оқу-әдістемелік кешенін; «Әліппе», «Қазақ тілі» пәндері бойынша көрнекі түсінуге арналған QR және ұнтаспа тыңдалым материалдарын жалпы білім беретін мектептің бастауыш оқыту үдерісіне енгізумен іске асырылады.

Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен негізділігі: зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған әдіс-тәсілдердің нақты қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістерді қолданумен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың жоспарлығы және кезеңділігімен, ұсынылып отырған әдістеменің тиімділігімен, сондай-ақ, қатысымдық нәтижелерді дамытуға бағытталған оқытудың дыбыс-бейнелік құралдар кешенін бастауыш оқыту үдерісіне енгізумен қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануы мен мақұлдануы.

Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 19 ғылыми еңбек жарық көрді. Соның ішінде 2-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда:

1. Methods of teaching derived words of Kazakh language by interactive technologies. //Opcion. - 2018. - V. 34. Iss.85. P.-273-289.

2. Teaching primary school pupils through audio-visual means. International Journal of Emerging Technologies in Learning. //International Journal of Emerging Technologies in Learning. -2019 – V.14. Iss. 22. –P.-122-140.

Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 3-еуі жарияланды:

1. Бастауыш сыныпта оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытудың психолінгвистикалық негіздері// Қазақстан өмірі мен ғылымы. №5,2 2019. 241-246 б. [7].

2. Бастауыш сыныптарда оқыту үрдісінде дыбыс-бейнелік құралдарды қолданудың маңызы// Қазақстан өмірі мен ғылымы. №8/2 2019. - 162-169 б. [8].

3. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық күзiреттiлiгiн қалыптастырудың әдістемелік қырлары. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы, Филология ғылымдарының сериясы №3 (69), 2019. - 416-422 б. [9].

Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинақтарында 6 мақала жарияланды:

1. Қазақ тілін оқытуда «Технология» ұғымы және оның оқу үрдісіндегі рөлі. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Қазақ елі-мәңгілік ел» атты «VII. Құрышжанов оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Алматы, 2016. - 340-342 б.

2. Қазақ тілі сабағында қатысымдық технологияны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру. V Халықаралық Түркі әлем зерттеулері симпозиумы, Алматы, 2018. - 230-233 б.

3. Оқыту мен оқу үдерісінде қатысымдық технология арқылы бастауыш сынып оқушыларында ізденушілік дағдыларын қалыптастыру. Paris congress on social sciences-II, 2018. Paris-France. -P. -379-385 [10].

4. Жаңартылған білім беру аясында оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын қалыптасыру. International European congress on applied sciences. 2018. Paris-France. P. 26-33.

5. Теоретические основы развития речевых навыков учащихся начальных классов//Симпозиум. «Проблемы языкового образования в поликультурной среде». Казан, 2018. 113-119 с.

6. Шешендік дамуының алғышарттары // VI Халықаралық Түркі Әлемі Зерттеулері симпозиумы. Әзірбайжан, Баку. 2019. - 401-406 б.

Шетелдік басылымдарда 2 мақала жарық көрді:

1. The structure and semantic development of the common paronym -words of Turkic language their theoretical and methodological basics. Journal of Language and Literature, Vol. 7. No. 4. November, 2016. –P. – 273-289.

2. Linguodidactic principles of teaching derived words using interactive technology. //Arts and Humanities Archeology (arts and humanities) History. VOL. 17 NO. 6 (2020) .

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында және Ахмет Байтұрсынұлы әдістемесі негізінде ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған 6 оқулық және оқу-әдістемелік кешен (ОӘК) әзірленіп жарық көрді:

1. Қазақ тілі. 3-сынып. Үнтаспа. 1-2 бөлім. Алматы. Атамұра, 2018 [5].

2. Қазақ тілі. 4-сынып. Үнтаспа. 1-2 бөлім. Алматы. Атамұра, 2019[6].

3.Әліппе. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. Алматы. Атамұра, 2021. -108 б.

4. Әліппе. 1-сынып. Үнтаспа. Алматы. Атамұра, 2021.

5. Әліппе оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы. Атамұра, 2021. – 246 б.

6. Әліппе. Электронды оқулық. Алматы. Атамұра, 2021.

Диссертацияның құрылымы

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 2 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу проблемасының өзектілігі, ғылыми аппараты: мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, кезеңдері, әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы, практикалық мәні, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалары тұжырымдалады.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалды, ұсыныстар берілді, зерттеушілерге арналған зерттеу перспективасы ұсынылды.

Қосымшада зерттеу барысында талданған дидактикалық материалдар берілді.

1 ОҚЫТУДЫҢ ДЫБЫС-БЕЙНЕЛІК ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту мәселесінің қарастырылу жайы

Қазіргі заман талаптары тұрғысынан оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыру – дидактиканың өзекті мәселелерінің біріне айналды. Оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту оның қоғамда табысты болып қалыптасуының алғышарттарының маңыздысы болып табылады. Қатысымдық сауаттылық бастауыш сыныптан қалыптаса бастайды. Бастауыш мектепте қатысымдық дағдыларды дамытуда қазақ тілі пәнінің алатын рөлі зор. Қазақ тілі сабақтарында оқушының ауызша, жазбаша қарым-қатынасы қалыптаса бастайды. Осы кезеңде тілдік дағдыларды, ауызша сөйлесу, жазу сауаттылығын қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамыту көзделеді.

Тілдің басты қызметі қатысымдық-танымдық қызмет болғандықтан, оның адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеудегі маңызы зор. Осымен байланысты бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда оқушының қатысымдық дағдыларының сатылап дамуына баса мән берілу керек.

Қатысымдық дағды мазмұнын талдамас бұрын «қатысым», «коммуникация» ұғымының лингвистикалық негіздеріне мән берейік.

Ғылыми еңбектер мен сөздік, анықтағыштарда «коммуникация» термині қатысым, қарым-қатынас, коммуникация түрінде қолданылады. Коммуникация терминіне анықтамалар да түрліше берілген. Үлкен энциклопедиялық сөздікте «тілдік қарым-қатынас, бір адамның екінші адамға ақпарат беруі, өзара әрекеттестіктің ерекше формасы», – деп түсіндірілген [11].

С.И.Ожеговтің сөздігінде: қатысым «хабар, қарым-қатынас» ретінде түсіндіріледі [12]. «Қатысым – сөйлесу, тілдік қарым-қатынас жасау, ой, мағлұмат алмасу, танымдық еңбек қызметіндегі адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын танытатын ерекше форма. Қатысым, негізінен, танымдық қызмет, тілдің көмегімен жүзеге асырылады» [13, б. 87], «қатысым – «қарым-қатынас» актісі, өзара түсіністікке негізделген екі не одан да көп адамның байланысы» [14].

«Қатысым» және «қарым-қатынас» ұғымдары педагогика мен философиялық энциклопедиялық сөздіктерінде де ұқсастығын тапқан. Кейбір авторлар «қарым-қатынас» және «коммуникация» ұғымдарын біріктіре отырып, «ақпаратты, саналы және бейсаналы байланысты тарату және қабылдау үдерісі» деп түсіндіреді. Алайда тұлғааралық қарым-қатынасты қарастырған зерттеушілердің көбі аталған ұғымдарды бөліп қарастырған [15]. Тілдің адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметі жөнінде С.Аманжолов: «Тіл – амал, құрал, оның арқасында адам бірімен-бірі қарым-қатынасқа енеді, пікір алысады және бір-бірімен түсініседі. Тіл ойлаумен

тікелей байланысты болғандықтан, сөзде және сөйлемдегі сөздердің бірлігінде ойлау ісінің жетістіктерін тіркеп отырады», – деп тұжырымдайды [16, б. 90].

Қатысым теориясы мен әдістемесін зерттеген ғалым Ф.Оразбаева: «Қарым-қатынас – тілдің өмір сүруінің, тілдік болмыстың басты өлшемі. Қарым-қатынас сөйлеу, сөйлесім арқылы жүзеге асады. Сөйлеудің ең басты құралы – тіл, сөйлесімді жүзеге асыратын да – тіл», – деп анықтайды [17, б. 259].

С.Г. Тер-Минасова: «Коммуникация – қарым-қатынас актісі, бір не одан да көп тұлғаның арасындағы өзара түсіністікке негізделген байланыс, бір тұлғаның екінші бір тұлғаға немесе бірнеше тұлғаға ақпаратты хабарлауы», – деген анықтама береді [18, б. 16].

З.Абдулжанованың пікірінше, қатысым «адамдардың тіл арқылы сөйлеу процесін, тілдік қатынастың ерекшеліктерін, оның қоғамда атқаратын қызметін көрсетеді» [19, б. 24].

Демек, *қатысым (коммуникация)* – адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты тетігі, оның қызметі – ақпарат алмасуды жүзеге асыру, байланыс жасауға мүмкіндік беру. Қатысым адам әрекетін басқарушы, тіршілік етуінің басты тетігі ретінде маңызды. «Аса мәртебелі Қарым-қатынас (немесе аса мәртебелі Коммуникация) адамзатқа билік жүргізіп, оның өмірін, дамуын, іс-әрекетін, жалпы танымы мен жаратылыстың бір бөлшегі ретінде өзін-өзі тануын басқарып отыр. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты зерделеуге және оған не тосқауыл болатынын немесе керісінше не ықпал ететінін түсінуге деген кез келген талпыныс маңызды әрі орынды, себебі қарым-қатынас – әрқашан адамзаттың тіршілік етуінің тірегі, негізі» [18, б. 13].

З.Абдулжанова қатысымның ерекше белгілері ретінде мыналарды көрсетеді: «қатысымға қатысушылар ретінде екі индивид сияқты екі субъект: индивид және топ немесе адамдардың екеуі «және одан да көп тобы шығады; бір субъектіден екіншісіне берілуге жататын объект міндетті түрде болады; қатысымға мақсаттылық тән, қатысымның мақсаты мінсіз болмысы бар мағыналарды коммуниканттардың бір-біріне хабарлауы болып табылады» [19, б. 28].

Қатысымды жүзеге асыруда тілдік бірліктер маңызды рөл атқарады. Тілдік бірліктердің қатысымдық қызметі оның мазмұнымен, мағынасымен байланысты болады. Қатысымдық бірліктер сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтіннің қатысымдық қызметтері әртүрлі мазмұнда болады. Осылардың ішіндегі маңыздысы – сөз. Сөз бен сөз тіркесінің қатысымдық қызметі сөйлемде көрініс табады. Тілдік бірліктердің қатысымдық қызметі оның ең алдымен лексикалық мағынасының нақтылығына байланысты болады. Сонда ғана сөйлеуші мен тыңдаушы арасында түсінушілік орнайды. Қатысымдық бірліктер сөйлеушінің ойын айқындаушы, жеткізуші қызметін атқарып, мазмұндық тұтастықты білдіреді. Қатысымдық бірліктер тілдік бірліктердің қатысы үдерісінде қолдану қызметінің ерекшеліктерін нақтылайды. Қатысым үдерісінде адамның сыпайы, дөрекі, сенімі, келісу, келіспеуі, реніші, қызбалығы, қысымы т.б. қасиеттері көрінеді.

«Белгілі бір құрылымға сүйенген тілдік бірлік қатысым үдерісінде сан қырлы модификацияға түсе алады. Контекст пен жағдаятқа, қатысымдық стратегия мен тактикаға сәйкес оның білдіретін мәні мен маңызында да сапалық өзгерістер болады» [20, б. 5]. Бастауыш сынып оқушылары орта, құбылыс жайлы әлемді тануын вербалды түрде білдіруде тілдік бірліктерді қолданып, тілдік қатысым жасайды. Сондықтан қатысымдық бірліктерді дұрыс қолдануға үйрету маңызды. Қатысымдық бірліктер мағыналық жағынан түрленіп отырады. Олар «Мағыналық тұтастықта келіп, ақпараттық мәнге ие болатын, потенциалды адресатқа бағытталған, аяқталған ой мен эмоционалды мазмұнды білдіретін бірліктер. Тілдік қатысым: *оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым мен тілдесімді* меңгеруге бағытталған әрекет болғандықтан, тіл білімімен тығыз байланысты» [19, б. 37].

Тілдің негізгі қызметі – қарым-қатынас құралы болуы, сондықтан дидактикада оқушының қатысымдық дағдыларын дамыту, оның тиімді әдістемесін зерттеп-зерделеу, талдау – өзекті мәселе. Оқушының тілдік материалды біліп қана қоймай, оны игерудің амал-тәсілдерін үйреніп, өздігінен әрі қарай дамытып, өмір сүрген ортасында тиімді қолдана білуі тиіс. Оқушының өзгермелі қоғамда өзінің орнын тауып, ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілетінің қалыптасып, тез бейімделуі үшін қатысымдық дағдыларын дамытуға басымдық берілуі тиіс.

Бастауыш сынып балаларының қатысымдық дағдыларының дұрыс қалыптасуы оның алған білім-біліктерінен көрініс табады, себебі оқушының қатысымда өз ойын еркін жеткізе білуі оған берілген білімнің сапалық дәрежесіне байланысты болады. Қатысымдық дағдылардың дамуы – оқушының жеке басының дамуының, сөйлеу қабілетінің жетілуінің, өмірде табысты болуының, оқуда жетістіктерге жетуінің кепілі, әлеуметтік-мәдени дамуының негізі. Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін дамыту мазмұны тілдік материалдар мен оны игертудің әдістемелік жүйесін қамтиды.

Қатысымдық дағдылар тұрғысынан, дағды – көп рет қайталаулар арқылы автоматты орындалуға бейімделген іс-әрекет. *Дағды* – бірнеше рет қайталаулардың нәтижесінде пайда болған және оның саналы қадағалауының қысқартылуымен сипатталатын жеке әрекеттер – операцияларды орындаудың қалыптасқан тәсілі. Оқыту үдерісінде, әсіресе, жалпы оқу дағдыларын, пәнаралық мәндегі дағдыларын қалыптастыру қажет. Дағды – қайталау нәтижесінде қалыптасатын іс-әрекет, соның нәтижесінде ол автоматталған әрекетке айналып, оңай, шапшаң әрі дәл орындалып отырады.

Дағдының физиологиялық негізі – динамикалық таптаурын. Мысалы, алғаш жазып үйрене бастаған бала бастапқы кезде өзінің барлық әрекетін саналы түрде бақылап, көптеген артық қимылдар жасайды (оның бет әлпеті, бүкіл денесі, аяқ-қолы бір мақсатқа бағытталады), біраз қиналады. Ал жазуға төселген адам өз әрекеттерін байқамайды, оның орнына жазғанының мазмұнына ерекше зейін бөледі. Өйткені жазуға төселген адамның жазу дағдысы қалыптасқан. Дағдылануда іс-әрекеттің тұтас өзі емес, жеке компоненттері (құрамдары) ғана автоматты әрекетке айналады.

Дамыған дағдылардың кейбір белгілері:

- *дағды алудың белгісі* – әртүрлі амалды тез орындап, шапшаң қимылдау;
- *дағды қалыптасқаннан* кейін күштеніп, зорланып, қиналып істеу жойылады (мысалы, инеге жіпті жылдам сабақтай алмау, жазуға немесе сөйлеуге төселмей тұрғандағы балада байқалатын ебедейсіздік т.б. адамда әлі де дағдының жоқтығының белгісі);

- *дағдыланудың үшінші белгісі* – бірқатар жеке амалдарды біріктіріп, одан тұтас бір амал жасай алу. Мысалы, бала алғаш әріпті танығанда, сөздерді әріпке, буынға, дыбысқа бөледі, кейін сөйлем құрайды. Сөйтіп, жаттыға келе бұлай кібіртктеп отырмайды, сөйлемдерді шапшаң оқитын болады. Көзбен бақылаудың маңызы азайып, қозғалыс пен бақылаудың мәні артады (мысалы, жазу дағдысы баланың қозғалыс түйсіктерінің жетіле түсуін қажет етеді, тәжірибелі компьютер маманы да қағаз басуда көздің көмегіне сүйенбей, саусақтардың қимыл-қозғалыстарына ерекше көңіл бөледі).

Дағдыға машықтану үшін алдын ала қабылдай алу қабілетінің болуы, мысалы, компьютер маманы мәтінді көшіргенде, әрдайым оның көзі алға жүгіріп, қолынан озып кетіп отырады. Қолы бір сөзді терген кезде, оның ойында бірер сөз әзір тұрады. Мәнерлеп оқуда да көз бірер сөздің көлемінде болмай, тұтас сөйлемді, тіпті бірнеше сөйлемді қамтиды. Адам мәтіннің мағынасын түсінумен қатар алдағы сөздердің мағынасын да аңғара алады. Психологияда мұны дағдының антиципациясы деп атайды (лат. *антиципацио* деген сөзі, қазақша *күні бұрын біліп қою* деген мағынаны білдіреді).

Дағды адам әрекетінің қай-қайсысында да ерекше маңызды орын алады. Дағдының негізінде біздің санамыз қызметтің түпкілікті, шешуші кезеңдеріне жұмылдырылып табысты болуын қамтамасыз етеді. Дағдылар *сенсорлық* (тікелей қабылдау) және *интеллектуалдық* дағдылар болып бөлінеді. Дағдының бірнеше түрлері бар: *перцептивті*, *интеллектуалдық*, *қозғалыс және мінез-құлық* дағдылары. *Перцептивті дағды* – жақсы таныс заттарды тану белгілерінің бірмезгілдік бейнелеуі. *Интеллектуалдық дағды* – белгілі бір сыныпқа кіретін есептер мен тапсырмаларды шешудің тиімді тәсілдері. *Қозғалыстық дағды* – қалыптасқан әрекеттер мен қимыл-қозғалыстардың жүйесі.

И.Ә.Абеуова «Педагогикалық психология» атты оқу-әдістемелік құралында: «...оқыту – білімгерлер мен оқытушылардың бірлескен оқу іс-әрекеті, ол білім, біліктіліктер мен дағдыларды беру процессін сипаттайды, кеңірек мағынада - оқытушының өмірлік тәжірибесін оқушыға беру» [21, б. 7] - деп, білім алушылардың әлеуметтенуі үшін білім берушінің әлеуметтік тәжірибе үлгісінің маңыздылығына баса мән береді. Осы тұрғысынан қатысымдық дағдыларды тұлғаны дамыту үрдісі ретінде қарастырсақ, бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық әрекетке түсе білуі, оны тудыратын әрекеттерді меңгеруі, хабарлауға, қатынасқа түсуге ынтасының болуы қажет. Бұл мақсатқа жетуде оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен жүргізуде мұғалімнің тәжірибесі мен атқаратын рөлі ерекше болады.

Қатысымдық дағдыларды дамыту оқушының сыныптасын тыңдай білуге, сұхбатқа белсенді қатысуға, өзекті мәселелерді талқылауға қатысуға, достарымен және ересектермен өзара тиімді әрекеттесуді жүзеге асыруға,

қоғамның мәдени-адамгершілік нормаларын меңгеруге, өзара жанжалдарды шешу қабілетін қалыптастыруға негіз болады. Демек, «қатысымдық дағдылар – оқушының өз әрекетін шығармашылықпен жұмсауға мүмкіндік беретін теориялық, тәжірибелік даярлық білімдеріне негізделген саналы қатысымдық әрекеттер кешені» [22].

Оқу үдерісінде қатысымдық дағдыларды тұлғаны қалыптастыру үдерісінің бір құрамды бөлігі ретінде қарастыру керек. Бастауыш сынып оқушыларының дамуының әрекеттік, тұлғалық, зияткерлік, танымдық қырлары қатысымдық дағдылармен тоғысады. Сондықтан қатысымдық дағдылардың даму үдерісін баланың әлеуметтенуінің негізі ретінде қарастыруға болады [23, с. 44].

Сонымен, қатысымдық дағдылар оқушылардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырып, болашақта табысты еңбек етіп, бақытты өмір сүруіне негіз болады деп түйіндеуге болады.

Оқушының қатысымдық әрекеті оның сапалық қырларына байланысты болады, мұны қатысымдық дағдылар мазмұны, яғни тілдің қатысымдық бірліктерінің қызметін меңгеруі, лексикалық қорын дамыту, грамматикалық құрылымды меңгеру, танымдық құзыреттілігін қалыптастыру, тыңдап, кері байланысқа түсу, басқа адамдардың пікірімен санаса білу, оны мұқият, шыдамдылықпен тыңдай білу, түсінгенін өзінше қорытып, өзіндік сындарлы пікірін айта білу, диалог пен талқылауларға қатысу, өз қатарындағы құрдастарымен белсенді түрде араласа білу, үлкендермен өз қатарымен ынтымақтастық ұстанымдарын меңгеру тәрізді құрылымдық компоненттер құрайды.

Білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасы – арнайы әдістемелік жүйені, дидактикалық заңдылықтардың орындалуын талап етеді. Ол баланың қатысымдық құзыреттілігін жалаң тілді игеру үрдісінен ғана емес, оның жалпы дүниетанымының жетілуі мен шынайы өмірде табысты болуының алғышарттарынан көрініс табады. Біздің жағдайымызда «Қазақ тілі» пәнінен игерген білім мазмұны, оның нәтижелері оқушының шынайы өмірдегі әрекеттерін дұрыс басқаруға, өзін-өзі дамытуына, ойын еркін жеткізе білуіне, шығармашылық, логикалық ойлау қабілетінің дамуына, табысты болуына, әлеуметтік бейімделуіне негіз болуы тиіс.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту жалпыға міндетті мемлекеттік білім стандарты, базистік оқу жоспары, тілді оқыту тұжырымдамасы және мемлекеттік оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Қазақ тілі пәні оқушының жалпы дүниетанымын, қатысымдық құзыреттілігін, оның әлеуметтенуін қалыптастыруда жетекші пән болып саналады, сондықтан бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда ауызша, жазбаша сауаттылығын қалыптастыру – басты міндет. Оның мазмұнын сауатты жазу, сауатты сөйлеу қамтиды.

Сауатты сөйлеуді игеруде тілдің қатысымдық қызметіне баса мән беру керектігі туралы ғалымдардың пікірі ортақ. Қ.Қадашева тілді тиімді үйренудің негізі қатысымдық тұрғыдан меңгертуге ерекше көңіл бөлу керектігіне назар аудартады [24].

Ж.Даулетбекова [25], Ж.Балтабаева [26] шебер сөйлеуге үйрену, өз ойын толық жеткізу, сөз мәдениетін қалыптастыру тілдің қатысымдық қызметін сапалы меңгеруіне байланысты екенін тұжырымдайды.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытудың теориялық, әдістемелік мәселелерін терең қарыстырған Қ.Молдабек [27, б. 5] қатысымдық дағды қалыптастырудағы мақсат оқушылардың сөздік қорын молайту, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру, ойлауы мен тілін дамыту деп түйіндейді.

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесін арнайы қарастырып жүрген ғалымдар С.Рахметова сөз тіркесі, сөйлем құрау, байланыстырып сөйлеу – оның негізі екендігіне мән берсе [28], Ә.Е.Жұмабаева бастауыш сыныптарда қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың әдістемесін ұсына отырып, қатысымдық негізде оқытудың маңызды екеніне назар аудартады. Автор қатысымдық құзырет тұрғысынан: «Осы сатыда қалыптасуы тиіс құзыреттің келесі бірі – қатысымдық құзырет деп белгілеген. Бұнда оқушының сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, оқылым, сөйлесім, жазылым, тілдесім) өзара бірлікте меңгерту басшылыққа алынған. Сөйлеу ортасына, сөйлеу мақсаты мен тақырыбына сәйкес диалог, монолог құрай алу, түрлі жағдаяттарда әңгімелесу, пікірлесу, өз ойын түсінікті жеткізу (кіммен? қайда? қашан? не туралы?), қатысымдық біліктіліктерін қалыптастыру оқушының өмірлік дағдысына берік негіз қалайтыны сөзсіз», - [29, б. 27] деп тұжырымдайды және лингвистикалық және әдістемелік әдебиеттерге жасалған талдау қатысымдық тұрғыда оқыту мәселесінің бастауыш оқыту әдістемеші ғалымдарының зерттеулерінде толық шешімін таппағандығын көрсетеді.

М.М.Дүйсенова: «Бастауыш сыныпта сөз тіркестерін оқыту – тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырудың түп негізі. Сөз тіркестерін сөйлеу барысында дұрыс меңгеріп, орынды қолдана білу – түсінісудің басты құралы. Сондықтан грамматика тілдегі барлық материалдардың өзегі», - дейді [30, б. 23].

Қатысымдық құзыреттілікті дамытудың маңызы туралы А.Рысқұлбекова: «Бастауыш сынып оқушысының тілдік қарым-қатынасын жетілдіру, дамыту арқылы қоғамға жан-жақты дамыған, белсенді, өздігінен жасампаздықпен ойлай алатын және өз ойын шығармашылықпен жеткізіп, шебер қарым-қатынас жасай білетін, тілдік қатысымды тиімді қолданатын баланың қатысымдық қабілеттерін дамыту қажет. Қатысымдық құзыреттілік тұлғаның оқу-танымдық, кәсіби және мәдени-танымдық қызметтің өзекті салаларында сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеруге байланысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді. Қазіргі жылдам дамып отырған дүние жағдайларында оқушыларды сөйлегенде сөзі терең, қыруар ойлы, өткір, қиялды тереңнен тартып, ұғымды, әсерлі етіп сөйлей алатын кез келген ортада қарым-қатынасты орната алатын құзыретті тұлғаны қалыптастыруды талап етеді», - деп тұжырымдайды [31, б. 23].

ҚР МЖМБС Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды төмендегідей нақтылайды:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;

- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) қатысымның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру.

Стандартта: «Тіл және әдебиет» білім беру саласындағы пәндердің мазмұнында (Қазақ тілі пәні - аталған салада) сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған қатысымдық әдісті қолдану көзделеді. Онда тілдік пәндердің мазмұны ақпарат алмасу, мәтінмен жұмыс істей білу, фразалар мен сөз орамдарының мәнін түсіну, оларды нақты жағдайлар кезінде қолдану үшін бастапқы қатысымдық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар «Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша бастауыш білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер көрсетілген. Біздің жағдайымызда стандартта көрсетілген оқушы біліміне қойылатын талаптарды төмендегідей жүйелеп көрсетуге болады.

– *Тыңдалым, айтылым* бойынша: әңгімелесе алу, мазмұнын түсіну, ойын жеткізе алуы, пікірталасқа қатысу, синоним, антоним, омоним, тура, ауыспалы мағыналы сөздерді қолдана алуы, баяндау тәсілдерін қолдануы, өз ойы, эмоциясымен бөлісуі, өз көзқарасын дәлелдеу, диалогқа қатысу дағдыларын игереді;

– *Оқылым* бойынша: халық ауыз әдебиеті, балалар әдебиеті туындыларын оқып, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын талдайды, баға береді; мәтіндерді ажырата алады, көркем шығармалардың негізгі идеяларын, композициясын айқындайды, көркем туынды жанрын айқындап, көркемдеуіш құралдарын айқындайды; мәтін түрлерін (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау) айқындайды; әңгімелерді/өлеңдерді мәнерлеп, жатқа оқиды; көркем әдебиет туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды;

– *Жазылым* бойынша: әртүрлі типте, жанр мен стильде өз мәтіндерін құрастырып жазады; грамматикалық, пунктуациялық, орфографиялық нормаларға сай жазады; жеткізудің түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтіндер жазады; жазудың гигиеналық және каллиграфиялық дағдыларын сақтайды; Қазақстан халқының мәдениетіне, салт-дәстүріне байланысты тақырыптарға өз көзқарасын білдіріп, шағын мәтіндер құрастырады [3, б. 1].

2-4 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасының тілдік дағды қалыптастыру жайлы «Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту» бөлімінде: «Тілдік дағды қалыптастыру үшін сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгерілуі тиіс. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құра отырып, қажетті тілдік дағдыларды дамыту керек. Мұндай ортада оқушылар сөйлеу әрекетінің түрлі формаларын қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіре алады. Оқыту үдерісінде оқушылардың сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынаста тілді сауатты пайдалануын мадақтап отыру қажет», – деп көрсетілген [1, б. 103].

Бастауыш сынып оқулығында қазақ тілінен берілетін білім мазмұны төмендегіше сипат алған: «Қазақ тілін оқытуда сөйлеу аспектісіне ерекше мән беріліп, тіл және сөйлеу бірліктері (сөз, сөйлем, мәтін) кез келген грамматикалық категория (сөз құрамы, сөз таптары, сөйлем мүшелері)

оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытуға бағытталып сұрыпталады. Тілдік материалдар бұрынғыдай грамматиканы қатаң түрде меңгерту үшін емес, баланы оқу-жазуға үйрету мен тәрбиелеуге, оның тұлға ретінде өзін-өзі ашуына, жалпы дамуының қалыптасуына және өз ойларын еркін жеткізулеріне мүмкіндік жасау мақсатында ұсынылады» [32, б. 3].

Жоғарыда көрсетілгендей, бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдысын дамыту нәтижелері келесідей: сауатты сөйлей білуі, тілдік құралдарды дұрыс қолдана білуі (лексикалық, грамматикалық нормаларды меңгеру) сөйлеушіні тыңдап, сұрақтарына нақты жауап бере білуі, сөздік қорын қолданып, бейнелеуіш, көркемдеуіш сөздерді орнымен қолдана білу, ойды жалғастырып, сыни көзқарас таныта білу, дау-дамайларды шеше білуге талпыну, басқалармен тіл табыса білу т.б.

Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту тілдің салаларынан тілдік білімді меңгеруімен, тіл мәдениетінің нормаларын меңгеруімен, оқуға, тыңдауға, жазу, сөйлеу тәрізді сөйлеу әрекетінің ерекшеліктерін сапалы игеруімен байланысты. Осымен орай қатысымдық дағдыларын дамыту кешенді оқыту жүйесіне сәйкес жүргізіледі.

Қазақ тілі сабағындағы басты ұстанатын бағыт – қатысымдық ұстанымның жүзеге асуы. «Қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан оқыту ұстанымы білім мазмұнындағы басшылыққа алынатын барлық ұстанымдардың негізіне салынады. Себебі тілді меңгертуде грамматикалық білімді ғана игеріп қана, оны тәжірибелік іс-әрекетте қолдана алмаудан арылуға бірден бір мүмкіндік беретін жүйе тілді оқушының сөйлеу, тіл мәдениетімен бірлікте қарастыру болып табылады» [33, б. 12].

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесіне оқушылардың тілін дамытуға байланысты белгілі зерттеушілердің бірі С.Рахметова: «Грамматикалық мағынаны ұғыну үшін бала жан-жақты, кең ойлай алатындай болу керек. Сондықтан грамматикалық мағынаны ұғыну барысында олар шындықтағы заттар мен құбылыстардың арасындағы қатынастарды түсінеді, ойлауға үйренеді. Міне, осыдан тіл мен ойлаудың тығыз байланысы келіп шығады. Сөйтіп, тілді ұғыну – ана тілінің фонологиялық, грамматикалық және лексикалық фактілермен оқушылардың тіл байлығын арттыру. Мұғалім бұл міндетті әдістемелік құралдарды дұрыс іріктей алғанда ғана ойдағыдай іске асыра алады» [34, б. 4], – деп тұжырымдайды. Яғни автор айтқандай, оқушының қатысымдық құзыреттілігін дамытуда маман әдістемелік құралды іріктеудің маңыздылығына басты назар аударуы керек.

Әдістемелік құралдардың ішіндегі маңызды бөлігі – жаттығу тапсырмаларының іріктелуі. Бұл ретте қатысымдық бірліктер мазмұнын құрайтын сөйлеу әрекетінің түрлері – айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалымға қатысты тапсырмалар жүйесі басшылыққа алынады.

«Қазақ тілі» пәнінен *тыңдалым* мен *айтылым* әрекеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: *түсіну, сұрақтарға жауап бере білу; негізгі ойға назар аудару; тірек сөздерді анықтау; сұрақтар қою; жоспар құру; мазмұндау; өз пікірін айту; топ алдында сөйлеу; пікірталас ұйымдастыру; диалог құрастыру.*

«Қазақ тілі» пәнінен оқылым әрекетін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: оқу түрлерін және стратегияларды («топтау», «түртіп алу» (*Insert*), «ойлану», «жұпта талқылау», «болжау», «салыстыру» (*Венн диаграммасы*), «Жигсо», семантикалық карта) қолдану– ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу; интернет ресурстарымен жұмыс (таныстырылымдар, жобалар дайындау); әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақ дайындау).

«Қазақ тілі» пәнінен жазылым әрекетін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері: оқушыларға таныс әңгіме, ертегі, өлеңдердің ішінен бір-екеуін жаздыру; сөздердің емлесін меңгеруге арналған тапсырмалар; тілдік тақырыптар аясында шығармашылық тапсырмалар (ребус, пиктограмма, сөзжұмбақ, сәйкестендіру және толықтыру тест тапсырмалары және т.с.с.) құрастырып жазу; тыңдалған, оқылған мәтіннен, фильмінен алған әсерін жазу; қиын сөздерден сөздік құрастырып жазу; сыныптың қабырға газетіне шағын хабарлама/мақала жазу; мәтіндегі оқиганы өз көзқарасымен өзгертіп, аяқтап жазу; ақпаратты суреттер мен диаграмма арқылы беру; сұхбатқа жазбаша сұрақтар дайындау [32].

Қатысымдық дағды – оқушылардың тілдік әрекетке қатысуы, өз мінез-кұлқын дұрыс құру, қарым-қатынасты міндеттеріне сай басқару қабілеттілігі. Қатысымдық дағдылар – өзге адамдармен ұзақ уақыттық және тиімді өзара әрекет ұйымдастыру біліктілігі. Қатысымдық дағдыларды 3 топқа бөлуге болады:

– қатысым өзара әрекет ретінде (сұхбаттасушының көзқарасын назарға алуға бағытталған тілдік әрекет);

– қатысым кооперация ретінде (ең басты құраушысы – ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін күш-жігерді реттей алу біліктілігі);

– ақпаратты тарату және рефлексияны дамыту құралы ретіндегі тілдік сөйлеу әрекеті [35].

Қарым-қатынастағы тілдік дағды адам өмірінде үлкен рөл атқарады. Оны жақсы меңгерген адамдар жұмыста да, жеке өмірінде де үлкен жетістіктерге жетеді.

Қатысымды орнату үшін төмендегілер аса маңызды:

– адамда қатысымдық құзыреттілікті қамтамасыз ететін қабілеттер жиынтығының болуы;

– қарым-қатынас жағдаятына әлеуметтік-психологиялық талдау жасау білігі, мұнда адам жүргізілетін әңгімеге дайындалады, оны қалай қабылдайтыны жөнінде өзін-өзі бағалайды және тиісінше, олардың әсеріне қарай жасайтын әрекетін жобалайды;

– қарым-қатынас үдерісін бағдарламалау, мұнда адам өзіне қажетті әңгімені өзгелердің тұлғалық бітімдеріне тіл тигізбейтіндей етіп, барынша мұқият ойын жеткізуге бағдарланады;

– қарым-қатынасты басқару, мұнда телебағдарлама жүргізушілерінің диалогті жүргізу шеберлігін атауға болады [36].

Қатысымдық дағдыны дамыту ережелері:

– хабарланатын мәліметтің барынша түсінікті болуы;

– әңгімелесушілердің өзара түсіністікке ұмтылуы;
– берілетін ақпарат бір ғана нақты мағынаны беретіндей сөздермен берілуі тиіс;

– вербальді емес белгілердің берілетін мәліметке сәйкес болуы [37].

Осылайша, көрсетілген қарапайым ережелерді ұстану арқылы қатысымдық дағды дами түседі, ал қарым-қатынас адамдар арасындағы психологиялық кедергілерді жою құралына айналады.

Ә.М.Мұханбетжанова ғалымдардың еңбектерінің барлығына ортақ бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамытудың төмендегідей ұстанымдарын анықтаған:

- жағдаяттық;
- ұжымдық өзара әрекет;
- оқудың өмірге бағдарлануы;
- тұлғаға бағдарланған өзіндік жұмыс;
- тілдік әрекетке тарту.

Бұл ұстанымдар төмендегіше тәсілдермен жүзеге асады:

- рөлдік қарым-қатынас;
- дискуссиялық қарым-қатынас;
- оқшылардың бағдарлану қабілеттерінің қалыптасуы;
- тілдік өзара әрекетке үйрету (ақпарат алмасу, топтық шешім қабылдау, ортақ әрекеттерді жүйелеу және т.б.) [38].

Оқушыны оқу үдерісінде сөйлеуге үйретуде тілді шындықты тану, танымдық құралы ретінде үйретуде қатысымдық-когнитивтік әдістің маңызы зор. Бұл ретте оқушының өз бетінше оқып, өзін-өзі бақылап, бағалауға, жаңа жағдаяттарға бейімделіп, әлеуметтенуіне негіз болады.

Оқушының қатысымдық дағдыларын дамытуда қатысымдық, когнитивтік әдістерді, атап айтқанда, эмпатия, ассоциациялар, синектика, ментальді карта әдістерінің оқушының оқу үдерісіндегі жағдаяттық әрекеттерде заттың, құбылыстың бір бөлшегіне «айналуына», тілді игерудегі психологиялық кедергілерді болдырмауға, оқу материалын сапалы меңгеруге ықпалын тигізеді.

Тұжырымдағанда, оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда бастауыш мектепте қазақ тілінен берілетін білім мазмұнында тілдік бірліктердің қатысымдық қызметіне, оны игерудің амал-тәсілдеріне, қатысымдық дағдыларды дамытудың физиологиялық негіздері мен ұстанымдарына мән берудің маңызды рөл атқаратындығы анықталды.

1.2 Дыбыстық-бейнелік оқу құралдарының түрлері және оларды қолданудың маңызы

Қазіргі кезеңде ғылыми-техникалық прогресс қарқынды дамуда. Білім беру сапасын түрлі тенденцияларды ескере отырып жақсарту түсу қажеттілігінің туындауы заңдылық болып табылады. Осыған орай, Қазақстанда әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігіне кіруге бағдарланған білім мазмұнын жаңарту үдерісі орын алуда. Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш мектепте басымдықты ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ауыстыру, ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру, ақпаратты өздігінен алу, талдау

және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру және оқу үдерісін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді [39].

Білім беру мазмұнының жаңаруына сәйкес бастауыш сынып мұғаліміне қойылатын талаптар күшеюде. Бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі міндеттері – заманауи ақпараттық кезеңде өмір сүру жағдайында оқушыларға білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы терең түсінігінің болуы, оны оқушының қажетіне қарай қолдануға үйрету, оның адам психикасына әсерін ұғыну, техникалық құралдардың көмегімен қатысымның сөз жүзінде емес, іс-жүзінде адаммен қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгерту. Мұның арасында, әрине, «оқыту үдерісіне қатысушылардың құқығының теңдігі» туралы идеяны және ақпараттық сауаттылықты дамытудың этикалық жағын да ескеру керек [1, б. 56].

Оқушының қоғамда табысты өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын, әлеуметтік қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін білім, білік, дағдылар, құзыреттіліктер жиынтығы адам дамуының көрсеткіші болып табылады. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейіне сәйкес тұлға тәрбиелеу сапасын арттыру мектепте оқытуды тиімді ұйымдастыруға байланысты. Осы тұрғыдан қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогресстің қарқынды дамуына байланысты білім беру саласында да оның жетістіктерін қолданудың маңызы зор.

Цифрлық сауаттылықты меңгеру қазіргі дәуірдің ең маңызды білімі болып табылады. Бүгінгі мектеп табалдырығын аттаған бала – *Смарт құрылғыларды* көріп, қолданып өскен ұрпақ, сондықтан оқу үдерісінде оны тиімді қолдану үйлесімді сабақтастықта өрілуі тиіс, себебі бұл мәселе – бәсекеге қабілетті тұлға даярлаудың негізі.

Мектепте білім беру үдерісінде оқытудың *дыбыс-бейнелік құралдарын* пайдалану арқылы білімнің сапасын арттырудың тиімді әдістерін қарастыру, оның дидактикалық негіздерін қалыптастыру – өзекті мәселе [8, б. 162].

Қазіргі кезеңде білім беруді ізгілендіру бағытының негізгі мақсаты – баланы тұлғалық дамыту. Бастауыш сынып оқушыларының алған тілдік білімі олардың тұлғалық дамуының негізін құрайтын әлеуметтенуіне мүмкіндік беруі керек. Осы тұрғысынан оқушылардың қарым-қатынасқа икемділігін дамыту, қатысымдық құзыреттілігін дамыту маңызды. Оқушының ортамен, мұғалім, достары, сыныптастарымен өзара қарым-қатынасының дамуы оның келешекте оқуда т.б. табысты болуына көмектеседі. Осымен байланысты бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуда қазақ тілін оқыту үрдісінде *оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын* қолданудың маңызы ерекше. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары, жалпы алғанда, оқытудың көрнекі құралдарының немесе оқыту құралдарының бірі болып табылады.

Дидактикада «оқыту құралы» термині нақты анықталмаған, ол кең ұғым ретінде танылады. Оқыту құралдары – «әдістеменің базистік категориясы, оқу құралдары мен техникалық құрылғылардың кешені», оқыту құралдары ретінде дыбыстық, бейнематериалдарды қолдану жайлы И.А.Зимняя, Г.Г.Городилова, Л.А.Беляева, Г.М.Коджаспирова, И.Я.Лернер, Р.К.Миньяр-Белоручев, М.В.Ляховицкий, Н.М.Шахмаев, Т.С.Назарова, Е.С.Полат, отандық

ғалымдардан С.М.Сихимбаева, С.Б.Бабаев және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

И.Я.Лернер [40] оқыту құралына білім мазмұнын да (кейде оқушылар үшін «құрал» болып табылатын) жатқызады.

Р.К.Миньяр-Белоручев, М.В.Ляховицкий [41] оқыту құралдарын жіктей келе, оларға оқу-көрнекі құралдармен, құрал-жабдықтармен қатар мұғалімнің сөзін, мәтіндер мен жаттығуларды да жатқызады, оларды көмекші құралдар деп атап, оған дәстүрлі (техникалық емес) және техникалық оқыту құралдарын кіргізген.

Н.М.Шахмаев оқыту құралына педагогикалық еңбектің материалды объектілерін, оқу-тәрбие үдерісіне арналған оқу ақпаратын тасымалдауыштарды енгізген [42].

Т.С.Назарова, Е.С.Полат оқыту құралдары ретінде «оқу ақпаратын материалдық тасымалдауыштар мен табиғи ортаның заттары, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісінде мұғалімдер мен оқушылар қолданатын, олардың әрекеттерінің құрал-жабдықтары боп саналатын адам қолымен жасалған жасанды заттарды» атаған [43].

Дидактикалық оқыту құралдары – білім алу мен білік қалыптастырудың көзі. Олардың басты қызметі – *ақпараттық, дидактикалық, бақылау жасау*. Дидактикалық қызметтер, сәйкесінше, оқыту құралдарының белгілі бір білім беру ортасындағы қасиеттері мен мүмкіндіктерін сипаттайды. Дидактикалық қызметтер құрамына ақпараттық, бейімдеу, кіріктірілген, интербелсенді, компенсаторлық, ынталандырушы рөлдер де енеді [43, с. 203].

Ж.Қоянбаевтың еңбегіне сүйене отырып, оқыту құралдарының жалпыдидактикалық қызметтерін келесідей көрсетуге болады: көрнекілік пен оқу материалдарын оқушыларға барынша қолжетімді ету; оқу материалын игеру қарқынын жоғарылатуға мүмкіндік беретін оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру, еңбек қарқындылығын арттыру; мұғалімді техникалық жұмыстан босату және солайша оны шығармашылық деңгейге жұмсайтын уақыттан босатуға мүмкіндік беретін ақпарат көзі болу; мұғалім тарапынан оқушылардың танымдық әрекетін басқару құралы болу [44].

Оқыту құралдары оқу-тәрбие үдерісінің барлық кезеңінде, яғни оқу материалын түсіндіру мен қабылдау, білім мен іскерліктерді бекіту, жүзеге асыру, қолдану мен бақылау, оқушылардың оқу-танымдық әрекетін қамтамасыз етуде жүзеге асады.

Сонымен, дидактиканың жеке категориясы ретінде *оқыту құралдары* деп білім беру мақсатына жетуге арналған материалдық құралдарды, оқу ақпаратын тасымалдауыштарды айтамыз.

Бастауыш мектептің оқу үдерісінде қолданылатын жаңа оқыту құралдарына сипаттама бермес бұрын олардың тек өзіне ғана тән айрықша белгілерін анықтап, жіктеу жасаған жөн. Сонан соң олардың табиғи сипатына мән бере отырып, олардың дидактикалық ерекшеліктері мен қызметтерін, яғни оқыту үдерісіндегі рөлі мен орнын анықтаған дұрыс. Сонда ғана қолданылатын оқытудың тұжырымдамасы мен көзделген мақсатқа сәйкес дидактикалық

міндеттерді шешу үшін қандай оқыту құралдары қажет екенін сенімді түрде айтуға болады.

Зерттеу тақырыбымызға сәйкес *оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары* термині «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ғылым мен техниканың, өндіріс пен мәдениеттің барлық салаларын қамтыған «КАЗакпарат» баспа корпорациясында басылып шығарылған 250 мыңнан аса салалық терминдер жинақталған 30 томдық терминологиялық сөздік топтамасының ішіндегі «Педагогика және психология» кітабында берілген. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеуге байланысты тармағында «Терминологиялық қорды жаңа терминдермен жаңарту тілдік тарихи мұраны қайта жаңғыртуды, сондай-ақ терминтану мен терминография жөніндегі арнайы жұмыстарды жүргізуді талап етеді», – деп тұжырымдалған [45].

Бұрын оқу термині ретінде қолданылған ТОҚ (*Техникалық оқу құралдары*), ТСО (*Техническое средство обучения*), қазіргі кезеңде АТО (*аудиовизуальная технология обучения - оқытудың дыбыс-бейнелік технологиясы*), ТАТО (*Техническая и аудиовизуальная технология обучения – Оқытудың техникалық және дыбыс-бейнелік технологиясы*) деп те қолдану кездеседі [46, с. 30-35]. Қазіргі кезеңде оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын, қысқартып, АВСО (*Аудиовизуальные средства обучения – оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары*) деп қолдану қалыптасқан.

Жоғарыда аталған авторлар **дыбыс-бейнелік құралдарды көру және бейнеграммалар** деп бөле отырып, біріншісіне *сурет, кесте, сызба, өнер туындылары репродукциялары, транспаранттар т.б., ал екіншісіне фонограммалар, дыбыстық жазбалар, радиохабарлар, бейнефонограммалар – кино, диафильмдер, компьютерлік бағдарламалар т.б.* жатқызады. Аталған оқыту құралдарын жүзеге асыратын экранды-дыбыстық құрылғылар мыналар: *мультимедиа-проектор, интербелсенді тақта, лазер нұсқаушылығы (указка), теледидар, микрофон, сканер, принтер, сандық фотоаппараттар мен сандық бейнекамералар т.б.*

«Қазақ тілін оқыту әдістемесінен анықтағышта» оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарына мынадай анықтама берілген: «...бір уақытта дыбыстық және көру құралдарын қолдану құралы болып табылады: кинофильмдер, телехабарлар, дауысы бар диафильмдер, бейнежазбалар, экрандық құрылғылар т.б. дыбыс-бейнелік құралдар арқылы сөйлеу жағдаяттары жасалады, оқушылар әртүрлі тақырыпта сөйлеуге мүмкіндік алады» [47, б. 22].

Бастауыш мектеп оқушыларының білім сапасын арттыруда қолданылатын **оқыту құралдарының** заман талаптарына сай болуы заңдылыққа айналуы тиіс. Себебі қазіргі оқушы – ақпараттық заманның цифрландыру қоғамының ұрпағы. Мектептегі оқу сабақтарын жүргізу сапасы көрнекілік пен материалды баяндаудан, біршама дидактикалық мүмкіндіктерге ие түрлі техникалық оқыту құралдарын қолдана отырып, мұғалімнің сөзді бейнемен үйлестіре алу біліктілігіне байланысты. Ол **дидактикалық мүмкіндіктер** келесідегідей

анықталған: ақпарат көзі болуы, оқу ақпаратын ұсыну формаларын ұтымды ету; көрнекілік дәрежесін арттыру, оқушы қызығушылығын қанағаттандыру; эмоционалды қарым-қатынасын қалыптастыру; оқушының танымдық қызығушылығын белсендіру, материалды саналы түрде меңгеруге ықпал ету, оқушылардың ойлауын, кеңістіктік қиялдауын, байқампаздығын дамыту; теория мен практиканың байланысын орнату; оқытудың мейлінше тиімді формалары мен әдістерін қолдану, біртұтас педагогикалық үдерістің негізгі принциптері мен оқыту тәртібін (ережесін) жүзеге асыруға жағымды жағдай жасау [40, с. 64].

Қазіргі техникалық оқыту құралдары оқушылармен жұмыс жасауда олардың жас ерекшелігін және даму деңгейі мен даярлығын ескере отырып, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану мүмкіндігін кеңейтуде. Кез келген категориядағы оқушымен техникалық оқыту құралдарын қолдану арқылы оқытуды тек қызықты және ақпараттық қанықтығы жағынан толық қана емес, сонымен бірге олардың мүмкіндіктеріне сай етіп те ұйымдастыруға болады [48, с. 7].

С.М.Сихимбаева зерттеу еңбегінде оқытудың көрнекілік әдістерінің басты ерекшелігі – оларды пайдалануда негізгі ақпарат көзі ретінде сөз емес, әртүрлі объектілер, құбылыстар, техникалық және көрнекі құралдар болып табылатындығына баса мән бере отырып, «көрсету, иллюстрация, бақылау көрнекілік принципін жүзеге асыруға мүмкіндік жасайды, бұл әдістердің барлығы да оқушыларға эмоционалды әсер етеді. Әдістердің бұл тобына оқытудың әртүрлі техникалық құралдарын пайдалану (магнитофондағы жазбалар (кұстардың дауысы), радиохабарлар, экрандық-дыбыс құралдары, телехабарлар, компьютерлік бағдарламалар) жатады», – дейді [49, б. 51-52].

Соңғы онжылдықта оқыту құралдарының номенклатурасы түбегейлі өзгерді. Оқу кинофильмдері, диафильмдер, грампластинкалардың орнына жаңа электронды оқыту құралдары: бейнежазбалар, дыбыстық таспалар, визуалды түсінуге арналған QR және CD-ROM дискілер, интернет тәрізді ақпараттық-білім беру кеңінен таралды. Жинақтап айтқанда, оларды *оқытудың дыбыс-бейнелік оқыту құралдары* деп атауға негіз бар.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары – «көру және есту ақпаратын ұсынуға арналған оқу көрнекі құралдары» [50, с. 22], басқаша айтқанда, есту және көру ақпаратын ұсынуға арналған экрандық және дыбыстық құралды қамтитын оқу үдерісінде кеңінен қолданыс тапқан оқыту құралдарының ерекше тобы [51]. *Аталмыш оқу құралдары* – көру және есту құралдары бір бүтін болатын, бір-бірімен үйлесімді ұйымдасатын оқыту құралдары. Кез келген көру құралы дыбыспен сүйемелденетін болса, ол дыбыс-бейнелік оқыту құралына жатады. Керісінше де солай, кез келген тыңдау ақпаратына сурет не сызба қосылғанда, ол дыбыс-бейнелік оқыту құралына айналады.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары әсерлі, айқын және көру-есту бейнелерінің ақпараттық құндылығының нәтижесінде оқыту сапасын арттырудағы тиімді құрал болып табылады, сондай-ақ олар қарым-қатынас жасау және қоршаған ортадағы шындықты тану жағдайларын қалыптастырады. Мұндай сабақтарда көрнекіліктің дидактикалық қағидаты, жеке-дара оқыту мүмкіндігі және оқушыларды сабаққа жаппай қатыстыру (мысалы, теле және

кинофильмдерді көрген кезде, компьютерлік сыныпта жұмыс істеген кезде) сәтті жүзеге асырылады, сабақтың мотивациялық жағы да күшейе түседі.

2-4 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасында мұғалім жаңашыл әдістерді кеңінен пайдаланып, таныстырылымдармен жұмыс істеу үшін күрделірек бағдарламаны меңгеруі, тақырыпқа байланысты түрлі медиақұралдарды қолдануы тиіс деп көрсетілген [1, б. 9]. ҚР МЖМБС «Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша бастауыш білім беруді аяқтағанда күтілетін нәтижелер ретінде дыбыс-бейнелік материалдардың мазмұнын түсіне біледі деп берген [3].

Қазіргі кездегі ақпараттандырудың өзекті мәселеге айналуы аудио және бейнежазбаларды бастауыш сыныпта кеңінен қолдануға алып келеді.

Себебі бастауыш білім беру деңгейінің *2-4 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында* тыңдалым дағдысын қалыптастыру мақсатында оқыған, тыңдаған және дыбыс-бейнелік материалдарға байланысты сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұндама, эссе жазу, аудио-бейне жазба мазмұнын өзіндік бағалау, өз ойын білдіру, аудио-бейне жазбада берілген өзгенің пікіріне көзқарасын білдіру және т.с.с. жұмыс түрлері берілген [1].

Сезім мүшелеріне әсер ету сипаттамасына қарай техникалық оқыту құралдары бейне құрал, дыбыстық құрал және дыбыс-бейнелік құрал болып бөлінеді. *Бейне оқыту құралдары* (көру құралдары) – оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастыру, олардың танымдық әрекетін басқару, жалпы дамыту мен тәрбиелеу мақсатында оқу үдерісінде қолданылатын материалдық оқыту құралдары. Бейне оқыту құралдарының негізгі үш тобын анықтауға болады: табиғи нысандар; шынайы заттар мен құбылыстардың суреттері мен бейнесі (көркем-бейнелі оқыту құралдары); таңба, табиғи және жасанды тілдің сөз не фразалармен әлемдегі заттар мен құбылыстарды сипаттау. Аталған түрлері әр пәннің ерекшеліктеріне қарай қолданылады. *Бейне оқыту құралы*, яғни көру құралдары, тілдік қатысымды (лексикалық-грамматикалық) игеруде сөйлеу әрекетіне дағдыландыруда аса маңызды. Қазіргі кезде көру оқыту құралдары оқу құралдары кешенінің негізгі құраушы бөлігі болып табылады.

Дыбыстық оқыту құралдары - дыбыстық техникалық құралдар. Олар айтылым дағдысын қалыптастыру барысында дыбыстық көрнекіліктің барлық түрін жүзеге асыруға, тыңдалым мен айтылымға үйретуде оқу ақпаратын табиғи тілдік формада ұсынуға мүмкіндік туғызады, оқу үдерісін тиімді және қарқынды жүргізуге ықпал етеді. Бүгінде танылған дыбыстық оқыту құралдарының түрлері: *дыбыстық жазбалар, радиохабар құрылғылары, магнитофондар, күйтабақ ойнатқыштар, лингафонды кабинеттердің дыбыстық құрылғылары т.б.*

С.Б.Бабаев қазіргі кезеңде бастауыш мектепті сапалы көрнекілікпен қамтамасыз ету үшін *экранды техникалық құралдарды* жиі қолданылатындығын айта келе, *диапоректорлар мен эпидиаскоптар, кодоскоп, проектор, киноаппарат, оқу бағдарламалы теледидар, видеоқондырғылар мен видео-магнитофондар, дисплейлі компьютерлер, DVD - ді* атап көрсетеді [52, б. 225-227].

А.В. Хуторской техникалық оқу құралдарына *диапроектор, кинопроектор, кодоскоп, мектеп радиожелілері, теледидар, бейнемагнитофон, компьютер* т.б. жатқыза отырып, осы топқа қазіргі жаңа ақпараттық технология – *интербелсенді бейнелер, медиабілім беру құралдары, компьютерлік желілерді* де атап өтеді [53].

П.А.Кисляковтың анықтамасы бойынша: «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары – оқу үрдісінде ақпараттық оңтайландыру мақсатында ұсынылғанды өңдеу үшін қолданылатын дидактикалық қолдауымен жабдықталған техникалық құрылғылар жиынтығы. Дыбыс-бейнелік оқу құралдары екі ұғымды біріктіреді: техникалық құрылғылар және дидактикалық оқу құралдары, олар осы құрылғылардың көмегімен жүзеге асырылады [54,с. 29]. П.А.Кисляков дыбыс-бейнелік оқу құрал түрлерін төмендегідей көрсетеді [54, с. 30]:

Кесте 1 – П.А. Кисляковтың дыбыс-бейнелік құралдарды топтау үлгісі

Оқыту құралдары	Техникалық құрылғы түрлері	Оқытудың дидактикалық құралдары
Экрандық	Диапроектор Графопроектор Эпипроектор Фильмоскоп Фотоаппарат	Таныстырылым Транспарант (фолия) Эпиньсан Диафильм Фотосурет
Дыбыстық	Диомагнитофон Диктофон Музыкалық орталық	Аудиожазылым Аудиокітап Аудиодиктант
Экранды- дыбыстық	Теледидар Компьютер Мультимедиа- проектор Интербелсенді тақта	Кино Компьютерлік бағдарлама Анимация Таныстырылым

Автор дыбыс-бейнелік құралдарын көру және есту арқылы және көру мен естуді қатар қабылдау құралдарына топтаған.

П.А.Кисляковтың ұсынысын ескере отырып оқушылардың жас ерекшелігіне қарай ОДБҚ қолдануды келесідей топтауға болады: 1-сыныпта ұнтаспа, бейнебаян, кинофильм мен мультфильм үзінділері, QR арқылы тыңдалым материалдарымен жұмыс; ал 2-сыныпта осыған қоса таныстырылым (слайд), диафильм үзінділері; 3-4 сыныптарда радиохабарлар, диафильм, 3D, QR, теледидар хабарлары.

Сонымен, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары (ДБҚ) – оқыту үдерісінде оқушының білімді сапалы игеруін жүзеге асыратын бір мезгілде естіп-көруге мүмкіндік беретін демонстрациялық құрылғылар.

Тәжірибеде дыбыс-бейнелік құрылғыларына *мультимедиа-проектор, интербелсенді тақта, лазер нұсқаушылығы (указка), теледидар, микрофон, сканер, принтер, сандық фотоаппарат, сандық бейнекамера* т.б. қолданылып, ДБҚ арқылы демонстрацияланатын дидактикалық оқу құралдары *дыбыстық,*

жазбалар, бейнебаян, ұнтаспа, радиохабарлар, бейнефонограммалар, диафильмдер, кинофильмдер, компьютерлік бағдарламалар, бейнежазбалар, киноүзінділер, бейнефильмдер, кинокартиналар, теледидар хабарлары, транспоранттар т.б. пайдаланылды.

Зерттеушілер бастауыш мектепте оқыту үрдісінде көрнекіліктің, АКТ-ны қолдану әдістемесі мен мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігінің маңыздылығына баса мән береді [55, б. 86]. Осыған орай оқыту тәжірибесінде оқытудың техникалық құралдарын қолдану барысында тәжірибелік екі топты салыстырғанда, тапсырманы орындау сапасы бақылау тобында - 40, ал эксперимент тобында оқушы білімінің сапасының 80 пайызға артқанын атап өтуге болады.

Дыбыс-бейнелік құралдарымен (бұдан әрі - ДБК) жұмыс істеу арнайы әдістемені қажет етеді. Оларды қолданудың дидактикалық шарттарын орындау оқыту нәтижелерін арттырады. Осымен байланысты А.В.Хуторской оқу құралдарының негізгі дидактикалық қызметін былай анықтайды:

- компенсаторлығы (техникалық көмекші): уақытты үнемдеу, мұғалім мен оқушы күшін, денсаулығын сақтау;
- ақпараттылығы: оқытуға қажетті мол ақпарат беру;
- интегративтілігі: оқытылатын объектіні, құбылысты бөлшектеп немесе бүтіндей қарастыра білу;
- инструментальдігі: педагог пен оқушының белгілі бір әрекет түрлерін қауіпсіз және дұрыс қамтамасыз ету [53, с. 403].

Сондай-ақ, автор оқытудың техникалық құралдарын 20-30 минуттан артық көрсету оқушының есту, көру аппараттарын шаршатып, зейіндерін төмендеуіне әкелетіндігін де ескертеді.

ДБК сабақтың әр кезеңінде жүйелі қолдануға яғни, кіріспе ретінде жаңа тақырып аясында бейнежазба ұсынып, оны өз бетінше түсінуге мүмкіндік жасауға, мультимедиялық ұсыныс, тұсаукесерлер арқылы жаңа грамматикалық, тілдік ұғымдарды әртүрлі сызба, кесте, сұлбалармен байланыста көрсетуге болады. Түрлі компьютерлік бағдарламалар арқылы ойын түріндегі жаттығулар қолдану жоғары нәтижелер береді. Оқыту мен тәрбиелеудегі ДБК оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және білімді жоғары деңгейде түсіндіріп бере алу мүмкіндігіне ие.

Оқытудың ДБК түрлі оқу құралдарын кеңінен қолдануға, сол арқылы ақпаратты игеру, бекіту немесе жалпылау кезеңінде қандай да бір оқу материалын жазып алуға, суреттерді толықтыруға, толтыруға, сонымен бірге өз бетінше оқу құралдарын жасауға және өз жұмыстарын сабақта қорғауға мүмкіндік береді.

Ақпаратты таңдау, тарату, өңдеу және көрсетуге мүмкіндік беретін техникалық оқыту құралдары адамның ерекше құзыреті болып табылатын зияткерлік үдерістерін – басқару, жобалау, ізденіп-зерттеушілік қабілеттерін және т.б. көшбасшылық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Оқытудың ДБК қажеттілігі оқыту нысандарының күрделенуіне де негізделеді, себебі күрделі техникалық құрылғысыз қандай да бір көрнекілікті вербальді түрде, яғни сөйлеу және бор, тақта арқылы ғана демонстрациялау

мүмкін емес. Оқытудың *дыбыс-бейнелік құралдары* оқу сыныптарының шеңберінен шығуға, көзбен көру мүмкін емес дүниені көруге ұсынып, кез келген жағдаятты ұқсатып көрсетуге мүмкіндік береді. Көптеген қазіргі оқытудың *дыбыс-бейнелік құралдары* (дербес компьютерге дейін) оқушылардың күнделікті құралына айналды.

ДБҚ ұтымды қолданылған уақытта мұғалімнің де, оқушының да жұмысы оңтайландырылады, оқу кеңістігі мен уақытын мақсат қоя ауыстыруға, өзгертуге мүмкіндік алады, ақпаратты тасымалдау қарқындылығын арттырады, иллюстрациялық материалдың мазмұнын айтарлықтай кеңейтеді, проблемалық жағдаяттар тудырады және оқушылардың оқу-зерттеушілік іс-әрекетін тиімді ұйымдастырады, оқытудың эмоционалды бояуын күшейтеді, тұрақты оқу уәжін қалыптастырады, оқу формасын жекелендіреді, саралайды, білім алушының сабақтан тыс және бос уақытын тиімді ұйымдастыруға да жол ашады.

Тәжірибеде дәлелденгендей, оқу фильмі үзіндісі екі сағаттық сабақтың 25 минутын үнемдейді, ал кесте, графика, суреттерді т.б. техникалық құралдармен көрсетсе, оқу уақытының 15-20% үнемделеді (зерттеушілер бойынша). Мұның барлығы техникалық оқыту құралдарының төмендегідей **дидактикалық ерекшеліктеріне** байланысты:

- ақпараттық толықтығы;
- уақыттық және кеңістік шекарадан шығу мүмкіндігі;
- өтілетін құбылыстар мен үдерістердің мәнін тереңірек ұғыну мүмкіндігі;
- өтілетін құбылысты қозғалыста, даму үдерісінде көрсету;
- шындықты бейнелеп көрсету;
- көркемдік, бейнелеу тәсілдерінің молдығы, эмоционалдылығы.

ДБҚ оқушыларда салыстыру, талдау, жинақтау, қорытынды жасау біліктерін дамытуға көмектеседі, себебі түрлі формадағы көрнекілік арқылы нысананы әр қырынан көруге, қате пікірін логикалық жағынан түзетуге мүмкіндік береді, оқу-тәрбие үдерісінің өнімділігін арттырады.

Оқыту мен тәрбие үдерісінде оқыту құралдарын тиімді қолданбау оның әдістемелік қырларын, қолданудың психологиялық ерекшеліктерін ескермеуден орын алып жатады. Сол үшін оқытуды тиімді ету жолдарын іздеудегі дидактикалық қағидаттарына баса мән беру керек. Сабақта оқыту құралдарын қолданудағы негізгі қағидаттарын қарастырайық.

Оқытудың ғылымдық қағидаты. Дыбыс-бейнелік құралдардың көмегімен ғылымда нақты қалыптасқан білімдер жүйесі беріледі және оның айқын белгілері мен қасиеттері оқушылар үшін қолжетімді формада көрсетілуінен байқалады.

Оқытудың қолжетімділік қағидаты - материалды баяндау мазмұны мен әдістерінің оқушының жас, дара ерекшеліктеріне сәйкес болуы. Яғни оқыту құралдары оқу материалын меңгертуді жеңілден күрделілік қажеттілігіне орай қолданылады.

Саналылық, белсенділік және өз бетінше әрекет ету қағидатының оқыту құралдарына тікелей қатысы бар. *ДБҚ*-ның көмегімен оқушылар тілдік фактілер мен нәзік тілдік құбылыстарды тереңірек түсінеді, оқу үрдісінде баланың бастамашылдық тәрізді белсенді әрекеті жанданады. Сонымен қатар

оқушы мектепте алған білімін функционалдық сауаттылығы тұрғысынан өмірде тиімді қолдануға үйренеді, оқу-проблемалық жағдаяттарды шешуге ынталы болады. Оқытуды белсендіру тұрақты оқу-танымдық қызығушылықтың қалыптасуымен тығыз байланысты. Осымен байланысты ДБҚ өзінің саналуан мүмкіндіктерімен оқушының оқып-білім алуға, қызығушылығын тудырады. Экранды-дыбыстық түрде берілген таныс дидактикалық материал жаңаша танылып, басқаша қырларынан көрінеді.

Ұжымдық сипатта болу қағидаты берілген тапсырмаларды барлық оқушылардың жұмыла бірге, бірлесе жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Жас шамасына лайықтылығы мен кешенді сипатта қолдану қағидаты оқушының жас ерекшелігі мен дайындық деңгейіне сәйкес болуы және кешенді қолданған жағдайда үйлесімділікпен таңдалуы тиіс.

Оқу-тәрбие үдерісін ізгілендіру және демократияландыру қағидаты – оқыту үрдісінде өзара әрекеттесетін субъектілерге (оқушы-оқушы) тұлға ретінде қарау, олардың педагогикалық үдеріске белсенді қатысуын, оқу әрекеттік ынтымақтастығын кеңейту.

Оқу-тәрбие үдерісіндегі мұғалім мен оқушының өзара іс-әрекетіндегі өзекті де күрделі мәселе – сабақтың өне бойында оқушы назарының сабақта болуы және оның тұрақты әрекетке айналуы. Осы мәселе тұрғысынан орыстың ұлы классик-педагогі К.Д.Ушинский оқушының назары тәрбие мен оқытудың табысты болуына ықпал ететін маңызды фактор деп көрсеткен. Оның пікірінше, әрбір мұғалім оқушының оқу пәніне назар аударуын ескере алатындай дәрежеде болуы қажет [56, с. 339].

Дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қолдана отырып, зейін қоюдың келесідей психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет: зейін қою – бір объектіге назар аудару; зейіннің тұрақтылығы ең белсенді жұмыс барысының өзінде оқушының оқу материалына назар қоюының 15-20 минутқа сақталып, сосын аздап демалып, кейін қайта назар қоюды қажет етуі; зейінді шамалау – бір мезгілде бірнеше объектіге назар аудару немесе бір мезгілде оны тұтастай қабылдау.

Оқытудың *ДБҚ-ның дидактикалық мазмұны* төмендегідей сипаттарға ие болуы қажет:

- нақты дидактикалық міндетке ие, оқыту үдерісінің белгілі бір кезеңіне сәйкес келетіндей болуы;
- оқулықтың ғылыми деңгейі мен оның логикалық құрылымына сәйкес келуі;
- оқу құралының құрылымдық элементтерінің арасындағы ғылыми және әдістемелік байланысты қамтамасыз ету;
- білімнің көлемін ескеру, бұрын игерілген білімді қолдану;
- сабақтың білімдік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерінің кешенін шешуге қажет жағдай туғызу;
- мазмұнында оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару бағдарламасының болуы;
- оқушылардың даярлық деңгейін ескеру;

- түрлі ақпаратты тасымалдау үшін бейнелеуіш әсерлі құралдарды мейлінше толық пайдалану [40, с. 68].

ДБҚ үшін жоғары ақпараттық көлемдегі дидактикалық материалдар оқушылардың оқу ақпаратын қабылдауы мен игеруіне кедергі жасамауы тиіс. Қабылдауға тиіс нақты ақпараттар көлемі бар, оның шегінен шығып кету оқу материалын игеру сапасының төмендеуіне алып келеді, мұның соңында ақпараттың басым бөлігі игерілмей қалады. Сондықтан оқыту құралдары арқылы педагогикалық үдерістің ақпараттылығын шексіз арттыра беруге болмайды. Оқыту үдерісінде қолданылатын *дыбыс-бейнелік құралдарды* ерекше әсер ету мүмкіндігіне қарамастан, басқа оқыту құралына қарсы қоюға болмайды, олардың әрқайсысы белгілі бір дидактикалық міндетті шешу үшін немесе белгілі бір оқу жағдаятын шешуде басқасынан жоғары тұратыны анық. Сондықтан оларды жекелей не басқасымен үйлестіре отырып қолдану қажет, ал бұл оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі мультимедиалық құралдар жасаудың себептерінің бірі болып табылады. *ОДБҚ* оқу кешенінің құраушы бөлігі бола отырып, баспа күйіндегі оқу құралдарымен, құрылғылармен, сұлба, сызба, суреттік т.б. табиғи объектілермен, үлгі немесе басқа да дәстүрлі оқыту құралдарымен үйлесімділікте қолданылуы тиіс.

ОДБҚ -ны тиімді қолдану төмендегілерді жүзеге асырады:

- 1) көрнекілік қағидатын жүзеге асыруды нақтылай түседі;
- 2) оқытуды әр оқушының жеке типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырады;
- 3) бағдарламалау мен бақылау үшін жағымды жағдай орнатады;
- 4) есту арқылы өзін-өзі бақылау дағдысын жылдам қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз етеді;
- 5) оқушылардың талдау және ұқсату қабілеттерін барынша дамытып, олардың ішкі оқу мотивін оқу әрекетін тиімді орындауға толықтай жұмылдырады;
- 6) магниттік жазбадан оқушының сөйлеу тілінің сапалық көрсеткішін нақтырақ анықтайды;
- 7) барлық оқушымен бір мезгілде, айтылымды қоса алғанда, белсенді жаттығулар түрімен жұмыс жасалады;
- 8) оқушылардың айтылым және тыңдалым әрекетіне басымдық бере отырып, талап етілетін бағытта оларды белсендіруге мүмкіндік береді [57, с. 110].

Осылайша, *ОДБҚ-ның* тиімділігі олардың нақты оқу мақсатына, міндеттеріне, оқу материалының ерекшеліктеріне, мұғалім мен оқушы әрекетін ұйымдастыру формалары мен тиімді оқу әдістеріне, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі мен мүмкіндіктеріне сәйкес анықталады. Құралдарды қолдану дәрежесі оқу пәнінің сипаттамасына, оқушылардың дайындығына және қызығушылығына, сабақтың формасына, мұғалімнің бейімділігі мен ұмтылысына, құралдардың сапасына, жаңаша бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуіне байланысты.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолданудың үш деңгейін көрсетуге болады: эпизодтық, жүйелік, синхронды. *Эпизодтық деңгейді* мұғалім сирек

қолданады. *Жүйелік деңгей* оқушылардың қабылдауын түрлендіру және оқу материалының көлемін арттыру мақсатында арнайы жоспарлап, оқу үдерісіне ендірумен байланысты. *Синхронды деңгей* сабақтың өн бойында немесе қандай да бір бөлігінде үздіксіз қолданылып отырады.

ОДБҚ-ны оқыту үрдісінде қолдануда функционалдық, педагогикалық, эргономикалық және эстетикалық, экономикалық тәрізді талаптар қойылады. *Функционалдық* – құрылғының қажетті жұмыс режимін қамтамасыз етуге қабілетті болуы (дыбыс жоғарылығы және сапасы; сыйымдылығы, күш-қуаттың мейлінше аз жұмсалуды; әмбебаптылығы). *Педагогикалық* – дыбыс-бейнелік құралдардың қазіргі заман талаптарына, яғни оқу-тәрбие үдерісінің формалары мен әдістеріне сәйкес болуы. *Эргономикалық* – тасымалдаудың ыңғайлылығы мен қауіпсіздігі; құрылғымен жұмыс жасаудағы іс-әрекеттің аз болуы; шудың деңгейі; қарау, жөндеу және тасымалдаудың ыңғайлылығы. *Эстетикалық* – *форманың үйлесім табуы (көрнектілігі, көлемі); құрылымның біртұтастығы; сырт пішімі.* *Экономикалық* – сапасының жоғары болуына қарамастан, тым қымбат болмауы және ұзаққа жарауы [58].

Алайда оқу үдерісінде техникалық оқыту құралдарын қолдану деңгейінің міндеттерін шешуде мұғалім басты рөл атқарады. Оны ұтымды қолдану оқушыларды ғылым, техника, өндіріс пен мәдениеттің қазіргі жетістіктері мен бақылау мүмкін емес құбылыстарды таныстырып, өткен тарихты елестетуге, өзге ғаламға саяхат жасауға, табиғат құбылыстары мен қоғамдық өмір мен т.б. көрнекті түрде көрсетіп, теориялық мәнін ашуға мүмкіндік береді. Оқу пәндерінде қолданылған әрбір оқыту құралдары (транспарант, баламалы және сандық тасымалдаушылардағы дыбыс жазбасы, электронды презентация, теледидарлық бағдарлама, оқу бейнефильмі, киноүзінді) сабаққа даярлауда ескерілуі қажет өзіндік ерекшеліктерге ие.

Дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қолданудың дидактикалық талаптары дұрыс орындалғанда ғана білім нәтижелі болады. Алдымен сабақтың мақсаты айқындалып, материалды оқытудың логикалық реті белгіленеді. Сонымен қатар оқушылар игеруге тиісті басты элементтері анықталады (фактілер, болжамдар, заңдылықтар), соның ішінен құбылыстарды демонстрациялау қажеттіліктеріне қарай іріктеледі. Мұнда дыбыс-бейнелік құралдарын сабақтың қай кезеңінде демонстрациялау қажеттілігін белгілеу және оқушылардың танымдық қызметін қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдерді анықтау маңызды болып табылады.

Дыбыс-бейнелік оқыту құралдарымен жұмыс істеуде оқушыларда мынадай **оқу-танымдық дағдыларын** қалыптастыруға болады:

- оқушылардың әртүрлі ақпарат көздерінен қажетті оқу материалдарын таба білуі (сабақ тақырыбы бойынша қосымша ақпаратты – мәтін, бейнелік, символикалық белгі т.б.);

- ақпараттан қажетті материалды іріктеп, жүйелеу, ақпараттық ағын бағыттарын түсіну, ақпараттан қателерді тауып, керектілерін іріктей білу, белгілі ақпарат туралы әртүрлі көзқарастағы материалдарды бір-бірінен ажырата білу, ақпарат туралы анонс, немесе өзіндік көзқарасын білдіру, пікірін айту;

- ақпараттық материалмен жұмыс істеудің тиімді амал-тәсілдерін білу, вербалдыдан проекцияға көшу;
- ата-ана, жолдастары, сыныптастарынан сұхбат алу (дыбыстық жазба);
- сөздік, ақпараттық құралдармен жұмыс істей білу;
- ақпаратты берудің символикалық жолдарын білуге үйрену, оқып білгенін, диафильмде көргенін жинақтап, ресімдей білу;
- әртүрлі ақпарат құралдарымен жұмыс істей білу;
- қарапайым сызбалар, кестелер, сұлбалармен жұмыс жасай білу.

ОДБҚ оқу материалын меңгеріп, соңында оны ұзақ уақыт есте сақтау үшін де елеулі ықпал етеді. Ол алған білімді тірек болар сәттерді есінде сақтау арқылы бекітуге мүмкіндік береді, материалдың логикалық тізбегін есте қалдыруға, өтілген материалдарды жүйелеуге көмектеседі. Дыбыс-бейнелік оқыту құралдарының маңызды рөлі білімді практикалық қолдану кезеңінде де анық байқалады. Бұл мақсатта білік пен дағдыны қалыптастыруға бағытталған арнайы тренажерлар, компьютерлік бағдарламалар, статистикалық және дыбыстық құралдар қолданылады.

Сабақ барысында бастауыш сынып мұғалімі дыбыс-бейнелік оқыту құралдарының оқушыға қаншалықты эмоционалды әсер ететінін ескеруі керек. Егер оқушының ұсынылып отырған оқу материалының мазмұнына зейін қойғанын қаласа, онда дыбыс-бейнелік оқыту құралдары оған эмоционалды түрде әсер етіп, баланың қызығушылығы мен жағымды көңіл аударуын қалыптастыратындай дәрежеде дайындалып, ұсынылуы тиіс. Фильмді көруге қойылатын талаптар тұрғысынан «әрбір эпизодтың шекарасын шектеу керек және фильмді көргенге дейін, көргеннен соң жүргізілетін жұмыстарды нақтылап жоспарлау керек, фильм үзіндісінің ұзақтығы 4-6 минуттан және бес үзіндіден аспауы тиіс. Әрбір сабақтағы фильм ұзақтығы 20-30 минут болуы ұсынылады» [58, с. 90-91]. Көргеннен кейін маңызды орындалатын жұмыстар қатарындағы сауалнама мен рефлексияға да мән берілу керек [58, с. 93]. Сондай-ақ дыбыс-бейнелік оқу құралдарына қойылатын техникалық талаптар тұрғысынан олардың сабақ басталғаннан кейін 5-10 минуттан кейін қолданған жөн.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша, ақпараттың 70%-ын көру, 20%-ын есту, 10%-ы басқа сезім мүшелері арқылы қабылданады [54, с. 7]. Сондықтан естуді көрумен байланыстыру белгілі бір ақпаратты толық қабылдауға, есте қалдыруға мүмкіндік береді.

П.А.Кисляковтың компьютерлік техникада ақпаратты ұсыну топтамасындағы оқытудың экрандық құралдары оқу материалын қабылдауға, меңгеруге, жүйелеуге ықпал ететінін, Н.Б.Кириллованың экрандық құралдардың педагогикалық тиімділігі көбіне оқу үдерісіне енгізілу әдістемесіне байланысты екендігін айта кеткен жөн [58].

Оқыту құралдары жүйесіндегі экрандық оқыту құралдарының орны мен рөлін бағалауда оқыту үдерісіндегі түрлі құралдардың дидактикалық мүмкіндіктерін ескерген жөн. Оқытуда қолданылатын әрбір оқыту құралының белгілі бір мазмұнда болуы (оқыту мазмұнының ақпараттық сәйкестігі) және нақты әдістемелік тапсырманы шешуді қамтамасыз ететіндей болуы (оқытудың

мақсаты мен әдістеріне функционалдық-дидактикалық сәйкестік) шарт. Жасалынған кешен өзгерусіз қалмайды. Оның дамуы оқытудың мазмұнының, әдістері мен құралдарының дамуына негізделеді.

Апта ішінде бастауыш сынып оқушыларына арналған сабақтар саны 3-4-тен, сонымен қатар, сабақ кестесін құру кезінде дыбыс-бейнелік құралдардың қолданатын сабақтар бірінен соң бірі жүрмеуін қадағалау қажет [54, с. 129-137].

Оқу үрдісінде оқытудың техникалық құралдарын қолдануда бірқатар талаптарды ескеру керек. Айталық, интербелсенді тақтаны қолдануда жазба жұмысының ұзақтығының 10-15 минуттан артпауы. Диапроектормен жұмыс жасағанда, экранға проекцияланған кескіннің өлшемдері проектор мен экран арасындағы қашықтыққа пропорционалды екенін есте ұстаған жөн. Проектор қаншалықты алыс болса, сурет соғұрлым үлкен болады. Алайда кескіннің жарықтығы экрандағы қашықтыққа қарағанда, тезірек азаяды, себебі ол квадраттың арақашықтығына пропорционалды. Сондықтан проектормен экранда бейнефильмдерді тамашалау кезінде оқушылардың тиімді жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасалуына мұғалім баса мән беру керек. Өте қараңғы болған жағдайда көз тез шаршайды, тақтаға күн көзі түскен жағдайда көру қабылдауы төмендейтіндігі ескеріледі [58,с. 30].

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын көру, есту, ғаламтор желісі арқылы қолдану түрлеріне қарай төмендегідей жіктеп көрсетуге болады.

Кесте 2 – Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының түрлері және экранды дыбыстық құрылғылар

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары	Түрлері	Құрылғылар
1	2	3
Бейнеграммалар	сурет, кесте, сызба, сұлбалар, транспаранттар, таныстырылымдар, сюжетті суреттер т.б.	компьютер, интербелсенді тақта, проектор, лазер нұсқаушылығы, диапроектор, эпидиаскоп, кодоскоп
Бейнефонограммалар	бейнефильмдер мен кинофильмдер, бейнежазбалар, телебағдарламалар (оқу теледидары) мультипликациялық фильмдер	компьютер, интербелсенді тақта, проектор, теледидар, дыбыс шығаратын құрылғы
Дыбыстық (аудио) жазбалар	дыбыстық жазбалары, радиохабарлар, фонограммалар, дыбыстық оқу құралы немесе оқу үнтаспалары	магнитофон, компьютер, дыбыс шығаратын құрылғы, CD-ROM дискілер
Интернет: интернет-ресурстарды қолдану, қашықтан оқыту	білім беру сайттары, онлайн сөздіктер, энциклопедиялар, электрондық оқулықтар, электронды анықтамалықтар,	компьютер, модем, интербелсенді тақта, проектор, лазер нұсқаушылығы, дыбыс күшейткіш, құлаққап, тінтуір,

1	2	3
	электронды сөздіктер, онлайн олимпиада, онлайн тестілер, вебсабақтар, веболимпиада, виртуалды мұражайлар, виртуалды көрмелер, фотосуреттер топтамасы, танымал адамдардың дауыстары т.б.	микрофон, сканер, принтер, сандық фотоаппарат, сандық бейнекамера

Сонымен, бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда мұғалімнің дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қолданудың дидактикалық талаптарын ескеруі, олардың саналуан түрлерінің ерекшеліктерін білуі, сабақ барысында қолданудың тиімді әдістемелік аспектілерін игеруі маңыздылығына мән берілу керек.

1.3 Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері

Қатысымдық дағдылар субъектілер арасындағы іс-әрекет пен әлеуметтік ортаға бейімделу үдерісі ретінде де қарастырылады. Әлеуметтік қатынас тұрғысынан алғанда, қатысым тек бөлек тұлғалардың сырттай өзара әрекет үдерісі ғана емес, ол – қоғаммен біртұтас даму құралы ретінде жүзеге асатын үдеріс. Бұл даму қоғам мен тұлғаның үздіксіз және динамикалы түрде өзара әрекет етуін болжайды.

Қарым-қатынас әлеуметтік психологияда қоғамдық құбылыс, қоғамдағы субъектілердің өзара әрекет ету үдерісі ретінде танылған. «Қарым-қатынас барлық бірлескен іс-әрекеттің қажетті шарты және адамдар арасындағы байланысты орнату мен дамыту, ақпарат алмасу, қарым-қатынасқа қатысушылардың бірін-бірі қабылдауы мен түсінуін көрсетеді» [59].

Психология қатысым жасау үдерісіндегі тұлғаның қалыптасуын зерттейді. Қарым-қатынасты тұлға қалыптасуының маңызды факторларының бірі ретінде тұжырымдаған психологтар – А.Н.Леонтьев, Б.Ф.Ломов, А.Р.Лурия, В.Н.Мясищев, А.В.Петровский және т.б.

А.Н.Леонтьев қатысым әрекеті – бұл ең алдымен сөз әрекеті, өйткені онда іс-әрекетке тән элементтердің барлығы бар (әрекеттер, операциялар, мотивтер және т.б.) десе [60], Б.М.Ломов қатысым мен әрекеттің бірлігіне мән беріп, осы үдерістерді өзара байланыста қарап, адамның әлеуметтік болмысының екі жағы ретінде, оның өмір салты ретінде қарастырады [61]. Демек, қатысым туралы ғалымдардың көзқарастары ортақ, олар қарым-қатынасты маңызды әрекет деп таниды.

Б.Т.Парыгин қатысым түрлерінің сипаттамасын, яғни тілдік әрекетке түсушілердің психологиялық жағдайлары мен көңіл-күйіне қарай келесідей жіктеген:

- іскерлік және ойын түріндегі қарым-қатынас;
- рөлдік және тұлғааралық қарым-қатынас;
- рухани және практикалық қолданымдағы қарым-қатынас;
- дәстүрлі және инновациялық қарым-қатынас [62].

Аталған қатысым түрлері бастауыш оқу үдерісінде жиі қолданылған жағдайда оқу үдерісі нәтижелі болатыны тәжірибеде анықталды.

Белгілі қазақ психологі Қ.Жарықбаев қатысым туралы: «Қарым-қатынас – адам іс-әрекетінің аса ауқымды саласы, өмір сүру, тыныс тіршіліктің негізгі арқауын білдіретін ұғым. Адамға ауа, тамақ, киім, баспана қандай қажет болса, айналасындағылармен қарым-қатынаста болу да аса маңызды», - деп ой түйеді [63]. Ғалым қатысымның адам өміріндегі қызметтерін келесідей ұсынады:

1. Әлеуметтік қызметі:

- а) өзара іс-әрекетті ұйымдастыру;
- ә) тәртіп пен іс-әрекетті басқару;
- б) бақылау.

2. Психологиялық қызметі:

- а) психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету;
- б) қарым-қатынасқа қажеттілігін қанағаттандыру;
- в) өзін-өзі танытуы [63, б. 50].

Ғалымның бұл пікірі біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін дәлелдей түседі.

Қатысымның негізгі элементтері – индивидтер, тұлғалар. Сондықтан әлеуметтік қатысымды тұлғалық қатысым деуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, қатысымды тұлғалық, жекеленген байланыс ретінде анықтауға болады. Қатысымды мазмұны, мақсаты мен құралдарына қарай С.Барлыбаева төмендегіше бөлген:

1. *Мазмұны жағынан:*

- 1.1 Материалды (іс-әрекет заттарымен, өнімдерімен алмасу);
- 1.2 Когнитивтік (білім алмасу);
- 1.3 Жағдайға сәйкес (психологиялық және физиологиялық жағдайлармен бөлісу);
- 1.4 Мотивациялық (ниет, мақсат, қызығушылық, мотив, қажеттілігімен алмасу);
- 1.5 Іс-әрекеттік (іс-әрекет, білік, дағдымен алмасу).

2. *Мақсатына қарай:*

- 2.1 Биологиялық (ағзаны сақтау, қолдау, дамытуға қажетті);
- 2.2 Әлеуметтік (тұлғааралық байланысты кеңейту, бекіту, дамыту).

3. *Құралдарына қарай:*

- 3.1 Тікелей (табиғи мүшелер: қол, бас, кеуде, дауыс тізбегі және т.б. арқылы жүзеге асатын);
- 3.2 Техникалық (арнайы құрал-жабдықтарды қолдану).
- 3.3 Тура (бір-бірімен тікелей қарым-қатынасқа түсу);

4. *Жанама (өзге адамдар арқылы қарым-қатынасқа түсу)* [64].

Қатысым өзара әрекет ретінде адамдар арасындағы байланысты бірлескен іс-әрекетке бағытталып, ынтымақтастық үшін ақпарат алмасу деп анықталады.

Қатысымды анықтаудың күрделі үдерісіне мына үш құрам кіреді:

1. Тілдік қатысым (адамдармен ақпарат алмасу).
2. Интербелсенді қатысым (жеке адам мен ұйым арасындағы әрекет).
3. Перцептивтік қатысым (серіктестік қатынас кезінде өзара түсінісуі мен өзара түсінушілікті орнату) [60].

XX ғасырдың басындағы ғылыми әдебиеттерде қатысым термині пайда болумен қатар, оның төмендегідей үш мазмұны нақтыланды:

- қатысым – кез келген материалды және рухани әлем объектісінде байланыс құралы;

- қатысым – адамнан адамға берілетін ақпарат (жекеаралық қатысым);

- қатысым және қоғамда ақпаратпен алмасу (әлеуметтік қатысым) [62].

М.Вебер, Г.Г.Гадамер, Г.Шпет қатысымды адамның басқа адаммен түсінісуі, яғни өзара түсіністік деп қарайды. Футурологиялық үлгінің өкілдері А.Тоффлер, Д.Белл, Г.М.Маклюэн қатысым ретінде ақпараттық қоғамның теориясын ұсынды. Ақпарат – мәдениетінің негізі, мәдени құндылық болып табылады. Осы тұрғысынан қарағанда, мұндай қатысымдыға сұхбат, мектептегі сабақтар, театрлардағы қойылым көріністері, іскерлік қарым-қатынас, телехабар, компьютерден мәліметтер іздестіру сияқты әрекеттер жатады.

Сөзді қатысымдық (коммуникативтік) бірлік ретінде Ж.Т.Дәулетбекова мынадай сапаларын атап көрсетеді: сөз мазмұнының тереңдегі, сөз жүйелігі, сөз тазалығы, сөз қысқалығы, сөз түсініктілігі, сөз байлығы, сөз әуездігі, сөз дәйектілігі, сөз анықтығы, сөз айшықтылығы, сөз дәлдігі, сөз дұрыстығы [65, б. 45]. Бұл мәселелердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты.

Г.М.Андреева «қарым-қатынастың кез келген формасы – адамдардың бірлескен іс-әрекетінің ерекше формасы» деп көрсетеді. Оның пікірінше, қатысымдық үдеріс тікелей қарым-қатынастан, қатысымнан құралады. Қалыпты жағдайда олардың саны, кем дегенде, екеу болу керек. Екіншіден, қарым-қатынасқа түсушілер әрекет жасауы керек, ол қарым-қатынас деп аталады (айту, ым-ишарамен ойын білдіру). Үшіншіден, кез келген нақты қатысымда байланыс арнасын анықтау керек. Байланыс кезінде қарым-қатынас тек ақпарат қозғалысы емес, ол екі индивид – қарым-қатынас субъектілері арасында өзара кодталған мәлімет беру болып табылады. Тиісінше, қатысым сызба түрінде былай берілуі мүмкін: S – S [59].

Қарым-қатынас кезінде адамдар тек ақпарат алмасып қана қоймайды, оның үстіне ақпаратқа қосымша ортақ мағына жасауға тырысады. Ал бұл тек ақпарат қабылданып қана қоймай, сонымен бірге игерілгенде, түсінгенде ғана жүзеге асады.

«Оқыту жүйесінде, оның ішінде бастауыш сатыдағы білім мазмұнын жаңарту білім кеңістігін оқушыға жеке тұлғалық тұрғыдан ұйымдастыруды қамтамасыз ететін деңгейде өзгертумен қатар, оқу пәндері бойынша кең ауқымды дағдыларды қалыптастырудың басымдылығы берілетін білім мазмұнына да өзгеріс енгізудің қажеттілігін тудыруда. Орта білім беру реформасы шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді. Оқушыны

жаңа тұжырымдарды түсінуге және қабылдай білуге, бүкіл өмір бойы өзгермелі жағдайларға тез икемделуіне, сындарлы ойлай білуге және ақпараттар ағынын бағдарлай алуға, топтың алдында өз ойын анық, дәл жеткізуге, тыңдаушысын иландыра білуге қабілетті интеллектуалды ұлт ретінде қалыптастыруды көздейді. Осындай нәтижеге қол жеткізуде болашақ ұрпақтың күрделі және санқырлы танымдық іс-әрекетінің жиынтығын құрайтын маңызды дағдыларының бірі – тілдік дағды» [7, б. 241].

Қазақ тілінен пәндік білім тілдің қатысымдық қызметі негізінде меңгеріледі. Осы тұрғысынан сөйлеу әрекетінің түрлерінен қалыптасатын дағдылар (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым) қатысымдық дағдылар болып есептеледі. Ж.Р.Бәшірова қатысымдық әрекетте баламен ынтымақтастық орнату қажеттігіне мән береді. Ол үшін мына талаптарды атап көрсетеді: өзара сенім, диалогтік қатысым (объектілік-субъектілік) өзара түсіністік, нақты психологиялық байланыс (іскер және жеке бас байланыстары негізінде туындайды), жеке әсерден бас тартып, өзара әсерге көшу қабілеті [66, б. 21]. Балалармен ынтымақтастық қарым-қатынас орнату фрустрациялық психологиялық кедергілерді болдырмау, шығармашылық үрдіске ұмтылдыру, шығармашылық міндеттерді шешуді қажет етеді. Табысты оқу әрекетін ұйымдастыру мұғалім тарапынан іскерлік, шыдамдылық, қызығушылық, эрудиция, сезімталдық, кәсіби белсенділік қасиеттерді қажет етеді.

Жалпы алғанда, қатысымдық әрекет нақты психологиялық процесс ретінде алдымен жағдайды бақылап, бағдарлаудан басталады. Аз уақыттан соң жағдаят анықталған соң, оқушыда сөйлеу уәжі пайда болады. Ойды білдіру немесе анықтау мақсатында сұрақтар қою т.б. сөйлеу әрекетінен соң ой қорытылып, қатысым үдерісінің маңызды компоненттерінің бірі – кері байланыс кезеңіне көшеді. Бұл кезеңде оқу материалының саналы меңгерілуі, оқушының өзін-өзі, өзара тексеруі, баланың психомоторлық жағдайы, өзара әрекетінің нәтижелері байқалады. Оқушылардың қателері мұғалім тарапынан түзетулермен қорытылады. Кері байланыстың маңыздылығы – балалардың өз әрекетін сыни көзқараспен қарап, өз әрекетін бақылауы, бағалауы. Мұндай қатысымның даярлық кезеңнен бастап әрекеттік-қорытынды кезеңге дейінгі әрекеттің тиімді ұйымдастырылуы мұғалімнің қолданған әдіс-тәсілдерінің тиімділігіне, өзара түсіністігі мен өзара сеніміне байланысты болады.

Қазақ тілі сабағындағы оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға байланысты қолданылатын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының мақсаты – оқушының оқу-танымдық қызығушылығын тудыра отырып, білім сапасын арттыру. *Қызығушылық*, әдетте, оқу материалының оқушының өзіне пайдалы екенін сезінгенде, білімді көрнекі етіп игергенде тұрақталатыны белгілі. Қызығушылық оқушы оқу әрекетіне өзі субъекті ретінде қатысқанда, проблемалық мәселелерді өз бетінше шешіп әрекеттенгенде, шығармашылық жұмыстар орындағанда (бейнежазбалар, аудомәтіндермен жұмыс, дидактикалық ойындар, оқу жобалары, оқу тренингтері, бейнеүзінділер көрсету т.б.) қалыптасады. Айталық, бұлардың басқа дәстүрлі оқыту құралдарынан ерекшелігі бейнежазбалар тез арада жазылған бейнені көрсетуге, оны қажетінше қайталатуға мүмкіндік туғызады. Біздің тарапымыздан осы мақсатта

жазылған бейнежазбаларды оқушыларды тәжірибелік жұмыстарды жасауға дайындау кезеңінде тиімді қолдануға болады. Жаппай тәжірибелік жұмыс кезінде оқушылар бірдей қарқында жұмыс жасауы тиіс. Мәселен, оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары 4.1.2.1-ге сәйкес мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу. Сабақтың мақсатында барлық оқушылар демонстрацияланған динамикалық көрнекі берілген мәтіннің мазмұнын болжайды, мәтіннен күрделі мүшелерді сұрақтар қою арқылы табады, байланысын анықтайды. Оқушылардың басым бөлігі мәтіннің жасырынған бөлігінің мазмұнын болжайды, түп нұсқасымен салыстырады, ойын дәлелдейді, сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қоя отырып табады. Кейбір оқушылар сөйлемдегі күрделі мүшелерді табады және оларды қатыстыра отырып мәтін құрастырады. Сабақта оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту мақсатында «*Сиқырлы сөздер*» ойыны ойналады. Мұнда оқушылардың әдепті, сауатты сөйлеуіне баса мән беріледі. Мұғалім кез келген өтінішті айтады, оқушы оны әдепті түрде айту үшін сөйлемнің лексика-грамматикалық құрылымына мән береді. Мысалы: *Айнаш, дәптерді бер. «Айнаш, өтінемін, дәптерді берші!»*. Сабақтың мағынаны ажырату бөлімінде Блум таксономиясының иерархиясына құрылған білу, түсіну, қолдану деңгейлері бойынша сөйлемнің дара және күрделі мүшелері түсіндіріледі. Сабақтың мақсаты оқушылармен бірге айқындалады.

Берілген сурет арқылы мәтіннің мазмұнын болжау, содан соң мәтіннен күрделі мүшелерді табу тапсырылады. Сабақ тақырыбы бойынша *12-жаттығу* орындалады. «Суреттерде не бейнеленген? Ол қай қалада орналасқан?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, жауабының дұрыстығын дәлелдеуі керек. Сондай-ақ «Бізде көңілді!» авторлық вебсайтынан «Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бейнебаяны көрсетіледі.



Сурет 1 – «Бізде көңілді!» авторлық вебсайтының бас бетіндегі «Бірге көрейік» айдарының көрінісі



Сурет 2 – Авторлық сайттағы 35-сабаққа арналған «Қожа Ахмет Яссауи» бейнекөрінісі

Сабақта «Қазақстанның жеті кереметі» кітабынан алынған мәтін тыңдалады (13-жаттығу).

Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі – көне сәулет ескерткіштерінің бірі. Ол бүкіләлемдік мұра тізіміне енген. Кесенені салуға Әмір Темір бұйрық берген. Кесененің қабырғалары биік, үлкен шаршы бөлме. Оның ортасында үлкен Тайқазан бар. Тайқазан – бірлік пен қонақжайлылық белгісі. Оның диаметрі екі метрден асады, салмағы – екі тонна [67, б. 76-77].

Шығармашылық үзіліс кезеңінде «Қожа Ахмет Яссауи кесенесі» атты бейнежазба (анимациялық көріністермен жасалған) көрсетілді (бейнежазба ұзақтығы - 2, 35 мин.)



Сурет 3 – «Қожа Ахмет Яссауи кесенесі» атты бейнежазба көріністерінен үзінді

Мұғалім кері байланысты ұйымдастыра отырып, оқушылардың сабақтан меңгергендерін сұрап, ұсыныстарын айтқызады. «Бас бармақ» тәсілі арқылы оқушылар сабақтан түсінгендерін бармақтарымен көрсету арқылы

рефлексиялық әрекет жасайды. *Жетістік критерийіне* оқушылардың сурет мазмұны бойынша сөйлей алатыны, сұрақтарға жауап бере алатыны нақтыланады. Сабақта сурет, анықтамалық кітап, анимациялық кейіпкерлер қосылған бейнебаян тәрізді көрнекіліктер қолданылады.

Қосымша оқуға және көруге «*Әзірет Сұлтан*» вебсайтындағы аңыз әңгімені тыңдатуға болады. «*Әзірет Сұлтан*» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы балаларға аңыз-әңгімелер мен тарихи деректерді насихаттап, оқушыларды патриоттық сезімін тәрбиелеу, еліміздің атақты тұлғалары мен туған жер, тарихи орындары жайлы біліп, тағылым алуға шақыру мақсатында аңыз-әңгімелер топтамасын ұсынған. Сайтта бұл туралы: «*Әзірет Сұлтан*» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы жинақтаған «*100 аңыз*» кітабындағы аңыз-әңгімелер арқылы Қожа Ахмет Яссауидің балалық шағы, ұстаздары мен шәкірттері, өмірлік жолы мен өнегесі, тарихи орындар мен тұлғалар жайлы бейне көрсетілімдер анимация және деректі фильмдер мен графикалық суреттерді құрастыра отырып сипатталған», - деген ақпарат берілген [68]. Өз бетінше орындауға оқу және сурет салып, оны айтып беру тапсырылады.

Қызығушылық оқытудың уәждемесімен тығыз байланысты. А.А.Леонтьев әрекет ұғымында мотивацияның маңыздылығына баса мән береді. Мотивсіз әрекеттің болмайтындығын ескертеді [69]. Осымен байланысты оқушылардың танымдық мотивациясына түрткі болып, олардың оқу белсенділігін арттыруға болады және осы арқылы қатысымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасалады.

Оқушылардың ересектермен қарым-қатынасқа түсу қажеттілігі, балалардың жетекші іс-әрекетінің сипатымен анықталады. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ересектермен қарым-қатынасындағы жетекші мотивтері ретінде іскер және жеке мотивтер көрінеді. Қарым-қатынас пен жеке тұлғаның даму мәселелерін зерттеу жұмысы, «қатынас», «өзара қатынас» ұғымдарын пайдалануды болжайды. Осы тұрғысынан В.М.Бехтерев пен А.Ф.Лазурский еңбектерінің қарым-қатынас мәнін ашудағы орны ерекше болса, эксперименталды тұрғыда осы мәселені А.А.Бодалев, оқушылардың адам қасиеттерін тәрбиелеу аспектісінде, Л.И.Божович және Л.С.Славина оқушылардың оқуға қатынасының мінез-құлық мотивациялары мәселерімен тығыз байланыста зерттейді. В.Н.Мясищев адамның қатынастары нақты қажеттіліктерден туындап, тұрақтылыққа, жалпылыққа ие болады деген. Адамның қатынастары танымдық, еріктік, эмоционалды компоненттердің қатысуымен сипатталады. Ғалымның пікірі бойынша, адамдардың қарым-қатынасы жеке тұлғаның өзіндік менін көрсететін іс-әрекетті құрайды. С.Л.Рубинштейн бойынша, адамның қоршаған әлемге деген көзқарасы басқа адамдармен қарым-қатынас құруына бағыттайды. В.В.Давыдов қарым-қатынас оқу үдерісінде балада тұлғалық қасиеттер саналы түрде қалыптасады (ғылыми, көркемдік, адамгершілік) деген тұжырым жасайды. Д.Б. Эльконин бойынша, бастауыш сыныпта оқушы өзінің іс-әрекетін қоғамдық мәні бар, міндетті іс-әрекет ретінде қабылдай бастайды да, бойында оқуға деген ынтасы көрініс табады. Осымен байланысты мынадай қорытынды жасауға болады: оқу

үрдісінде тұлғааралық қатысымда оқушының ішкі мүмкіндіктерін дамыту олардың тұлғалық ерекшеліктер мен қабілетін дамытуға ықпал етеді.

«Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін үш кезеңге бөліп қарауға болады. Бірінші кезең – материалды тез қабылдап жылдам меңгеретін оқушы. Екінші кезең – арнаулы тапсырманы мұқият орындайтын оқушы. Үшінші кезең – берілген көркемдік білімді баяу қабылдайтын оқушы. Осыны басшылыққа ала отырып, оқушылардың ынта жігерін арттыру арқылы шығармашылық деңгейін дамытуға болады» [10,б. 382].

Шығармашылық – күрделі психологиялық іс-әрекет. Бастауыш мектеп оқушыларының ойлау қабілеті жинақталған тәжірибелерді меңгеру арқылы ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Шығармашылық әрекеттің ерекшелігі: баланың өзін-өзі дамытуына, өз әрекетін басқаруда жаңа әдіс-тәсілдерді іздеуінде. Осыған орай сабақ үрдісінде оқытудың жаңа технологияларын дыбыс-бейнелік оқу құралдары арқылы жүзеге асырудың жолдарын қарастыру керек.

Оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастыру тұрақты оқу уәждемесінің қалыптасуына байланысты. Оқушының қатысым жасау уәждемесі оны оқу, сөйлеу әрекетіне жетелейді. Оқу уәжін қалыптастыру үшін оқыту әдістері мен оқу құралдары оқушының тұлғасына бағдарлануы қажет. Оқушының оқу уәжі тұрақты болғанда ғана оқу әрекеті нәтижелі болады. Осы тұрғысынан мұғалімнің оқу үрдісінде балаларды қызықтырып, олардың оқу нәтижелерін мадақтап, мақтап, эмоционалдық жағымды ахуал тудырудың да мәні бар. Мәселен, «*Көпшілік алдында сөйлеп үйренейік*» атты сабақта оқушылардың «*Ана тілім – ардағым*» атты ашық тәрбие сағатындағы көрсеткен өнерлері жазылған бейнежазбаны көрсетіп, жұмыс жасауға болады. Мұнда оқушылар көрермендерге қарата айтылған сөздерінің, өлеңді оқу шеберлігі мен өздері туралы айтқан қысқа өлеңдеріне талдау жасалады. Оқу жоспарында көрсетілгендей, сөйлеуге қойылатын талаптардың орындалуын смартфонның бейнекамерасына түсіріп қарау секілді оқу әрекеттері орындалады. Төмендегі суреттерден ашық тәрбие сағатынан көріністі және Жамбыл Дүйсеновтың «*Тіл туралы*» бейнематериалын көруге болады.



Сурет 4 – Ашық тәрбие сағатынан көрініс



Сурет 5 – Жамбыл Дүйсеновтің «Тіл туралы» өз өлеңін оқып беруінен үзінді кадр

Тақырыпты игерту мақсатында аудиомәтінді тыңдатып, бейнеүзінді көрсетіп, содан соң талқылап, өзіндік пікірлерін білдіруде мұғалімнің бағалауының маңызы зор. Оқу уәждемесінің ерекшелігі – қатысымдық әрекетке түрткі жасауы, оқушының тыңдауға, оқуға, жазуға, сөйлесуге, сөйлеуге, көпшілік алдында сыни пікірін білдіруге, тілдесімге, тіл табысуға ұмтылдыру. Оқу уәждемесінің тұрақталуы білім мазмұны мен оны тиімді ұйымдастыру, инновациялық оқыту формалары, оқыту әдістері, дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қолдануға байланысты. Осымен байланысты оқыту тәжірибесінде сабақта қолданылатын интербелсенді оқыту технологиясының түрлері *рөлдік ойындар, проблемалық, пікірталас, эвристикалық, оқу-ізденімдік жобалары, эмпатия, ассоциация ойыны, ПОПС-формуласы, оқу портфолиосы, синектика әдісі, ментальді карта, оқу тренингтері, мультимедиа, кейс, инсерт, оқу жарыстары, дөңгелек үстел, пресс-конференция* т.б. әдістер жүйесі оқушылардың логикалық тұрғыдан ойын жүйелі жеткізе білуге, өзіндік эмоционалдық көңіл-күйін білдіруге, вейбербалдық амалдардың түрлерін тиімді қолдана білуге, сөздерді дұрыс айту нормаларын (дұрыс дыбыстау, дұрыс айту, жағымды дауыс екпінімен естілуі), жазу нормаларын (дұрыс жазу, бірге, бөлек жазылатын сөздер, бас әріппен жазу, қысқарған сөздердің жазылуы т.б.), лексикалық нормаларды (сөзді мағынасына қарай орынды қолдану, стильдік ерекшелігінің ескерілуі, тіркесімділігі, эмоционалдық реңкі) ескеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар түсіндірме, фразеологиялық, синоним, антоним, омонимдер сөздіктерімен жұмыс істеуге дағдыланады, грамматикалық нормаларды (сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) сақтап сөйлеуге үйренеді.

Қатысымдағы медиабілім, теледидар, радио хабарлары, бейнефильмдер, тыңдалымға арналған үнтаспа жазбалары компьютерлік оқу бағдарламалары оқушыларды қызықтырып қана қоймайды, олар оқу материалдарын тез қабылдап, түсінуге, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыра түседі. Сөйтіп, балалардың қатысымдық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Мұғалім осымен байланысты дыбыстық-бейнематериалды қолданудағы бірқатар психологиялық ерекшеліктерді ескеруі қажет. Олар: медиаматериалдың сабақ құрылымындағы орнын дәл анықтау, оқу материалын көруге психологиялық дайындық алғышарттарын жасау, оқу тапсырмаларын алдын ала анықтау, материалды көру және көрген материалды талқылау, тапсырмаларды орындаудағы оқушылардың эмоционалдық өзгерістерін қалт жібермеу. Мұғалім алдымен қазақ тілі сабағының мақсаты мен құрылымын анықтап, алдын ала көрсетуге арналған бейнеүзінділерді іріктеп, сабақтың тақырыбы, мазмұнымен, мақсат-міндеттерімен сәйкестігін белгілейді. Демонстрация жасауда мынадай амалдарды жүзеге асырады: «кадр, тоқта» - түсіндіріп кетуі, қайта көрсету, сұраққа қайта оралу, мұғалім мен оқушының синхронды түрдегі түсініктемелері, аяқтау кезеңінде талқылау, пікір алмасу, ойталқы, сұрақтарға жауап беру сапасына мән беру қажеттігі.

М.Р.Львов аталған жоғарыдағы әдістің фонетиканы өткенде, мәнерлеп оқуда, орфоэпия заңдылықтарын меңгертуде диалогтар мен монологтардың ерекшеліктерін меңгертуде тиімді екендігін айтады. Автордың пайымдауынша, көру көрнекілігі тек сөйлеуді ғана емес, қатысымдық әрекеттегі маңызды компонент оқушыларды эстетикалық, эмоционалдық тұрғыдан да дамытуда маңызы зор [70, с. 7]. Яғни бұдан көру көрнекілігінің – қатысымдық дағды қалыптастырудағы тиімді құрал екендігін анықтауға болады. Айталық, «Қазақ тілі» оқулығындағы (4-сынып) жаңа ақпаратты (грамматикалық материал) оқулықтан сканерлеп, тақтада демонстрациялап бейнеграмма ретінде көрсетіп, түсіндіруге болады. Сонымен қатар оқулықтағы суреттерді де сканерлеп, ұжымдық формада бірлесе отырып, жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қазақ тілі сабақтарында «Алматы» баспасынан жарияланған дидактикалық материалдарды бейнеграмма ретінде сабақтың ұжымдық, топтық формасымен жұмыс істеу барысында қолдануға болады: 3-сыныпта Н.Тойбазарова мен С.Олжабаеваның авторлығымен жарияланған «Қазақ тілі. Дидактикалық материалдары» [71]. Мұндағы оқу материалдары оқушылардың қазақ тілінен білім, білік, дағдыларын дамытуға, сөйлеу тілін жетілдіруге, сөздік қорын арттыруға көмектеседі.

Сондай-ақ Ф.Лекерова мен М.Солтанғазина ұсынған 2-4 сынып оқушыларына арналған «Қазақ тілі. Кестелер жинағындағы» графикалық көрнекіліктерді демонстрациялау тиімді [72]. Мұнда оқушыларға сабақ түсіндірудегі жаңа тақырыпқа байланысты сызба, кестелерді қосымша материал ретінде тиімді пайдалануға болады.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытуда оқу транспаранттарын тиімді қолдануға болады. Графопроектор арқылы қараңғыланған ортада экранға көріністер шығарады. Графопроектордың арнайы бөлігіне қойылған мөлдір түсті А-4 форматтағы пленка бетіне сабақ үстінде фломастермен немесе қаламсаппен әртүрлі сурет, жазу, кестелер де салуға болады. Транспаранттар ОДБҚ-ның бір түрі ретінде оқушылардың ойлау әрекетінің салыстыру, салғастыру, логикалық құрылымды талдау, жинақтау тәрізді түрлерін тиімді ұйымдастыруға үлкен мүмкіндік жасайды.

Оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыруда олардың өзінің жеке бас ерекшеліктерін тани білуі маңызды орын алады. Ол үшін «*Біз өзімізді танимыз ба?*», «*Мен кімін, білесің бе?*» тақырыптарында оқу тренингтерін өткізу тиімді. 4-сыныпта «*Құндылықтар*» бөліміндегі «*Көркем мінез*» тақырыбына байланысты мына мәтінмен жұмысты қарастырайық [67, б. 42].



15. Тыңда.

Аттылар үлкен үйдің сыртына келіп тоқтады. Бұларды бір топ адам күтіп тұр екен. Бұл топқа қарай ауылдың үлкендері де жан-жақтан дабырлап сөйлеп, ағылып келе жатыр.

Осы жиынға екі жолдасынан озып келіп бұрын түскен Абайдың атын біреу алып кете берді. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп қалды. Соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып: – Әй, шырағым, балам. Ар жағыңда әкең тұр... Әкеңе сәлем бер! – деді.

Абай жалт қарады. Қонақұйдің сыртында екі-үш үлкен кісімен әкесі Құнанбай тұр екен. Бала ыңғайсыздықпен қысылып, шешесінің айтқан сөзінің мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды.

Мұхтар Әуезов

Сурет 6 «*Құндылықтар*» бөліміндегі «*Көркем мінез*» тақырыбына ұсынылған мәтін

Оқулықтағы мәтіннің тақырыбы мен ондағы негізгі ойды анықтау, ат қою, мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу тәрізді тапсырмалармен қатар Ақпарат және даму министрлігінің қолдауымен «Massaget TV» дайындаған бала Абай туралы «*Қайтқанда*» суретті фильмінен бейнеүзінділер (төменде көрсетілген) көрсетіліп, оқушыларға сұрақ-жауап әдісімен аралас жүргізіледі. Оқушылар «*Сөз анасы – сәлем*» деген нақылдың мәнін түсініп, оның әдептіліктің белгісі, ата дәстүрі, ізеттілік екенін меңгереді. Сондай-ақ, ата дәстүрінде амандасқанда, оң қолды жүрегінің тұсына қойып амандасудың мәнін де түсінеді.



Сурет 7 – «*Қайтқанда*» бейнеүзінді, бет 1



Сурет 7, бет 2

Бейнеүзінділерді көре отырып, оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады:

- Балалар, қандай сәлемдесу сөздерін білесіңдер?

- Қалай ойлайсыңдар, не себепті Абайдың анасы алдымен әкесімен амандасу керек дейді?

- Өздерің алыстағы ата-әжелеріңмен кездескенде, қалай амандасар едіңдер?

Оқушылар қатысымдық әрекетте эмоцияларын білдіруден қорықпауы қажет. Бұл қасиеттерді дамытудың қатысымдық дағдылар үшін маңызы зор болмақ. Психологиялық ерекшеліктердің бірі оқушы мұғалім тарапынан жанашырлықты сезінуі керек. Эмпатияның бұл түрі оқушылардың өзіндік ой-пікірлерін еркін айтуға дағдыландырады.

Қатысымдық әрекетті жүзеге асыру үшін қызығушылық пен өзекті мәселелік жағдаят, сұрақ тудыру қажет, сондай-ақ әдіс-тәсілдердің тиімдісін таңдай білу керек. Сабақта оқушының таңдауына өзіндік шығармашылық ой пікірлеріне, өз бетінше шешім қабылдап, өз бетінше орындауларына мүмкіндік беру керек. Осы тұрғысынан: «Педагог сөзі белсенді, ол сезім мен санаға әсер ететіндей, ойлауды, қиялды дамытатындай, ізденушілік әрекетке қажеттілік туындататындай болуы қажет» [66, б. 122].

«Балалар дауысқа өте сезімтал келеді. Мұғалім қатты шығатын ащы дауыстан сақтану керек. Бұл оқушының қорқыныш сезіміне берілмей, қатысымдық дағдыларының қалыптасуы үшін кедергі болмауы тиіс» [66, б. 125].

Педагог жаңа оқу материалын меңгертуде өзекті мәселені бейнелі түрде көрсетеді. Бұл үрдіс күрделі оқу әрекеті болғандықтан, оқушының қабылдауын күшейтеді, оқу материалының есте ұзақ сақталуын қамтамасыз етеді.

Осы тұрғысынан оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары, атап айтқанда, *бейнеграммалар* мен *бейнефонограммалардың* интербелсенді оқыту әдістерімен үйлесімді қолданылуының маңызы зор.

Оқушылардың шығармашылық ойлау, қатысымдық дағдыларын дамытуда зерттеушілердің көрсетіп жүрген әртүрлі интербелсенді әдістерінің үлгілерін қолдану өз нәтижесін беруде [73, б. 13].

Психологиялық сөздік *қатысым* ұғымын танымдық және аффектілі-бағалау сипатындағы ақпарат алмасудан тұратын екі не одан да көп адамдардың өзара әрекеті деп түсіндіреді және тиісінше, белгілі бір көлемдегі

жаңа ақпарат пен коммуникативтік актіні жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылатын жеткілікті түрдегі мотивацияны бір-біріне хабарлауды болжайды [74].

С.Л.Рубинштейн *қатысымды* ақпарат алмасу, өзара әрекет етудің бірыңғай стратегиясын құру, өзге адамды қабылдау және түсінуден тұратын, бірлескен әрекеттің қажеттілігінен туындаған адамдар арасындағы байланысты орнату және дамытудың көпжоспарлы күрделі үдерісі ретінде қарастырады [75].

М.С.Каган *қатысымды* субъектінің адам, жануар не машина сияқты объектімен ақпараттық байланысы деп түсіндіреді. Ол субъектінің қандай да бір ақпаратты (білім, идея, іскерлік хабарлама, нұсқаулар және т.б.) таратып, қабылдаушының оны қабылдап, түсініп, жақсы меңгеріп, соған сәйкес әрекет етуінен көрінетінін айтқан [76].

Қарым-қатынас барысындағы ақпарат сұхбаттасушылар арасын реттеп отырады, себебі екі субъект де тең дәрежеде белсенді болады. Аталған феноменді зерттей келе, И.А.Зимняя жүйелі - қатысымдық-ақпараттық қатынасты болжайды. Оның пайымдауынша, қатысымның тиімділігін арттырудың критерийлерін, шарттары мен тәсілдерін байланыс арнасымен ақпарат тарату жағдайындағы психикалық үдерістердің жүру ерекшеліктерін есепке алу негізінде анықтауға мүмкіндік береді [77].

Аталған ой-пікірлерді қорыта келе, *қатысым* – өзара түсінісуге алып келетін екіжақты ақпарат алмасу үдерісі деп түйіндеуімізге болады. Егер субъектілер арасында өзара түсінісушілік орнамаса, онда қатысым жүзеге аспайды, оның нәтижесі болмайды.

С.В.Тришинаның пікірінше, тілдік қарым-қатынас орнату – хабарды жеткізу үшін тілдерді (вербальді, вербальді емес) пайдалана алу [78].

А.Б.Добрович *қатысымды* іске асыру барысында төрт негізгі фазаны көрсетеді: іс-әрекетті орындауға ынта-ықылас, ниет; әрекеттің жағдаятын нақтылау; әрекеттің өзі; әрекеттерді қорытындылау [79].

Адамның қатысымдық әрекетіндегі ынта – адамның белгілі бір іске ықыластана кірісіп, нәтижелі орындауға тырысуы. Ынта іске қызығушылықтың негізгі ұйытқысы болып саналады. Ол іс-әрекет кезінде қалыптасады, оның ойынға, оқуға, еңбекке байланысты түрлері болады. Ынта істі ойдағыдай орындаудың шарты. Сондықтан баланының кішкентай кезінен бастап пайдалы іске ынтасын тәрбиелеу – мектептің, отбасының ең негізгі міндеті болуы қажет. Әрекет қатысым ретінде қажеттіліктен, мақсатқа ұмтылудан, туындайды, сондықтан әрекетке ұмтылдыратын оқушы бойындағы ынта, ниетті қалыптастырудың қатысым үшін маңызы зор.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдысын қалыптастыру үшін ниет етуден бастап, қатысымдық әрекет жасауға дейінгі аралықтағы іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастыру басты назарда болуы қажет.

Г.М.Андреева қатысым тұжырымдамасы бойынша, *қабілеттердің* келесі түрлерін бөліп көрсетеді: 1) тұлғааралық қатысым; 2) тұлғааралық әрекет; 3) тұлғааралық қабылдау [59]. Мұнда қабілеттің бірінші түрі қатынастың ауызша емес (вербальді емес) құралдарын, рационалды және эмоционалды ақпараттарды жеткізуді және т.б. қолдануды қамтиды. Екінші түрі қоршаған

ортаның өзгеруімен байланысты ойдың интерпретациясына кері байланысты құруға мүмкіндік береді. Үшінші түрі әңгімелесушінің ұстанымын қабылдауымен, оны естумен, сонымен қатар қатысымға дайындықсыз қатысу және оны ұйымдастыру тәрізді қабілеттерді қамтитын «суырып салма» шеберлік сияқты ерекшеліктерімен сипатталады. Бастауыш сынып оқушысы үшін соңғысы күрделірек, себебі дайындықсыз қатысымға енуге баланың білім-біліктері, қатысымдық дағды-құзыреттіліктері жеткіліксіз болады. Осы тұрғысынан баланы әртүрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қатысымдық әрекет жасай білуге дағдыландыру үшін интербелсенді әдістерді, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын тиімді қолдану жоғары нәтижелер береді. Мәселен, 3-сыныптағы «Жақсыдан үйрен жаманнан жирен» атты бөлімдегі нәтижеге құрылған *Батыр ұшқыш Хиуаз Доспанова* туралы сабақта [80, б. 68] оқу бағдарламасына сәйкес грамматикадан *x, h* әріптері бар сөздерді ажыратып жазу, мәтіндегі тірек сөздерді табу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру, емле, тыныс белгілері, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету, сондай-ақ түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу тәрізді оқу мақсаттары көзделген. Сабақта топтық стратегия негізінде «Өкіл» әдісі арқылы мәтінді талқылау жұмысы жүргізіледі. Топта тыңдаған мәтіндегі ақпаратты қосымша ұсынылған әдебиет көздері мен интернет-ресурстан алынған оқу материалдарын қолдана отырып толықтырады. Топтан бір оқушы «өкіл» ретінде сайланып, өзге топтарға барып түсіндіреді және басқалардың ойларын тыңдап ақпарат жинақтайды. Осылайша әр топтан алған ақпаратты жинақтап өз тобына оралып, ортада талқылайды. Қаһарман қазақ ұшқыш қыз Хиуаз Доспанова туралы Мұрат Жәкібаевтың продюссерлік орталығы ұсынған «*Жеңіс тарихы...*» атты бейнефильмнен үзінділер көрсетіліп, сурет салу тапсырылады.



Сурет 8 – «*Жеңіс тарихы...*» атты бейнефильмнің бас беті

Сабақта «*Кейінерге хат*» тәсілі бойынша оқушылар Хиуаз Доспанова қорының атына хат жазады. Жазба «Түрлі түсті жиектер» әдісімен тексеріледі. Оқушы жазба жұмысын орындау барысында дәптер жиегіне түрлі түсті

қарындашпен белгі салып отырады. Мағынасы: «қызыл - тексеріп, барлық қателерін түзетіңізші», «жасыл - барлық қателерді белгілеңізші, мен барлығын өзім түзетемін», «көк - қате санын көрсетіңізші, мен өзім тауып түзетемін», «қара-бұл жұмысқа баса назар аудармаңыз, мен оны асығыс орындадым» дегенді білдіреді. Сабақта оқушылардың қатысымдық әрекетін қалыптастырудың маңызды бөліктерінің бірі жазылым дағдысын қалыптастыру мақсатында мынадай тапсырма орындалады. «Кітапханашы хабарландыру жазды. Сикыршы мәтіндегі сөздердің орнын ауыстырып жіберді». Осымен байланысты тапсырма: «Хабарландыруды сөздерді тиісті орнына қою арқылы жаз. Тыныс белгілерін қой». Интербелсенді тақтадан төмендегі хабарландыру көрсетіледі:

Оқушылар назарына!

1. білесің бе Сен
2. тұңғыш кім ұшқыш қазақ қызы
3. туралы келе ме білгің ол
4. кітапханаға кел онда

Сурет 9 – Сөздердің орны ауыстырылып берілген хабарландыру үлгісі

Сабақ соңында «*Білім шыңы*» кері байланыс, рефлексия әдісі арқылы алынған білім бекітіледі.

Жалпы алғанда, оқыту тәжірибесінде сөйлеу әрекетінің түрлері *айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым* дағдыларының дамуына мүмкіндік толығымен жасалды және оқушының оқу белсенділігін арттыру арқылы қатысымдық дағдыларын дамыту үшін дыбыс-бейнелік оқу құралының бір түрі ретінде түрі интернет-ресурс тиімді қолданылды.

Ю.М.Жуков қабілеттерді меңгеру, басқа адамдармен қарым-қатынас құра білу және оны жалғастыру әрекеті – *тілдік құзыреттілік* болып табылады, – деген анықтама берген [81].

В.А.Кан-Калик және Н.Д.Никандров *тілдік әрекеттерді* жасау үшін, арнайы қабілеттерді игеру керек екенін түсіндіреді [82]. Әрине, оқу үдерісінде, тұлғаның тілдік құзыреттілігін қалыптастыратын алдын-ала арнайы анықталып қойған мақсатты құру, яғни қалыптастырудың жолдары мен әдістері анықталған болу керек. Оның пікірінше, тілдік әдіс тілдік формаларды ғана меңгеріп қоймай, сонымен бірге оларда, сол тілді шынайы қарым-қатынаста қалай қолдану керектігі жөнінде ұғым қалыптасу керек деген қағидаға сай құрылуы тиіс. Сондықтан оқушының сөйлеу әрекетіне өзінің меңгерген грамматикалық білімі қызмет етуі тиіс. Ол үшін оқытудың инновациялық әдістері мен оқытудың тиімді құралдары қолданылуы тиіс.

3-сынып оқушыларының жазылым әрекетін қалыптастыру арқылы қатысымдық дағдыларын дамытуда төмендегідей сабақ үлгісін көрсетуге болады.


Кесте 3 – 3-сынып оқушыларының жазылым әрекетін қалыптастыру арқылы қатысымдық дағдыларын дамыту сабақ үлгісі

Сынып: 3	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар саны:	
1	2		3	
Сабақтың тақырыбы	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.3.3.1 оқыған, тыңдаған және дыбыс-бейнелік материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу; 3.1.4.1 тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау.			
Сабақтың мақсаты	Тыңдаған және дыбыс-бейнелік материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, тірек сөздерге сүйене отырып мазмұндама жазады. Ойын жүйелі жеткізеді.			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (1-7 мин)	(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі: Сыныптың оқу әрекетіне мотивін тудыру. (Ұ) Ұйымдастыру кезеңі: 1. Сәлемдесу. 2. Психологиялық ахуал. «Қара жәшік» ойыны. Оқушылар екі топқа бірігеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттар салынады.	Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап, дәлелдеп айтуы керек. Қарсы топ затты сипаттауына қарау табады.		Қара жәшік
Сабақтың ортасы (26 мин) Сергіту сәті	Мағынаны ажырату Білу. Түсіну. Қолдану Сабақ тақырыбын таныстыру: Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? Сабақтың мақсатын айту: - Оқыған, тыңдаған және дыбыс-бейнелік материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу. 1-жаттығу. Тыңдалым. Бұл ай – қыстың хабаршысы. Бұл айда	Оқу мақсаты оқушылармен бірге талқыланады. Бейнебаянды	Мақұлдау, қолпаштау Қолдау	Оқу мақсаты оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, оқушыға қаратып беріледі

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>жердің топырағы тоң болып қатады. Қара суық күшейеді. Су бетіне қабыршық мұз қатады. Күн қысқарып, түн ұзарады. Кей жерлерді қар басады. Кей жерлерде жауған жаңбырдың арты қарға айналады.</p> <p>Бұл қай ай? 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. 1) Мәтіндегі сөйлемдерді байланыстырушы сөздерді анықтап бер. 2) Мәтінде жылдың қай мезгілі, қай айы туралы айтылған? 3) Қара суық деген сөз тіркесін басқа қандай сөзбен алмастыруға болады? 2-тапсырма. Мәтінді бөліктерге бөліп, мәтінге, әр бөлігіне тақырып қою. «Серпілген сауал» әдісінің көмегімен мәтін мазмұнының ретін сақтай отырып әр бөлікке сұрақ қойып, сұраққа жауап беру. Сұрақтардың негізінде жоспар құрастырып, соның негізінде мазмұндама жазады. 2-жаттығу. Мәтінді түсініп оқы. Әр мәтінге сұрақ қоя отырып түрін анықта және сәйкестендір.</p>	<p>мұқият көріп тыңдайды.</p> <p>Мазмұнын талдайды.</p> <p>Kahoot платформасынан берілген бейнебаянды көріп, берілген тапсырмаларға кері байланыс жасайды.</p> <p>Жоспар құрып, жоспар бойынша мазмұндама жазады.</p> <p>Мәтін түрін сәйкестендіріп сызады.</p>	<p>Қолдауды қажет ететін оқушыларға көмектесу</p> <p>Өзара бағалау</p> <p>ҚБ: мұғалімнің көмегімен оқушылар бірін-бірі бағалайды</p>	<p>Ұнтаспа Бейнебаян</p> <p>сұрақтар</p> <p>Оқулық</p> <p>Жоспар</p> <p>Оқулық</p>
	<div data-bbox="416 1480 903 1749" style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 5px;"> <p>Лашын қазіргі кезде сирек кездеседі. Табиғатта саны азайып бара жатқан құстардың қатарында. Сондықтан ол біздің елімізде қорғауға алынған. «Ол кім? Бұл не?» кітабынан</p> </div> <div data-bbox="416 1756 932 2007" style="border: 1px solid black; border-radius: 15px; padding: 5px;"> <p>Лашын – сұңқар тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Лашынның ту сырты көк сұр немесе қара сұр, ал алқымы ақ сұрлау болып келеді. Көзі дөп-дөңгелек, қап- қара. Қанаты ұзын және сүйір, саусақтары салалы.</p> </div>	<p>Сәйкестендіріп сызады.</p> <div data-bbox="948 1554 1166 1756" style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; width: 100px; height: 100px; display: flex; align-items: center; justify-content: center; margin: 10px auto;"> <p>Әңгімелеу мәтіні</p> </div> <div data-bbox="948 1778 1166 1980" style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; width: 100px; height: 100px; display: flex; align-items: center; justify-content: center; margin: 10px auto;"> <p>Пайымдау мәтіні</p> </div>	<p>Мақтау-мадақтау</p> <p>Қолдауды қажет ететін оқушыларға қолдау көрсету</p>	<p>Сызба</p>

3 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>Мен лашынды хайуанаттар бағынан кездестірдім. Ол ұясында отырды. Ол бізден қорыққан да жоқ.</p>			
	<p>3-тапсырма. Сынып оқушылары «Күз кереметі» қойылымын қоймақшы. Қойылымға шақыру қағазын дайында. Шақыру мәтінін дәптеріңе толықтырып жаз.</p> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin: 10px 0;"> <p>Құрметті ата-аналар! Сіздерді үстіміздегі жылдың 10 қазанында болатын «Күз кереметі» қойылымына шақырамыз. Қойылым сағат 11:00-де.. 3-сынып оқушылары</p> </div> 	<p>Жарнаманы толықтырып жазады</p>	<p>Орындалған жұмысты өзара бағалау іске асырылады Google Forms платформа сына жарнаманы толықтырып жазады.</p>	<p>Оқулық</p> <p>Жарнама</p>
<p>Сабақтың соңы (7 мин.)</p>	<p>Сабақты бекіту. «Бес саусақ» Бүгінгі сабақтан алған білімдерін саусақтарға жазып шығады.</p>	<p>Ойларын тұжырымдап жазады.</p>	<p>Бірін-бірін бағалайды</p>	<p>Бес саусақ суреті</p>
	<p>Рефлексия - Сабақ көңілсіз өтті, шаршадым! - Сабақ қызықты өтті, барлығын түсіндім! - Сабақта еш нәрсе түсінбедім, қоңырауды асыға күттім!</p>	<p>Сабақта алған әсерлерін смайликтерді таңдау арқылы көрсетеді.</p>	<p>Өзін-өзі бағалайды.</p>	<p>Смайлик-тер</p>

А.С. Цховребов осетиндік оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға байланысты еңбегінде тілдік әдіс негізіндегі арнайы тілдік жаттығу түрлерін көрсетеді: *тілдік, шартты-сөйлеу, сөйлеу* [83, с. 23]. *Тілдік әдісті* оқыту үдерісінде қолданудың артықшылықтары, тілдік қабілет олардың мотивациясын көтеруге мүмкіндік беріп, олардың танымдық белсенділіктерін, ойлау, өзін-өзі тәрбиелеу, бірігіп әрекет етуде тілдік қабілетінің қалыптасу мүмкіндігінің көрсеткіші ретінде көрінуі тиіс.

И.Н.Горелов және В.Р.Житников қатысымға қатысым актісі (немесе тілдік акт) деп анықтама береді. Авторлардың пікірінше, коммуникация келесі компоненттерден тұрады:

- қарым-қатынасқа түсетіндер (әдетте, 2-ден артық адамды қамтиды);
- қарым-қатынасты тудыратын іс-әрекеттер (сөйлесу, ымдау, мимика және т.б.);

- қандайда бір мағынасымен немесе формасымен сипатталатын хабарламаның мазмұны;

- қатынас арнасы (сөйлеу, есту, көру, бейнелік-вербальды органдар);

- қарым-қатынасқа түсетіндердің мотивтері (мақсат, ниет) [84].

Қатысымға өзге де көзқарастарды қарастырайық. О.М.Казарцева қатысымды «өзара ақпарат алмасу мен сұхбаттасушылардың қарым-қатынасын, ниетін, мақсатын, ақпаратты қозғалысқа келтіретіннің, адамдар алмасатын білім, мәлімет, ой-пікірлердің нақтылауы мен баюына алып келетіннің бәрін ескере отырып бір-біріне ықпал етуінің бірлігі» деп қарастырған [85].

А.П.Назаретяннің пікірінше, «адамдар арасындағы *қатысым* формасының көптүрлілігі кез келген іс-әрекеттің ажырамас бөлігі болып табылады». Қатысым үдерісі тіл және өзге де таңбалық құралдар арқылы ақпарат таратуды білдіреді және қарым-қатынастың құраушы компоненті ретінде қарастырылады [86]. Ғалымның пікірі бойынша, кез келген іс-әрекет қатысым арқылы ғана жүзеге асады. Демек, қатысым әрекеттік үдерістің аса маңызды бөлігі болып табылады деп ұйғара аламыз.

М.Кабардов шетел тілін меңгеруші өзінің тұлғалық ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болып келеді – «*тілдік*», есту жадысы дамыған адам басқа тілде сөйлейтін ортаға түссе, сөйлеудің негізгі стереотиптерін есту арқылы тез ұғып алатындығына мән береді [87, с. 133].

Демек, қатысымдық іс-әрекеттің тиімді жүзеге асуы үшін тыңдалым әрекетін дамыту аса маңызды. Тілдік өзара әрекет ақпарат беруші адам (коммуникатор) мен оны қабылдаушы адам (реципиент) ақпаратпен дұрыс жұмыс жасағанда ғана орындалады. Осы тұрғысынан тілдік қарым-қатынас үдерісінің элементтерін былай белгілеуге болады:

Кім? (хабарлайды) - Коммуникатор

Не? (қабылдайды) - Хабарлама (мәтін)

Қалай? (ақпарат беру жүзеге асады) - Арна

Кімге? (хабарлама бағытталған) - Аудитория

Тиімділігі? – Тиімді

А.П. Панфилова *қатысымды бес түрге* бөліп қарастырған:

1. Танымдық қатысымның мақсаты – жаңа ақпарат беру, мәліметке түсінік беру, қажетті ақпаратты беру, сұхбаттасушының ақпараттық қорын кеңейту. Тілдік формаларына: баяндама және хабарламалар, әңгіме және кеңестер, есеп беру, сондай-ақ, жазбаша жұмыстар (ғылыми-зерттеу жұмыстары, бақылау жұмыстары, жобалар), келіссөз, тілеу, тілек білдіру, қошемет, көрсетілім, «дөңгелек үстел» жатады.

2. Сендірушілік қатысымның тілдік формаларына танымдық, сөйлеуге шақыру, пресс-конференция, пікірталас, айтыстар жатады.

3. Экспрессивтік қатысымның мақсаты – сұхбаттасушының психоэмоционалдық көңіл-күйін орнату, сезімін білдіру, қасірет, қайғыру, қажетті іс-әрекетті жүзеге асыру. Тілдік формаларына: көрсетілім, әңгіме және жиналыс, митинг, болған жағдайды әңгімелеу, брифинг, бейнекөрініс, киноүзінді, үндеу тәрізді түрлері жатады.

4. Суггестивтік қатысымның мақсаты – сұхбаттасушыны иландыру, дегеніне көндіру. Тілдік формаларына: әңгіме, митинг, пресс-конференция, брифинг, жарнама, жиналыс, кеңес беру, тренинг, жарыссөздер жатады.

5. Дәстүрлі қатысымның мақсаты – әлемде халықаралық шартты үзбеу және оны нығайту, елдер мен мемлекеттер арасындағы байланыста қалыптасқан ережелерді сақтау, жеке топтар мен этностардың ұлттық құндылықтары мен мәдени болмысына нұқсан келтірмеу сияқты көптеген талаптарды орындау. Тілдік формаларына: вербальді және вербальді емес қатынастар, олардың жергілікті ерекшеліктері мен тұрақты қолданысы жатады [88].

Тілдің басты қызметі – қарым-қатынас құралы екендігі. Қарым-қатынас – қоғамдағы тұлғалардың бір-бірін түсінісуі мақсатындағы күрделі сөйлеу әрекеті. «Ол сондай-ақ таным мен білімнің құралы болып табылады. Білім мен танымға тілді, тілдік бірліктерді меңгеру арқылы ғана жетуге болады» [89, б. 99]. Демек, білу, тану – қатысым субъектілерінің қатысымдық дағдыларының қалыптасуының алғышарты.

Қатысымға қатысушылардың рөлдерін белсенді (ақпаратты жіберуші) немесе енжар (ақпаратты қабылдаушы) деп бөлмеу керектігін баса айтқымыз келеді. Ақпаратты қабылдаушылар да ақпаратты дұрыс түсінуі үшін белгілі бір деңгейде белсенділік танытуы шарт. Оның үстіне, ақпаратты жіберуші және оны қабылдаушы қарым-қатынас барысында рөлдерімен алмаса алады.

Қарым-қатынастың тиімділігі ақпаратты тарату мен қабылдау үдерісімен қатар жүретін көптеген әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты. Бұл факторлар әлеуметтік психологияның зерттеу пәні болып табылады. Айталық, олар – қарым-қатынасқа қатысушылардың әлеуметтік рөлдері, қатысымға қатысушының беделі, ақпаратты қабылдаушының әлеуметтік ұстанымдары, оның психикалық ерекшеліктері. Жасы, білімі, мәдениеті, психологиялық дамуы әртүрлі адамдар, өмірлік және кәсіби тәжірибесі бөлек адамдар тілдік қабілеттілігі жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Аталған ерекшеліктер оқушыға да тән. Сондықтан оқушының тілдік қабілетін дамытуда оның ерекшеліктеріне назар аударылуы тиіс. Ал *тілдік қабілеттілік дегеніміз – «қарым-қатынастың табысты жүруіне ықпал ететін адамдармен қарым-қатынас жасау білігі мен дағдысы» [90].*

Адамның өмірлік тәжірибесінің молдығы тілдік қабілетінің дамуына оң ықпалын тигізеді, сондықтан оқыту үдерісінде оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуда жасанды жағдаяттарда сұхбаттар құру, диалогтарға қатысу, пікір таластырудың «өмірлік тәжірибе» жинақтауына мүмкіндік береді. Қарым-қатынас өзара тұлғааралық әрекет ретінде қиындықсыз жүруі үшін *төмендегі кезеңдерден тұруы қажет:*

- байланыс орнату (таныстық). Өзге адамды түсіну, өзін таныстыру;
- назарының қатысым жағдайына бағытталуы, жағдайды түсінуі;
- екіжақты қызықтыратын мәселені талқылау;
- қатысымды белгілі нәтижемен аяқтау (одан шығу) [91].

А.А.Брудный да қатысымныңда *үш бастапқы қызмет* болуы мүмкін деп көрсеткен: белсендіруші – іс-әрекетке ұмтылдыру; тыйым салу, тежеуіл

(«болады-болмайды»); тұрақсыздандыру – қауіп-қатер, жәбірлеу және т.б.; құралдық – қарым-қатынас арқылы іс-әрекетті үйлестіру; топ құру; өз ойын білдіру; трансляциялық [90].

Демек, қазақ тілін оқыту үрдісінде мұғалімнің қатысым ұғымының мәнін түсініп, оның қатысым құралы ретіндегі психологиялық, танымдық ерекшеліктерін жан-жақты игеруі қатысымға қатысушылардың (біздің жағдайымызда – бастауыш сынып оқушылары) сөйлеу дағдыларын дамыту мүмкіндіктеріне жол ашады деп қорытындылауға болады.


Кіші жастағы оқушылардың қарым-қатынастарының ерекшеліктерін сипаттай келе, Л.И.Божович, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин балалардың құрдастармен жақындығына қарамастан, ересек адам, әсіресе мұғалім олар үшін бедел иесі болып табылатындығын көрсетеді [92]. Д.Б.Эльконин «...баланың ересектермен қарым-қатынастар құру жүйесінде оның оқу іс-әрекетінің маңызды рөл атқаратындығына» деген қорытындыға келеді. Бұдан мынадай маңызды түйін жасауға болады: бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың ересектермен өзара қатынастары бір-біріне қайшы екі тенденциямен сипатталады. Бір жағынан, ересектердің талаптарына мойынсыну, бағыну міндеті айқын көрінсе, екінші жағынан, өзінің жеке басының дербестілігін, ынтасын, құқығын қорғау мақсатындағы өзіндік сезімінің пайда болуы. Осы мәселелерді мұғалімінің жетік түсініп-білуінің маңызы зор, себебі оқушының өзіндік сыни ойлауының дамуына, соның негізінде өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуде оның рөлі зор.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың ересектермен, әсіресе мұғаліммен қарым-қатынастары ерекше мәнге ие болады, өйткені осы жас шамасындағы балада өзінің іс-әрекетіне, ересектермен және құрбылармен қарым-қатынасқа дайындығымен қатар, соған қажетті білімдерді меңгеру дайындығын қамтитын, оқушының әлеуметтік позициясы қалыптасады.

Отандық зерттеушілердің пайымдауынша, *қатысымның екі түрі* тілдік қатысым мен техникалық коммуникацияны бөліп айтуға болады. *Техникалық қатысым* – ақпараттарды қабылдауға және оны жолдап отыруға мүмкіндік туғызатын құралдардың жиынтығы. Бұл *қатысымның компоненттері*: 1) хабарлама жібергіш; 2) хабарлама жеткізгіш; 3) байланыс арнасы; 4) қабылдаушы; 5) хабарлама алушы [87]. Тілдік қатысымға ақпарат жолдаушыны, алушыны, олардың әңгімелесу барысы және тілдің бөлігі ретінде хабарламаны енгізуге болады. Аталған екеуі де қатысымда және қатысымдық дағдыны дамытуда маңызды рөл атқарады.

Қатысымдық дағдының қалыптасу үдерісінде басты рөл баланың қоршаған ортасы – ата-анасы, туған-туыстары, достары, кейіннен мектеп пен сыныптастары. Бала жас кезінен жеткілікті түрде қатысымдық әрекетке бейімделмесе, кейін (мектепте, ересек жас кезеңінде) әлеуметтік ортада қиындықтар туындайды. Бала темперамент, тұлғалық тип (интроверт немесе экстраверт) ерекшеліктеріне қарай қатысымдық әрекеттерге бейімділігі айқындала бастайды. Мәселен, холерик типті бала басқа типті балаларға қарағанда, анағұрлым қатысымдық әрекетте бейімділік көрсетеді. Сондықтан қатысымдық әрекетте оқушының жеке бас факторы ретінде баланың жеке

тұлғалық қасиеттерінің, атап айтқанда, мінез-құлқының ерекшеліктері де ескерілу керек. Мәселен, С.Б.Бабаев және А.А.Жумадуллаева «Көрнекі психология» атты еңбегінде мінез мәнін төмендегідей суреттейді: [92].



Сурет 10– С.Б.Бабаев және А.А.Жумадуллаеваның «Көрнекі психология» атты еңбегінен «Мінез мәні» суреті

Мұғалімнің міндеті осы көрсетілген оқушылардың психикалық ерекшеліктеріне орай олармен жұмыс түрлерін ерекшелендіріп отыру керек. Осымен байланысты мұғалім оқу үрдісінде оқытудың топтық, ұжымдық формаларын қолданғанда, ашық мінезді балаларды тұйық мінезді балалармен араластырып сөйлеуге белсендіру жақтарына мән беруі қажет. Қатысымдық дағдылары дамыған бала мектепте де, жеке өмірінде де жетістіктерге жетеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда мына дидактикалық ережелерге мән берілу керек:

- ақпарат, хабарланатын мәліметтің оқушы ұғымы үшін түсінікті болуы;
- әңгімелесушілердің өзара түсіністікке ұмтылуы;

- ақпарат мазмұнының оқушы өміріне жақындығы, лексикасының жас ерекшелігіне сәйкестігі, сөздердің басымының тура мағынаны білдіретіндей болуы;

- вербальді емес белгілердің берілетін мәліметке сәйкес болуы;

- қатысымның нақты жағдаяттарға құрылуы;

- ұжымдық өзара әрекеттік тапсырмалардың жиі орындалуы;

- оқу мазмұнының оқушы өміріне бағдарлануы;

- рөлдік қарым-қатынастың жиілігі;

- оқыту үрдісінде дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қолдану жиілігі;

- оқу әдістерінің пікірталас, дебат, ойталас т.б. сұхбаттық формаларда жүзеге асуы.

Аталған ережелер оқытудың дыбыс-бейнелі құралдары арқылы жүзеге асқанда нәтижелі орындалады, себебі көрнекілік тікелей сезім мүшелері арқылы қабылданып, оқу материалын терең түсінуге, оқуға қызығушылығын арттыруға, оқушының есте сақтау қабілетін дамытуға, тілдік құбылыстарды байқап, ізденушілік-зерттеушілік қабілетін арттырып, сөйлеу әрекетін дамытуға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік құралдары арқылы дамыту оқыту үрдісінде лингвистикалық берілетін білім мазмұны мен оқушылардың жеке-дара ерекшеліктерін ескеруге, сондай-ақ оқытудың *дидактикалық қағидаттарын* ұстану мен *оқыту әдістері* мен *оқу құралдарының* жаңаша құрылуына байланысты. Осы тұрғысынан оқу үдерісі тәжірибеде ұсынған әдістемелік жүйенің моделі бойынша құрылды. Бастауыш білім беру стандартында қойылған талаптар негізіндегі нәтижелерге сәйкес оқу-әдістемелік кешеннің мазмұны сәйкестендіріліп, оқулық пен оқу-әдістемелік құралдарындағы тілдік білімді қатысымдық ұстаным негізінде меңгерудің инновациялық оқыту әдістері іріктеліп, олардың оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы жүзеге асуы модельде көрсетілген.

Мұнда бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың стандартта көрсетілген мақсат-міндеттеріне сәйкес оқу-әдістемелік кешен, оқытудың дидактикалық қағидаттары мен инновациялық әдістердің жүзеге асуы дыбыс-бейнелік оқыту құралдарымен тоғысы, оқытуды ұйымдастырудың жеке, жұптық, топтық, ұжымдық стратегиялары белгіленеді. Оқыту үдерісіндегі нәтижеге жетудің басты шарты – оқу мақсаты мен міндеттерінің айқындылығы. Модельдегі оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыру даярлығын дамыту мақсаты оқытудың тиімділігін арттыруға негіз болатын фактор – ол оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарымен байланыста жүзеге асуы.

Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін дамытуда *дидактикалық қағидаттарды* негізге алу – білім сапасын арттырудың негізі. Зерттеушілер қазақ тілін оқытудың *дидактикалық қағидаттарын* төмендегідей анықтайды:

Кесте 4 – Зерттеушілердің еңбегіндегі қазақ тілін оқытудың дидактикалық қағидаттары

ЗЕРТТЕУШІЛЕР	ОҚЫТУ ҚАҒИДАТТАРЫ
Б.Құлмағанбетова. Қазақ тілін оқыту методикасы [93].	ғылыми, жүйелілік, материалды дұрыс орналастыру, алдын-ала болжау, саналылық, оқытудың берік, тиянақты болуы, теория мен практиканы өмірмен байланыстыру, көрнекілік
С.Қазыбаев. Қазақ тілі методикасы [94].	балаларды тәрбиелеу әрі дамыту, оқу материалын саналы меңгерту, ғылыми дұрыс білім беру, білім, білік, дағды беріктігі, түсініктілік, көрнекілік, оқушылардың оқу еңбегінде көрсеткен белсенділігі мен өздік жұмысы, білімнің жүйелілік және бірізділік, оқытудың сабақтастығы
Ә.Исабаев. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері [95]	ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру, түсінуге жеңіл қолайлылық, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру
Ә.Е. Жұмабаева. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқыту [29].	оқытудың өмірмен байланыстылығы, ғылымилық, танымдық мотивациясын қалыптастыру
А.Әбілқаев, З.Бейсембаева Қазақ тілін оқыту әдістемесі [96].	жалпыдидактикалық: ғылымилық, жүйелілік, сабақтастық, бірізділік, саналылық, белсенділік, түсініктілік, шама-шарықтық, беріктігі, теорияның практикамен, өмірмен байланыстылығы. жекеәдістемелік: тілді оқып-үйрену мен ойлаудың дамуы арасындағы тығыз байланысы; грамматикалық құрылысты оқып-үйрену мен әдебиетті оқу дағдыларын игерудің арасындағы өзара тәуелділігі; грамматиканы оқып-үйрену мен тілдік дағдыларды игерудің арасындағы өзара шарттастығы; қазақ тілін оқытуға әртүрлі нұсқадағы әдістемелік жол таба білілудің мүмкіндігі мен қажеттілігі
Ф.Ш.Оразбаева, Р.Рахметова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі [97].	ғылымилық, жүйелілік, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру, түсініктілік, жеңілден ауырға қарай, оқушылардың психикалық дара ерекшеліктерін ескеру
А.Д.Рыскулбекова. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру [31].	ғылымилық, оқушылардың дара ерекшелігін ескеру, теория мен практиканың ұштасуы, сатылап дамыту
Қ.Молдабек. Бастауыш сыныпта қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері [27].	теорияны практикамен байланыстыру, оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру, ғылымилық, көрнекілік, жүйелілік және бірізділік, саналылық пен белсенділік, лингвостатистикалық іріктеу, ақпараттық
М.М.Дүйсенова. Сөз тіркесін оқытуда қатысымдық құзыреттілік қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері [30].	сөйлеу әрекетінің компоненттерін кешенді қолдану, сөз тіркестерін жүйелі, сатылы-сабақтастықта меңгерту

Оқыту қағидаттары – оқыту үдерісінің объективті заңдары мен заңдылықтарын көрсететін және оның тұлғаны дамытуға бағытталғандығын анықтайтын дидактикалық ережелер. Оқыту қағидаттарында оқыту үдерісін құру мен оны басқаруға деген теориялық тәсілдемелер ашылады. Олар мұғалімнің оқыту үдерісін құру мен оны тиімді ету жолдарын іздеудегі ұстанымдарын анықтайды. Жоғарыда қазақ тілін оқытуға байланысты әдіскер ғалымдардың нақтылаған дидактикалық қағидаттарына сүйене отырып, бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық дағдыларын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы дамытудың басты қағидаттарын анықтауға талпындық. Осы мәселе тұрғысынан оқытудың жалпыдидактикалық қағидаттарынан *ғылымилық және білімнің түсініктілігі қағидаты, саналылық пен белсенділік және өз бетінше әрекет ету қағидаты, көрнекілік, оқушығармашылық белсенділігі қағидаты, тұлғалық-бағдарлық бағытты ұстану, өзара әрекеттік немесе ынтымақтастық қағидаты, шамаға лайықтылық пен кешенді сипатта қолдану қағидаты, қатысымдық-әрекеттік қағидатын* белгіледік.

Ғылымилық және білімнің түсініктілігі қағидаты оқу материалының, тілдік құбылыстардың мәні туралы дұрыс заманауи қалыптасқан лингвистикалық теориялық зерттеулерді ескеруді жүзеге асырады және тілдік құбылыстар, тілдік деңгейлер жүйесі, оның семантикалық, грамматикалық функционалдық қырлары туралы білімнің бірізді берілуі. Қарапайым ережелерді оқытудың мақсаты – жалпы лингвистикалық түсінік қалыптастыру, сөйлеуге қажетті тілдік терминдердің мәнін түсіндіру, қарапайым тілдік ұғымдар мен түсініктерді, яғни тіл, сөйлеу, мәтін туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру. Ауызша сөйлеу, жазбаша тіл, жазу ережелерін және оның оқыту сапасын арттыруда маңызды рөл атқаратындығын бала өзі үшін сезінуі тиіс.

Оқылатын материал жеңілден күрделіге ұстанымы негізінде құрылу керек. Білімнің түсініктілігі қағидаты білім мазмұнының оқушылардың жас, дара қабілеттерін, олардың даму деңгейлерінің ерекшеліктерін, бала дамуының психологиялық сипаттарын ескерумен нақтыланады. Берілетін білім мазмұны логикалық тұрғыдан оқушының ойлау қабілетіне сәйкес меңгертіледі.

Саналылық пен белсенділік және өз бетінше әрекет ету қағидаты оқушыларды білімді тілдік білімді саналықпен түсінуге мүмкіндік береді. Ол үшін көрнекіліктерді қолданып, оқушыларға оқу міндеттері бойынша өз бетінше шешімдер қабылдатып, аналитикалық, ойлауға негізделген тапсырмаларды орындатып, оқу белсенділігін арттыратын интербелсенді оқыту әдістерін қолдану қажет. Ең бастысы – оқушы үшін оқыту үдерісінің қызықты, мазмұнды болуы, оқушының тұрақты мотивациясының қалыптасуы оқу материалын саналы меңгерудің кепілі болып табылады. ОДБҚ-ның көмегімен оқушылар қатысымды игерудегі тілдік фактілер мен тілдік құбылыстарды жан-жақты түсінеді. ОДБҚ көру және есту мүшелерінің барлық мүмкіндіктерін толықтай қолдану мүмкіндігін туғызады. Бұл, әсіресе, білімді меңгерудің алғашқы кезеңінде – қабылдау мен түсінуде үлкен ықпал етеді. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыруда оқу ойындарының, оқу тренингтерінің, топтық

пікірталастар мен әңгімелеулердің т.б. интербелсенді оқу әдістерін қолданудың маңызы ерекше.

Ұлы чех педагогі Я.А.Коменский ұсынған *көрнекілік қағидатын* жүзеге асырып, оқушылардың білімін тереңдету, қызығушылығын арттыру және есте сақтау қабілетін шыңдау мақсатында төмендегі дидактикалық тұжырымдарға мән береміз:

- оқушылар заттар мен құбылыстардың сипатын, оқиғалардың уақыты т.б. ерекшеліктерін сөзбен емес, көру арқылы тез меңгеретіндігі, тез есте сақтайтыны ескеріледі;

- қолданылатын көрнекі оқу құралдарының оқушының шынайы өмірмен байланысын қамтамасыз ету;

- көрнекілік көрсету мақсатында емес, оқушының логикалық-шығармашылық ойлауын, сөйлеу әрекетін дамыту құралы ретінде пайдалану;

- оқушылар заттарды қолмен ұстап, көлемін түр-түсін байқап, көзімен көруге және әртүрлі дыбысын естуге жағдай жасау;

- көрнекіліктердің оқушының тілдік құбылыстарды байқауға, қабылдауға деген ынтасын оятып, ізденіс дағдыларын қалыптастырудағы рөліне мән беру;

- көрнекілік оқушылардың бақылай білу, салыстыру, қатар қоя білу, абстрактілік ұғымдарды көрнекі түсіну тәрізді қабілеттерінің дамуына жол ашады;

- көрнекі оқу құралдарын оқу пәндерінде нақтылы өз орнында оқушылардың жас, таным ерекшеліктерін ескере отыра пайдалану [98, с.14].

Оқу-шығармашылық белсенділігі қағидаты. Шығармашылық – адамның белсенділігі мен өз бетінше орындайтын өнімді формасы. М.Дьяченко шығармашылықпен жұмыс істеудің нәтижесі оқушы үшін «жаңалық ашу, жаңа шығарма жасау, дәрігер, мұғалім, суретші т.б. мамандық иелерінің еңбектеріндегі өзекті мәселелерді шешудегі жаңалықтары» деп тұжырымдайды [99, с. 421]. Шығармашылық адамның күш жігер жұмсауымен орындалатын және оның дамуының негізі болуға түрткі жасайды. Мұндай әрекет оқушының дене күші мен рухани күшін арттырады. Мұнда шығармашылықпен жұмыс істеу белсенділігі деңгейін анықтау маңызды. Мәселен, Г.И.Щукина мұндай деңгейлерді репродуктивті, ізденушілік, шығармашылық [100] деп жіктейді. 1-деңгейде оқушы тәжірибе жинаса, 2-деңгейде проблеманы шешу жақтарын іздейді, соңында – адам өзіне міндет қояды және оны шешудің жаңа, дәстүрлі емес, өзіндік тәсілдерін таңдайды.

В.И.Андрееваның пікірінше, шығармашылық белсенділік – адамның қажеттілігі мен сұранысы, қоғамының сұраныстары негізінде өз өмірін ұйымдастыру тетігі [59, с. 113]. Демек, оқушының оқу-шығармашылық әрекеті тұлғалық сипатта болады. Бұл – тұлғаның мақсатқа жетудегі қызығушылық негізіндегі орындалатын әрекетінің сапалық көрсеткіші. *ОДБҚ негізінде ақпараттық технология, проблемалық жағдаяттар орнату, рөлдік ойындар, сызба-карталармен жұмыс, жобалар орындау, жоспарлар құру, мини-презентациялар, кейс-тапсырмалар* т.б. шығармашылық жұмыстарды орындау – бастауыш сынып оқушысының қатысымдық дағдыларының дамуына толық мүмкіндік береді. Шығармашылық-танымдық тапсырмалар оқушылардың

сөйлеу уәждерін арттырады, оқушының ғылыми дүниетанымдық көзқарасының қалыптасуына көмектеседі. Оқушының шығармашылық белсенділік деңгейіне ауысуы – бұл оның жеке басының дамуының, оның күнделікті өмірде де, болашақ өмірінде де жаңаша ойланып, әрекет ете алатын субъект ретінде қалыптасуының нәтижелері.

Тұлғалық-бағдарлық бағытты ұстану қағидаты – білім беру материалының оқушының тұлғалық-жекелік қабілеттері мен қасиеттерінің ерекшеліктеріне сай игерілуін көздейді. Ұжымдық, топтық, жұптық, жеке жұмыстарды орындауда оқушының жеке ерекшеліктері ескеріледі. Сонымен қатар ОДБҚ арқылы деңгейлік тапсырмалар орындау, интербелсенді әдістерді қолдану – оқушының жеке дара қабілетін ескере отырып дамытуға мүмкіндік береді. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуда қатысым әдісін зерттеген ғалым Қ.Молдабек оқыту үдерісіндегі жеке қабілетін ескеру ұстанымы туралы мынадай пікір айтады: «Оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру ұстанымы бойынша тілдік фактілер, тілдің теориялық мағлұматтары мен практикалық дағдылары оқушылардың қабылдау, есте сақтау, оқуға бейімділігі мен олардың жеке тұлғалық қабілеттерін ескере отырып үйретілді. Бұлар қатысым әдісімен интерактивті деңгейлік дамыта оқыту арқылы жүзеге асырылады» [27, б. 112]. Ғалым қосымша жұмыстар, оқу ойындары, пікірсайыстарға қатысу оқушының жеке қабілеттерінің қырларын ашуға көмектесетінін тәжірибеде көрсеткен. Тұлғалық-бағдарлық бағытты ұстану қағидаты – оқушының жеке-дара психикалық ерекшеліктерін ескеру мен оның даму траекториясының, даму әлеуетінің ерекшеліктерін ескеруде басты рөл атқарады. педагогикалық өзара әрекетке түсуші субъектілерге тұлға ретінде қарау, олардың педагогикалық үдеріске қатысуын және ынтымақтастығын кеңейту [98].

Өзара әрекеттік немесе ынтымақтастық қағидат оқытудың қатысымдық-әрекеттік жүйесіне сәйкес жүзеге асуын көздейді. Осыған сәйкес оқушының қатысымдық дағдыларын дамыту оның белсенді, тиімді оқу әрекетінің сапасы мен жүргізілетін жұмыстардың мазмұнына сәйкес жүзеге асады. Осы орайда бастауыш мектеп оқушыларының коммуникативтік қатысымдық құзыреттілігін зерттеп-зерделеген А.Рысқұлбекова оқушының өмірге қажетті түйінді құзыреттілігінің барлығы іс-әрекет арқылы жүзеге асатындығын тұжырымдай келе, білім сапасын арттыруда әрекеттік ұстанымның маңыздылығына баса назар аудара отырып, жан-жақты талдау жасайды [31, б. 29]. Оның пікірінше, ынтымақтастық қағидаты оқушылардың ортақ мақсатпен, сенім арта отырып, бірлескен әрекеті негізінде жүзеге асады. Оқу әрекетіндегі оқушылардың бір-біріне сенім артуы, ақпараттар алмасымы, сараптаушылық әрекеттері, қойылымдарға қатысу, пікірсайыс, жобалау т.б. тиімді әдістер, бірлесе отырып ДБҚ-ны қолдану – қатысымдық дағдылар қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Ынтымақтастық тұжырымдамасы – үйлесімді бірлескен субъект-субъектілік әрекет, бірлесіп талдау, бір идеяға келу, баланың таңдау еркіндігінің болуы, өзіндік сыни көзқарасы, өзін-өзі басқару, баланың мүмкіндіктеріне сүйену. Оқушылардың қатысымдық дағдыларын оқытудың ынтымақтастық қағидаты негізінде дыбыс-бейнелік құралдардың мүмкіндіктерін қолдана отырып дамыту қазақ тілі сабағында

арнайы оқу-әдістемелік кешеннен бейнефонограммалар негізіндегі дыбыстық мәтіндер тыңдатып, бейнефильмдерден үзінділерді көрсетіп, қайта жаңғыртып рөлдерде өздерін ойнату, интербелсенді тақтадан суреттерді динамикалық түрде көрсетіп олармен ұжымдық немесе топтық формада жұмыс істеу, сұрақтар қою т.б. оқу әрекеттерін орындатуға болады. Мәселен, Абайдың шығармашылығына арналған «Абай шығармалары – ұрпаққа мәңгі мұра» сабағында «*Ғылым таппай мақтанба*» өлеңінің дыбыстық мәтіні тыңдалады. Төмендегідей қатысымдық тапсырмалар негізінде жұмыстар жүргізіледі [101]:

- Абайдың өмірі мен еңбектеріне қысқаша шолу жасау;
- <https://abai.lemi.kz/> сайтындағы фотогалереяға шолу;
- мәтінге тілдік талдау жасау;
- шығарма бойынша рөлдік ойын, қойылым көрсету;
- ментальді кесте құрып, қорғау;
- «Бізде көңілді!» авторлық сайтындағы Абай туралы бейнеүзіндіні демонстрациялау.

Аталған жұмыс түрлері оқушылардың тұлғааралық қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда да маңызы зор.

Арнайы оқытудың дыбыс-бейнелі құралдарын қолдануға қатысты *шамаға лайықтылық пен кешенді сипатта қолдану қағидатын* да атап өткен жөн. Кез келген дыбыс-бейнелік оқыту құралы оқушыға ұсынылмас бұрын жан-жақты тексерілген, кемшіліксіз, оқушының қабылдауына, жас, дара ерекшелігі мен дайындық деңгейіне сәйкес болуы және игерілетін білім мазмұнын кешенді қолданған жағдайда үйлесімділікпен таңдалуы тиіс. Сондай-ақ оқу материалын баяндау мазмұны мен әдістерінің оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес болуы қадағаланады. Яғни дыбыс-бейнелік оқыту құралдары оқу материалын меңгертуді жеңілдету қажеттілігіне орай қолданылады.

Қатысымдық-әрекеттік қағидатының біздің оқыту тәжірибемізде алатын орны ерекше болғандықтан, арнайы талдауды жөн көрдік. *Қатысымдық-әрекеттік қағидат* – сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін қалыптастыру бағытын ұстануға негізделеді. Тілді оқытудағы қатысымдық ұстанымды басшылыққа алу оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына, баланың жан-жақты дамуына, бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңызы зор. Осы тұрғысынан Қ.Молдабек бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда тілдің бірліктердің басты қатысымдық қызметіне, олардың функционалдық қырларын меңгертуге басымдық беру қажеттігіне мән береді [27].

Қатысымдық тіл бірліктері – ойды білдірудегі қоғамдық-әлеуметтік мәні бар, тілдік қарым-қатынасқа тән ұғымдық белгілер. Тілді меңгертудегі қатысымдық бірліктердің ең маңыздысы *сөзден бастап, морфема, сөз тіркесі, сөйлем, мәтінді* меңгертудің синтаксистік негіздеріне, яғни сөздің мағыналарын семантикаландырумен шектелмей, оларды оқушының белсенді сөздік қорын молайтуға, сөйлеу тілінде белсенді қолдануына мүмкіндік беріледі. Қатысымдық бірліктермен жұмыстардың жиі жүргізіліп отыруы оқушының сөз мәдениетінің қалыптасуына негіз болады (*сөзді ауыстыру, қажетті сөзді қою, сөйлем құрау, сөйлемді толтыру, сөйлемді жалғастыру,*

аяқтау, сөйлемді өзгерту, сөйлемдегі сөздерді орындарына қойып, сөйлемді дұрыс құрау, сөйлемге сурет салу, мазмұндау, мәтінді толықтыру, ат қою, ойды жалғастыру, сурет салу, эссе жазу, пікірталасқа қатысу, ойын қысқа да, нұсқа жеткізу, басқалардың пікірін тыңдау, құрметтеу, дәлелдермен сөйлеу тәрізді ережелерді ескере отыра, пікірталасқа белсенді түрде қатысу, мұнда сұрақ қою, пікір білдіру, баяндап беру т.б. оқу әрекеттері).


2-4-сынып «Қазақ тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұнында қатысымдық тілдік құралдарды қамту тұрғысынан төмендегідей көрсетуге болады: *сөйлеудің мәнерлеуші құралдары, қимыл мен ым-ишара; диалог; монолог, сұхбаттар жүргізуге даярлықтың болуы, мәтінмен жұмыс істей білу, тақырыбы, негізгі ойды анықтау; ат қою; мәтіннің мазмұнын болжау; сұрақтарға жауап беру; өз пікірін білдіру; сұрақтар құрастыру, жауап беру; ауызша әңгіме құрау, әңгімелеу, сипаттау, пайымдау тәрізді мәтін түрлерін меңгеріп, соған лайықты ойын жеткізе білуі.*

Шығармашылық жұмыстардан тыңдаған және оқытудың дыбыс-бейнелік материалдарына байланысты *мазмұндама жазу; тірек сөздерді, суреттер негізінде постер құрастыру; шағын сипаттау, әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу; үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама және нұсқаулық жазу; дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп, қайта жазу; жазба жұмыстарын каллиграфиялық талаптарға сай жазу;*

3-сыныпта жоғарыдағы 2-сыныптағы материалдарды қайталаумен қатар, *өзгенің пікіріне өз көзқарасын білдіруде тілдік және этикалық нормаларды сақтау, пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру, жауап беру; мәтіндерге салыстырмалы талдау; мәтін түрлерін, стилін салыстыру; суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; берілген мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздерді, жоспарды пайдаланып ауызша әңгіме құрау тәрізді жұмыстар ұсынылған. Сондай-ақ шығармашылық жұмыстардан тірек сөздермен әңгімелеу, салыстыра сипаттау, пайымдау мәтіндерін құрап жазу; оқыған, тыңдаған және дыбыс-бейнелік оқу материалдары бойынша жоспар құрып, мазмұндама жазу; сызба, график, кесте, фотосуреттер қолданып мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық, презентация) құрастырып жазу; өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян жазу; жіберілген қателерді (пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) тауып, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету ұсынылған. Ал 4-сыныпта базалық мазмұн: монолог құрау; диалог құру; сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, сезімі мен көңіл күйіне әсерін ескеру; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру; мәтіннің құрылымын талдау; мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; пайымдаудың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін (түсіндіру, дәлелдеу, қорытынды) анықтау; мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және түрлі жанрда берілген мәтіндерді салыстыру; мәтіннің мазмұнын айту; берілген мәтіннің тақырыбы мен диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; аудио-*

бейне жазба мазмұнын өзіндік бағалау; тұрақты сөз тіркестері туралы түсінік беру; мәнмәтінде тұрақты сөз тіркестері мен көпмағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) берілген тақырыпты, қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау; шығармашылық жұмыстардан: эссе жазу; әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу; түрлі стильде мәтін жазу; қабырға газетіне мақала, жарнама, жаңалық жазу; мінездеме жазу; [1, б. 3-7].

Мәселен, 3-сынып оқулығындағы «Су-тіршілік көзі» бөлімінде 103-сабақ бойынша берілген «Мұраттың бастауы» атты мәтін оқу дискісінен оқылады. Сонымен қатар оқушылар әні мен сөзін жазған автор «Тілашар» арнасы ұсынған Бота Бейсенованың «Жау, жау, жаңбыр» әнін караокеде орындайды.



Сурет 11 – «Жау, жау жаңбыр» әні берілген сайттың 1-беті

Жоғарыда аталған оқытудың дидактикалық қағидаттарының жүзеге асуының негізі – біздің жағдайымызда **оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының** тиімді қолданылуында. Дыбыстық-бейнелік оқыту құралдары – бастауыш сынып оқушыларының оқу материалын белсенді түрде қабылдауға, дерексіз тілдік құбылыстарды нақты сезініп, түсінуге мүмкіндік береді. Көру көрнекілігі мәтінмен жұмыс істеуге, тілдік бірліктер арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі. Түсінген теориялық материалын сөйлеу тәжірибесінде қолдану маңызды. Көрнекілік ұстанымының ғылыми негізін қалаған ұлы чех педагогы Я.А.Коменский: «...бұл оқушылар үшін алтын ережеге айналуы керек: айналадағы заттарды көру, есту, иіс және дәм сезу арқылы танып-біледі. Егер затты танып-білуде бірнеше сезім мүшелері қатысатын болса, ондай жағдайда балаға мүмкіндік беру керек», - деп тұжырымдайды [102, с. 69-70]. Дыбыс-бейнелік оқыту құралдары оқушыларды тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық аспектілерін бағдарлауда, мағыналық тірек құруына, айтылымға стимул болуда үлкен маңызға ие [100, с. 116]. Бастауыш сынып оқушысының тұлғалық дамуын, танымдық-қызығушылық белсенді оқу әрекетін, функционалды сауаттылығын қалыптастыру – қазіргі бастауыш білім беру жүйесінің міндеттері. Оқушы білімді жалаң қабылдамай, шынайы өмірде қолдана білу дағдылары, қазіргі кезеңдегі ауқымды дағдылар жүйесі негізінде

меңгеруі – табысты болуының алғышарттары. Оқушыда қалыптасуы қажет кең ауқымды дағдылар ішінен меңгерген білімі негізіндегі қатысымдық дағдыларын шынайы өмірде қолдана білуі, өмірлік қажетіне жаратуы – оқушының мектепте және ортасында табысты, белсенді болуы үшін маңызды болып табылады.

Бірінші бойынша тұжырым

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін талдау барысы жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш деңгейінде тілдік білім мен тіл мәдениетінің нормаларын меңгеру, сөйлеу әрекеті түрлерін сапалы игеру және оларды тәжірибелік іс-әрекетте қолдана алу қатысымдық дағдыларды дамытумен байланысты екенін байқатты. Осымен байланысты оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда қатысым теориясы негізінде оқушылардың өз бетімен білім алу машық-дағдыларын қалыптастыратын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары жүйесін жасау заман талабына үндескен міндет болып табылады. Теориялық-әдіснамалық негіздерді талдау барысы қатысымдық теорияның оқушының қатысымдық қызметін белсендіру жолдарын анықтауға басшылық етіп, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының қажеттілігі мен мүмкіншілігін анықтап береді. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары және оларды бастауыш оқыту үдерісінде қолданудың дидактикалық факторлары (қозғаушы күштері) оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының дидактикалық мазмұнымен; олардың нақты оқу мақсатына, міндеттеріне, оқу материалының ерекшеліктеріне, мұғалім мен оқушы еңбегінің формалары мен әдістеріне, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі мен мүмкіндіктеріне сәйкес анықталуымен; қолданудың үш деңгейімен (эпизодтық, жүйелік, синхронды); қойылатын талаптарымен (функционалдық, педагогикалық, эргономикалық және эстетикалық, экономикалық) айқындалады. Педагогикалық-психологиялық көзқарас негізінде оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда мынадай әдіснамалық тұғырлар негізге алынады: тұлғалық, іс-әрекеттік, жүйелілік, мәдениеттанымдық, құзыреттілік, акмеологиялық, сонымен қатар теориялық-тәжірибелік міндеттердің шешімі үшін оқытудың дыбыс-бейнелік құралдар арқылы оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытудың жүйелік пен бірізділік; ұжымдық сипатта болуы; шамаға лайықтылық пен кешенді сипатта қолдану; оқу-тәрбие үдерісін ізгілендіру және демократияландыру қағидаттары басшылыққа алынады. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларының дамуы оның психологиялық үдерістерінің (түйсік, қабылдау, ойлау, зейін) дамуынан талап етіледі. Осы психологиялық үдерістердің дамуына оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары тікелей ықпал етеді. Олай дейтініміз, оқушы көрнекілікті, соның ішінде дыбыс-бейнелік құралдарды оған эмоционалдық қатынасы негізінде қабылдайды, сезінеді, ой елегінен өткізеді, есінде сақтайды, зейіні ауады. Ал бұл болса, оның адамгершілік тұлғалық қасиеттерінің дамуына, ақыл-ойының өсуіне, қатысымдық дағдыларының дамуына алып келеді.

көрсететін көрнекілік құралдардың бірі (шартты бейне, схема. т.б.), модельдеу (фр. *modele* – үлгі, пішін) – зерттеу үшін арнайы жасалған бір объектіде басқа бір объектінің сипаттамасын қайта жаңғырту», - деп анықтама берілген [105]. Бұл ұқсастық түпнұсқа туралы білімнің сақталуы мен кеңеюі аясында, түпнұсқа құрастыруда қайта өңдеу немесе оны басқару үшін қызмет етеді. Кең мағынадағы *модель* деп кез келген бейнені қабылдау, кез келген нысанның, үдеріс пен құбылыстың оның «өкілі» немесе «орынбасары» етіп алған (ойдағы не шартты түрдегі) ұқсастығын айтады. Бұған қоса, модель қашан да түсіндіру, алдын ала болжау және эвристика тұрғысында танымдық рөл атқарады.

Шетелдік, отандық ғылымда зерттеу мәселелеріне байланысты педагогикалық тұрғыдан модель ұғымына сипаттама берген ғалымдар қатарына А.В.Барабанщиков, А.И.Бочкин, А.Г.Гейн, Б.А.Глинский, В.В.Краевский, И.П.Подласый, А.П.Сейтешов, Я.Г.Неуймин, Г.К.Нурғалиева, Қ.А.Штофф, Н.Г.Хмель т.б. атауға болады.

Жалпы түсініктегі *модель* (жалпыланған модель) (ой тұрғысындағы бейне, белгі құралдары арқылы не материалдық жүйе арқылы суреттеп беру) субъект шешетін мәселе үшін маңызды болатын, еркін түрдегі түпнұсқалық – объектінің байланысын, сипатын, қасиетін көрсететін ақпаратты алу не сақтау үшін арнайы жасалған объект [106].

Модель жасау әмбебап әдістерге жатады. Ол модель жасау әдісінің әмбебаптығының объективті негізі деп болмыстың түрлі деңгейіндегі дүниелер арасындағы объективті ұқсастықтың болуын айтады. Оның түсінігінше, «модель жасау әдісі зерттеудің эмпирикалық және теориялық деңгейінде қолданылады. Эмпирикалық деңгейде ол өлшемдік, сипаттамалық және басқа функцияларда қолданылуы мүмкін; теориялық тұрғыда – түсінік беру, алдын ала болжау функцияларын және ой жүзіндегі сынақта қолданылады [107].

В.В.Краевскийдің пайымдауынша, «*модельдеу* - теориялық және тәжірибелік-эксперименттік зерттеулерді біріктіретін педагогикалық үдерістерді нақты жүйелейтін әдіс». Арнайы жағдайларда зерттеушіні қызықтыратын түпнұсқаның ерекшеліктерін қайта шығаратын, ақиқат көріністерін ауыстырушы деген мағынада да қолдануға болады [108].

Модель «шындық өмірді терең түсіну мақсатында оны сыртқа шығару құралы» болып табылады. Сонымен бірге, үлгіні танымдық бақылау мен эксперименттен теорияға көшуде теориялық жалпылаудың әртүрлі формаларына қарай қозғалыс барысындағы «саты ретінде» қарастырады [109].

Ғылыми модель – зерттеу объектісін қамтып, оны ойша елестететін немесе материалдық жағынан жүзеге асыратын жүйе. Педагогикалық үлгі (модель) оқу-тәрбие мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін, басқару жолдарын анықтаса, ғылыми негізделген модель тұтас педагогикалық процесті немесе оның бір бөлігін қалыптастыру және қызмет ету жолдарын анықтайды [110; 111].

Г.И.Саранцевтың анықтамасында модель – деп бір заттың, құбылыстың арнайы ерекшеліктерін көрсететін, ол туралы белгілі, шектелген ақпарат беретін қысқартылған, жинақталған білім және мұғалімнің беретін білімді

меңгеріп, өзінің өмірге қажеттіліктерінде тәжірибе жүзінде қолдана алатын оқушыға жеткізетін білім көлемі [112].

Сонымен, ғылыми әдебиеттерде модель ұғымына түрліше сипаттама берілген, модель – өлшем, норма; зерттеу пәнінің қызметі, байланысы, нысананың белгілі жағының қайта жаңғыртылу элементінің жүйесі; ақпараттық технологиялық құралдардың көмегімен математикалық әдістер негізінде нысананың ішкі әлемін жанамалап сипаттау.

Қазіргі кезеңде педагогикалық модельдеу мәселесі – көпаспектілі өзекті мәселе. Педагогикалық модельдеу В.П.Беспалько, М.В.Кларин, В.М.Монахов, Г.К.Селевко, В.В.Гузеев, О.Г.Мишанова т.б. еңбектерінде қарастырылған. В.В.Гузеев т.б. оқыту моделін көрсете отырып, басты мына компоненттерін көрсетеді: негізгі (әдістемесі, мазмұны), технологиялық (алғышарттары мен құралдары), педагогикалық модельдеудің 3 кезеңін, яғни модельге талдау, модельде жинақтау, модельдің дұрыстығын тексеру кезеңдерін көрсетеді [113]. О.Г.Мишанова модельді негіздеуде қоғамның сұранысы, стандарт, педагогтің қатысымдық құзыреттілігі ескерілетіндігіне мән береді [114, с. 122]. Мұнда автор білік, дағдылар қалыптасуының концептуалдық алаңын (жақын және перспективалық мақсаттарын белгілеу), әдіснамалық алаңын (ұстаным, заңдылықтары), жобалау-теориялық алаңы (әлеуметтік-мәдени, мотивациялық, когнитивтік, әрекеттік компоненттері), ұйымдастыру-басқару алаңы (кезеңдері, мазмұндық шарттары), технология (нәтижелік-бағалау) блогіне бөліп қарастырады.

Жоғарыдағы нақтыланған тұжырымдамалардан шығатын қорытынды: модельдің қоғам сұраныстарына негізделуі, жүйелік әрекеттер арасындағы объективті қатыстың болуы, зерттеудің теориялық, эмпирикалық үлгісі, оларды біріктіретін педагогикалық үдерістерді алдын ала болжайтын және оның қалыптасу жолын көрсететін жүйе.

Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын қалыптастыруда зерттеушілер тілді тиімді оқытудың мазмұндық-функционалдық модельдерінің басты компоненттеріне назар аударады. Г.Р.Аспанова оқушының көшбасшылық қабілетін дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделінің төрт басты компонентін көрсетеді: нормативтік-мақсаттық, теориялық-методологиялық, мазмұндық-әрекеттік, бағалау-нәтижелік [115, с. 60]. А.Д.Рысқұлбекова зерттеу жұмысында бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін құруда оның құзыреттілік, іс-әрекет, тұлғалық-бағдарлық, жүйелік ұстанымдары мен әдістерін, педагогикалық шарттарын, оқытудың формалары мен құралдарын (әдеби шығармалар, ақпарат құралдары, қатысымдық дағдыларды дамытуға арналған тапсырмалар, педагогикалық жағдаяттар деп белгіліп береді [31, б. 58].

Оқыту тәжірибемізде оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту моделін әзірлеу мақсатында педагогикалық модельдеу қағидаттары негізге алынды. Тәжірибелік оқу кешенді бағдарламасының қатысымдық дағдыларын дамыту мүмкіндіктері анықталды: қатысымдық-функционалдық дағдыларының

калыптасуы, зияткерлік даму, шығармашылық-белсенділік, рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған ұлтжанды тұлға қалыптастыру.

Модельдің басты мақсаты: қатысымдық дағдылары мен қатысымдық мәдениеті дамыған тұлға қалыптастыру.

Бастауыш сынып оқушыларының *қатысымдық* дағдыларын дыбыс-бейнелік оқу құралдары арқылы дамыту моделінде дағдыны дамыту ұғымының мәніне басымдық берілді. *Дағды* қабілетке, ептілік ұғымдарына синоним ретінде немесе автоматтандырылған әрекет ретінде түсіндіріледі. Дағдының қалыптасқан түсіндірмесі - мақсатты жаттығулар нәтижесінде нығайтылып, көп рет қайтаудың негізінде жаттанды әрекетке айналған.

Бастауыш сынып оқушыларының *тілдік дағдыларын дамыту* мәселесін қарастыруда тілдік дағды, оның маңызы, тілдік дағдының түрлері мен оны қалыптастыру жолдары, құралдары ұғым ретінде қарастырылады. Осымен байланысты педагогика мен әдістеменің келелі мәселесінің шешімін табуға ықпал етерлік біртұтас үлгіні даярлаудың қажеттілігі туындайды. Модель оқушының өз ынтасымен орындаған әрекетін реттеп, түсінуге, талдап-сараптауға, деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Модельде дыбыс-бейнелік оқыту құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларының дамуының өлшемдері мен көрсеткіштері анықталды. Бұлар қатысымдық дағдылар дамуының деңгейін бағалауға арналған және әзірленген модельдің тиімділігін көрсетуге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, *өлшем (критерий)* – (гр. тілінен аударғанда – құрал, сендіру, өлшем) – бақылау және тәжірибелік топтардағы нәтижені жылдам бағалау үшін қолданылатын көрсеткіштер [116]. Оны төмендегідей көрсетуге болады:

Кесте 5 – Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдылары дамуының өлшемдері

Өлшемдер	Сипаттамасы
ОДБҚ арқылы қатысымдық әрекет жасау ережелері мен оны жүзеге асыру жолдарымен танысу.	Қатысымдық әрекет жасау ережелері жайлы, өзге адамдармен араласу кезіндегі қарым-қатынастың түрлі жағдаяттарын дұрыс түсіну.
ОДБҚ арқылы қатысымдық әрекет ережелерін қабылдау, ережелерін сақтау.	Қатысымдық әрекеттің өзара түсіністік негізінде өзге адамдармен диалогтік өзара әрекетке бағдарлануындағы қалыптасқан үлгіні орындау.
ОДБҚ арқылы қатысымдық әрекетті жүзеге асыру.	Қатысымдық дағдылар қалыптастыру ұстанымдарын тұлғааралық өзара әрекетте жүзеге асыру, өзге адамдармен тілдік байланыс орнату.

Анықталған өлшемдер мен көрсеткіштер бастауыш сынып оқушыларының оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы қатысымдық дағдыларының дамуының үш деңгейін белгілеуге мүмкіндік береді (Кесте 6).

Кесте 6 – Оқушының қатысымдық дағдыларының даму деңгейлері

Деңгейлер	Сипаттамасы
Төменгі деңгей	ОДБҚ арқылы қатысымдық бірліктерді қолдануға қабілетінің төмендігі, тілдік әрекетті нашар игеру, тілді игеруге теориялық даярлығының аздығы, қатысымдық жағдаяттарда әлеуметтік-мәдени, жалпықолданымдық ақпаратты қолдануға қабілетінің болмауы, сөйлеу әрекетінің амал-тәсілдерін қолдану жолын толық білмеуі;
Орташа деңгей	Тіл жүйесін практикалық қолдануға қабілетінің жеткілікті болуы, тілдік әрекетті орташа меңгеруі, тілді игеруге теориялық даярлығының жеткілікті болуы, тілдік жағдаяттарда әлеуметтік-мәдени, қажетті ақпаратты қолдануға қабілеттілігі, дыбыс-бейнелік оқыту құралдары негізіндегі оқу материалдарының маңызын түсінуі, бірақ қолдану жолын жете білмеуі.
Жоғары деңгей	ОДБҚ арқылы меңгерілген білім тәжірибеде қолдануға қабілетінің жоғары деңгейде болуы, тілдік-қатысымдық әрекетті, оның амал-тәсілдерін толықтай меңгеру, тілдік жағдаяттарда қатысымдық ақпаратты шығармашылықпен қолдануға қабілеттілігі, дыбыс-бейнелік оқыту құралдары негізінде берілген білім мазмұнының маңызын ұғынып, жинақталған білім, білік дағдыларын шынайы өмірде құзыреттілік деңгейінде қолдану жолын толық білуі.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларының даму өлшемдері мен қатысымдық дағдыларының даму деңгейлерінің нәтижелері модельдің мазмұнын анықтауда басшылыққа алынды. Біз жүргізіп отырған зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаты бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік оқыту құралдары арқылы дамытуда зерттеудің әдіснамалық тұғырларын айқындап, оның құрылымдық-мазмұндық үлгісін жасау болып табылады. Ол 10-суретте көрсетілген.

Модельдің теориялық-әдіснамалық компоненті бастауыш сыныпта оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытудың әдіснамалық жүйесінің әдіснамалық, педагогикалық-психологиялық негіздерін анықтаумен сипатталады.

Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту мәселесін зерттеудің *әдіснамалық тұғырлары* – зерттеу мақсаты анықтаған міндеттерді шешудің негізгі жолы, ол осы шешімдердің стратегиялары мен бағыт-бағдарларын айқындайды. Мұнда бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары сараланды. Тұғыр – зерттеу міндеттері анықтаған міндеттерді шешудің негізгі жолы, ол осы шешімнің стратегиясы мен бағытын айқындайды. Тұлғалық тұғыр – жеке тұлғаны зерттеу психологиясынан негіз алады. Жеке тұлғаның құндылығын зерттеушінің талдамасына сәйкес технологияны және оқу әдістемесін жасаудың негізгі бағыттарын анықтайды. Жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты-әрбір жеке тұлғаның мүмкіндіктерін танып, дамыту. Е.В.Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4

Мақсаты: бастауыш сынып оқушысының қатысымдық дағдыларын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану арқылы дамыту

Міндеттері: психологиялық, педагогикалық негіздерін айқындау, дыбыс-бейнелік оқу құралдарының дидактикалық маңызын айқындау; қатысымдық дағдыларды дамыту моделін белгілеу, әдістемелік ғылыми негіздерін ұсыну.

Теориялық-әдіснамалық компонент

Әдінамалық тұғырлары: іс-әрекеттік, жүйелілік тұғыр, мәдениеттанымдық, құзыреттілік, акмеологиялық.

Педагогикалық негіздері: ғылыми және білімінің түсініктілігі, саналылық пен белсенділік және өз бетінше әрекет ету, көрнекілік, оқу-шығармашылық белсенділігі, тұлғалық-бағдарлық бағытты ұстану, өзара әрекеттік немесе ынтымақтастық, шамаға лайықтылық пен кешенді сипатта қолдану, қатысымдық-әрекеттік қағидаттарының басшылыққа алынуы.

Психологиялық негіздері: оқу мотивтері, түйсіну, қабылдау, салыстыру, талдау, жалпылау секілді ойлау операцияларын дамыту. Блум таксономиясы негізінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асырудың психологиялық негіздері, тіл мен сөйлеу, ойлау бірлігіндегі қатысымдық ұғымының алатын рөлін айқындау.

Ережелері: хабарланатын мәліметтің барынша түсінікті болуы; әңгімелесушілердің өзара түсіністікке ұмтылуы; берілетін ақпарат бір ғана нақты мағынаны беретіндей сөздермен берілуі тиіс; вербальді емес белгілердің берілетін мәліметке сәйкес болуы.

Мазмұндық-әрекеттік компонент

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары: бейнеграмма (транспаранттар, сурет, кесте, сызба, сұлбалар, слайдтар, сюжетті суреттер т.б.), бейнефонограммалар (кинофильм, мультимедиялық бағдарламалар, диафильмдер, мультипликациялық фильмдер, телехабарлар немесе телебағдарламалар, бейнежазбалар, киноүзінділер т.б.), **фонохрестоматия** (ұнтаспа жазбалары, фонограммалар), **интернет-ресурстар** (онлайн сөздіктер, білім сайттары, онлайн олимпиада, онлайн тестілер, энциклопедиялар т.б.), **компьютерлік оқу құралдары** (мультимедиялық материалдар, электронды анықтамалықтар, электронды сөздіктер т.б.)

Оқыту формалары: ұжымдық, топтық, жұптық, жеке-дара.

Оқыту әдістері: пікірталас, рөлдік ойындар, оқу тренингі, АКТ, ПОПС-формуласы, жоба қорғау, эссе, т.б.

Бағалау-нәтижелік компонент

Критериалды бағалау: қалыптастырушы, жиынтық, өзін-өзі бақылау, өзара бақылау, рефлексия;

Нәтижесі: оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану нәтижесінде қатысымдық дағдысы дамыған тұлға

Сурет 12 – Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушысының қатысымдық дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі

компонентті міндетті түрде болуы қажет деп атап көрсеткен: аксиологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық. Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен оқушының тұлға ретінде қалыптасып дамуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына, шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізетін мұғалімге оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [117].

Іс-әрекеттік тұғыр – жүйенің даму заңдылықтарын түсіндіру қажет болған жағдайда қолданылады. Дамудың заңдарын білу негізінде объектіні жетілдіру, өзгерту, жаңғырту операциялары іске қосылады, әрекет жасалады.

Жүйелілік тұғыр – танымдық әрекеттегі ең әмбебап құрал. Олай болатын себебі, кез келген құбылыс жүйе ретінде қарастырылады. Жүйе дегеніміз біртұтас бүтінді құрайтын өзара байланысты бөлшектердің ретке келтірілген жиынтығы мен олардың арасындағы қатынасы. «Жүйе» ұғымының грек тілінен аудармасы «құрастыру» ретінде түсіндіріліп, заттардың аморфты еместігін, бөлінбейтіндігін, оларды жақын барып талдағанда бөліктерден тұратындығын білдіреді. Жүйелік амал педагогикалық құбылыстарды олардың өзара байланысы түрінде қарастыруға бағдарлайды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының тұжырымдамалық үлгісін жасау жүйелілік амалды қолдануға негізделген, бұл өз кезегінде зерттелінетін жүйенің құрамдас бөлшектерінің күрделілігін ескере отырып, оның біртұтастығын ашуға, осы біртұтастықты қамтамасыз ететін тетіктерді айқындауға, сан түрлі байланыстарды тауып, оларды бірыңғай теориялық сипатқа біріктіруге мүмкіндік береді.

Мәдениеттанымдық тұғыр – жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізінде іс-әрекет тәжірибесін және қоғамдағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу, сондай-ақ, адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Мәдениеттанымдық амалдың қазіргі педагогикадағы түйткілді мәселелерді шешудегі рөлі зор. Өйткені, тәрбие мен білім «мәдениет» ұғымына өте жақын жатыр.

Құзыреттілік тұғыр – мұғалімнің оқу-танымдық іс-әрекетінде пәндік білім мазмұнын меңгертудегі ақпараттық технологияларды пайдалану құзыреттілігі, педагогикалық тәжірибеде нақты жағдаятта, нақты оқыту жағдайында шығармашылықпен жұмылдыру қабілеті, өзін өзі жетілдіруімен анықталады.

Акмеологиялық тұғыр – зерттеу жұмысының табыстылығын қамтамасыз етеді, оларға қатысушы субъектілердің педагогикалық әсер ету барысында биіктерге бағытталуын нәтижелі етеді. Кәсіби шеберліктің шыңына шығу туралы ғылымның «акмеология» деген атауы грек тілінен аударғанда «шың», «биіктік» деген мағынаны береді [113]. Оқыту тәжірибесін жүзеге асыру жүйесінде оқушының қатысымдық дағдыларын ОДБҚ арқылы дамытудың тілбілімдік, педагогикалық негіздері, дидактикалық қағидаттары мен психологиялық заңдылықтары негіз болды.

Мазмұндық-әрекеттік компонент – оқу үдерісінде ОДБҚ арқылы игерудің тиімді әдістемелік жүйесін қолдану шарттарымен сипатталады. Оқу

үдерісіндегі дыбыс-бейнелік құралдардың дидактикалық мәні мен оның түрлері, оларды пайдаланудың қағидаттары мен өзіндік ерекшеліктері, тиімді оқыту әдістерімен жүзеге асу мәселелері қамтамасыз етіледі.

Мазмұндық-әрекеттік бөлік оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыру әдістері мен жаттығулар жүйесін құрайды.

Дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар инновациялық оқу әдістерінің жүзеге асуы мен оқушылардың оқу-танымдық мотивацияларын тұрақтандырудағы, қызығушылықтарын арттырудағы ОДБҚ-ның тиімді қолданылуымен байланысты.

Модельдің аталған компоненті оқыту жүйесінде қолданылған әдістемелік жүйенің, яғни *оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары кешені* мен *«Бізде көңілді!» сайтындағы* оқу материалын қолданудың тиімді әдістемесін, сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары үшін іріктелген *интернет-ресурстарын* құрайды. Осы тұрғысынан бастауыш оқу үдерісінде оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуды тиімді ұйымдастырудың басты әдістемелік негіздеріне мән берілді. Олар:

1. *Оқытудың сөйлеуге негізделуі.* Сөйлеу әрекеті тек оқыту құралы ғана емес, ол оқыту мақсаты да болып саналады. Бұл жағдай төмендегілерді болжайды:

а) мұғалімнің оқушыларды жалпы әрекетке тарту арқылы оқыту үдерісіне әсер етуі орын алатын тілдік тәртібі;

ә) қарым-қатынас жағдаятын тудыратын жаттығуларды барынша жиі қолдану;

б) оқушылардың назарының сөйлеу мақсаты мен мазмұнына бағытталуы.

2. *Оқушының тұлғалық аспектісінің жетекші рөлінде оның жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру:*

а) тілді меңгеруге қабілеттілік (есте сақтауы, жалпылауға және т.б. қабілеттілік);

ә) қандай да бір әрекетті орындау білігі, яғни оқу білігінің қалыптасуы;

б) оқушылардың қызығушылығы, көзқарастары, ұжымдағы жағдайына байланысты тұлғалық сапалары;

в) жалпы зияткерлік қабілеттері (туа және жүре пайда болған);

г) ақпарат жинаудағы оның ерекшелігі (көру, есту, моторлы және т.б.);

е) оқу мотивациясын қалыптастыру мен оны сабақ барысында белсендіру құралы.

3. *Оқушылардың вербальді және вербальді емес формадағы қарым-қатынас үдерісіне қатысуы ретіндегі сөйлеу-ойлау белсенділігі.*

4. *Оқу материалын барлық деңгейде: лексикалық, грамматикалық жағдаяттық, тақырыптық деңгейлерде таңдауға функционалдық қатынас.*

5. *Тілдік стимулдау тәсілі мен сөйлеу білігін қалыптастыру шарты ретінде қарастырылатын оқу үдерісінің жағдаяттылығы.*

6. *Оқу материалын ұйымдастыру мен ұсыну жолы ретіндегі проблемалылық [79].*

Мазмұндық-әрекеттік бөлігінде бейнеграммалар топтамасында тілдік оқу материалдарын игеруге арналған грамматикалық кестелер мен сызбалар, сұлбалар, слайдтар қамтылды.

Сонымен қатар автор тарапынан 1-сынып оқушылары үшін «Әліппе», 2-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық әзірленді.

Бейнефонограммалар ішінен тыңдалымға арналған мәтіндер топтамасы даярланып, қолданылды. Мұнда 2-сынып бойынша 12 сабақ, 3-сынып бойынша 43 сабақ, 4-сынып бойынша 34 сабақ мазмұны қамтылды. Тыңдалымға алынған оқу мәтіндерінің тақырыптары тіл және сөйлеуге, сөйлеу мәдениетіне, жануарлар мен жәндіктер және олардың өмір сүру ерекшеліктеріне, келтіретін пайдасына, жақсы мен жаманға, уақытты үнемдей білуге, уақыттың адам өміріндегі маңызы мен мәніне, Қазақстанның сәулет өнеріне, ғажап табиғат көріністері мен оны қорғауға, еліміздің көрнекті тұлғаларын тануға, демалыс мәдениетіне, мамандық таңдауға арналған [5; 6].

Тыңдалымға арналған мәтіндер, негізінен, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, С.Көбеев, С.Бегалин А.Тоқмағанбетов, С.Жиенбаев, Т.Молдағалиев, М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова, Қ.Аманжолов, Б.Тәжібаев Ә.Сәрсенбаев, Б.Соқпақбаев, Ә.Нұршайықов Ө.Тұрманжанов, М.Әлімбай, Е.Өтетілеуұлы, Т.Елеусізұлы, Ж.Смақов, Б.Әділов, Ө.Ақыпбекұлы, Б.Кірісбайұлы, Е.Елубай, Р.Наурызбаева, С.Қалиев, Т.Елеусізұлы, Ш.Күмісбаев т.б. белгілі ақын-жазушылардың балаларға арналған шығармаларынан үзінділер және балаларға арналған «Елтану әліппесі», «Ақ сандық, көк сандық», «Ол кім? «Бұл не?», «Жыл он екі ай», «Мен оқимын, ойлаймын, ойнаймын», «Шаңырақ», «Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы», «Бабаңнан саған не қалған?», «Қазақ ертегілері», «Сен білесің бе?», «Қожанасыр әңгімелерінен», «Қызықты грамматика», «Шығыстың ұлылары», «Қазақстанның жеті кереметі», «Дүниетану», «Әлемде талай қызық бар», «Менің Отаным – тәуелсіз Қазақстан», «Инабат», «Дүниетану анықтамалығы», «Ғарышкер», Қазақстан төл мерекелері», «Шешендік шиырлары», «Қазақтың бес алыбы», «Ақ серек көк серек», «Қазақстанның өзен-көлдері» кітаптары мен «Негеш», «Қазақ мәдениеті», «Қазақстанның табиғат гажайыптары», «Қазақстан жануарлары», «Ғалам» секілді энциклопедиялары, сондай-ақ «Балдырған», «Зерде», «Ақ желкен», «Айгөлек», «Ана тілі», «Жас қазақ» т.б. газет-журналдарынан алынған шығармалар мен үзінділер қамтыды.

Бейнефонограммаларда оқушыларға арналған анимациялық үзінділер қамтылған мультипликациялық фильмдер мен оқу фильмдері және кинофильмдер қамтылды. Олар: Абай шығармашылығын меңгертуде «Қайтқанда», «Ғылым таппай мақтанба», сонымен қатар «Жеңіс тарихы», Қожа Ахмет Яссауи кесенесі», «Жамбыл Дүйсенев» т.б.

Компьютерлік бағдарламаларға автоматтандырылған, мультимедиялық жаттығулар қамтылды. Оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда өз бетінше орындайтын тапсырмалар негізінен авторлық «Бізде көңілді!» вебсайтының маңызы зор болды [4]. Авторлық оқу вебсайтының мақсаты

оқушылардың оқуға қызығушылықтарын арттыру, қатысымдық дағдыларын дамыту.



Сурет 13– «Бізде көңілді!» авторлық сайты

Онда қамтылған рубрикалар: «Сабақ үлгілері». «Қызық, оқыңыздар!», «Бірге көрейік», «Конкурс, жарыстар», «Фотогалерея».

Модельдің бағалау-нәтижелік компонентінде – оқушының қатысымдық дағдыларының қалыптасуындағы рефлексия, кері байланыс, нәтижелерді сандық-сапалық бағалау айқындалды.

Біздің талдауларымыз негізіндегі ұсынылған модель қазақ тілін оқытуда оқушылардың қатысымдық дағдысын дыбыс-бейнелік оқу құралдарының негізінде дамытудың әдістемелік жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

2.2 Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдіс-тәсілдері және олардың сипаттамалары

Қазақстанда әлемдік ақпараттық-білім беру кеңістігіне кіруге бағдарланған білім мазмұнын жаңарту үдерісі орын алуда. *Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде* бастауыш мектепте: акцентті ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ауыстыру; ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру; ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру және оқу үдерісін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді [118].

Бастауыш сынып мұғалімі жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық оқыту құралдарын қолдану әдістемесін

меңгерген болуы қажет. Біздің тәжірибемізде соның маңыздысы *дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын* қолдану арқылы оқыту әдістерін түрлендіріп отырудың нәтижесінде оқыту тәжірибесінде оң жетістіктерге қол жеткізілді:

- оқушылардың қатысымдық дағдылары тұрақты оқу уәждемесінің тұрақтануына байланысты дамыды;

- оқу материалын оқушылар сапалы да саналы меңгерді;

- оқушы мен оқушы арасында, мұғалім мен оқушы арасындағы педагогикалық ынтымақтастық субъектілер арасында дамыды;

- субъектілер оқу әрекетін өз бетінше басқарып, білімге ынта-ықыласы артты;

- интербелсенді оқу үдерісі бейне, дыбыстық оқу материалы бойынша әңгімелесуге, сұхбатқа, оқу жарыстары мен оқу пікірталастарына, мультимедиалық бағдарламалармен жұмыс істеуге, үздіксіз критериалды бағалауға қол жеткізді.

- дыбыс-бейнелік оқу құралдарын қолдануға негізделген оқу үдерісі бейне, дыбыстық оқу материалы бойынша әңгімелесуге, сұхбатқа, оқу жарыстары мен оқу пікірталастарына, оқу ойындарына, мультимедиалық бағдарламалармен жұмыс істеуге, оқу тренингтерін тиімді жүргізуге, үздіксіз критериалды бағалауға қол жеткізді;

- оқытуды ізгілендіру, тұлғалық-бағдарлық, әрекеттік, құзыреттілік ұстанымдары негізінде оқушыдан шығармашылық ойлауды, өз бетінше ой қорытындыларын жасайтын жасампаз тұлға етіп тәрбиелеуге, сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым) түрлері бойынша құзыреттілік деңгейде білімінің нақты қалыптасуына негіз болды.

Дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қолдану арқылы оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыру мазмұны төмендегідей ерекшелік сипат алды:

- оқыту формасының жұптық, топтық жұмыстарына басымдық берілді;

- оқу әрекетін белсендіретін оқытудың инновациялық әдістері қолданылды;

- көрнекіліктің мол болуы қамтылды;

- оқу үдерісі өзара ынтымақтастық пен түсінушілікке құрылды;

- өз бетінше, ізденушілік тапсырмалардың молдығы ескерілді.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік құралдарды қолдану арқылы дамытудың оқу-әдістемелік кешені оқушының функционалдық сауаттылығын арттырып, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға негіз болатын оқыту әдістемесін қажет етеді. *Дыбыс-бейнелік құралдар арқылы оқыту технологиясы* оқушылардың оқуға ынталарын арттырып, сөйлеу әрекетін қалыптастыруға, қатысымдық дағдыларын дамытуға және оқыту әдістерін оңтайлы жүзеге асыруға, оларды барынша түрлендіруге мүмкіндік береді. Осымен байланысты оқыту технологиялары жөніндегі еңбектерге талдау жасалды.

Оқыту (педагогикалық) технология ұғымы алғаш 1940-1950 жылдарында техникалық оқыту құралдарымен байланысты ене бастады. 70-жылдары оқытудың компьютерлік бағдарламасына мән берілді. Жалпы алғанда,

технология мен әдістеме бір-бірімен тығыз байланысты, сондықтан да көптеген зерттеушілер әдіс, әдістеме, технологиялардың ара жігін аша бермейді, оларды бірлікте қарайды, екінші атауы ретінде қарастыратындар да, технологияны әдістемеге қарағанда, кең немесе тар мағынада түсінетіндер бар.

Педагогикалық технологиялардың өзіндік ерекшеліктері ретінде мыналарды көрсетуге болады: мақсаттылық, реттілік, кепілдендірілген нәтиже. Технология мен әдістеменің басты айырмашылығына назар аударатын болсақ, педагогикалық технологиялар, көбіне, білімнің нақты мазмұнының ерекшеліктерімен байланысты емес. Педагогикалық технология кез келген оқу материалы негізінде нәтижеге әкеледі. Әдістеме *нені оқу?* (мазмұн) *не үшін оқыту?* (мақсат) *қалай оқыту?* (әдіс) керектігін анықтаса, технология *кепілді нәтижеге қалай жетуге болады?* деген мәселені қарастырады. Технология әдістер мен формаларды біріктіретін педагогикалық құрал ретінде, сондай-ақ оның негізін құрушы ретінде де қолданылады.

Педагогикалық технологиялар 1980 жылдары оқыту үрдісіне қарқынды түрде ене бастағаны белгілі және басты ерекшелігі – нақты мақсаттылық пен кепілді нәтижеге жету, оның әдіс-тәсілдері, жолдары. Осы кезеңге дейін педагогикалық технология жөнінде көптеген ғалымдардың еңбектері жарық көрді, атап айтқанда, В.Беспалько, Б.Т.Лихачев, В.А.Сластенин, В.М.Монахов, Г.Г.Селевко, Г.П.Синицына, Ж.Қараев, Ж.Қобдиқова, Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова, С.Б.Бабаев, А.Қ.Бекболғанова, Ж.А.Асқарова, Л.Б.Иманкулова, Г.Б.Исаева, Ж.Қожамқұлова т.б.

В. Беспалько педагогикалық технологияны тәжірибеде іске асатын белгілі бір педагогикалық жүйе деп тұжырымдаса, Б.Т.Лихачев оқытудың формаларын, әдіс-тәсілдерін формасын, әдіс, тәсіл, тәрбие құралдарын жинақтауды анықтайтын психологиялық-педагогикалық жинағы», – дейді.

В.А.Сластениннің пікірінше, педагогикалық технология – «практикада іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы» деп айта келе келесідей пайымдайды «бұл білім беру процесінің өзгеретін жағдайларында болжамды нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін іс-әрекеттердің, операциялар мен процедуралардың реттелген жиынтығы» [119, с. 41-42].

В.М.Монахов технологияны «...оқушылар мен мұғалім үшін қолайлы жағдайларды сөзсіз қамтамасыз ете отырып, оқу процесін жобалау, ұйымдастыру және жүргізу бойынша бірлескен педагогикалық қызметтің барлық егжей-тегжейлі ойластырылған моделі» дей келе, «...нысандарды, әдістерді, тәсілдерді, амалдарды, білім беру құралдарын (сұлба, сызбалар, диаграммалар, карталар) арнайы таңдау мен орналастыруды анықтайтын педагогикалық-психологиялық көзқарастардың жиынтығы», - деп ой түйіндейді [120].

«Педагогикалық технология – алға қойған мақсаттарды іске асыруға мүмкіндік беретін, оқыту мен тәрбиелеудің теориялық негізделген үрдістерін шығарудың әдістері мен жабдықтарының жиынтығы, оқу жоспарларының және бағдарламаларының жаңа мазмұнын ендірудің тиімді құралы» [121, б. 46].

Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова «Педагогикалық технология - оқыту үдерісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен

техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру білім берудің тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі», - деген анықтама береді [122, б. 12]. Авторлар «Педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруда, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін-өзі дамытуда қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды», - дейді [122, б. 64].

С.Б.Бабаев «Технология – қандай да қызмет, іс-әрекеттерді (үдерістерді) жүзеге келтірудің жолдары мен құралдары жөніндегі білімдер жиынтығы» деген анықтама бере отырып, «Педагогиканың технологиялық қызметі – 1. Жобалау, яғни педагогикалық іс-әрекеттер мен олардың мазмұнын, сипаттамасын қамтыған әдістемелік материалдар (оқу жоспары, бағдарламасы, оқулықтар мен оқу құралдары, педагогикалық нұсқаулар) жөніндегі көрсетпелер беру. 2. Қайта жасау (преобразовательный), яғни жетілдіру және жаңадан түзу (реконструкция) мақсатында педагогика ғылыми жетістіктерін тәлім-тәрбиелік тәжірибеге енгізу. 3. Бағалау (рефлексияны) және түзету, яғни ғылыми зерттеулердің оқу және тәрбие барысына тигізген әсер нәтижесін бағамдаумен ғылыми теория және тәжірибелік іс-әрекет арасындағы қатынасты реттеп бару», - деген тұжырым жасайды [52, б. 6].

Ә.Жұмабаева оқыту технологияларының мақсатын «тұлғаның теориялық ойлау жүйесін қалыптастыруды, сондай-ақ түрлі жағдаяттарда нақты шешім қабылдай білуге, өзіндік көзқарасы мен пікірін жеткізе білуге, өзінің іс-әрекетін бағалай білуге үйрету», - деп нақтылайды [29, б. 140].

Демек, педагогикалық технология жүйелеумен, ғылыми жобалаумен, тиімді құралдар жиынтығымен тығыз байланысты.

А.Б.Тасова «Педагогикалық технология дегеніміз – мұғалім мен оқушыға ыңғайлы жағдай жасай отыра, оқу процесін жобалау, ұйымдастыру мен өткізуге арналған біріккен, жан-жақты ойластырылған педагогикалық қызметтің үлгісі», - деп анықтайды [123, б. 7]. Мұндағы басты маңызды пікір – оқу үрдісін жобалау мен оқушыға білімді толық меңгеруі үшін толық мүмкіндік, ыңғайлы жағдай жасау.

Ж.А.Асқарова, Л.Б.Иманкуловалар «Педагогикалық технология – бүкіл оқыту үдерісі мен білімді техникалық және адам ресурсын олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңтайландыру міндеттерін ескере отырып меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі» дей отырып, «педагогикалық технология оқыту үдерісін техникалық және адам ресурстарымен тығыз байланыстыру», - деп тұжырымдайды [124, б. 12].

А.Қ.Бекболғанова «Оқыту технологиясы – бұл оқытудың тиімділігін арттыру мақсаты мен білім беру үдерісін зерттеу негізінде оқу үдерісін жүзеге асыру және бағалау, бағдарламалаудың жүйелі тәсілі болып табылады. Педагогикалық технология оқыту үдерісін жобалау, ұйымдастыру формасымен анықталады», – деп анықтайды [125, б. 12]. Яғни оқу үдерісін басқарудың жүйелі тәсілі деген түсінікпен қорытуға болады.

Г.Б.Исаева «...ұстаздың кәсіби қызметін жан-жақты қамтамасыз ететін және жоспардағы міндетті орындаудың басты кепілі бола алатын

технологиялық іс шаралар жиынтығы», – деген ой қорытындысын жасайды [126, б. 7-8].

Ғалымдардың ой-пікірлерін қорытындылай келе, мынадай тұжырым жасауға болады: педагогикалық технология – оқу мақсаты мен міндеттерінің жүзеге асуына кепілдік беретін технологиялық әрекеттер жиынтығы.

Оқыту технологияларының артықшылықтары педагогикалық жүйенің біртұтас алгоритмді түрде реттеліп берілуінде. Бұл жөнінде А.Қ.Кесимова «Мазмұндылық – педагогикалық үлгі, ереже – алгоритм түрінде технологиялық жүзеге асырушы педагогикалық концепциялардың болуы; тиімділік – оқу үдерісінде оқу аз уақыт ішінде кепілдендірілген нәтижеге жету; үнемділік – мұғалімнің еңбегін оңтайландыру; қайта өндіру – нәтижені жоғалтпай, кең ауқымда қайта өндіру мүмкіндігі», - деуі орынды [127, б. 8].

Қорыта айтқанда, педагогикалық технология бастапқы көзделген мақсатқа жету жолындағы тиімді оқу әдістеменің кепілді түрде нәтиже беру жүйесін жобалау болып табылады. Осымен байланысты зерттеу тақырыбына сәйкес оқыту тәжірибесінде қолданылған оқыту технологияларының бірі оқытудың *дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану технологиясы* бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуға мол мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, оқу үрдісінде дыбыс-бейнелік оқыту технологиясын қолданудың тиімділігін ЮНЕСКО-ның зерттеулері бойынша есептерінен нақты көруге болады: адам естігенін – 15%, көргенін – 25%, дыбыс-бейнелік көрнекілігімен – 65% деңгейінде есте қалдырады [128].

Р.В.Зарубина, И.В.Лапшина «Оқу үдерісінде дыбыс-бейнелік технологияларды қолдану» атты еңбектерінде дыбыс-бейнелік құралдарды дұрыс қолдану оқушының интуитивтік, шығармашылық теориялық ойлауын дамытып, зейінін арттыратынын, сөйтіп, материалды меңгеруге уақыттың үнемделетінін және есте жақсы сақталатыны туралы тұжырымдаған [129, с. 178]. «Ақпараттық технологиялардың дамуының соңғы тенденциялары заманауи электрондық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды теледидар, бейнематериалдар, мультимедианы кеңінен қолдану арқылы оқыту әдістері, формалары мен құралдарын қолдануды кеңейту қажет» [60]. Бұл мәселе оқу үдерісінде көрнекіліктің тиімділігін едәуір арттыруға, оқушыларға оқу материалын толық түсінуде түрлі әдістерді қолдануға мүмкіндік беретіні ескеріледі.

Оқыту тәжірибесінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік оқыту технологиясы негізінде дамытуда интербелсенді әдістерге басымдық берілді. Нәтижесінде, оқушылардың білім алуға ынтасы артып, сөйлеу әрекетінің дұрыс қалыптасуына, қатысымдық дағдыларының дамуына толығымен мүмкіндік берілді.

Тілдік-қатысымдық білім берудегі оқытудың *интербелсенді әдістер* – бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда оқыту үдерісін, оқыту формаларын тиімді ұйымдастырудағы, білім мазмұнын сапалы меңгертудегі оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері мен оқыту құралдарының жиынтығы.

Интербелсенді оқыту – оқыту үдерісінде жиі қолданылып жүрген, оңтайлы да тиімді педагогикалық әдістердің бірі. Біздің тәжірибемізде бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу әрекетін дамытуға, қатысымдық тұрғыдан бірлесе әрекет етуін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берген – аталған оқыту әдістері. Зерттеушілердің көпшілігі аталған технологияны оқыту үдерісінде тиімді жүзеге асырудың қағидаттары негізінде өзара әрекет ету, белсенділік, топтық стратегия, кері байланысты атап көрсетеді [130, б. 19-20].

«Интербелсенді оқыту – жаңа білімді диалог, полилог жағдайында меңгеру мақсат етілетін танымдық үдеріс. Оқушы мен мұғалім арасындағы белсенділік» [29].

Жалпы алғанда, интербелсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері:

- өзара әрекеттік қатысымға негізделуі;
- шынайылығы, ортамен араласу, тәжірибеде қолдану,
- шығармашылық ойды дамыту;
- оқу-танымдық белсенділік,
- білімді жүйелеу тәсілдерін саналы меңгеру, т.б.
- табысты қатысым (сөйлесу, өзара құрмет, тыңдай білу, пікірін еркін айта білу);
- шағын топпен жұмыс істей алу;
- тиімді әдістер: рөлдік ойын, іскери, пікірталас, ми шабуылы т.б.
- оқытудың тиімді құралдары, оқу ресурстарының молдығы (интербелсенді тақта, дыбыс-бейнелік оқыту құралдары).

Интербелсенді оқытудың мүмкіндіктері мол: баланың шығармашылық, ойлау қабілетін дамытады; командамен жұмыс істеуге үйретеді; білім сапасын, функционалдық сауаттылығын, баланың оқуға ынта-ықыласын, достық қызығушылығын, өз мүмкіндіктеріне сенімін арттырады; белсенді өмірлік азаматтық ұстанымын, қатысымдық сөйлеу қабілетін қалыптастырады. Сонымен қатар бір-біріне мейірімділік, түсінушілік, тілектестік, жағымды оңтайлы, ыңғайлы, қолайлы жағдай тудырады, бала өзін бақытты сезінуіне мүмкіндік береді. Оқу үдерісі субъекті-субъектілік әрекетке құрылып, оқушылардың жеке-дара ерекшеліктері ескеріледі, өзіндік басқару мен өзіндік бақылау, тексеру мен бағалау, түзету (рефлексия) тиімді жүзеге асады, ОДБҚ тиімді қолданылады.

Интербелсенді оқытуды оңтайлы ұйымдастырудың *алғышарттары*:

- оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының тиімді қолданылуы;
- сөйлеу әрекетінің (тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым) түрлері бойынша бақылау;
- педагогикалық ынтымақтастық орнату;
- жаттығу-тапсырмаларының оқушының танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік беруі;
- пікірталасқа, сұрақ жауап, ми шабуылы, эвристикаға, өзара жарыс, өзара бақылауға құрылуы.

Тұжырымдасак, *оқыту технологиясы* дегеніміз – оқу аппаратымен жұмыс істеудің тиімді тәсілдер жиыны, мұғалімнің қажетті техникалық ақпараттық оқу

құралдары мен технологияларын қолдана отырып, оқушының білім сапасын арттыру тәсілі деп тұжырымдауға болады.

Қорыта айтқанда, педагогикалық технология – ынтымақтастық негізде (мұғалім мен оқушы арасындағы) болжанған оқу нәтижелеріне бағытталған педагогикалық жүйенің жобасы, мұғалім мен оқушыға оңтайлы жағдаятқа құрылған, әртүрлі бөлшектері нақтыланған, техникалық ресурстарды қолдану жүйесі.

Көптеген зерттеушілердің пікірі педагогикалық технология мақсаттары айқын оқыту нәтижелеріне кепілдік бере алатын педагогикалық әрекет дегенге саяды. Педагогикалық технологиядағы айқын дүние - оқыту заңдылықтары мен қағидаттарының, білім мазмұны мен әдістерінің жобаланып, тәжірибеде қолданылуы.

Оқыту технологияларының түрлері сан алуан. Бұл мәселе тұрғысынан, ғалымдардың пікірлері де әртүрлі. А.Қ. Бекболғанова *ынтымақтастық, білім беруді ізгілендіру, мәселелі оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту, түсіндіру, басқарып оқыту, деңгейлік саралап оқыту, модульдік оқыту, жобалап оқыту технологияларын* т.б. [125, б. 24] атап көрсетсе, Г.П.Синицына *ойын, нақты жағдаятты талдау (case-study) модульдік, сыни тұрғыдан ойлау, топтық талдау, синектикалық сессиялар, әлеуметтік-психологиялық тренингтерді* атайды, сонымен қатар еңбекте *коммуникациялық-ақпараттық технологияны* қолдануды екі межеде қарастырады: 1-топқа *коммуникациялық: аудио-курс; теле-курс; бейне-курс; бейне-теледидарлық, теледидарлық курс; бейне-компьютерлік курстар, бейне-мәтін; CD-ROM курсы,* 2-топқа *телекоммуникациялық: электронды пошта, телеконференция; дыбыстық конференция; бейне конференция; компьютерлік конференция* [131, с. 134].

Ж.Н.Сүлейменова белсенді оқыту әдістеріне *проблемалық, дидактикалық-іскерлік ойындар, ми шабуылы, кейс-стади, синектика* т.б. жатқызады [132].

Модульдік, проблемалық, контекстік оқыту, ынтымақтастық, диалог формасындағы семинар, дебат түрлері Н.В.Бордовскаяның еңбегінде көрсетілген [133, с. 63].

Ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, проблемалық оқыту, тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы, түсіндіру, басқарып оқыту, деңгейлік саралап оқыту, міндетті нәтижеге негізделген деңгейлеп саралап оқыту, модельдік оқыту технологиясы, жобалап оқыту технологияларын Ф.Б.Бөрібекова, Н.Ж.Жанатбекова атап көрсетеді [122].

Ж.Қожамқұлова осылармен қоса *жеделдетіп (интенсивті) оқыту технологиясы, қашықтан оқыту технологиясы* [134] деп топтайды.

Зерттеу жұмысымызға байланысты оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары жоғарыда талданған оқыту технологиясының мазмұнын құрайтын *интербелсенді әдістер* арқылы жүзеге асты.

Интербелсенді әдістер – қазіргі кезеңде жиі және тиімді қолданылып жүрген педагогикалық әдістердің бірі. Бастауыш мектеп педагогикасына байланысты еңбектердің авторлары Ф.Бөрібекова, Н.Жанатбековалардың пікірлерінше, *интербелсенді оқыту (авторлардың қолданысы - ИОТ-интерактивті оқыту технологиясы)* – ең алдымен, оқушы мен мұғалімнің

қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқытуы болып табылады. Олар *интербелсенді әдіс түрлеріне*: «үлкен шеңбер» «аквариум», «миға шабуыл» (мозговой штурм), «дебаттар», рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, әлеуметтік ойындар, жобалау дискуссия, жұптасып жұмыс істеу, броундық қозғалыс, т.б. көрсетеді [122, б. 191-194].

Сонымен, «...интербелсенді оқыту дегеніміз – мұғалім мен оқушы немесе оқушы мен оқушы арасындағы бірлесе әрекет ету барысында іске асатын – сұхбаттасу арқылы оқыту» [134, б. 5].

Интербелсенді оқыту әдістері тілдік материалды тиімді түсіндіруге, сабақтың сапасын арттыруға, оқушылардың сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) тілдік, қатысымдық дағдыларын қалыптастырып, дамытуға ықпал етеді. Ал *дыбыс-бейнелік оқыту құралдары* оқушылардың оқу-танымдық мотивтерін тұрақтандырып, оқуға ынталарын арттыруға мүмкіндік береді. Г.Р.Нұрымбетова интербелсенді әдістердің шеңберінде жүзеге асырылатын негізгі қағидаттардан: *өзара әрекет ету; оқушылардың белсенділігі; топтық тәжірибеге сүйену; кері байланысты* атап көрсетеді [135, б. 19-20].

Жалпы алғанда, интербелсенді оқыту әдісін қолданудың келесі артықшылықтарын көрсетуімізге болады: шынайы өмірді тану, онымен байланыстыру, ортамен араласу дағдыларын қалыптастыру, тәжірибе маңыздылығын түсіну, ұжымдық ортамен, адамдармен қатысымды жұмыс дағдыларын дамыту, дайын білім емес, ойлануды қажет етеді, тәжірибе негізінде қалыптасқан әдісті өзіндік қолданудан білу қабілетін дамыту мүмкіндігі, білім алу тәсілдерін түсіну.

Интербелсенді оқыту – мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы, оқушы мен оқыту құралдарының (ОДБҚ) өзара үйлесімді, тиімді әрекеттесуі. Оқу үдерісінде субъектілі-субъектілік ынтымақтастық әрекеті жүзеге асады және мұғалім авторитар емес, оқушылардың білім алуына түрткі жасаушы ынталандырушы, танымдық белсенділігін арттырушы ұйымдастырушы, кеңес беруші, дос.

Жоғарыда айтқанымыздай, оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда көрнекіліктерден оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының мынадай түрлері қолданылды:

- *Бейнеграммалар*: транспаранттар, сурет, кесте, сызба, сұлбалар, слайдтар, репродуктивті картиналар т.б;

- *Бейнефонограммалар*: кинофильм, мультимедиалық бағдарламалар, мультипликациялық фильмдер, телебағдарламалар, бейнежазбалар, киноүзінділер т.б.

- *Дыбыстық (аудио) жазбалар*: дыбыстық таспа жазбалары, фонограммалар, аудио оқу құралы т.б.

- *Интернет-ресурстар*: «Бізге көңілді! Авторлық вебсайты, онлайн сөздіктер, білім беру сайттары, он-лайн тестілер, энциклопедиялар т.б.

Аталған дыбыс-бейнелік оқу құралдарын пайдалануда оқу үдерісінде қолдану шектігіне де мән берілді. Осы тұрғысынан оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану ұзақтығын арнайы қарастырған А.П.Кисляковтың

зерттеулеріне назар аудару маңызды. 7-кестеде зерттеушінің оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану ұзақтығы көрсетілген нұсқаулығы беріліп отыр [54, с. 111].

Кесте 7 – А.П.Кисляковтың оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану ұзақтығын көрсету нұсқаулығы

Сынып	Көрсету ұзақтығы (мин.)			
	Слайд, транспаранттар	Бейнефильмдер	Дыбыстық жазбалар	Компьютерлік бағдарламалар
1-2	7-15	15-20	10-12	10-15
3-4	15-20	15-20	15	15-20


Оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту жоғарыда атап өткеніміздей, ДБҚ арқылы қолданылатын төмендегідей интербелсенді әдістер негізінде жүзеге асырылады.

Проблемалық оқыту әдістерін қолдану – қазіргі кезеңдегі заман талаптарына сай бәсекеге қабілетті шығармашылықпен ойлай білетін тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістердің бірі. Мұның негізі – ізденуде, ойлануда, ақыл-ойының дамуында. Оқушы білімді даяр күйінде емес, проблема қойылып, өзіндік ізденіс, танымдық ізденіс негізінде қабылдауы тиіс. Мұнда оқушы тыңдаушы, есте сақтаушы ғана емес, ой қорытушы, шешім шығарушы. Проблемалық оқыту түрінде проблемалық жағдаяттарға қатысымдық тапсырмалар беріледі. Мәселен, 4-сыныпта «Құндылықтар» бөліміндегі оқу материалдарын игеру барысында дыбыс-бейнелік оқыту құралының түрі бейнефонограммадан көрнекті қазақ ақыны Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» атты романтикалық поэмасының желісіне құрылған, «Қазақстан» телеарнасының «Сақ» студиясы түсірген (режиссері – Батырхан Дәуренбеков) «Толағай» мультипликациялық фильмі көрсетіліп, төмендегідей жұмыстар жүргізіледі:



Сурет 14 – «Толағай» мультфильмінің басты беті

Проблемалық оқыту түрі жағдаяттарды таңдаудан басталады, ал проблемалық жағдаяттар қатысымдық тапсырмалар беру болып табылады. Сондықтан алдымен түсіндірме сөздікпен жұмыс жүргізіледі. *Мерген, сүйінші, бата, үміт, мейірім, құндылық* сөздеріне берілген түсініктемелермен танысады. Ұжымдық формада проблемалық кластер құрылады. Интербелсенді тақтадағы кластер толтырылады.



Сурет 15 – Толағай бейнесіне құрылған кластер


Оқушыларды сөйлету мақсатында жұптық тапсырмалар беріледі: оқушылар мұғалім таратқан үлестірме кеспе қағаздарындағы сұрақтарды бір-біріне қойып, жауап іздейді.

- Толағайдың күштілігін қалай білуге болады?
- Ол мейірімді ме? Оны неден көруге болады?
- Толағай не себепті алысқа су іздеп кетеді?
- Қазірде елімізде осындай батырлар бар ма?
- Толағайдай батыр болғыларың келе ме? Не себепті?
- Толағайдың бойындағы жақсы қасиеттерді, адамгершілікті өз бойымыздан көреміз бе?

«Бұл бөлімде «Құндылықтар» тақырыбына қатысты мәтіндер беріліп, оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Диалог құрастыруға төселеді және эссе жазуға үйренеді» [67, б. 28]. Осымен байланысты жазбаша стратегия негізінде алған әсерлерінен эссе жазады, тақырыбын өздері таңдайды, соңында эсселері оқылып, сыныпта талқыланады. *Эссенің* ерекшелігі – жазбаша рефлексиялық әрекет болуында. Оқушылар Толағай бейнесінен әсер алып, өздігінен еркін хат жазады. Көлемі аз болғанымен, субъективтік өзіндік пікірі бар ойға негізделеді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін эссе жазуға 7-10 минут бөлу жеткілікті. Эссені оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытудың басты құралы ретінде бағалауға болады. Мұнда оқушылар өзіндік ойын білдіруге ұмтылады, шығармашылық тұрғыда ойлайды, оқу мотивациясы тұрақталады. Эссе жазу кіріспесінде таңдаған тақырыбына мән берілу керек. Негізгі бөлімінде эссенің басты ішкі мазмұны, яғни өз ойына дәлелдер, тұжырымдар келтірілуіне назар аударылады. Қорытындысында ойы жалпыланып, түйінделеді, ұсыныстары жазылады. А.Әлімовтің айтуынша, «эсседе оқушының «Мені» көрініп тұруы керек» [137, б. 189]. Сонымен қатар эссе – білімді бақылаудың да тиімдісі. «Жазылым әрекетін қалыптастырудағы эссе түрі оқушының оқу әрекетін шығармашылықпен жұмсауға мүмкіндік беретін қатысымдық әрекеттер кешенінің бір буыны болып табылады» [137, б. 190]. Эссе жазуда дыбыс-бейнелік оқу құралдарының бірі интербелсенді тақтамен жұмыс жүргізіледі: *Толғай* бейнесіне қатысты бейнефильмнің негізінде оқушылар ойларын білдіреді, эссе жазады. Сондай-ақ, 4-сыныпта «*Құстар туралы не білемін?*» атты сабақта (грамматикадан жіктеу есімдігін игеру), «*Бүркіттің тағдыры*» атты мәтінмен жұмыстың бірі ретінде «*Бір минуттық эссе*» жазады. Мұнда оқушылар мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, бүркітті бір-екі сөйлеммен сипаттайды. Эссе жазу барысында жіктеу есімдіктерін қолданады.

Жалпы алғанда, проблемалық сұрақтарға қойылған жауаптарға оқушылардың жауап іздеу әрекеті – оның ой қорытындыларын жасай білуіне, қатысымдық дағдыларын дамытуға, сөйтіп, өз бетінше оқу әрекетін өзіне бағыттап, ой белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Соңында мұғалім оқушылардың сұрақтарын өзі тиянақтайды. Қазақ тілі сабағында проблемалық сұрақтарға құрылған сабақтың моделі төмендегідей:



Сурет 16 – Қазақ тілі сабағында проблемалық сұрақтарға құрылған сабақтың моделі

Оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыруда сабақта оқытудың жаңа формаларының бірі топтық жұмыстардың маңызы ерекше. Шағын топтарда өзекті мәселеге қатысты оқушының өзіндік көзқарастарын

білдіріп, пікір алмасуларын ұйымдастыруда *пікірталас әдісі қолданылды*. *Проблемалық жағдаят* тудыруда компьютерді өте тиімді оқу құралы ретінде қолдануға болады: «Қалай түсінуге болады?» белгілі бір кадрдан соң, тоқтатып, «Жалғасы қалай болады?» деп, оқиғаны әрі қарай сипаттауға болады. Мұндай тапсырмалар ес-жадыны, ойлауды, қатысымдық дағдыларын дамытады. Мультимедиалық материалды тиімді қолданудың әдістемелік тәсілдеріне мән беріледі: жаңа оқу материалын түсіндіру кезінде иллюстрациялық материал ретінде слайдтар мен *дыбыс-бейнелік үзінділерді* көрсету, оқушылардың қажетті ақпараттарды іздеп өңдеулері үшін *ізденушілік-зерттеушілік, шығармашылық жұмыстар үшін электронды оқу құралдарын, сөздіктер, анықтамалық кестелер* қолдану.

Пікірталас – қазақ тілін қатысымдық негізде оқытудағы тиімді әдістердің бірі, сондықтан ол оқушының теориялық, практикалық білімдерін тәжірибеде қолданып, жүйелеуде тәжірибеде маңызды болды. Оқушылар қазақ тілі сабағында оқу пікірталастары арқылы өз ойларын еркін айтуға үйренді. Сабақта пікірталас ережелерінің ескерілуіне мән берілді. Олар, негізінен, оқу пікірталастарына оқушылардың барлығының белсенді қатысуы, белгіленген тақырыптан ауытқымауы, сөйлеу әдебі мен сөйлеу мәнерін сақтауы, уақытты тиімді үнемдеуі болды. Тәжірибеде оқушының пікірталасқа қатысқанда, сұрақ қою, пікір білдіру, баяндап беру т.б. тәрізді сөйлеуде маңызды оқу әрекеттеріне мән берілді.

Оқыту тәжірибесінде 4-сынып оқушылары үшін сабақтан тыс «*Алғырлар*» *дебат клубы* жұмыстары ұйымдастырылды. Дебат клубының мақсаты оқушының қатысымдық дағдыларын дамытуда диалогтерге белсенді қатысуға, ой тартыстарында өзіндік ой-пікірлерін білдіруге, сауатты сөйлеуге үйрету, мәселелерді бірлесе шешуге, талдау жасауға өзіндік сыни пікірлерін айтуға дағдыландыруды көздеді. Дебат тақырыптары оқушылар өмірінің қызықты, өміршең мәселелеріне құрылып, жан-жақты талқылауда, алған білімдерін қолдана отырып, өз пікірлерін білдіруге, өзге пікірлерді ескеруге үйрену, түйіндеу, шешім шығарып айтуға дағдыландыруды басты мақсаты ретінде құрылды. «*Маған кітап оқыған ұнайды*», «*Шыншыл боламын*», «*Бәріміз қазақша жақсы сөйлейміз бе?*», «*Үйдегі міндеттерімізді білеміз бе?*» т.б. Нәтижесінде, оқушылардың тілге қызығушылығы артты, мәдениетті сөйлеу қабілеті дамыды, танымдық әрекеті, өзіне сенімділігі артты.

Интербелсенді оқыту технологиясының *сұрақ-жауапқа* құрылуы – ежелден белгілі римдік шешен Квинтилианнан бастап бүгінге дейін жалғасын тапқан әдістердің бірі. Мәселені жан-жақты талдауға шақырады (*кім? не? неге? қайда? қалай? қалай, қашан?*), мәтінді терең түсінеді, сөйлеу мәдениетінің әдеби үлгілерін игереді. Пікірталас тудыру мақсатында мұғалім алдымен жағдаяттарды даярлайды. Балалар жазушылары мен ақындардың шығармаларын оқуда шығарма қаһармандары туралы оқушылардың арасында *тілдік, тілдік емес* (вербалды, бейвербалды) құралдар арқылы бейнелерін ашады, пікірлерін білдіреді, таластар туындайды. Сондай-ақ мұғалім оқушыларға «*пікіріңді білдір*», «*көпшілік алдында ойыңды баянда*», «*әңгіме желісіне (қойылым) ойыңды құрастыр*» т.б. айта отыра, оларды жетелеп,

сөйлеуге түрткі жасау тиімді. Мәселен, 3-сынып қазақ тілі сабағында «*Алтын сандық*» ойынын ойнатқан кезде сандық ішінен баланың есімі шығады, оқушы сол баланы сипаттайды, мінездеме береді. Мұнда оқушының достық ниеті, сөйлеу мәдениеттілігі, әділдік қасиеттері ескеріледі. Сыни көзқарасын білдіруде екінші оқушының сынды дұрыс қабылдай білуге, сол арқылы өз мінез-құлқын тани білуіне көмектесуге үйрету керек. Бұл оқушының қатысымдық дағдыларын өмірлік жағдаяттарда дұрыс қолдана білуіне, қажеттігін сезінуіне, яғни оқу мотивациясының тұрақталуына қызмет етеді.

Оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда *оқу-ізденімдік жобаларды* орындаудың маңызы зор. А.А.Самбекова еңбегінде жобалай оқыту технологиясының білім алушылардың танымдық дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық кеңістікте дұрыс жол тауып, сыни және шығармашылық ойын дамытатындығына мән береді [138]. Осы орайда тәжірибелік сынып оқушылары 2-3-сыныптарда «*Менің сүйікті ісім*», «*Менің достарым*» т.б., ал 4-сыныпта «*Жануарлар әлемі*», «*Отанымды сүйемін*», «*Маған ең жақын адамдар*», «*Табиғаттағы қызықтар*» т.б. тақырыптарда оқу-танымдық, ізденімдік жобалар орындалады.

Оқу-ізденімдік жобаларын орындауда тақырыбын анықтаған соң, мол ақпараттар жиналады, балаларға арналған анықтамалық, сөздік, энциклопедиялар («Қазақстан балалар энциклопедиясы. Ежелгі Қазақстан», Т.В. Степанова құрастырған балалар энциклопедиясы «*Елдер мен құрлықтар*», И.Травинаның балалар энциклопедиясы «*Су астындағы тіршілік*», К.Осетрованың балалар энциклопедиясы «*Адам*», Т.Жұмаханов т.б. «*Қазақстан балалар энциклопедиясы. Қазақ хандығы*», Н.Н.Малофеева құрастырған балалар энциклопедиясы «*Әлем гажайыптары*», А.В.Волкованың балалар энциклопедиясы «*Әлемдік тарих*», «*Қазақстан балалар энциклопедиясы. Ежелгі Қазақстан аңыздары*», Б.Жақыптың «*Балаларға базарлық*», К.Байпақовтың балаларға арналған «*Қазақстанның ежелгі қалалары*» т.б. энциклопедиялары) мен әдебиеттер, теле-радиохабарлар, интернет желісінен ақпараттар жинау, өңдеу, ұсыну мәселелері түсіндіріледі. Осылармен қоса, жобаны ұсынуда *слайд, ментальді карта, постерлер сурет* т.б. жинау; безендіру, көрсету, яғни қорғау секілді кезеңдік жұмыстарды атқаруға үйренді. «*Біздің сынып*» «*Біздің қала*», т.б. күрделі тақырыптарда жобалар 3-4-сынып оқушыларымен орындалған болса, 2-сыныпта өзі, отбасы, достық туралы болады. Нәтижесінде, оқушылар суреттер жинайды, сөздік жасайды. «*Ертегілер әлемінде*» жобасының нәтижесінде оқушылар ертегілер жинағын құрастырады. Бұл материалдар «*Бізде көңілді!*» сайтына қойылды. Тәжірибеде В.М.Яныгинаның бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытуда оқу жобаларын топтауын үлгіге алдық [139].

Кесте 8 – В.М.Яныгинаның бастауыш сыныпта ағылшын тілін оқытуда оқу жобаларын топтау үлгісі

Қатысушылардың саны бойынша	Ұзақтығы бойынша	Әрекет түрі бойынша	Пәндер саны бойынша
-----------------------------	------------------	---------------------	---------------------


8-кестенің жалғасы

1. Жеке (тұлғалық) 2. Жұптық 3. Топтық	1. Қысқа мерзімде 2. Орта мерзімде 3. Ұзақ мерзімде	1. Шығармашылық 2. Зерттеушілік	1. Монопәндік (бірпәндік) 2. Пәнаралық 3. Метапәндік
--	---	------------------------------------	--


Зерттеу жұмысымызда оқу жобаларын осы негізде дара-тұлғалық, жұптық, топтық деп, бірнеше түрлерге бөлдік.

Тәжірибеде қазақ тілі сабақтарында оқушыны сөйлеуге бейімдеуде *эмпатия әдісін* қолдану да тиімді екені дәлелденді. Мұнда оқушы өзін екінші бір тұлғамен теңестіреді, «кейде бұл әрекет туралы «басқа біреудің бейнесіне ену» деп те айтады, яғни өзін басқа бір адамның орнына қою [140, б. 76], мәселен, оқушы өзін өсімдік ретінде елестетеді, гүлі – басы, бұтағы – қолдары, тамыры-аяқтары секілді. Оқушы өзін гүл ретінде сезініп, оның рөліне еніп, сұрақтарға жауап іздеп немесе сөйлеуге даярланады. *Эмпатия әдісінің* ерекшелігі – оқушының табиғаттың, құбылыстың бір бөлшегі ретінде сезімге бөленуіне, эмоционалдық-бейнелік, зерттеушілік қабілетінің дамуына мүмкіндік береді. Сабақтарда *ассоциация әдісінің* де оқушы сөйлеуін қалыптастыруда мүмкіндігі мол болды. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятуда *ассоциация әдісі* тиімді. Тақырыпқа байланысты дыбыс-бейнелік оқыту құралдарының бірі бейнеграмма арқылы көрсетіп оқушының ойын ұштап, қиялын дамытады, қатысым дағдыларын қалыптастырады. Мәселен, 3-сыныпта «*Жанды табиғат*» тақырыбында оқушылардың жан-жануарлар, құстар, жәндік немесе ағаштарды ой елегінен өткізіп, өзіндік қорытынды жасап, меңгеруі үшін қажет. Мұндайда мұғалім сөздің мағынасын түсіндіріп қана қоймай, оқушының аналитикалық-шығармашылық ойлауы мен қиялын дамытуда өзіндік мәні бар дидактикалық құндылықтарға мән береді. Сөзді жалаң игермей, көз алдына елестетіп, бейнелі түрде танымдық маңызды құрал ретінде қабылдауына жағдай жасалады. 3-сыныпта «Қазақ тілі» сабағында «*Жанды табиғат*» тақырыбына қатысты білім мазмұнын меңгертуде оқушыларға интербелсенді тақта немесе диапроектор арқылы мынадай транспаранттармен тапсырма орындаттық.

«Ассоциация» ойыны



Жалаң, жайылма сөйлем бойынша, олардың:



Сурет 17 – Ассоциация ойын түрлерін қолданудағы транспорант үлгісі

Мұнда оқушылар сөздердің мағыналарын салыстырып, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтай білуге үйренеді: *...білесің бе? Нені байқадың? Ерекшеліктерін көрсете аласың ба? Ұқсастықтары бар ма, жоқ па?*

Қазақ тілі сабағында оқушының сөйлеу дағдыларын дамыту – өте күрделі де маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан әдістерді түрлендіріп отырудың маңызы зор. Тәжірибеде қолданылған әдістердің бірі – *ПОПС-формула* әдісі. Бұл – бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда тиімді әдіс. Мұнда оқушы талқыланатын тақырып бойынша өзіндік пікірін, оқиғаның себебін фактілер келтіре отырып, өзіндік ой қорытынды шешім жасайды. Мысалы:

1. *«Мен барлық жерде қазақша сөйлеймін».*
2. *«Себебі қазақ тілі – ана тілім, мемлекеттік тіліміз».*
3. *«Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын...».*
4. *«Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...».*

Балалар өз ана тілінде сөйлеуі керек...».

Мұнда оқушылар модельдік трафереттер арқылы сөйлеуге де үйренеді: *«Меніңше..., Оның айтуынша..., Кешіріңіз..., Сіздіңше солай ма?..., Мен сізге қосыламын..., Иә, мүмкін...Дұрыс айттыңыз... т.б.*

4-сыныпта интербелсенді тақтадан *«Қазақстан»* телестудиясы ұсынған *«Достық»* бейнефильмін көру арқылы ауызша шағын мәтін құрайды. Алдымен жүргізілетін жұмыстар: мәтін мазмұнын баяндайды, төл сөздерді төлеу сөзге айналдырады. Содан соң *ПОПС-формуласы* әдісі бойынша ойларын тұжырымдайды.

Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда тәжірибеде *синектика* әдісі тиімді қолданылды. Аталған әдіс ми шабуылына ұқсас, оқушылардың өздерінің бірінің – сарапшы, екіншісінің – орындаушы, үшіншісінің т.б. рөлдерде ойнап, өзін еркін сезінуіне мүмкіндік беретін әдіс, сондай-ақ қойылымдар қою, *«сценарист»* болып жана фильмдерге *«қойылымдар жазу»*, рөлдерді бөліп ойнау, диалогтер құру, сөзжұмбақтар құрастыру, рөлдік ойындар ойнау, өлең шығару, жарысу, балаларға арналған журналдардан мақала оқып, пікірталастар құру, оған белсене қатысу. Топтық стратегиялар негізінде жарыс түріндегі жаттығу, тапсырмалардан *«Жаңа сөздер*

жасаймыз», «Тез табамыз» оқу ойындарының үлгілерін ұсынамыз. «Көз» сөзінен жасалған туынды сөздерді тауып, жарысу.



Сурет 18 - «Көз» сөзіне ұсынылған кластер

Сол жақтан оңға және төменге оқу арқылы қыстырма сөздерді тауып, түсті қаламмен белгілеу.

о	ш	с	р	а	с	ы	ы	Шынында Мүмкін Оның Рас Ойынша Сірә Меніңше Әрине
й	ы	і	ш	е	с	ш	й	
ы	н	р	м	н	ы	о	е	
н	ы	ә	ү	й	о	е	м	
ш	н	р	м	і	о	м	р	
а	д	и	к	с	н	и	ә	
н	а	н	і	н	ы	д	е	
ң	м	е	н	і	ң	ш	е	

Сурет 19 – Синектика әдісін қолдану үдерісіндегі көрнекілік үлгісі

Бұл әдістердің ерекшелігі – оқушыны тұлға дамуының негізі жаңа жағдаяттарда «тосын» мәселелерді шеше білуге даярлау, аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, білімнің нәтижесінің соңғы деңгейі – «өнімнің» құрастырылуына, «конструкция жасауына» мүмкіндік береді [9, б. 421].

Оқыту үдерісінде білім берудің тиімді технологияларын қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, өз пәніне қызығушылық деңгейіне, шығармашылық тұлғасына байланысты болады. Оқушы оқу жетістіктерінің деңгейі – мұғалімнің талмай ізденген еңбегінің нәтижелері. Соның негізінде оқыту тәжірибесінде қалыптасқан оқушылардың қатысымдық дағдыларының көрсеткіштері: бастауыш сынып оқушыларының диалогтік, монологтік сөйлеуге, пікірталас, сұхбаттарға қатысуы, көпшілік алдында сөйлеу техникасын меңгеруі, бейвербалды құралдарды қолдануы (ым-ишарат, бет-

әлпет, қимыл-қозғалысы т.б.), сыныптастарымен қатысымға түсу, ауызша, жазбаша қатысымдық дағдыларды игеруі, сөйлеуде қатысымдық бірліктерді дұрыс қолдану (сөз, хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлем, құрмалас сөйлем құру, мәтін құрастыра білу т.б.), шығармашылық жағдаятта жұмыс істей білу, рөлдік әрекеттерді ойнау, сөйлеушіні тыңдай білу, оқиға құбылыстарды сипаттауда тақырыпты түсіну, талдай білу, қасиеттерін тану, құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық, уақыт қатынастарын түсіну, сөздерді таңдай білу, сөйлем құраудың қатысымдық бірліктерін дұрыс қолдану ережелерін білу.

Оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда *оқу ойындарының* алатын рөлі ерекше. Ойын оқушының шығармашылық қабілетін, сыни ойлауын дамытады, бірлескен әрекеті негізінде достық қарым-қатынасты нығайтады, олардың әлеуметтену үдерісі жанданады, бала шынайы өмірге бейімделеді, жаңа игі іс жасауға жігерленеді, қоғам, орта алдындағы жауапкершілігін сезінеді. Сабақта дидактикалық ойындарды жүргізу нақты мақсаттарға құрылып, тапсырмалары айқын болуына баса мән берілді. Оқушылар топтарға бөлінгенде, жарысты сезініп, рөлдерді ойнауға, сахна қойылымдарына қатысауға ынтасы болуы қадағаланды.

Д.Б.Эльконин, А.С.Ибрагимова т.б. зерттеулерінде ойынның әлеуметтік сипаты ашылып көрсетіледі және ортаны танып-білудің құралы мен психологиялық қызметтің даму формасы ретінде ойынның алатын орны ерекше екендігі айтылады. Зерттеушілердің жұмысында дидактикалық ойынның *қимыл ойындары, шығармашылық, дидактикалық түрлері аталады.*

Э.Р.Троценко оқу ойындарының *емдік те* (еркін сезіну т.б.) қызметін көрсетеді [141, с. 86].

А.Д.Рысқұлбекова ойын түрлерін келесідей келтірген: *сюжетті-рөлдік ойындар, режиссерлік ойындар, ойын-викториналар, ойын-конкурстар, топтық пікірталастар, аяқталмаған ертегіні жалғастыру, ұжымдық сурет салу, жағдаятты ойнау* [31].

Ойынның дидактикалық қызметтері қатысымдық, қызығушылық тудыру, диагностикалық, әлеуметтену болатын болса, соған орай сабақта қолданылатын оқу ойындарының да түрлері өте көп. Оқу ойындарында жағдаяттар жасау маңызды. Оқыту тәжірибесінде оқушыларды мына тақырыптарда сөйлеуге даярладық: *«Дүкенде», «Ауылда демалдым», «Әжемнің туған күн», «Саяхатта», «Қонақта», «Мерекеде», «Мектептегі достарым», «Интернетте», «Кім боламын?», «Көмекшімін мен», «Досым ауруханада» т.б.*

Тәжірибе барысында қатысымдық ойындардың рөлдер, жоспар құру, жүйесін жасау, сұхбат құру, бақылау жұмыстары, көркем әдебиет бойынша қойылымдар қою т.б. түрлері жиі жүргізіліп отырды.

Ойын, жарыстарда оқушылардың жетістіктерін бағалауда және қызықтыру мақсатында *«Білім ағашын»* қолдану тиімді. Оның динамикалық суреті интербелсенді тақтада көрсетіледі немесе магнитті тақтаға ілінеді. Оқушылар стикерді (PNG) пайдалана отырып, тапсырмалардың ретіне қарай оны *«Білім ағашына»* жапырақ ретінде жапсырады.

Оқу ойындарындағы сөйлеу, жазу, оқу, тындап-түсінуге арналған жаттығулардың барлығы қатысымдық негізде құрылды. Сөйлеу әрекетінің *айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым* түрлері бойынша негізгі қатысымдық дағдыларды қалыптастыру басты міндет болғандықтан, сөйлеу әдебін сақтау, мәдениетті сөйлеу, үлкенді құрметтеу, тілдегі сыпайлық мағынасын білдіретін тілдік құралдарды қолдануға үйрету мақсат етілді. Кейбір үлгілеріне тоқталайық. *«Радиомен байланыс»* ойыны: Бір оқушы екінші оқушыны сипаттап, қалған оқушылар оны табады. Соның негізінде сұрақтарды өрбітіп қоя беруге болады:

- *Достық деген не?*
- *Бір-бірімізге қалай көмектесеміз?*
- *Жақсы қасиеттер қандай?*
- *Жаман қылықтар қандай?*
- *Не ұнайды, себебі?*
- *Не ұнамайды, себебі?*

Ойды аяқта:

Жақсы дос -

Әдепті бала –

Әдепсіз бала-

«Дос» туралы ойын-сабақта мақалдар, кітаптардан үзінділер оқу, суреттер, көрме, ертегілер кейіпкерлерінің суреттерін, әрекеттерін тамашалау, пікірлерін айту тәрізді сөйлеу әрекеттері орындалады.

Оқыту тәжірибесінде оқушының қатысымдық дағдыларын дамытудағы оқытуды ұйымдастырудың тиімді жолдарының бірі *оқу тренингтері* жиі қолданылды. *Оқу тренингі* – «тәрбиелеу, даярлық, оқыту, үйрету» мағыналарын білдіреді. *Тренингті* топтық жұмыс ретінде жиі өткізуге болады. Мақсаты – оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылдыру, оқуға қызығушылығын арттыру. Тренинг қатысымдық дағдыларды дамытуға негіз бола алады, топта жұмыс істеу дағдыларын игереді, сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Психологтер өз зерттеулерінде тренинг өту барысында баяу әуеннің оқушының ойлануына релакстық әсер ететіндігін ескеру қажеттігін айтады. Тренингтің ерекшелігі – оқушылардың еркін сөйлеуі мен даму әлеуетіне мүмкіндік беру, мінез-құлқын түзетуге жағдай жасау. *«Досым туралы айтамын»* атты тренинг барысында оқушылар бір-бірінің портретін жасауға үйренеді. Топ алдында бір оқушының мінез-құлқы сипатталып, қалғандары кім екенін айтады. Ә.Жұмабаева тренингтердің *сыни, қарым-қатынас және әртүрлі педагогикалық жағдаяттарды шешуге бағытталған* түрлерін қарастырып, олардың әрқайсысына сипаттама береді [29, б. 147]. Біз тәжірибемізде осы мәселелерге баса назар аудардық. Осыған орай қазақ тілі сабақтарында интербелсенді оқыту формаларының бірі – *оқу тренингін* жиі ұйымдастырдық. Сабақтың бірсарындылығы оқушыны жалықтырады, сондықтан ойын, жарыс, пікірталас, шығармашылық үзілістер болу керек. Психологтердің дәлелдеуінше, іс-әрекет пен сана – тығыз байланысқан ұғымдар. Іс-әрекетте болмаған нәрсе санада да қалыптаспайды. Сондықтан оқушылардың өзара бірлескен белсенді іс-әрекеті арқылы ғана

саналы білім қалыптастыруға болады. Мұндай кезде ешқандай оқушы назардан тыс қалмайды, сабаққа деген қызығушылығы артып, белсенділік танытады.

Тренинг жүргізудің белгілі бір қағидаттары: тұлғаға, яғни оқушыға бағытталуы тиіс, еркіндік, көрнекілік, проблемалық диалогтік, әрекеттік-жарыстық, ойын түріндегі формалар, конкурс, жарыс, КТК, Брейн-ринг, жағымды психологиялық ахуалдың орнауы, түрлі-түсті қағаздар, қайшы, дыбыс-бейнелік техникалар, АКТ т.б. қамтамасыз етілуі тиіс.

Әр адам – жеке тұлға. Ол өз бойындағы өзіндік қасиеттерімен сыйлы, құрметті. Бір-бірінің жақсы қасиеттерін айту, сипаттау – сөйлеуге кедергі жасайтын психологиялық кедергі эмоционалды стресстен арылуға көмектеседі. Тренингте адамның көңіл-күйі көрсетілген қима қағаздарды тарату, оған өз пікірлерін білдіру (қуанғанда:..., ашуланғанда:..., көңілді кезінде:...), рефлексиялық сырласу (досымен, сыныптасымен, ата-әжесімен т.б.), өзіндік бағалау, бір-бірімен сөйлесу қатысымдық дағдыларды дамыту мүмкіндіктері болады.

Тренинг тақырыптарына жағдаяттар құру, мәтін құрастыру, жоспарын құрып, рөлдермен ойнау, жарыссөз ұйымдастыру, сұхбат құру, дөңгелек үстел (үстінде асық, ұлттық нақыштағы әдемі ұлттық заттар т.б.) басындағы сұхбаттар оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға мол мүмкіндік береді. Оқыту тәжірибесінде «Менің бүгiнiм, ертеңiм» аты тренинг өткiзудiң мақсаты – өзiнiң мақсатын ойланып, анықтау, өз күшiн, өзiн тану. Оқушылар «Бүгiнiм» тобымен топтаса отырып, өзiнiң бүгiнiн ойланып, ойларын қағазға түсiредi. Содан соң, орындарын ауыстырып, «Ертеңiм» тобымен отырып, ойланып, пiкiрiн бiлдiредi. Соңында жазғандарын галереяға орналастырады, аралап, бiр-бiрлерiнiң пiкiрлерiмен танысады. Бұл әрекет психологиялық тұрғыдан қатысымдық дағдыларын дамытуда жағымды сезiм тудырады.

Рөлдік тренингтердің ерекшелігі – оқушылар бірін-бірі таниды, шығармашылық тұрғыда тұлғалық қасиеттері көрінеді, әлеуметтік ортада өзін ұстау ережелерін меңгерді. Тұлғааралық тіл табыса алу қасиеттерін меңгереді, жағымды эмоционалдық күш алады, бірлескен іс-әрекеттегі толеранттыққа үйренеді. «Ғылыми зерттеулерде топтық жұмыс барысында қарым-қатынас кезінде көрініс беретін сенімсіздік деңгейінің төмендейтіні және топтық тренингке қатысушылардың бойында рефлексиялық, эмпатиялық үдерістердің артуын көрсетеді. Сонымен өзін-өзі бағалау және топтық бағалау динамикалары арқылы қарастырады. Аталған ғалымдардың тренинг арқылы қатысымдық дағдылар мен құндылық бағдарлардың жүйесін қалыптастыру мүмкіндігін ашқан жұмыстар біздің зерттеу үшін аса мәнді. Тіл үйренуші тұлғаның тренинг үдерісінде вербальды емес қатысым әрекетінің субъектісі ретінде даму мүмкіндіктері аса жоғары болады. Топтық тренинг жеке тұлғаның когнитивті, аффективті және конативті қасиеттерін кешенді түрде оңтайландырады. Тренингтік әсер феноменін психолог ғалымдар интегралды даралық іліміне сәйкес жеке тұлғаның бір қасиетінің өзгерісі басқа қасиеттерге де таралып, олардың да өзгеруіне себепкер болады», - деп түсіндіреді [140, б. 247].

Әрбір тренингтің мақсат-міндеттері болады. Айталық, А.Әлімов оларды *дидактикалық, ғылымилық, дамытушылық, тәлім-тәрбиелік* деп топтай келе, мақсатына келесідей түсінік береді: «Дидактикалық – сөз құдіреті туралы этнопедагогикалық тұжырымдарды баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында қолдану. Ғылымилық – педагогикадағы герменевтикалық, мәдениеттанушылық, логикалық амал-тәсілдерді оқушы білімін бекітуде пайдалану. Дамытушылық – өзін-өзі ұстай білуге, орынды сөйлеуге үйрету. Тәлім-тәрбиелік – жұртпен тіл табыса білу, өз сөйлегені мен істегеніне жауапкершілікпен қарауға үйрету» [137, б. 329-330].

Тренингте психогимнастикаға да мән беріледі: допты бір-біріне лақтыра отырып, амандасу, бір-біріне игі тілектер айту әрекеттері қуыстану, қысылу секілді қорқынышты сейілтеді, керісінше, ынтымақтастық жағдай тудырып, өзіне сенімін арттырады. Осы мәселелер тұрғысынан балаларды тренингтік сабақтарға қатысуға үйрету болашақ олардың қатысымдық дағдыларын дамытуда психологиялық кедергілердің болмауына септігін тигізеді.

Оқушылардың сөйлеуге қызығушылығын тудыруда *оқу портфолиосы* әдісін қолданудың да орны ерекше. *Портфолио* оқушының оқу үдерісіндегі оқу-әрекеттерін жинақтаудың, жүйелеудің және білімді бағалаудың бір түрі болып табылады. О.Г.Мишанова «Әлеуметтік және қатысымдық тәжірибені бақылау және жинақтау құралы ретінде оқу портфолиосы оқушыға өзін бағалауға, тәжірибе жинақтап, білімін қорытындылауға ғана емес, сонымен қатар «өзін таныстыруға» және одан әрі қатысымдық және шығармашылық әрекеттерді жоспарлауға септігін тигізеді. *Оқу портфолиосы* жеке тұлғаның өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді, бастауыш сынып оқушысының қатысымдық дағдысы, дамып келе жатқан лингвистикалық тұлғасын қалыптастыру үшін маңызды» [114, с. 151-152] дей келе, «бастауыш сынып оқушыларының жеке-дара маңызды әлеуметтік-қатысымдық тәжірибесін бақылау және жинақтау құралы ретінде, тілдік білім беруде қатысымдық оқытудың соңғы нәтижелерінің көрсеткіші», - деп тұжырымдайды [114, с. 188].

Портфолионың негізгі мақсаты – оқушының қатысымдық тәжірибесін жинақтап, тілдік-қатысымдық білімінің нәтижелерін қорытындылауға, өзін «таныта» білуге үйрету, сонымен қатар оқу субъектілерімен ынтымақтаста жұмыс істеуге дағдыландыру. Біздің тәжірибемізде қолданылған оқушының оқу портфолиосының құрылымының айдарлары: «Менің портретім», «Менің көмекші құралдарым», «Менің жетістіктерім» т.б. болып құрылды. Оны бастауыш сынып балалары (3-4-сынып) қазақ тілі сабағында қатысымдық дағды дамыту барысында құрастырады. Бұл бөлімдерде баланың өз бетінше, мұғалімнің көмегімен немесе ата-аналармен бірге жасайтын тақырыптарына сәйкес тиісті мазмұны болады. Мысалы, «Менің портретім» бөлімінде оқушы өзі туралы мәліметтерді береді: отбасы, достары, қызығушылығы. «Менің жетістіктерім» бөлігінде: сертификаттар, дипломдары, сыйлықтар т.б. беріледі.

Оқушының зерттеушілік қабілетін дамыту – олардың қатысымдық дағдыларын қалыптастырудың негізі. Осымен байланысты қазақ тілі сабақтарында *ментальді карта құру немесе кластер құру әдістері* тиімді

қолданылды. Аталған әдіс «кішкентай адамның» - оқушының қоғамның «белсенді зерттеушісі» болып, өзінің қоғам мүшесі ретіндегі маңыздылығын сезінуге көмектеседі. Өнімі ретінде – «шығармашылақ карта» сызады, жапсырады т.б. қолдана отырып, өз беттерінше «өнім» жасайды, оны «сатылымға» қойып, бағалайды. Бұл оқушының қатысымдық құзыреттілігін дамытып қана қоймай, оқушының қазіргі функционалдық құзыреттілігін қалыптастыруға, көшбасшылық қабілетін дамытуға, кәсіпкерлік қабілетінің ұшталуына, өмірлік тәжірибе жинауға көмектеседі. Сол арқылы оқушылар өзара пікірталас, дебат арқылы пікірлерін еркін айтуға, фактілермен дәлелдермен сөйлей білуге, басқалардың пікіріне құрметпен қарауға үйренеді. Мәселен, достық тақырыбына *кластер* динамикалық түрде көрсетіліп, оқушылар осы тақырыпта сөйлеуге ат салысады.



Сурет 20 – «Достық» тақырыбына құрылған кластер үлгісі

«*Ауа райы ертең қандай болатынын білгім келеді?*», «*Ақпаратты қайдан аласың?*» «*Саяхатта*», «*Қонақта*», «*Мерекеде*», «*Мектепте*», «*Кім боламын?*» т.б. кластер немесе ментальді карталар құрылып, оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік берілді.

Әдістемелік нұсқаулықта: «Жалпы білім беретін мектептердегі оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен ортақ тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құру керек. Қарым-қатынастың түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алады. Оқу бағдарламасы аясында оқушылардың түрлі құралдарды қолдану арқылы сыныптастарымен, мұғалімдермен, көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсуі, қазақ тілін сауатты қолдануына қолдау көрсетіледі» [142, б. 25] деп түсініктеме берілген. Осымен байланысты оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыруда *жаттығу-тапсырмаларының* маңызы ерекше.

Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту жаттығулар мен тапсырмалардың мақсатты құрылуына байланысты. *Қатысымдық жаттығулар мен тапсырмалар* бастауыш сынып оқушыларының жас, дара психологиялық ерекшеліктеріне, білімі мен ойлау деңгейлеріне сәйкес құрылады. Зерттеушілер оқушылардың білім сапасының көрсеткіші ретінде жаттығу мен тапсырмалардың білім сапасын арттыруға негіз болатын оқу үдерісінің басты буыны ретінде баса мән береді.

М.Құлахмет *жаттығуларды ізденімдік жаттығулары, қатысымдық жаттығулары, бекіту жаттығулары* деп топтап, жаттығуларға қойылатын мынадай талаптарды көрсетеді: жаттығуларда қатысымдық бағыттың басшылыққа алынуы; жаттығуларда сөйлесім түрлерінің толық қамтылуы; оларды орындатудағы қиындықтың ескерілуі; жаттығулардың мазмұны дұрыс, қызықты, түсінікті болуы [27].

С.Б.Бабаев бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуінде *ауызекі жаттығуларға* басымдық береді. Ол: «Бастауыш мектепте ауызекі жаттығулар кең қолданылады. Олар тіл мен қисынды ой дамуына, танымдық мүмкіндіктерді көтеруге өте пайдалы. Ауызекі жаттығулардың орындайтын қызметі әртүрлі: оқу техникасы мен мәдениетін көтеріп, ауызекі сөйлеу, әңгімелеу, білімдерді жүйелі баяндауға үйрету. Ауызекі жаттығулардың тіл үйренудегі орны ерекше. Мұндай жаттығулар бірте-бірте күрделеніп барады. Оқу қызметтері қатарында жазба жаттығулардың (стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық диктанттар, шығарма, баяндамалар) маңызы өз алдына. Жазба жұмыстарға байланысты мұғалім қызметі – олардың көптүрлілігі мен жеткілікті санын қамтамасыз ету. Жазба жаттығулар қатарына математика, сурет сабақтарында кең қолданылатын сызылма (графикалық) жұмыстар да кіреді» - дейді [52, б. 228].

Бастауыш сыныпта *ойын, тренингтік жаттығулар, тапсырмалардан деңгейлік, тесттік тапсырмалардың* оқушы тілін дамытуда тиімді екендігін М.М.Книсарина айтып өткен [143].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда шығармашылық *жобалар, диалогтік, сұхбаттық, логикалық, жағдаяттық рөлдік, жаттығулар, сондай-ақ дайындық, шартты сөйлеу ойын жаттығуларының* да маңызды рөл атқаратындығына мән берілу керек. Р.К.Қарсыбаева, А.Б.Қарсыбаева «Сауат ашу және жазуға үйретудің теориясы мен технологиясы» атты болашақ осы салада маман ретіндегі студенттерге арналған көмекші оқу құралында *орфографиялық, логикалық, тіл дамыту, тексеру, бақылау* жаттығуларын көрсетеді [144].

М.М.Дүйсенова сөз тіркесін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыруда жаттығуларды *танымдық-талдау, рефлексиялық, ойын жаттығулары* деп топтаса [145, б. 100], М.Құлахмет тапсырмаларды *білімдік; проблемалық; танымдық* деп топтайды. Сондай-ақ автор *сөздік, рөлдік, грамматикалық жаттығулар, тапсырмалар мен ойындарға* басымдық береді. [27]. А.Д.Рысқұлбекова оқу тапсырмаларын 1) *үлгі немесе дайын сызба бойынша репродуктивті-еліктеушілік сипатта орындалатын тапсырмалар;* 2) *қандай да бір іс-әрекеттің алгоритмі ішінара зерттеушілік әрекетімен*

орындалатын тапсырмалар; 3) әрекет алгоритмі негізінде оқушылардың өздігімен эвристикалық шығармашылық тапсырмалар деп топтайды [31]. О.Г.Мишанова тапсырмаларды проблемалық, мотивациялық, шығармашылық, қатысымдық түрлеріне жіктейді [113]. С.И. Брызгалова оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуда проблемалық тапсырмалар мен проблемалық жаттығуларға мән береді [146].

Жалпы алғанда, бастауыш сыныптағы жаттығу, тапсырмалар, негізінен, оқушылардың сөйлеуіне, оқушының сөздік қорын дамыту, өз бетінше ізденуге үйрету, ойлау қабілетін дамыту, ойын еркін жеткізуге үйретуге, сыни көзқарасын дамытуға, сөйлеуге, шығармашылық ойлауға дағдыландыруға, теориялық білімін бекіту, сауатты жазуына, ойлауы мен танымдық қабілетін қалыптастыруға негізделгенін байқауға болады. Атап айтқанда, жоғарыдағы зерттеушілер осы мақсаттағы жаттығуларды әңгімелу, баяндау, іздену, ойын, тренинг, тесттік, сұхбат құру, рефлексиялық, проблемалық, грамматикалық т.б. деп те топтаған.

Оқыту тәжірибесінде бастауыш сыныпта оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту мақсатында оқыту әдістері мен жаттығу, тапсырмаларының барлығы зерттеу тақырыбымызға сәйкес дыбыс-бейнелік оқыту құралдары арқылы жүзеге асқанда ғана тиімді екендігі анықталды.

Тапсырмалар мен жаттығулар оқушының күнделікті өміріне қажетті мәселелерді шешуде қатысымдық әрекетке түсу үшін тілдік құралдарды дұрыс таңдап, жағдаятты бақылау, тану, түсіну, талдау, жинақтау, салыстыру, жіктеу, топтау, жалпылау секілді ой қорытындыларын жасап, белгілі бір стильде сөйлеп, жанрды тануға мүмкіндік беру үшін құрылды.

Қатысымдық жаттығу-тапсырмалар ауызша қатысым (хабарлау, баяндау, сипаттау, шешендік тәсілдерді қолдану), жазбаша (көшіру, ақпаратты өңдеу, жазбаша баяндау), шешен сөйлеу немесе көпшілік алдында сөйлеу (хабарлау, баяндама жасау, сипаттау, сұрақтарға жауап беру, дәлелдеу, пікірталасқа қатысу) болды. Жаттығу мазмұны, көбіне, сөйлемді толықтыру, сызба бойынша анықтау, сөз тіркесін, сөйлем құрастыру, сөздік жұмыс, сөздіктермен жұмыс, қарсы мәндес сөздерді табу, тест, сұрақ, ойын, рефлексиялық, сөйлеу жаттығулары, «Кубизм» интербелсенді жаттығу бойынша: текшенің жақтауларына жазылған сандардың түсуіне қарай алып белгіленген тапсырмалармен зерттеу түрінде жұмыс жүзеге асты.

Тәжірибелік-эксперименттік кезеңде қолданылған жаттығулардағы әрбір тыңдалым материалдарына интербелсенді тапсырмалар құрастырылып «Тыңдалым мәтіндерімен жүргізілетін жұмыс түрлерінің» (Қосымша Б), «Қысқа мерзімде сабақ жоспары» (Қосымша В), «Қатысымдық дағдыларды дамытуға бағытталған оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары» (Қосымша Г), жинағы жасалды. Жинаққа кірген тапсырмалар оқушылардың сөйлеу әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) дамытуға бағытталған. Сонымен бірге дыбыс-бейнелік материалдармен жүргізілетін тапсырмалар мен сабақ мақсатына қарай сыни ойлау дағдыларын дамытушы, шығармашылық пен грамматикалық сауаттылығын дамытуы деп топтастырдық.

2 сынып.

1. Сыни ойлау дағдыларын дамыту тапсырмалары:

- тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ құрастырып, жауап беру;

2. Шығармашылық тапсырмалар

- мәтіннің негізін ойын анықтап пікірін дәлелмен келтіреді;

3. Грамматикалық тапсырмалар

- қатені тауып түзетеді, сөздердің емлесін сақтап жазады;
- омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану;
- сөйлемдегі сөздерді сөз құрамына талдап, сызбамен сызып көрсетеді;
- дара және күрделі зат есімдерді сұрақ қоя отырып анықтайды;

3 сынып.

1. Сыни ойлау дағдыларын дамыту тапсырмалары:

- ашық және жабық сұрақтар құрастырып, жауап береді;
- мұғалімнің көмегімен фотосуреттер пайдаланып, мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құрастырады;
- түрлі жағдаяттағы (қоғамдық ортада) қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлейді;
- кейіпкердерді сипаттайды;

2. Шығармашылық тапсырмалар

- өз бетінше мәтіннің тақырыбын, негізгі ойды анықтайды;
- мәтіннің тақырыбы мен диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды; сөйлеу түрлерін анықтайды;
- жоспар құрып, тірек сөздерді қатыстыра отырып мазмұндама жазады;

3. Грамматикалық тапсырмалар

- мәтінге тән белгілерді анықтау, мәтін бөліктерін дұрыс қалыпқа келтіру;
- көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу;
- мәтін түрлерін: ғылыми және көркем мәтіннің айырмашылықтарын біледі;
- қаратпа, қыстырма сөздерді ажыратып, тыныс белгілерін дұрыс қойып жазады;
- *ч, щ* әріптері бар сөздерді қатесіз жазады;
- сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айтады, сауатты жазады (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл).
- негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасайды, түбірлес сөздердің мағынасын ажыратады;
- түбір сөзге -ы, -і дауысты дыбысынан басталатын қосымша жалғанған кездегі түбірдің өзгерісін сақтап жазады, өзгеруін түсіндіреді;
- сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажыратады;
- мұғалімнің көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын біледі, қояды;
- сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік), есептік сан есім, реттік сан есімдерді сұрақ қою арқылы анықтайды;

- мәтіннен жалқы есімдерді табады, көпше, жекеше түрлерін ажыратады;

- негізгі, туынды зат есім/сын есім/етістікті сұрақ қоя отырып анықтайды;

- тәуелдік жалғауларды дұрыс қолданады;

4-сынып.

1. Сыни ойлау дағдыларын дамыту тапсырмалары:

- мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастырып, жауап береді;

- дыбыс-бейнежазба мазмұнына өзіндік баға береді;

- кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіреді;

- сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, белгілі бір тақырып аясында сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысады;

2. Шығармашылық тапсырмалар

- сурет арқылы мәтіннің мазмұнын болжап мәтін құрастырады;

- жоспар бойынша мазмұндама жазады;

- тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып монолог құрастырады;

- мәтіннің түрлерін, жанрын, стилін (өмірбаян, мінездеме, жарнама, хабарландыру) салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды, дәлелдейді;

3. Грамматикалық тапсырмалар

- сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айтады;

- мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтап береді;

- әңгімелеу, сипаттау және пайымдау мәтіндерін құрап жазады;

- мәтіннен күрделі мүшелерді табады;

- сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажыратып, тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қояды;

- күрделі сөздердің түрлерін ажырата алады (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз);

- сөз таптарының сөйлемдегі қызметін сұрақ қоя отырып анықтайды;

- зат есімді септейді, тәуелденген сөздерді септейді;

- жіктік жалғауларының қолданысын біледі;

- етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолданады;

- үстеуді мағынасына қарай ажыратады, етістікпен байланыстырып, сөйлемде қолданады [147].

Қазақ тілі сабағында 2-4 сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда қажетті дидактикалық оқу құралдары оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану арқылы жүзеге асты. *Соның бірі – бейнеграмма.* Бейнеграмма термині грек сөзінен «бейне» және «грамма» жазу белгісі деген мағынаны білдіреді. Терминді М.В.Ляховицкий [148] 1981 жылы енгізген. Э.Азимовтың «Әдістемелік терминдер мен ұғымдардың жаңа сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары мәтінді немесе әртүрлі бейнелерді (суреттер, кестелер, сызбалар және т.б.) көру арқылы қабылдауға арналған. Үш топқа бөлінеді: табиғи (заттар, әрекеттер), көркем-бейнелік (оқу суреттері, картиналардан репродукциялар, слайдтар, диафильмдер, карталар), графикалық (кестелер, сызбалар). Орыс тілі

сабақтарында білім алушыларды оқыту мен қоршаған ортамен таныстыруда оқу құралы ретінде кеңінен қолданылады; олар тілдік сабақта оқу кешенінің құрамдас бөлігі бола алады немесе өзіндік жұмысқа арналған оқу құралдары түрінде берілуі мүмкін. Жүйелі жұмыс оқу үдерісін жандандыруға, сыныпта көрнекілік қағидасын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді» [50, б. 36].

Бейнеграмма – оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының бірі ретінде жүйелі қолданылған жағдайда оқушылардың оқу белсенділігі мен сабаққа қызығушылығын арттырады. Қазақ тілі сабағында қолданылатын *грамматикалық кестелер, сызба-сұлбалар, суреттер, картиналар, слайдтар, транспаранттар* т.б. бейнеграммалар қатарына жатады. Бейнеграммаларды демонстрациялау үшін интербелсенді тақта немесе диапроектор мен демонстрациялық тақта қажет.

Бейнефонограммалар. Бұған бейнефильмдер мен бейнебаян, кинофильмдер, мультипликациялық фильмдер т.б. жатады. Бүгінде бейнематериалдар CD, DVD дискілер түрінде ұсынылады. Бейнефильмдер, әдетте, дәстүрлі сабақтардың орнын басатын оқу материалдары жиынтығының бөліктері ретінде қолданылады [58]. Біз тәжірибемізде бейнефонограммаларды CD, DVD дискілер түрінде қосымша оқу материалдары ретінде ұсындық. Бейнефильм көмегімен оқу міндеттерін шешуге, оған оқушылардың қызығушылығын тудыруға болады. Фильмді көрсету реті, қарқындылығы, логикасы мұғалімнің қойған мақсаты мен әрбір мұғалімнің жеке әдістемелік жүйесіне сай өзгеруі мүмкін. Кинофильмдердің бірнеше артықшылығы бар: ол өзгешелік – өзге оқыту құралдарымен салыстырғанда, көлемді ақпараттың бейнелілігі, көру-есту бейнелерінің анықтығы, ашықтығы, әсерлілігі. Кинофильмдерді жүйелі түрде қолдану, тәжірибеде анықталғандай, тілдік-қатысымдық дағдыларды дамытады, оқу-танымдық әрекетті белсендіреді, оқушылардың зияткерлік деңгейін арттырады, олардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Оның ең басты ерекшелігі – шындық болмысты қозғалыста ұсынуға мүмкіндігі [58, б. 97]. Оқу кинолары – әсерлі болуы мен құбылысты не үдерісті экранда кез келген жылдамдықпен көрсете алуы артықшылықтарына ие. Оқу фильмдерінің топтамасы оқу пәнінің барлық мәселелерін қамтуда, біздің жағдайымызда, оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда қолданылады.

Оқу бейнематериалдарын қолданар алдында мұғалім оның көлемін, мазмұнының сапасын, көрсетілу сипатын, сабақ тақырыбымен байланысын, сәйкестігін, дыбыс сапасын, дидактикалық мүмкіндіктерін, оқушылардың жас ерекшеліктері мен дайындық деңгейіне сәйкестігін зерттеп алады. Егер материал ұзақ болса, оны үзінділерге бөлген жөн. Оған тән сипаттамалық ерекшелік – оның дидактикалық бағыттылығы. Әр үзіндінің ұзақтығы 4-6 минуттан аспауы тиіс. Бір сабақта көрсетілетін фильмнің жалпы макс. ұзақтығы - 20 минут. Алдымен бейнефильмнің сабақ құрылымындағы орнын анықтап алу қажет. Фильмді таңдарда оның тек білім берушілік қана емес, тәрбиелік құндылығына да назар аудару қажет. Бейнефильмді көру әдісін қолдануға дайындықтың ең маңызды кезеңі – ол оқыту құралының оқулықпен және

оқушының үй тапсырмасы мен өз бетінше жұмысының сипатын анықтайтын басқа да ақпарат көздерімен байланысын анықтау.

Бейнеүзінділер проблемалық жағдаяттар тудыру үшін тиімді. Ол проблеманы қою алдындағы кіріспе материал ретінде ыңғайлы. Кей кезде бейнеүзінділер арқылы сұрақтың туындауына жетелейтін тірек ақпараттар беріледі. Үзіндіде проблеманың туындау тарихын және оны шешу жолдарын көрсетуге болады. Ол оқушыларды таңқалдыратындай ақпараттардан құралған және шындықты анықтауға қызығушылығын тудыратындай болуы тиіс. Оқу пәндері бойынша бейнефильмдер жалпылық сипат бере отырып, көлемді материалды бейнелейді. Мұндай фильмдерді кіріспе және қорытынды сабақтарда қолдануға болады. Фильмді өңдеу арқылы жылдам жүретін үдерістерді баяулатуға, соның нәтижесінде оларды анық танитындай етіп, ұсақ заттарды үлкейтуге, жалпы және дерексіз ұғымдарды қозғалыстағы суреттер арқылы (мультипликациялар) көрсетуге мүмкіндік туады.

Оқушылардың қатысымдық қабілетін дамытуда диалогке үйретудің маңызы ерекше, олар – көрген фильмі туралы талқылауларға қатысу, әңгімелеу. Оқу бейнефильмдері оқушылардың оқу белсенділіктерін арттырады, сөйлеуге, пікірталасқа қатысуға ынтасын-қызығушылығын тудырады, есте сақтау қабілетін дамытады. Оқу фильмімен жұмыс барысы екі кезеңнен тұрады: фильмді көруге дейінгі оқу әрекеттері, фильмнен кейінгі оқу әрекеттері. Басты дидактикалық шарттарының бірі - фильм сабақ тақырыбына сәйкес болуы тиіс.

1-кезеңде ой қозғау, ассоциация әдісі арқылы фильм тақырыбына сәйкес балалардың түсініктері айқындалады. 2-кезеңде фильм бойынша сұрақ қою жүзеге асырылады. Фильмнің бір бөлігін дыбыссыз көру, рөлмен сөйлеу, жаңа сөздерді жазу, мәтіндегі бос орындарды толтыру, топтық немесе жұптық жоба дайындауға болады, сонымен қатар оқушылардан бейнеклиптің тақырыбы туралы ойларын, пікірлерін білу, кейіпкері туралы ақпарат іздеу секілді жұмыстар жүргізіледі. Мәселен, 3-сыныпта *«Адам досымен мықты»* атты тақырыпты өткен кезде режиссер Қарлығаш Әбдібаеваның *«Дос»* атты «Балапан телеарнасы» ұсынған фильмнен үзінді көрсетіп, екі дос арасындағы әзіл аралас қарым-қатынасты көріп, сахналық рөлдерде ойнауға тырысады. Мұндайда оқушылар диалогтік сөйлеуге қатысып, қатысымдық құзыреттіліктер деңгейінде оқу әрекеттерін орындайды. Сонымен қатар режиссер Рүстем Әбдірашевтің Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың балалық және жастық шағы жайында түсірген көркем фильмі *«Балалық шағымның аспаны»*, «Real Focus» балалар киностудиясы шығарған аталған режиссердің *«Копилка»* фильмінде бас кейіпкерлер оқушылардың заманының бәсекеге қабілетті тұлғасы болып қалыптасуына үлгі болады.

Телебағдарламалар (оқу теледидары). Оқу теледидарының дидактикалық мүмкіндіктері қабылдау үдерісін оңтайландырады. Білімді жалпылау - білім, іскерлік, дағды, құзыреттіліктердің жиынтығы. Тілдік құбылыстар бойынша білім қалыптастыру күрделі үдеріс, оны қалыптастырудағы маңызды кезең – жалпылау. Оқушы алдымен грамматикалық ұғымды, мәселен, 3-сыныптағы *«Қаратпа сөздерді»* терминінің аталуы арқылы емес, оның ішкі мазмұндық ерекшелігін, қызметін, мәнмәтіндегі орнын танып-біледі. Сондықтан қандай да

грамматикалық ұғымды меңгеру оқушының практикалық іс-әрекетімен, яғни көзбен көріп, құлағымен естіп тануы – білімде жаттандылық пен формализмнің болмауына мүмкіндік береді. Осы тұрғысынан оқушыларға грамматикалық ұғымдарды мәтін ішінде, фильм немесе аудиомәтіндер тыңдау барысында немесе қойылымдарда, дидактикалық ойындар барысында, процессуалдық әрекетте нақты міндетті шешу үшін қолдану оқу пәнінен алған білімді тұтасымен кеңінен және терең жалпылауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда сабақтың басты мақсаты – жалпылау көру, есту арқылы (оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары) ұйымдастырылған оқу жұмыстарының барлығы дерлік осы мақсатқа негізделеді. Оған қол жеткізу үшін жағымды оқу жағдаятын құрып, оқыту құралдарын кешенді қолданып, оқушылардың белсенді жұмыстарын ұйымдастыру қажет.

Қазіргі кезеңде балаларға арналған телебағдарламалар арнайы белгілі бір уақытта көрсетіледі. «Хабар» телеарнасы ұсынған «*Өзін-өзі тану*», «*Өнегелі ғұмыр*», «*Тарих. Тағдыр. Тұлға*» тележобалары, «Torgai TV», «Balapan TV», «Қазақстан Ұлттық арнасы», «Almaty TV» т.б. телеарналар мен телестудиялар мен студиялар ұсынған балаларға арналған бейнефильмдер мен мультипликациялық фильмдерін қазақ тілі сабақтарында тиімді қолдану бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда маңызы зор болды. *Теледидар оқу бағдарламаларының* ерекшелігі – оқушыларға эмоционалды әсер етуі, ол оқу материалын қабылдауға және жақсы есте сақтауға, зерттелетін сұраққа ерік-жігерін бағыттауды жүзеге асыру мен оған деген қызығушылықтың пайда болуына ықпал етеді.

Телебағдарлама деректі және тарихи материалды кеңінен көрсетуге өте қолайлы. 4-сыныпта «*Мамандықтар әлемі*» атты модульде «*Алматы*» теледидарындағы балаларға арналған «*Жас таланттар*» телебағдарламасында «*Кім болам?*» атты телеқойылымды қызықтауға болады, сондай-ақ «*Арқа дидары*» телеарнасы ұсынған «*Өрелі өнер*» атты телебағдарламасын қызықтап, оқу жұмыстарын түрлендіріп ұйымдастыруға болады.

Дыбыстық (аудио) жазбалар – радиохабарлар, дыбыстық жазбалары, фонохрестоматия, үнтаспа, аудио оқу құралы. Аталған оқыту құралының дидактикалық мүмкіндіктері оны тиімді қолданудың мына қырларына назар аудартады:

- ақпаратты жазу және есту құралы ретінде;
- жүргізілген практикалық жұмыспен үйлесімділігін орнату құралы;
- оқушыларға педагогикалық-психологиялық тұрғыдан ықпал ету құралы ретінде;
- мұғалімнің тапсырмасы бойынша шығармашылық жұмыстарда;
- тексеру және бақылау жұмыстарында [149,б. 122].

Дыбыстық жазбаларды диктанттар жүргізу үшін, оқушылардың жауаптарын жазып алу үшін, экрандық құралдарды дыбыстау үшін немесе сабақты музыкалық сүйемелдеу үшін де қолдануға болады. Жазбалар ішіне ғалымдардың, белгілі адамдардың, ғылым мен техниканың түрлі саласының мамандарының, мектептің танымал тұлғаларының сөйлеген сөздерін, т.б. енгізуге болады.

Осылайша, дыбыстық жазбаның мазмұны әртүрлі болы мүмкін, соған сай оның дидактикалық қызметтері де әртүрлі. Мысалы, бақылау диктанты бұл жұмысты бірнеше топпен (сыныппен) қатар жүргізгендегі мұғалімнің уақыты мен күшін үнемдейді. Оқушылардың жауаптарын жазу мұғалімге оны мұқият талдауына мүмкіндік береді. Одан бөлек, қорытынды бақылау жұмысына даярлық кезінде оқушыларға сыныптасының тапсырмаға берген жауабын тыңдату және бағалату үшін ұсынуға болады. Мысалы, 3-сынып оқулығында берілген *«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»* тақырыбы бойынша берілген мәтінді оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға арналып әзірленген мәтіндер топтамасынан (дискіге жазылған) пайдалануға болады [80, б. 41]. Үлгілері «Бізде көңілді!» білім беру сайтында ұсынылған.

Жалпы білім беретін мектептердің онлайн форматына оқуға өтуіне байланысты қашықтықтан оқушылармен ғаламтор желісі арқылы байланыс орнатып интернет платформалары арқылы жұмыс жүргізілді. Онда пәннің, оқушылардың жасерекшеліктері ескерілді. Zoom, Google Meet платформаларының Padlet тақтасымен сабақ барысында сілтеме жібере отырып сыныптың барлық оқушыларымен топтық, ұжымдық жұмыс жіргізілді. Quizizz.com, Google Forms арқылы оқушылардың білімдерін тексеру мақсатында ашық және жабық тестілік тапсырмалар орындатылып, эссе жазып отырды.

«LearningApps», «Kahoot», «Quizizz» бағдарламаларына дыбыстық мәтіндер, таныстырылым (слайд), суреттер мен бейнебаяндар жүктеліп кері байланыс тестілік тапсырмалармен іске асырылды. Бұл нәтиже сабақ, ТЖБ мен БЖБ жұмысын алуда қолайлы болуымен қатар оқушылардың сабаққа деген танымдық қызығушылықтарының қалыптасуына, қатысымдық дағдыларының дамуына ықпал етті.

Сонымен қатар онлайнға өту кезеңінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің ұйымдастыруымен әдістемелік көмек ретінде республикалық «Балапан», «Елорда» телеарналарында республиканың тәжірибелі мұғалімдерімен түсірілген онлайн сабақтар оқушылар үшін білімін толықтыруға, ал мұғалімнің көмекші құралына айналды.

Сабақ үлгілерін түрлендіріп өткізуге болады. Қаратпа сөздері мен оның қызметі, тыныс белгілерін түсіндіруде *«Балақай»* өлеңін, қосымша оқу құралы ретінде берілген дискідегі 20-сабақты тыңдатып, өлеңді оқу арқылы балаларға осыған байланысты суретті көрсетіп, сабақты қызықты ете түсуге болады. Сондай-ақ қыстырма сөздерді меңгертуде *«Айтыс»* мәтінін тыңдатуға (оқу дыбыстық жазбадағы 20-21-сабақ) [80], оқулықтың 47-бетіндегі *«Жақсы мен жаман»* өлеңін тыңдату арқылы соңын логикалық ойындармен жалғастыруға болады. Мұндағы мақсатымыз – оқушының ес-жадысын жаттықтыру, оқу мотивациясын күшейту, қызықтыру.

Білім беру сайттарындағы *«Балаларға арналған қазақ әндері»* атты айдарымен берілген жинағынан [150] кейбіреуін тыңдату арқылы, олардың ішінен қаратпа сөздерді тапқызып, сабақты одан әрі қызықты етіп ұйымдастыруға болады. Мәселен, *«Қазақы дастарқан»* әнінің мәтінін тыңдатып, қаратпа сөздерді тапқызуға болады. Әннің мәтініндегі *Ей, халайық, халайық, дастарқан-ау, дастарқан, айналайын, ағайын т.б.* қыстырма

сөздердің қолданылу қызметін интербелсенді тақтада демонстрациялап көрсетуге болады.

Интернет-ресурстарды қолдану, қашықтан оқыту. Қоғамның қазіргі даму кезеңі адам әрекетінің барлық саласына еніп жатқан, жаһандық ақпараттық кеңістік құрып, қоғамдағы ақпараттар легінің таралуын қамтамасыз ететін компьютерлік технологияның қарқынды ықпал етуші құралға айналуымен сипатталады. Бұл үдерістердің ажырамас және маңызды бөлігі білім беруді компьютерлендіру болып табылады.

Ақпараттық технологиялар қазіргі уақытта жоғары қарқынмен дамып келе жатыр және ол мультимедиа, гипермәтін, модельдеу, интербелсенділікпен қоса технологияның бұрыннан бар мүмкіндіктерін қолдануға ықпал етеді. Ең негізгі қырларының бірі – интербелсенділік, диалогті синхронды және асинхронды форматта құру мүмкіндігі. Технологияның басқа түрлері, мысалы, бейнетехнологиялар, интербелсенді теледидарлар да диалогтің туындауына ықпал етеді, бірақ мұндай диалог іштей, адамның өз-өзімен ғана жүреді немесе өте шектеулі мүмкіндіктер береді. Компьютерлік технологиялар басқа субъектілерімен диалогтік деңгейге шығуға ықпал етеді, сөйтіп, білім алушылардың белсенділігін анағұрлым арттырады [151, б. 44].

Психологтар жүргізген зерттеулер оқу үдерісінде компьютерді қолдану мәселені тереңірек түсінуге, пәнге қызығушылықты арттыруға, оқу және қажетті әдебиеттермен белсенді жұмыс жасауға ықпал ететінін көрсетті.

Ақпараттық танымдық тапсырмалар жиынтығының білім беру қызметіне келесілерді жатқызуға болады:

- тілдік-қатысымдық қабілеттерін қалыптастыру;
- ақпараттық технологияны танымдық іс-әрекет құралы ретінде қолдануға төселдіру;
- логикалық және аналитикалық ойлауын қалыптастыру;
- ақпараттық кеңістікте практикалық жұмыс істеу дағдыларын меңгеру;
- ақпаратты өздігімен іздеу, таңдау, өңдеу іскерлігі;
- ақпараттық мәдениеттің бастапқы элементтерін қалыптастыру;
- оқу үдерісіне эмоционалдық-жағымды қарым-қатынасын туғызу;
- өзіндік іс-әрекетін дамыту;
- ұжыммен жұмыс жасай алу дағдысын қалыптастыру;
- танымдық қызығушылығын дамыту [77, б. 84].

Ұсынылып отырған электрондық дидактикалық құралдың, электрондық кешеннің, электрондық танымдық тапсырмалардың оқушылардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттыруда баспа оқулығымен салыстырғанда маңызы зор. Өйткені мұндай құралдар мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты жүзеге асыруға жағдай жасайды. Оқу материалын сурет, сұлба, графика, диаграмма, дыбыстық-бейне құралдары тәрізді кескіндік, дыбыстық элементтермен иллюстрациялануы оқушыға материалды меңгеруге, оқу материалындағы беріліп отырған құбылыстар мен үдерістердің табиғатын толық түсінуге мүмкіндік береді [151, б. 149].

«Есту және көру - адамдар үшін негізгі ақпарат көзі». Сондықтан оқыту үрдісінде дыбыс-бейнелік көрнекілікті тиімді қолдану керек. Орташа алғанда,

біз ақпараттың 70% -ын көру арқылы аламыз, ал шамамен 20% -ын есту арқылы аламыз, қалған 10% -ы басқа сезім мүшелерінің үлесінде [152, б. 17].

«Дыбыс-бейнелік оқу құралдары оқу үрдісінің логикалық қорытындысы ретінде есте сақтауда үлкен рөл атқаратынын ескеру қажет. Олар алынған білімді бекітуге, материалдың логикалық бірізділігін сақтауға, зерттелген материалды жүйелеуге көмектеседі» [153, б. 11].

Оқытудың әртүрлі техникалық құралдары теледидарларды, бейнефильмдерді, диафильмдерді, дыбыстық жазбаларды пайдалану жұмыс тиімділігін және сабақ формаларын өзгерте отырып, оның эмоционалдылығын арттырып, сабақтың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді» [153, б. 17].

Интернет желісіне қосылған компьютер арқылы оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиясын тиімді қолдануға болады. Бұл – дыбыс-бейнелік оқыту құралдарының кеңінен тараған түрі. Қазіргі кезеңде «цифрлық білім беру ресурстары - электрондық оқыту жүйесінің негізгі бір құрамды бөлігі. Олар - оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статистикалық және динамикалық модельдер, виртуальді нақтылық пен интербелсенді модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар мен басқа да оқу материалдары» болып табылады [123]. Осы тұрғыдан интернет желісіндегі балаларға арналған әртүрлі оқу – білімдік мақсат көзделген сайттармен жұмыс істеуге болады.

Сайттағы мақал-мәтел, аңыз ертегілер, дыбыстық ертегілер, (аудиоертегі, ойындар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, мультфильмдерді т.б. оқыту үрдісінде тиімді пайдаланылды. Бастауыш сыныпта оқыту *үрдісінде дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын* қолдану оқушылардың тілді жетік меңгеруіне, қатысымдық құзыреттілігін дамытуға, оқушының тілді қызыға меңгеруі секілді тұрақты оқу мотивацияларын қалыптастыруға үлкен септігін тигізеді.

«Цифрлық» дәуірде балаларға арналған қазіргі технологиямен қазақ тілін оқып, дамыту маңызды. Интернет желісіндегі мультимедиялық материалдарды дидактикалық мақсатта іріктеп, өңдеп қолдану – оқушының білім алу кеңістігінің көкжиегін кеңейтеді. Оқыту тәжірибесінде оқушылардың қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қолдану арқылы дамыту жүйесімен байланысты мынадай *балаларға арналған* вебсайттар үлгілерінен ішінара қолданылды:

www.balatili.kz – сайты қазақ тілін оқып-үйренушілерге, мұғалімдерге, ата-аналарға арналады. Сайтта: «Сайт интуитивті іздеу жүйесі мен ыңғайлы навигация жүйесі бар онлайн платформа негізінде жұмыс істейді», - делінген.

www.erketai.kz/ - балалар мен ата-аналарға және балабақша тәрбиешілері мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған сайт.

3-сыныпта «*Қазақ тілі. I-бөлім*» бойынша берілген оқу материалдарымен жұмыста сайттағы жануарлардың суретін құрастыру ойынын ойнатамыз. Оқушылар осы айдардағы пазлдарды құрастырады және сол аң туралы әңгімелейді. Осы сайтта берілген «Екі аяз» аудиодыбыстық ертегісін тыңдатып, әртүрлі тіл дамыту жұмыстарын жүргізуге болады [154]

<http://kerekinfo.kz> – балаларға арналған ертегілер мен мақал-мәтелдер, тақпақтар мен өлеңдер сайты. Мұнда оқушылар өз портфолиосы үшін қызықты материалдар таба алады. Сонымен қатар аталған сайтта электронды кітапхана, байқаулар, мұғалімдер мен ата-аналарға арналған кеңес айдарлары бар.

<http://balalarele.kz/> - балалар әлемі электронды журналының ресми сайты. Журналдағы айдарлардың мазмұны өте бай: Ертегілер, Ойын паркі, Энциклопедия, Қызықты мәліметтер, Денсаулық, Тарихи тағылым, Жануарлар әлемі, Мультфильм, Мақалалар, Мультфильм, Өлеңдер, Қолөнер, Мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар, Өзілдер бар.

3-сыныптың «Қазақ тілі.1-бөлімі» бойынша «Жақсыдан үйрен, жаманнан жүрен» атты тақырыпты өткенде сайттағы дыбыссыз құрылған «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» атты мультфильміне оқушылардың өзі сценарий құрып, мәтін құрастырып, рөлдерге бөліп ойнайды.

Сонымен қатар қазақ-орыс тілінде құрастырылған сайттардан да оқу материалдарын таңдап алуға мүмкіндік бар.

Олар: <http://www.disney.ru/> - «Disney сиқырлы әлемі», <http://345-games.ru/> - 3-5 жастағы балаларға арналған дамыту ойындары, <http://www.umniki21.ru/> - «Умники 21» порталы. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту, мектепке көпбейінді дайындық жүргізу, <http://detskiy-mir.net> – балаларға арналған «Сенің балалық әлемің» сайты, <http://1001skazka.com> – балаларға арналған сайт, <http://detgazeta.ru> - «Детская газета» сайты: блог, форум, бас қатырғыштар, анекдоттар, мультфильмдер, бояп сурет салу, <http://playroom.com.ru> - балалар «Ойын бөлмесі»: әндер, өлеңдер, ойындар, т.б. <http://skazochki.narod.ru> - «Балалар әлемі» балалар сайты: жұмбақтар, әндер, мультфильмдер, <http://children.kulichki.net> – балаларға арналған әзілдер, <http://solnet.ee> - «Солнышко» балалар порталы, <http://koshki-mishki.ru> – балаларды дамыту сайты, <http://ladushki.ru> – бөбектер сайты, <http://comics.ru> – балалар комикстері сайты, <http://smeshariki.ru> – күлкілі-смейшариктер сайты, <http://maciki.com> – балалар әндері, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, бесік жырлары қамтылған. Мұғалімнің басшылығымен желілік ойындар мен онлайн олимпиада, онлайн конкурстарға қатысу, электрондық пошта, форумдар т.б. жеке немесе ұжымдық формада қатысуға болады. Осы және жоғарыда көрсетілген сайттардың үлгілері негізінде «Бізде көңілді!» атты авторлық сайт әзірленді. Сайттың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының сөз мәдениетін қалыптастыру, қатысымдық дағдыларын дамыту. Оның мазмұнында: аудиомәтіндер, суреттер, сабақтың қысқа мерзімді жоспары, бейнебаяндар бар. Сайтта оқушылардың жазба сауаттылығын арттыру мақсатында Эмма Птицына құрастыруы бойынша *графикалық диктант үлгілері беріледі*: 1 клетка жоғары, 1 тор көз төмен, 1 тор көз жанына қарай сызу. Біз де осындай графикалық диктант түрін жүзеге асыруға талпындық. Оқыту тәжірибесінде тиімді қолданылған, біз ұсынған «Бізде көңілді!» вебсайтындағы ақпараттардың мазмұны: бейнебаяндар тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге (теориялық, практикалық материалдар кездеседі) де арналады. Осыған орай суреттер, сабақ үлгілері атты айдарларлар да қамтылған.

Жалпы алғанда, оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыруда оқытудың лингводидактикалық қағидаттарының ескеріліп отырғанын ерекше атап өтуге болады. Мұндағы қатысымдық дағдылардың көрсеткіштері диалогтік, монологтік сөйлеу, пікірталас, сұхбаттарға қатысу үдерісіндегі көпшілік алдында сөйлеудегі көркемдеуіш құралдарды қолдана білу, бейвербалды құралдарды қолдану ерекшеліктері (ым-ишарат, бет-әлпет т.б.), тұлғаралық қатысымға түсу, ауызша, жазбаша қатысым (мини-эссе т.б.), қатысымдық бірліктерді дұрыс қолдану (сөз, сөйлем, хабарлы, сұраулы, лепті және бұйрықты, құрмалас сөйлем, мәтін т.б.), шығармашылық жағдаятта жұмыс істей білу, тыңдай білу, хабарлау, баяндау біліктілігі, сипаттау (тақырыпты түсіну, талдай білу, қасиеттерін тану, құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық, уақыт қатынастарын түсіну, сөздерді таңдай білу, сөйлем құраудың қатысымдық бірліктерін дұрыс қолдану ережелерін білу), қатысым әрекетінің интенциясын атайтын етістіктер (бағыттау, алғыс айту, сену, келіспеу, қауіп келтіру, кешірім сұрау, түсіндіру, жақсы көру, ой салу, сөз беру, бұйрық беру, кеңес беру, талап ету, қорқыту, мақтау, бағалау, ұрсу т.б.), пікір алмасу, кері байланыс жасай алу, адамдарды дұрыс танып, түсіну (көңіл-күйі мен мінез-құлқын т.б.), қарым-қатынас жасау жағдаятын білу (сөйлеу нормалары, ынтымақтастық), мақсат қою, жоспарлау, талдау, т.б. коммуникативтік дағдылардың қалыптасу ерекшеліктерін анықтайтын өзекті мәселелер үнемі бақылауда болды. Қазіргі кезеңде бастауыш сыныптағы оқытуда оқушының тұлғалық қасиеттерінің бірі көшбасшылық қатысымдық дағдылардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Осы жөнінде арнайы зерттеу жұмысын жүргізген авторлардың бірі А.Аспанованың [114, с. 35] пікірлері де басшылықта болды. Оның авторлық сайтында *психологиялық ертегілер, психологиялық ойын-тренингтер, лэпбук, көшбасшылық шеберлік топтары, сұхбат, шығармашылық зертханалар, рөлдік жағдаяттық іскери ойын үлгілері* ұсынылған.

Оқытудың дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын тиімді қолдану сабақтың тақырыбы, мақсаты мен міндеттеріне, оқытуды ұйымдастырудың формалары мен түрлеріне, берлетін білім мазмұны оқушылардың жас, дара ерекшеліктеріне байланысты анықталады. Оқушылар нақты көрген бейнелеріне сүйене отырып, мұғалімнің басшылығымен оларды салыстырады, талдайды, негізгі ойды анықтайды, белгілі бір ой қорытындысын жасайды, жалпылайды. Осылайша, мұғалім оқушылардың бейнелі қабылдау мен белсенді ойлау әрекетінің біртұтас үдерісін ұйымдастырады. Оқытудың дыбыс-бейнелік оқыту құралдарының дидактикалық мүмкіндіктерін төмендегідей анықтауға мүмкіндік бар:

- ақпарат көзі болып табылу;
- оқу ақпаратын ұсыну формаларын ұтымды ету;
- көрнекілік дәрежесін арттыру, ұғым, түсініктерді, оқиғаларды нақтылау;
- білімді қабылдауды тиімді ұйымдастыру және оған бағыттау;
- оқушылардың ғылыми көзқарастарын қалыптасытру, олардың қызығушылығын қанағаттандыру;

- оқушылардың ғылыми және мәдени қызығушылықтары мен сұраныстарына барынша толық жауап бере алу;
- оқу ақпаратына оқушылардың эмоционалды қарым-қатынасын қалыптастыру;
- ерекше, жаңа құрылымдар, технологиялар, машиналар, қондырғылар арқылы оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыра түсу;
- техникалық оқыту құралдарынсыз қолжетімді болмайтын материалды оқушылар үшін қолжетімді етіп ұйымдастыру;
- оқушылардың танымдық қызығушылығын белсендіру, материалды саналы түрде меңгеруге ықпал ету, оқушылардың ойлау, қиялдау, байқампаздық қабілеттерін дамыту;
- білімді қабылдау, жалпылау, жүйелеу және бақылау құралы болуы;
- теория мен практиканың байланысын орнату;
- оқытудың мейлінше тиімді формалары мен әдістерін қолдануға, біртұтас педагогикалық үдерістің негізгі қағидаттары мен оқыту тәртібін (ережесін) жүзеге асыруға жағымды жағдай жасау;
- оқу ақпаратын жинақтап көрсету және қарқынын арттыру нәтижесінде мұғалім мен оқушының уақытын, күш-қуатын үнемдеу [40, б. 64].

Осылайша, *дыбыс-бейнелік оқыту құралдары* оқу пәнінің мазмұнын тереңірек түсінуге, оқушылардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастыруға, оқу тәсілдерін түрлендіруге, оқушы іс-әрекетін бір түрден екінші оқу әрекетіне ауыстыруға, оқушылардың өтіліп отырған сұраққа назары мен қызығушылығын, туындаған қиындықты жеңуге ерік-күшін жұмсауға дайындығын дамытуға, сөйтіп оқушылардың қазақ тілінен қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуға барынша ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, *дыбыс-бейнелік оқыту құралдарының* тиімділігі нақты оқу мақсатына, міндеттеріне, оқу материалының, мұғалім мен оқушының еңбегін ұйымдастыру формалары мен әдістеріне, ерекшеліктеріне, материалды-техникалық жағдайлар мен мүмкіндіктерге сәйкес анықталады.

2.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Алматы қаласы «№15 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекеме базасында ұйымдастырылды. Экспериментке 240 оқушы қатысты, анықтау экспериментінен соң, бақылау тобы мен тәжірибелік сынып бойынша 165 оқушы қатысты. Тәжірибелік топта (ТТ) – 82 оқушы, 2-сыныпта - 27, 3-сынып- 28, 4-сынып -27, бақылау тобында (БТ) – 83 оқушы, 2-сыныпта -27, 3-сыныпта -28, 4-сыныпта -28 оқушы қатысты.

Кесте 9 – Тәжірибеге қатысатын репрезенттер көрсеткіші

Топтар	Барлығы	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Тәжірибелік	82	27	28	27
Бақылау	83	27	28	28

Оқу бағдарламасын тәжірибеден өткізу мақсатында үш кезенді тәжірибе өткізілді. Олар: анықтау, оқыту-қалыптастырушы, нәтижелерді қорыту, бақылау кезеңдері.

Эксперименттік тәжірибе топтармен қатар жүргізілді.

Анықтау эксперименті және оның нәтижелері.

Мақсаты: бастауыш білім беру жүйесінде 2-4 сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларының даму деңгейі мен осыған сәйкес білім мазмұнының қамтылуын, әдістемелік жүйесі тәжірибелерін бақылау, дыбыс-бейнелік оқу құралдарын қолдану деңгейін, оның дидактикалық мақсатта жүзеге асуының тиімділігін анықтау мақсаты көзделді.

Анықтау кезеңінде, негізінен, қолданылған зерттеу әдістері: оқулықтар мен бағдарламаларды талдау, оқу үрдісіне жалпы бақылау жасау, бақылау жұмыстары, тест, сауалнама, сұхбаттар, нәтижелерді сапалық-сандық талдаулар.

Мақсатқа жетудегі алға қойылған міндеттер:


- білім мазмұнындағы, яғни оқулықтар мен оқу құралдарының оқушының қатысымдық дағдысын дамытудағы маңызын анықтау;
- мұғалімдердің қатысымдық бірліктер мен сапалық қасиеттерін игертудегі басты ұстанатын дидактикалық қағидаттарын талдау;
- сабақтың түрлендірілу деңгейін айқындау;
- оқушылардың өздік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру жолдарын қарастыру;
- дыбыс-бейнелік оқу құралдарын қолдану деңгейлерін белгілеу;
- айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым әрекеттері ретінде шығармашылық жұмыстардың қамтылу деңгейі;
- оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытудағы орындалатын жұмыстардың түрлерін саралау;
- қатысымдық дағды қалыптастырудағы оқыту үдерісін тиімді ұйымдастырудағы кемшіліктерді анықтау;
- қатысымдық дағдыларын дамытудағы оқу мотивациясын күшейту мақсатындағы қолданылатын көрнекіліктер түрлерін анықтау;
- өз бетінше орындалатын, ізденімдік бағыттағы тапсырмаларды орындау деңгейлеріне бақылау жасау;
- анықтау кезеңінде педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруда дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қолдануға байланысты жаттығу-тапсырмалар орындау, саралау т.б. әдістерін қолдану.

Анықтау кезеңінде мұғалімдерге сауалнама берілді. Оның мақсаты – бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу үдерісінде оқушылармен өзара оқу әрекеті мен субъектілік кәсіби әрекетінде дыбыс-бейнелік оқу құралдарын қолдану арқылы баланың қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесінің тәжірибелік деңгейін анықтау, яғни мұғалімдердің оқыту үрдісінде қазақ тілі сабақтарында оқушылардың қатысымдық дағдысын дамытудағы атқаратын жұмыстарының түрлерін анықтау және оқыту құралдары, соның ішінде дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қаншалықты тиімді қолданатындығын анықтау және оқу-


әдістемелік кешеннің құрылымдық-мазмұндық моделінің жүзеге асу барысын сараптау.

Кесте 10 – Сауалнама үлгісі

Сауалнама сұрақтары	Иә	Жоқ	Жауап беру қиын
Оқулықтағы мәтіндер, суреттер, оларға құрылған тапсырмалар мен жаттығулар оқушының қатысымдық дағдысын дамытуға мүмкіндік бере ме?	58 %	37 %	5 %
Оқушының қатысымдық дағдыларын дамытуда оқу құралдары, дидактикалық материалдар жеткілікті ме?	38 %	45 %	17 %
Дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын жиі қолданасыз ба?	35 %	55 %	10 %
Қандай түрлерін жиі қолданасыз?	+ белгісін қойыңыз		
кинофильм			
диафильмдер			
мультипликациялық фильмдер			
телехабарлар			
бейнежазбалар			
радиохабарлар			
дыбыстық таспа жазбалары			
электрондық оқулықтар т.б.			
Қатысымдық әдістерден қандай жаңа әдіс-тәсілдерді қолданасыз?			



Сурет 21 – Тәжірибеге қатысушы респонденттердің, мұғалімдердің оқушылардың қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік құралдар арқылы дамыту деңгейлерінің көрсеткіші



Сурет 22 – Мұғалімдердің дыбыс-бейнелік оқу құралдарын қолдану деңгейінің көрсеткіші

Дыбыс-бейнелік оқу құралдарын қолдану жиілігі мен түрлерін қолдану деңгейлері бойынша қатысқан мұғалімдердің жауаптары бойынша диагностикалық өлшем төмендегідей белгіленді:

Жоғары – 55-тен жоғары ұпай жинағандар;

Орта – 35-тен 55% аралығында жинағандар;

Төмен – 35-тен төмен ұпай жинағандар.

Сауалнама нәтижесінде экспериментке қатысқан 15 мұғалімнің 38 % -ның жоғары, 50%-ның орта, 12%-ның төмен екендігі анықталды. Қорытындысында, мұғалімдердің қазақ тілін оқыту үрдісінде оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыруда дыбыс-бейнелік оқу құралдарын жеткілікті қолданбайтындығы белгілі болды.

Дыбыс-бейнелік құралдардың түрлеріне қарай қолдану сауалнамасының нәтижесінде экспериментке қатысушы 15 мұғалімнің дыбыс-бейнелік оқу құралдарын қолдану деңгейінің көрсеткіші 20%-дан 45% аралығын көрсетті. Қорытындысында бастауыш мектеп мұғалімдерінің қазақ тілі сабағында дыбыс-бейнелік оқу құралдарының түрлерін қолдануы жеткіліксіз екені белгілі болды.

Мұғалімдермен «Оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесі» семинар-тренинг оқушылардың ауызша сөйлеуі мен жазба тілін дамытудағы тәжірибелерімен танысып, бақылау мақсатында жүргізілді. Мұнда мұғалімдердің оқушылармен жұмыс барысында олардың қатысымдық дағдыларын дамытуда жиі кездесетін кемшін тұстар анықталды. Олар, негізінен, бастауыш оқушылары үшін оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының жеткіліксіздігі, аталған көрнекі оқу құралдарының ақпараттық,

дидактикалық, интербелсенділік, бақылау жасау қызметтеріне баса мән берілмейтіндігі байқалды. Осымен байланысты сабақта оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда дыбыс-бейнелік құралдарды қолданудың әдістемелік жүйесін әзірлеу міндеттері қойылды.

Оқушылардың қатысымдық дағдыларының даму деңгейлерін диагностикалау Е.Ю.Бруннер, Е.Е.Тунник, А.А.Реан, Г.А.Цукерман, Т.А.Фотекова, М.Ступницкая, Г.Р.Хузеева, К.Ж.Төребаева, М.Н.Есенғұлова, Е.А.Зайцева, Г.В.Кухтерина, Е.А.Кукуевтер қарастырған диагностикалық әдістер бойынша оқушылардың оқу әрекетіндегі қатысымдық тапсырмаларды орындаудағы қабылдау, танымдық уәж, зейін қою деңгейлерін диагностикалау мақсатында қолданылады.

Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда танымдық уәждің алатын орын ерекше. Айта кететін маңызды жайттардың бірі, ғалымдардың зерттеуінше, сынып жоғарылаған сайын, яғни 2-3-сыныптарда оқушылардың танымдық мотивацияларының төмендейтіндігі байқалған [81; 155]. Осымен байланысты А.А.Реан оның себебін оқушылардың әлеуметтік уәждерінің әлі жаңа түрінің қалыптаспағандығымен байланыстырады [156, б. 325]. Оқушылардың қатысымдық дағдыларының қалыптасу деңгейлері тест арқылы зерттелді. Оның мақсаты қатысымның зияткерлік аспектісін анықтау мақсатында жүргізілген әңгімелесушілердің өзін ұстауы, ынтымақтастықта бірлесе отырып жұмыс істеу деңгейлерінің қалыптасуы (кооперация), қабылдауы, зейіні, ес-жадыда сақтау тәрізді оқушылардың психикалық ерекшеліктерін анықтау болды.

Диагностикалық зерттеулер әртүрлі формада алынды: мәтіндер, суреттер, дыбыс-бейнелік оқу құралдары, компьютерлік бағдарламалар т.б. нәтижелері оқу конференциялары, оқушы қойылымдары, т.б. көрініс тапты.

Оқушылардың қатысымдық дағдыларының даму деңгейін анықтаудағы маңызды орын алатын бірлесе ынтымақтастықта жұмыс істеуі, өзара көмек, көңіл-күйінің тұрақтылық деңгейін зерттеу Г.А.Цукерманның «Қолғаптар» әдісі бойынша оқытудың жұптық формасы түрінде жүргізілді.

2-сыныпта: *Зерттеу әдісі:* «Қолғаптар» (Г.Цукерман әдісі бойынша).

Бағалау әдісі – бақылау.

Тапсырма: екі оқушыға да бір қолғаптың суреті салынған үлестірме қағаз беріледі. Жұп қолғап болу үшін екеуін бірдей етіп бояу тапсырылады.

Құралдар: қолғап салынған суретті қағаз, түрлі-түсті қарындаштар мен фломастерлер.

Бағалау өлшемдері:

- бірлесе отырып жұмыс істеу деңгейі: бір-бірімен келісімге келуден көрінеді;

- өзара көмек: суретті бояу кезінде көрінеді;

- көңіл-күйінің көрінісі: ынталанып кірісу, ынтасыздық, келіспеушілік, ренжу.

Төмен деңгей: қолғаптардың бояуы ұқсамайды, өзара келісе алмайды;

Орта деңгей: бояулары сәл ұқсайды, өзара келісушілік төмен деңгейде;

Жоғары деңгей: бояулары ұқсайды, талқылайды, келісе, бірлесе отырып жұмыс атқарады.

3-сыныпта қолғапқа ою-өрнек салу, **4-сынып** оқушыларына тапсырманы одан да күрделірек етіп, қолғап ұштарын басқа бояумен бояу тапсырылады.

Материал: бір қолғап, қарындаш, акварельді бояу т.б.

Бағалау өлшемдері:

- бірлесе отырып жұмыс істеуін өнімділігін өрнек-оюларына қарап анықтау;

- келісе білу дағдыларының қалыптасуы бір шешімге келуінен көрінеді;

- өзара бақылау әрекет кезінде көрінеді;

- өзара көмек сурет салу кезінде көрінеді;

- эмоционалдық халі: *ынталанып істейді, ынтасы, келісімге келе алмау,*


т.б.

Төмен деңгей: ою-өрнек ұқсамайды, өзара келісе алмайды;


Орта деңгей: кейбір жерлері ұқсайды, бояуы солғындау, ұқсамайды;

Жоғары деңгей: ұқсайды, талқылап отырып, келісе отырып, бірлесе отырып, жұмыс атқарады.


Нәтижелері төмендегідей болды:



Сурет 23 – 2-сыныпта қолғапқа ою-өрнек салу тапсырмасын орындау нәтижесінің көрсеткіші



Сурет 24 – 3-сыныпта қолғапқа ою-өрнек салу тапсырмасын орындау нәтижесінің көрсеткіші



Сурет 25 – 4-сыныпта қолғапқа ою-өрнек салу тапсырмасын орындау нәтижесінің көрсеткіші

Осылайша, оқушылардың қатысымдық деңгейлерінің көрсеткіші Г.Цукерман диагностикасы бойынша анықталды. Сонымен қатар оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастырудағы грамматикалық дағдыларының қалыптасу деңгейін диагностикалау Т.А.Фотекованың зерттеулері бойынша өтті [157].

Тапсырма үлгілері:

1-тапсырма. Сөйлемдерді қайталаңдар.

1. Ең үлкен жануар – піл, ең ұзын жануар – керік.

2. Арыстан, жолбарыс, аю – жыртқыш аңдар.
3. Түйелер 40 күнге дейін су ішпей жүре алады.
4. Балықтың көзінде қабақ болмайды, сондықтан олардың көзі ешқашан жабылмайды.
5. Ақ аюдың терісінің астында 10 см.-дей май болады, ол оны суықта тоңдырмайды.
6. Шимпанзе – денесі үлкен, өте ақылды маймыл.
7. Адамдар, негізінен, ит, мысық, қоян асырағанды ұнатады.
8. Адамдардың әрекетінен ормандар азайды, жануарлардың да саны азайды.
9. Адамдар ең алдымен итті қолға үйреткен.
10. Адамдар жылқыны да ертеден қолға үйреткен

Бағалау:

- 1 ұпай – дұрыс және дәл қайталау;
- 0,5 ұпай – сөйлем құрылысын бұзбай бір сөзді тастап кету;
- 0,25 ұпай – сөйлемді аяқтай алмау;
- 0 ұпай – мүлде қайталай алмау [157, б. 19].

2-тапсырма. Сөйлем құрылымындағы қателерді тауып, түзетуге талпыныңдар.

1. Ерте-ерте ертеде бір аңшы сүріпті өмір
2. Болыпты бір жалқау баяғыда
3. Жалқау бала көмектеспейді әке-шешесіне
4. Санжарға достық, төбелеспеу туралы мұғалім әңгіме айтты
5. Асқар әжесіне ауылдағы, атасына хат жазды

Бағалау:

- 1 ұпай - қателерді тауып, түзету;
- 0,5 ұпай - қателерді тауып, толық түзете алмау;
- 0,25 ұпай - қателерді тауып, түзете алмау;
- 0 ұпай - тапсырманы мүлдем орындай алмау;

3-тапсырма. Сөйлем құраңдар.

1. Бала, ашу, есік
2. Қыз, кітап, оқу
3. Құстар, жақ, жылы, ұшу
4. Адамдар, киіну қыс, киім, жылы,

Бағалау:

- 1 ұпай - сөйлемнің дұрыс құрылуы;
- 0,5 ұпай - сөздердің орын тәртібінің бұзылуы;
- 0,25 ұпай - сөздердің қалып қоюы, мағыналық дәлдіктің болмауы;
- 0 - ұпай – дұрыс құрылмауы немесе орындаудан бас тарту;

4-тапсырма. Көп нүкте орнына қажетті сөздерді қойыңдар.

1. Бала келе жатып, жолдан ... тауып алады
2. ...алып қолыма,
3. Торғайлар бақтағы ағаштарды ... қорғайды.

Қажет сөздер: құрт, кілт, қалам

Бағалау

1 ұпай - жауабының дұрыс болуы;
0,5 ұпай - көмек беру жағдайында дұрыс орындау;
0,25 ұпай - сұраққа жауап алған соң, дұрыс орындалуы;
0 ұпай - сөздерді дұрыс қолданбау; бірнеше рет көмек берсе де орындай алмау;

Нәтижесінде тапсырмаларды орындауда оқушылардың көпшілігінің сөйлемді аяқтай алмау, қателерді тауып, түзете алмау, сөздердің қалып қоюы, мағыналық дәлдіктің болмауы, сұраққа жауап алған соң, дұрыс орындалуы секілді 0,25 ұпайлық дәрежеде бағалануы басым болды.

Сондай-ақ оқушыларға мына түрдегі тапсырмалар да берілді:

Жағдаяттық тапсырмалар:

1-жағдаят: Досың ауырып аурухана түседі. Сен оған жағдайын сұрауға барғаныңда, не айтасың?

2-жағдаят: Сен көшеде кішкентай ініңнен адасып қалдың. Оны қалай сипаттар едің немесе оның қандай бала екендігін қалай суреттеп айтар едің?

3-жағдаят: «Толағай» мультфильмі көрсетіліп сұрақтар қойылады.

4-жағдаят: Бүгін сенің әжеңнің туған күні, қалай құттықтар едің?

Шығармашылық-проблемдік сұрақтар қою арқылы анықтау:


- Ата-анаңа қалай көмектесесің?
- Оқу несімен ұнайды?
- Досыңның қандай болғанын қалайсың?
- Қандай кітап ұнайды?
- Мультфильмдегі қандай кейіпкерлер ұнайды?
- Көшеде бағдаршам не үшін керек?

Жазбаша тапсырмалар:

- Басқа қаладағы досыңа хат жаз.
- Жақын досыңа туған күніне құттықтау жаз.
- Жақын досыңды сипатта/суретте.

Бейвербалды әрекет арқылы анықтау:

- бала жылады
- бала қуанды
- бала қолын бұлғады
- қыз шашын тарады
- адам тас лақтырды
- адам ойланды
- ол ренжіді



Сурет 26 – Жоғарыда көрсетілген тапсырмалар бойынша оқушылардың қатысымдық дағдылары дамуының пайыздық қорытынды көрсеткіштері

Жағдаяттық-қатысымдық тапсырмалар мына критерийлер бойынша бағаланып, бақылау әдісі арқылы нәтижесі төмендегідей болды:

- сөйлеуге ынтасының болуы;
- пікірталасқа қатысуы;
- ойын еркін айтуы;
- бейвербалды құралдарды қолдануы;
- баяндауы;
- сипаттай алуы;
- дәлелдей алуы;
- зейіні;
- логикалық ойлауы.

Нәтижелер бойынша бақылау және тәжірибелік топтардағы 2-4-сынып оқушыларының белгілі бір тақырыпта сөйлеуге, пікірталасқа қатысуға ынталылығы, вейбербалды амалдарды қолдануы, оқыған мәтінін немесе белгілі бір оқиға, құбылысты баяндап беру дағдыларының жеткілікті екені байқалды. Оқушылардың көпшілігінің ойын еркін айтуға сөздік қорының жеткіліксіз, сипаттау немесе дәлелдер келтіріп сөйлеуі мен ойын ретпен айтуда қиналатыны, қатысымдық дағдыларының әлі де жеткіліксіз екендігі анықтау тапсырмалары мен жаттығулар орындау барысында оқу үрдісінде бақылауда анықталды. Тәжірибелік топ пен бақылау тобының көрсеткіштері бір-біріне жақын.

Қатысымдық дағды қалыптастыруға негіз болатын – оқушылардың оқу диалогін меңгеру деңгейлерін диагностикалау Е.А.Зайцева, М.Ступницкаяның

еңбегіне [158,б. 28-41] сүйене отырып жасаған бақылау картасы бойынша жүргізілді [159,б. 86-88].

«Толағай» мультипликациялық фильмі көрсетіліп, оқушылардың білімі бақыланды. Бақылау картасы 3 блокке бөлінді: *ақпараттық дағды, өзара әрекет дағдысы, эмоционалды-эмпатиялық.*

Ақпараттық: алынған ақпарат бойынша диалогке қатысуы, түсінуі;

Өзара әрекет: рөлге ену, жағдаятты түсіну, жауапкершілікті сезіну, өзін белсенді көрсетуі;

Эмоционалды-эмпатия: эмоционалдық жай-күйді түсіну, жанашырлық сезімі, көмектесуі, өзін-өзі ұстауы;

Жоғары: диалогке белсенді қатысады, өз ойын еркін айтады, сұрақтарға дұрыс жауап береді, негізгі ақпаратты табады, ойын қорыта алады, көшбасы болуға талпынады;

Орта: диалогке қатысады, өз ойын айтуда бірқатар қиындықтарға ұшырайды, өз позициясын ұстай алмайды, дәлелдер аз келтіреді;

Төмен: диалогке қатыспайды, өз ойын дәлелдей алмайды, сұраққа толық жауап бермейді, өзін көрсеткісі келмейді.

Мұнда бақылау және тәжірибелік топтағы оқушылардың білім деңгейі бойынша орта деңгейдегі балардың басым екендігі, сондықтан бейнематериалмен де жұмысты тиімді өткізу керектігі байқалды.

Оқушылардың зейінін диагностикалау – маңызды психологиялық үрдістердің бірі және өзара қатысымның тиімді жүзеге асуында маңызды рөл атқарушы, бастауыш сыныптарда оқытудың нәтижелігі осыған да байланысты. Тәжірибемізде Е.Ю.Бруннердің әдісі бойынша оқушылардың зейінінің деңгейі төмендегідей тапсырмалар арқылы анықталды [160].

1-тапсырма: Бала кітаптан оқып тұрып, басқа қандай да бір сөзді жазып тұрады (Кұрал: секундомер, хаттама).

2-тапсырма: Бала тақтаға сөйлемді жазып тұрып, 20-1 дейін санайды [160, б. 109].

3-тапсырма: Суретті көрсетіп (5-6 сек), содан соң жауып қояды. Оқушылар суреттегі заттарды атайды.



Нәтижесінде, оқушылардың зейінін тәжірибеде көрсетілген әдіспен бақылауда тапсырмаларды орындау деңгейлерінің төмен екендігі байқалды, сондықтан қатысымдық дағдыларды дамыту тәжірибесінде осындай типті тапсырмалар жүйесін даярлау міндеті де қойылды.

4-сынып оқушыларының ойын дұрыс жеткізе алу, талдай алу қабілетін зерттеу мақсатында «Ұғымдарды салыстыру» әдістемесі [161].

Зерттеуді жүргізу үшін 10 жұп сөздер алынады.

1. Таңертең – кеш
2. Сиыр – жылқы
3. Ұшқыш – танкист
4. Шаңғы – коньки
5. Трамвай – автобус
6. Көл – өзен
7. Жауын – қар

8. Поезд – ұшақ
9. Алма – шие
10. Қарға – торғай



Сурет 27 – Оқушылардың зейінін тәжірибеде көрсетілген әдіспен бақылауда тапсырмаларды орындау деңгейлерінің көрсеткіші

«Бала осы сөздердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын айтып беруі керек. Кейін балаларға ұғымдардың ең бірінші ұқсастықтарын, содан кейін айырмашылықтарын табуды жүктеу керек. Барлық жауаптар толығымен жазылуы қажет. Егер нұсқау балаларға түсініксіз болса, бірінші жұп сөзді үлгі ретінде көрсету керек. Оқушы екі ұғымның ұқсастығын анықтай отырып, ортақ белгісін шығарады. Мысалы, «кеш» және «таңертең» ұғымдарының ұқсастығы – екеуі де күннің бөлігі. Айырмасы – «таңертең» – күннің басталуы, «кеш» – күннің соңы. Бұл ұқсастықтар мен айырмашылықты ажырата білуі баланың анализ, синтез, жалпылау деңгейінің жоғарылығын, абстрактілі ойлауға бейімділігін көрсетеді» [161,б. 224].

Нәтижелер төмендегідей есептелді:

$$C = A : B * 100\%$$

Мұндағы С – қисынды ойлау деңгейінің пайыздық көрсеткіші;

А – дұрыс орындалған тапсырма саны;

В – барлық тапсырма саны;



70-100% - жоғары деңгей;

50-60% - орташа деңгей;

0-40 % - төмен деңгей.

Кесте 11 – Тәжірибеге қатысушылар көрсеткіші

Топтар	70-100%	50-60%	0-40%
БТ	5	12	3
ТТ	4	12	4



Сурет 28 – 4-сынып бойынша нәтиже көрсеткіштері

Анықтау тәжірибесінің нәтижелерін Т.А.Фотекованың «Сөйлеу картасы» [157] үлгісінің кейбір детальдерін қолдану арқылы жинақтап отырдық.

ОҚУШЫНЫҢ СӨЙЛЕУ КАРТАСЫ


1. Аты-жөні _____
2. Сыныбы _____
3. Үлгерімі _____
4. Әңгімелесу кезіндегі қатысымдық дағдыларына жалпы сипаттама _____
5. Мәтінді түсінуі, мазмұндауы _____
6. Сөздік қоры _____
7. Лексика-грамматикалық дағдылары _____

Сурет 29 – Оқушының қатысымдық дағдыларының даму деңгейі картасы

Анықтау тәжірибесінің нәтижелері бойынша төмендегілер анықталды:

- көрнекілік оқу ұстанымының толығымен жүзеге аспауы;
- жаттығу-тапсырмалардың бірқатарының қатысымдық-танымдық негізде құрылмауы;
- оқу мәтіндерінің көпшілігінің ақпараттық сипатта болуы;
- оқулық мазмұнын жетілдіруде тыңдалым материалдарын жеткіліксіз мөлшерде берілуі;
- білімді жинақтап, жалпылау мақсатындағы тапсырмалар мен жинақ кесте, сызбалардың аз кездесуі;
- оқушылар біліміндегі қатысымдық дағдылар қалыптасу деңгейлеріндегі типтік қателер анықталды.

Жалпы, қатысымдық деңгей бойынша көрсеткіштерді төмендегідей көрсетуге болады:



Сурет 30 – Оқушылардың қатысымдық дағдыларының даму деңгейлері (ТТ және БТ бойынша)

Оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының арттыратын рөлі зор, осымен байланысты анықтау экспериментіндегі сауалдар негізінен аудиоматериалдарды тыңдау; бейне материалдар, фильмдер, көрнекіліктерді көру; суреттер мен бейнефильмдер, интернет-ресурстарды қолданудың маңыздылығы зерттелді. Мұнда балалардың қызығушылықтары байқалды.

Зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту оқыту тәжірибелік-эксперимент жоспарлы түрде бастауыштың бірнеше сыныптарында, анықтау экспериментінде айқындалаған нәтижелердің қорытындыларындағы кемшін тұстар ескеріліп жүргізілді.

Оқыту тәжірибесінің мақсаты – бастауыш сыныптың қазақ тілі сабақтарында оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану арқылы оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесін оқыту тәжірибесінен өткізу, оқыту жүйесінің тиімділігін дәлелдеу.

Оқыту тәжірибесінің міндеттері:

- оқушылардың қатысымдық дағдыларын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы дамытудың әдістемелік негіздерін анықтау;
- жаңартылған сабақ мазмұнының модельдерін көрсету;
- оқушылардың білім сапасын арттыру үшін орындалатын жаттығу-тапсырма түрлері мен дыбыс-бейнелік оқу құралдарының мазмұнын нақтылау;
- бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудағы өз бетінше орындалатын жұмыстар мен оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолданудың әдістемелік жүйесінің тиімділігін дәлелдеу.

Жаңартылған бастауыш білім берудің мақсаты – жеке тұлғаның білімді функционалдықымен және шығармашылықпен қолдануын, сын тұрғысынан ойлауын дамыту, зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуге және қатысымның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік жасау, топпен және жеке жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру [104].

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі (айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым) бойынша дағдыларды дамытуды көздеген қатысымдық ұстанымын басшылыққа алу маңызды.

Әдістемелік жүйе пән мазмұнын адам әрекетінің бала кезеңіндегі ең маңыздысы ойын, оқу-танымдық әрекеттер арқылы ақпарат алмасу, мәтінмен жұмыс істей білу, алған білімін функционалды негізде қолдана білу үшін оқушылардың бастапқы қатысымдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Қазақ тілі пәнінің мазмұны бастауыш сынып оқушысын жеке тұлға ретінде оның жеке қабілеттерін дамытып, оқу мотивацияларын тұрақты етуге, шығармашылық қабілетінің артуына мүмкіндік беруге негізделген.

Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор – оның қатысымдық дағдыларының жетік болуы.

Оқыту тәжірибесі кезеңінде *дыбыс-бейнелік оқу құралдары*:

– интербелсенді тақта, мультимедиялық кабинеттердегі ақпараттық-коммуникациялық құрылғылар (компьютер, проектор, диапроектор, теледидар, магнитофон, сканер, сандық фотоаппарат, сандық бейнекамера т.б.);

– *бейнеграммалар* (сурет, кесте, сызба, сұлбалар, транспаранттар, слайдтар, репродуктивті картиналар т.б.);

– *бейнефонограммалар* (бейнефильмдер мен кинофильмдер, бейнежазбалар, телебағдарламалар, оқу теледидары, мультипликациялық фильмдер);

– *дыбыстық (аудио) жазбалар* (дыбыстық жазбалары (үнтаспа), радиохабарлар, фонохрестоматия, т.б.);


– онлайн сөздіктер, білім беру сайттары, энциклопедиялар, электрондық оқулықтар, электронды анықтамалықтар, электронды сөздіктер, электронды таныстырылым тұсаукесер (презентация), онлайн олимпиада, онлайн тестілер, вебсабақтар, веболимпиада, «виртуалды мұражайлардың» картиналары және «Виртуалды көрмелер», фотосуреттер топтамасына басымдық берілді.

Оқушылардың оқу үрдісінде қатысымдық дағдыларының дамуының жалпы көрсеткіштері жоғары деңгейді, яғни оқу-тәжірибелік экспериментінің тиімділігін дәлелдеді.

Төмендегі суреттерде оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы сөйлеу әрекетінің тыңдалым-айтылым түрі бойынша оқушыларда қалыптасқан қатысым дағдыларының көрсеткіштері ұсынылады:




Сурет 31 – Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы сөйлеу әрекетінің тыңдалым-айтылым түрі бойынша оқушыларда қалыптасқан қатысым дағдылары




Сурет 32 – Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы сөйлеу әрекетінің тыңдалым-айтылым түрі бойынша оқушыларда қалыптасқан қатысым дағдыларының статистикалық көрсеткіші




Сурет 33 – Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы сөйлеу әрекетінің оқылым түрі бойынша оқушыларда қалыптасқан қатысым дағдылары



Сурет 34 – Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы сөйлеу әрекетінің оқылым түрі бойынша оқушыларда қалыптасқан қатысым дағдыларының статистикалық көрсеткіші



Сурет 35– Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы сөйлеу әрекетінің жазылым түрі бойынша оқушыларда қалыптасқан қатысым дағдылары



Сурет 36 – Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы сөйлеу әрекетінің жазылым түрі бойынша оқушыларда қалыптасқан қатысым дағдыларының көрсеткіші

Жалпы алғанда, оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытудың басты ерекшелігі – баланың өмірлік дағдыларына негіз болатыны. Қатысымдық дағдыларының дамуының көрсеткіші – тілдік материалдарды сөйлеу тәжірибесінде қолдануы, сөйлем түрлерін талдай алуы, сөз тіркестерінен сөйлем, сөйлемнен мәтін құрастыра білу, тілде ойды білдіруде қолданылуы жиі қаратпа сөздер мен қыстырма сөздерді функционалдық қызметін тануы, оқу-танымдық әрекетінің даму деңгейі мен жауапкершілігінің артуы, достық қарым-қатынас жасауы мен өз сөзі мен әрекетінің бір жерден шығуына мән беруі, оның адамдар арасындағы қарым-қатынаста маңызын түсінуі, ұлттық салт-дәстүрлердің мәнін түсіну дәрежесі, отбасында, қоғамда қарым-қатынас үлгілерін білуі, зерттеу, жобалау жұмыстарын орындай алуы болып табылады. Оқыту тәжірибесінің нәтижелері – оқушының сауатты жаза білуінен, әртүрлі өмірлік жағдаяттарда ойын білдіру үшін тілдік құралдарды дұрыс қолданып, талдай білуінен, сөйлеу әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) бір-бірімен тоғыстыра бірлікте игерулерінен көрініс тапты.

Бұл жұмыстар оқушылардың оқу-танымдық белсенділіктерін арттырып, білімді саналы да сапалы игерулеріне жағдай жасады. Оқыту үдерісінде оқушы-мұғалім, оқушы-оқушы арасындағы субъекті-субъектілік, ынтымақтастық әрекеттестік білімді қатысымдық негізде сапалы игертіп, оқу материалдарының мазмұнын есте берік сақтауға ықпалын тигізді. Педагогикалық

ынтымақтастыққа құрылған әдістемелік жүйе оқушыны белсенді субъект, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік берді. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы жүзеге асқан интербелсенді әдістер, проблемалық жағдаяттар туғызу оқушыны оқу материалын өз бетінше ойланып шешімін таба білуге дағдыландырды. Оқушыларды ой қорытындыларын жасап, ынта-жігерін тудырып, ізденушілік-зерттеу жұмыстарына дағдыландырды.

Сонымен, бастауыш сыныпта қазақ тілі сабақтарында оқушылардың қатысымдық дағдыларының даму деңгейлерінің қалыптасуы анықтау тәжірибесі көрсеткендей, орта деңгейді көрсетті. Оқушылардың қатысымдық дағдыларының даму деңгейлерінің қалыптасу дәрежесі әдістемелік жүйені жетілдіре түсуді қажет ететіні анықталды. Сонымен бірге қатысымдық дағдылардың қалыптасуын қарқынды жүргізетін оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын тиімді қолданудың әдістемелік жүйесін әзірлеудің тиімділігі дәлелденіп, бұдан әрі де дамыту қажеттігі туындады.

Оқыту тәжірибелерінің қорытынды нәтижелері оқушының ортада өз пікірін ашық, анық жеткізе алатындығын, әртүрлі тақырыптық жағдаяттарда диалог, монолог құра білетіндігін, әңгімелесу мен пікірлесуге белсене қатысатындығын, белгілі оқиға, құбылыс, ақпараттарға сыни тұрғыдан қарап, бағалауға, жоспар құрып, оны шешудің жолдарын таба білуге, өз оқу әрекетін тиімді ұйымдастырудың әдістерін таңдай білуге, түсіну, талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау секілді ойлау операциялары негізінде білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді де дұрыс пайдалана білуге мүмкіндік берді. Қазақ тілі сабақтарында оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын тиімді қолдану әдістерінің тиімділігі тәжірибеде толық дәлелденді.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; қатысымдық дағдыларды дамыту үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған әдістерін, құралдарын сипаттайтын, дамыту деңгейлері айқындалған құрылым болып табылады. Әдіснаманың тұлғалық, іс-әрекеттік, жүйелілік, мәдениеттанымдық, құзыреттілік, акмеологиялық тұғырлары мен теориялық-әдіснамалық, мазмұндық-әрекеттік, бақылау-нәтижелік компоненттерден тұратын құрылымында қазіргі қолданыстағы оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын зерттеу мәселесін шешудегі әлеуетін толық пайдалану арқылы оқушылардың қатысымдық дағдысын дамыту мүмкін болады.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану әдіс-тәсілдері бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуға мол мүмкіндік береді. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдануда оқыту әдістерін түрлендіріп отыру тәжірибеде маңызды жетістіктерге (оқушылардың оқу уәждемесінің тұрақтануына; оқу материалын сапалы да саналы меңгеруіне; оқушы мен оқушы арасында, мұғалім мен оқушы арасындағы педагогикалық ынтымақтастықтың дамуына; оқу әрекетін өз бетінше басқарып, білімге ынтық-ықыластарының артуына) қол жеткізеді. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдануға негізделген оқу үдерісі бейне, дыбыстық оқу материалы

бойынша әңгімелесуге, сұхбатқа, оқу жарыстары мен оқу пікірталастарына, оқу ойындарына, мультимедиалық бағдарламалармен жұмыс істеуге, оқу тренингтерін тиімді жүргізуге, үздіксіз критериялды бағалауға толық мүмкіндік береді.

Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс пен оның нәтижелерін әдістемелік жұмыстың басты бағыты ретінде қарастырып, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуға болады.

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; қатысымдық дағдыларды дамыту үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған әдістерін, құралдарын сипаттайтын, дамыту деңгейлері айқындалған құрылым болып табылады. Әдіснаманың тұлғалық, іс-әрекеттік, жүйелілік, мәдениеттанымдық, құзыреттілік, акмеологиялық тұғырлары мен теориялық-әдіснамалық, мазмұндық-әрекеттік, бақылау-нәтижелік компоненттерден тұратын құрылымында қазіргі қолданыстағы оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын зерттеу мәселесін шешудегі әлеуетін толық пайдалану арқылы оқушылардың қатысымдық дағдысын дамыту мүмкін болады.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдану әдіс-тәсілдері бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуға мол мүмкіндік береді. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдануда оқыту әдістерін түрлендіріп отыру тәжірибеде маңызды жетістіктерге (оқушылардың оқу уәждемесінің тұрақтануына; оқу материалын сапалы да саналы меңгеруіне; оқушы мен оқушы арасында, мұғалім мен оқушы арасындағы педагогикалық ынтымақтастықтың дамуына; оқу әрекетін өз бетінше басқарып, білімге ынтықыластарының артуына) қол жеткізеді. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолдануға негізделген оқу үдерісі бейне, дыбыстық оқу материалы бойынша әңгімелесуге, сұхбатқа, оқу жарыстары мен оқу пікірталастарына, оқу ойындарына, мультимедиалық бағдарламалармен жұмыс істеуге, оқу тренингтерін тиімді жүргізуге, үздіксіз критериалды бағалауға толық мүмкіндік береді.

Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс пен оның нәтижелерін әдістемелік жұмыстың басты бағыты ретінде қарастырып, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы дәлелденді және бірнеше теориялық және қолданбалы нәтижелер алынды.

Жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазіргі білім беру жүйесінің жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативті құжаттарға жасалған талдаулар негізінде оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту мәселесінің өзектілігі дәлелденді.

2. Мәселеге қатысты теориялық еңбектерге жасалған талдаулар «қатысымдық дағды», «оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары» ұғымдарының генезисін, мәнін түзуге мүмкіндік берді. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы дамытудың мәні – оның қоғамда табысты болуын қамтамасыз етуге деген бағыты арқылы танылуы. Ал қатысымдық дағдылардың негізі бастауыш мектепте дами бастайды. Бастауыш сынып оқушысының қатысымдық дағдыларын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы дамыту оның сөйлеу қабілеті мен әлеуметтік-мәдени, дүниетанымының дамуына, жетістіктерге жетуіне, жеке тұлғалық қасиеттері қалыптасуына негіз бола бастайды.

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының тиімділігі нақты оқу мақсатына, міндеттеріне, оқу материалының, мұғалім мен оқушының еңбегін ұйымдастыру формалары мен әдістеріне, ерекшеліктеріне, материалдық-техникалық жағдайлар мен мүмкіндіктерге сәйкес анықталады.

Жүргізілген талдаулар «қатысымдық дағды – бастауыш сынып оқушыларының өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдері туралы білімі мен тәжірибесінің жиынтығы»; «оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары – оқу пәнінің мазмұнын тереңірек түсінуге, оқушылардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастыруға, оқу тәсілдерін түрлендіруге, оқушы іс-әрекетін бір түрден екінші оқу әрекетіне ауыстыруға, оқушылардың қазақ тілінен қатысымдық дағдысын дамытуға барынша ықпал ететін оқу құралы» деген тұжырымдар жасауға негіз болды.

3. Бастауыш сыныпта оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының түрлері – бұл ең алдымен, *интербелсенді тақта*, мультимедиалық кабинеттердегі *ақпараттық-коммуникациялық құрылғылар* (компьютер, проектор, диапроектор, теледидар, магнитофон, сканер, сандық фотоаппарат, сандық бейнекамера т.б.); *бейнеграммалар* (сурет, кесте, сызба, сұлбалар, транспаранттар, слайдтар, репродуктивті картиналар т.б.); *бейнефонограммалар* (бейнефильмдер мен кинофильмдер, бейнежазбалар, телебағдарламалар, оқу теледидары, бейнебаян, мультипликациялық фильмдер); *дыбыстық (аудио) жазбалар* (дыбыстық жазбалары, радиохабарлар, фонохрестоматиялар граммалар -алып татса, аудио -алып татса дыбыстық оқу құралдары интернет-

ресурстарды қолдану, қашықтан оқыту); онлайн сөздіктер, білім сайттары, энциклопедиялар, электронды анықтамалықтар, электронды сөздіктер, онлайн тестілер, «виртуалды мұражайлардың» картиналары және «Виртуалды көрмелер», фотосуреттер топтамасы. Оқу мақсатына сәйкес аудиоматериалдарды тыңдаудың, бейне материалдар мен фильм үзінділерін көрудің, көрнекілік, сурет, интернет-ресурстарды қолданудың оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуда маңызы зор.

4. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздерін нақтылау сияқты компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасына сипаттама берілді.

5. Зерттеу барысында дайындалып, тәжірибеден өткен құрылымдық-мазмұндық модельдің стратегиялық мақсаты – оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін дайындау үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштерін айқындау, әдістері мен деңгейлерін белгілеу. *Әдіснаманың тұлғалық, іс-әрекеттік, жүйелілік, мәдениеттанымдық, құзыреттілік, акмеологиялық тұғырлары мен теориялық-әдіснамалық, мазмұндық-әрекеттік, бақылау-нәтижелік компоненттерден* тұратын бұл құрылымда қазіргі қолданыстағы оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын зерттеу мәселесін шешудегі әлеуетін толық пайдалану арқылы оқушылардың қатысымдық дағдысын дамыту мүмкін болатындығы дәлелденді. Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесінің құрылымдық-мазмұндық моделі ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; қатысымдық дағдыларды дамыту үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған әдістерін, құралдарын сипаттайтын, дамыту деңгейлері айқындалған құрылым болып табылады. Модель болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлауда, бастауыш білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларын және «Әліппе», «Қазақ тілі» оқулықтарын әзірлеуде басшылыққа алатын ғылыми негізделген әдістемелік нұсқаулық бола алады.

6. Диссертациялық жұмыста «*Бізде көңілді*» сайтының, 3-4 сыныптың «Қазақ тілі» оқулығының 1-2 бөлімнен тұратын ұнтаспасы (фонохрестоматиясы) оқу құралдарының зерттеу міндеттері тұрғысынан сипаттамалары беріліп, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдері жүйеленді. Оларды тиімді қолданудың әдістемесі негізделіп, бастауыш мектептегі оқу үдерісінде қолдану үлгілері келтірілді.

Зерттеудің міндетіне сәйкес әзірленіп, бастауыш білім беру үдерісінде тәжірибеден өткен «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесі» оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытуға тиімді ықпал етті. «Әліппе», «Қазақ тілі» пәндерін жүргізу барысында қолданылған «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық

дағдыларын дамыту» оқу-әдістемелік кешені; «Әліппе», «Қазақ тілі» пәндері бойынша визуалды түсінуге арналған QR және ұнтаспа тыңдалым материалдары жалпы білім беретін мектептің бастауыш оқыту үдерісіне енгізумен іске асырылды.

7. Қалыптастырушы эксперимент барысында алынған нәтижелер оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың қажеттілігін түсініп, оны дамытуға деген қызығушылықтарының артқанын, рефлексия және педагогикалық инновация жайындағы білімдері, сабақтағы рефлексия түрлерін білуі; рефлексиялау әдістерінің мәнін, қызметін ұғынуы; оқушыларды кері байланыс әрекетіне түсіре алу дағдыларының артқандығын көрсетті. Аталған нәтижелер елімізде ЖОО маман даярлаудың дәстүрлі құрылымын өзгертуге, инновацияға негізделген жаңа үлгілері мен нұсқаларын жасауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалады:

- оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуды әдістемелік жұмыстың басты бағыты ретінде қарастырып, оқушылармен арнайы дайындықтар ұйымдастыру;

- оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуда арнайы оқу бағдарламаларын пайдалану, бастауыш сынып мұғалімдері осы бағыттағы жұмыстарды мақсатты жүргізулерін қамтамасыз ету;

- жүргізілген ғылыми-зерттеуіміздің негізінде дайындалған «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» оқу-әдістемелік кешені мен оларды қолдану әдістемесін 6В010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттеріне, магистранттарына дәріс оқуда, семинар сабақтарын өтуде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру.

Аталған зерттеу нәтижелері болашақта жоғары педагогикалық оқу орындарында мамандар даярлау мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады деп есептейміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989> (қаралым күні: 24.09.2013)
- 2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдау «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (қаралым күні: 17.01.2014).
- 3 Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2018 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989> (қаралым күні: 07.06.2019).
- 4 Сабденова Б. «Бізде көңілді» сайты // <http://aylmao7.wixsite.com/bizde-konildi> (қаралым күні: 24.02.2017).
- 5 Сабденова Б.А. Қазақ тілі. 3-сынып. Үнтаспа. 1-2-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2018. – 105 б.
- 6 Сабденова Б.А. Қазақ тілі. 4-сынып. Үнтаспа. 1-2-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2019. – 120 б.
- 7 Сабденова Б.А. Бастауыш сыныпта оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытудың психолінгвистикалық негіздері // Қазақстан өмірі мен ғылымы. - 2019. - №5(2). – Б. 241-246.
- 8 Сабденова Б.А. Бастауыш сыныптарда оқыту үрдісінде дыбыс-бейнелік құралдарды қолданудың маңызы // Қазақстан өмірі мен ғылымы. - 2019. - №8(2). - Б. 162-169.
- 9 Сабденова Б.А. Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық күзiретiлiгiн қалыптасyрудың әдiстемелiк қырлары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы, Филология ғылымдарының сериясы. - 2019. - №3(69). – Б. 416-422.
- 10 Оқыту мен оқу үдерісінде қатысымдық технология арқылы бастауыш сынып оқушыларында ізденушілік дағдыларын қалыптастыру // Paris congress on social sciences-II. – Paris; France, 2018. - P. 379-385.
- 11 Большой энциклопедический словарь / ред. А.М. Прохоров. -2-е изд., перераб. и доп. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2000. – 1456 с.
- 12 Ожегов С.М. Толковый словарь русского языка. – М.: Наука, 1993. – 960 с.
- 13 Қазақ әдеби тілінің сөздігі // 15 томдық. – Алматы: Арыс баспасы, 2007. – Т. 8. - 744 б.
- 14 English-Russian-English dictionary of general lexis, the collection of the best dictionaries. - 2012. – 100 p.
- 15 Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. - Алматы, 1995. – 200 б.
- 16 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Научно-издательский центр; Ғылым, 2002. - 386 б.
- 17 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2001. - 280 б.
- 18 Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 320 б.
- 19 Абдулжанова З. Ауызша тілдегі тілдік бірліктердің қатысымдық сипаты: филол. док. PhD ... дис. – Алматы, 2014. - 150 б.

20 Ермекова Т., Ильясова Н., Шойбекова Ғ. Коммуникация үдерісіндегі тілдік бірліктер Тілдік бірліктердің коммуникативтік мәні. - Алматы, 2013. – Кітап 1. – 226 б.

21 Абеуова И.Ә., Ағыбаева С.Е., Токтағұлов Г.Б. Педагогикалық психология: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2017. - 132 б.

22 Тищенко В.А. Классификация коммуникативных умений студентов. Портал: Знание. Понимание. Умения // http://www.zpu-journal.ru/zpu/e-publications/2007/Tishchenko_VA (дата обращения: 20.10.2020).

23 Гришина Н.В. Психология конфликта. - СПб.: Питер, 2002. - 464 с.

24 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы: Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, 2001. – 374 б.

25 Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (5-11 сыныптар): пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2007. – 286 б.

26 Балтабаева Ж.Қ. Жоғары оқу орнында студенттер тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (қазіргі қазақ тілінің морфология саласы бойынша): пед.ғыл.док. ... автореф. – Алматы: Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2009. – 48 б.

27 Молдабек Қ. Бастауыш сыныпта қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.док. ... дис. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010. – 277 б.

28 Рахметова С. Бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ауызша, жазбаша тіл дамыту): пед. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 1994. – 291б.

29 Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқыту. – Алматы: РАДиАЛ, 2008. – 250 б.

30 Дүйсенова М.М. Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып материалдары бойынша): филос. док. PhD ... дис. – Түркістан: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық университеті, 2016. – 157 б.

31 Рысқұлбекова Ә.Д. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, 2010. – 143 б.

32 Жұмабаева Ә. Қазақ тілі: оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған «Байқау нұсқасы. – Алматы: Атамұра, 2017. – Бөлім 2. - 120 б.

33 Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі: әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. - 43 б.

34 Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 184 б.

35 Леонтьев А.А. Психология общения. - М.: Изд. Смысл, 1997. – 365 с.

- 36 Петровская Л.А. Компетентность в общении: социально-психологический тренинг. - М.: Изд-во Московского университета, 1989. - 216 с.
- 37 Барсай Б.Т. Научно-педагогические основы формирования профессионально-дидактической компетентности будущих учителей начальных классов: автореф. ... канд. пед. наук. – Усть-Каменогорск, 2008. – 200 с.
- 38 Мұханбетжанова Ә.М. Қазіргі білім беру жүйесінде педагогты кәсіби дамыту // Қазақстан жоғары мектебі. - 2012. - №1. – Б. 126-130.
- 39 Беспалько В.П. Образование и обучение с участием компьютеров (педагогика третьего тысячелетия). - М.: Изд-во МПСИ, 2008. – 352 с.
- 40 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М., 2007. – 221 с.
- 41 Ляховицкий М.В. Методика преподавания иностранных языков – М.: Высш. шк., 1981. – 159 с.
- 42 Шахмаев Н.М. Технические средства обучения. – М.: Знание, 1975. – 63 с.
- 43 Назарова Т.С., Полат Е.С. Средства обучения: Технология создания и использования: учеб. пособие. - М.: УРАОУРАО, 1998. – 203 с.
- 44 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы: Эверо, 2004. – 420 б.
- 45 Философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі. – 2006. – 40 б.// <http://termincom.kz/documents/>(дата обращения: 20.11.2020).
- 46 Глушань В.М., Иваньшина А.А., Кондратьева Т.П. Технические и аудиовизуальные средства обучения в преподавании исторических наук // Вестник Таганрогского института имени А.П. Чехова. – 2017. - №1. - С. 30-35.
- 47 Сүлейменова Ж.Н., Орынбаев А., Абитжанова Ж. Қазақ тілін оқыту әдістемесінен қысқаша анықтағыш-сөздік. - Алматы, 2019. – 125 б.
- 48 Лысенкова С.Н. Использование опорных схем на уроках русского языка в начальной школе. - М.: Изд-во «Дортранспечать», 2007. – 40 с.
- 49 Сихимбаева С.М. Дүниетануды оқыту теориясы мен технологиясы. - Шымкент, 2008. - 148 б.
- 50 Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам) / сост. Э.Г. Азимов, А.Н. Щукин. – М.: ИКАР, 2009. – 448 с.
- 51 Щукин А.Н. Методика использования аудиовизуальных средств. – М.: Русский язык, 1981. - 129 с.
- 52 Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Нұр-Пресс, 2007. - 413 б.
- 53 Хуторской А.В. Современная дидактика: учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2001. - 544 с.
- 54 Кисляков П.А. Аудиовизуальные технологии обучения: учебно-методическое пособие. – Шуя: Издательство ГОУ ВПО «ШГПУ», 2009. – 142 с.
- 55 Кокумбаева Т.И. Бастауыш мектеп педагогикасының жалпы негіздері: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2011. - 214 б.

- 56 Ушинский К.Д. Избр. пед. соч. – М., 1954. - Т. 2. - С. 339-341.
- 57 Мацуца К. И. Использование аудиовизуальных средств обучения на уроках информатики // ИНФО (информатика и образование). - 2006. - №7. - С. - 110-114.
- 58 Кириллова Н. Б. Аудиовизуальные искусства и экранные формы творчества: учебное пособие. – Екатеринбург: Изд-во Урал. унта, 2013. – 154 с.
- 59 Андреева Г.М. Социальная психология: учебник для высшей школы. - М.: Аспект Пресс, 2006. - 376 с.
- 60 Леонтьев А.Н. Лекции по общей психологии: учеб. пособие для вузов по спец. "Психология"/ под ред. Д.А. Леонтьева, Е.Е. Соколовой. - М.: Смысл, 2000. - 509 с.
- 61 Ломов Б.Ф. Общение как проблема общей психологии // В кн.: Методологические проблемы социальной психологии. – М.: Наука, 1975. - С. - 124-135.
- 62 Парыгин Б.Д. Основы социально-психологической теории. – М.: Мысль, 1971. - 351 с.
- 63 Жарықбаев Қ.Б. Халел Досмұхамедов (1883-1939) // Білім. - 2008. - №3(39). - Б. 50-51.
- 64 Барлыбаева С. Коммуникационное развитие: национальный и международный аспекты. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – С. 10-11.
- 65 Дәулетбекова Ж.Т. Сөз мәдениеті – тілдік білім нәтижесі. – Алматы: Ғылым және білім интеграциясы институты, 2017. - 240 б.
- 66 Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011 - 175 б.
- 67 Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. - Бөлім 1. - 144 б.
- 68 Балаларға арналған аңыздар топтамасы. - 2020// <https://azretsultan.kz>.<https://azretsultan.kz/balalar-a-arnal-an-a-yzdar-toptamasy-2/> (дата обращения: 22.10.2020).
- 69 Леонтьев А.А. Речь и общение (общая психология).– М.: Наука, 1983.– 320 с.
- 70 Львов М.Р. Методика преподавания русского языка в начальных классах: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. - М.: Изд. Академия, 2007. – 348 с.
- 71 Тойбазарова Н.А., Олжабаева С.С. Қазақ тілі: дидактикалық ойындар мен тапсырмалар. - Алматы: Алматыкітап, 2012. - 34 б.
- 72 Лекерова Ф., Солтанғазина М. Қазақ тілі. Кестелер жинағы. - Алматы: Алматыкітап, 2014. – 40 б.
- 73 Даулеткереева Н.Ж. и др. Қазақ тілі: Әдістемелік нұсқау. Для учителей 4 класса общеобразовательной школы с русским языком обучения. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 398 с.
- 74 Психологический словарь / под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г.Ярошевского. - 2-е изд., испр. и доп. – М.: Политиздат, 1990. - 494 с.
- 75 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Спб., 2015. – 705 с.

- 76 Каган М.С. Мир общения. – М.: Политиздат, 1988. - 319 с.
- 77 Зимняя И.А., Малахова В.А., Путиловская Т.С., Хараева Л.А. Педагогическое общение как процесс решения коммуникативных задач // Психолого-педагогические проблемы взаимодействия учителя и учащихся / под ред. А.А.Бодалева, В.Я.Ляудис. – М., 1980. – С. 55-58.
- 78 Тришина С.В. Практический интеллект / под. ред. Р.Дж. Стернберга. – СПб.: Питер, 2002. – 272 с.
- 79 Добрович А.Б. Воспитателю о психологии и психогигиене общения. - М. Изд. Просвещение, 1987. – 207 с.
- 80 Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2019. – Бөлім 1. - 128 б.
- 81 Жуков Ю.М. Проблемы совершенствования коммуникативной компетентности // Материалы докладов Международной конф. «Психология общения 2000: проблемы и перспективы». – М., 2000. - С. 118-120.
- 82 Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. – М.: Педагогика, 1990. - 144 с.
- 83 Цховребов А.С. Развитие коммуникативных навыков учащихся-осетин старших классов при изучении сложносочиненного предложения русского язык: дис. ... канд. пед. наук. - Владикавказ, 2017. - 186 с.
- 84 Горелов И.Н., Житников В.Р. Невербальные компоненты коммуникации. - М.: Наука, 1980. - 71 с.
- 85 Казарцева О.М. Культура речевого общения: теория и практика обучения: учебное пособие. - 5-е. – М.: ФЛИНТА; Наука, 2003. - 496 с.
- 86 Назаретян А.П. Социальные стереотипы в информационно-смысловой системе личности // В кн.: Материалы всесоюзного симпозиума «Актуальные проблемы социальной психологии». - Кострома: ИПАН – КГПИ, 1986. – Ч. 1. – 200 с.
- 87 Кабардов М.К. Коммуникативные и когнитивные составляющие языковых способностей: Индивидуально-типологический подход: дис. ... док. психол. наук. – М.: Российская академия образования; Психологический институт, 2001. - 332 с.
- 88 Панфилова А.П. Деловая коммуникация в профессиональной деятельности: учебное пособие. - 2-е изд. – СПб: Знание, СПб ИВЭСЭП, 2004. - 496 с.
- 89 Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Нұрышева Г., Рахметова Р. Тілді оқыту: Интеграциялық білім мен интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың сабақтастығы. – Алматы: Нұрай Принт Сервис, 2014. – 243 б.
- 90 Брудный А.А. Понимание и общение. – М.: Знание, 1989. - 64 с.
- 91 Бороздина Г.В. Психология делового общения: учебное пособие. - М.: ИНФРА-М, 2006. – 224 с.
- 92 Бабаев С.Б., Жумадуллаева А.А. Көрнекі психология. - Алматы: Нұр-пресс, 2008. - 100 б.
- 93 Құлмағанбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы, 1988. – Б. 32-34.

- 94 Қазыбаев Қ. Қазақ тілі методикасы. - Алматы: Рауан, 1990. - 112 б.
- 95 Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. - 160 б.
- 96 Әбілқабов А., Бейсенбайқызы З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. - Алматы: Полиграфия-сервис и К., 2007. – 213 б.
- 97 Оразбаева Ф., Рахметова Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы.- Алматы: Print-S, 2005. – 120 б.
- 98 Коджаспирова Г.М. Педагогика. – М.: Гардарики, 2007. - 528 с.
- 99 Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А. Психологический словарь-справочник. - Минск: Харвест; М.: АСТ, 2001. - 576 с.
- 100 Щукин А.Н. Методика использования аудиовизуальных средств. – М.: Русский язык, 1981. – 128 с.
- 101 Балаларға базарлық. – 2013//<https://bala.soyle.kz/> (дата обращения: 20.12.2020).
- 102 Коменский Я.А. Дидактические принципы. – Наркомпрос; РСФСР, 1940. - 90 с.
- 103 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы желтоқсандағы, №988 қаулысымен бекітілген // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988> (қаралым күні: 10.10.2019).
- 104 Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы. – 45б. http://sc0026.kokshetau.aqmoedu.kz/public/files/2020/9/21/210920_151523_5052020gh-182-buqu.pdf (қаралым күні: 10.10.2019)
- 105 Аверинцев С.С. Библиологический словарь. - М.: Фонд имени Александра Меня, 2002. – 560 с.
- 106 Неуймин Я.Г. Модели в науке и технике. История, теория, практика. - М., 1984. - 192 с.
- 107 Глинский А.А. Развитие профессиональной компетентности педагога, работающего с одаренными детьми // Одаренное поколение Смоленщины: проблемы, подходы, перспективы: сборник материалов междунар. НПК. – Смоленск: ГУО ДПОС СОИУУ, 2008. – С. 84-87.
- 108 Краевский В.В. Методология педагогического исследования: учебное пособие для курсов повышения квалификации научно-педагогических кадров. – Самара, 1994. – 169 с.
- 109 Штофф В.А. Некролог // НДВШ. Философские науки. - 1984. - №4. – С. 15-20.
- 110 Подласый И.П. Педагогика. Общие основы процесс обучения. – М.: 2003. – 576 с.
- 111 Дахин А.Н. "Программа элективного курса "Подготовка к единому государственному экзамену по информатике"//Информатика и образование. - 2007. - №1. - С. 28.
- 112 Саранцев Г.И. О качестве работы диссертационных советов по педагогическим наукам // Педагогика: Научно-теоретический журнал

Российской академии образования: издается с июля 1937. / ред. А.Я. Данилюк. – 2010. – №2. – С. 105-109.

113 Гузеев В.В. Преподавание от теории к мастерству. - М.: НИИ школьных технологий, 2009. - 288 с.

114 Мишанова О.Г. Коммуникативная подготовка младших школьников в языковом образовании: дис. ... док. пед. наук. - Челябинск: ФГБОУ ВПО «Челябинский государственный педагогический университет, 2014. - 315 с.

115 Аспанова Г.Р. Развитие лидерских способностей у младших школьников. Педагогика и методика начального обучения: дис. ... док. филос. PhD. – Алматы: КазНПУ имени Абая, 2018. - 160 с.

116 Беляева Л.А., Иванова Н.В. Презентация Power-point и ее возможности при обучении иностранным языкам // Иностранные языки в школе. – 2008. – №4. – С. 36–41.

117 Бондаревская Е.В. Концепции личностно-ориентированного образования и целостная педагогическая теория // Школа духовности. - 1999. - №5. - С. 41.

118 2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: әдістемелік нұсқау хат. – Алматы, 2016. – 257 б.

119 Сластенин В.А. Доминанта деятельности // Народное образование. - 1997. - №9. - С. 41-42.

120 Монахов В.М. Введение в теорию педагогических технологий. - Волгоград: Перемена; ВГПУ, 2006. - 318 с.

121 Кенембаева Ш.К. Педагогикалық инновацияға арналған терминологиялық сөздік. - Павлодар: ПМПИ, 2009. – 68 б.

122 Бөрібекова Ф.Б, Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқулық. – Алматы, 2014. - 360 б.

123 Тасова А.Б. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің коммуникативтік креативтілігін қалыптастыру: филос. PhD док. ... дис. – Алматы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2018. - 167 б.

124 Асқарова Ж.А., Иманкулова Л.Б. Кәсіби білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологиялар: оқу құралы. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 153 б.

125 Бекболғанова А.Қ. Оқыту технологиялары. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2013. – 152 б.

126 Исаева Г.Б. Заманауи ақпараттық технологиялардың негізінде оқытудың техникалық құралдарын пайдалану әдістемесі. – Талдықорған: І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2013. - 102 б.

127 Кесимова А.Қ. Студенттердің педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы кәсіби іс-әрекетін қалыптастыру»: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2011. – 48 б.

128 Высшее образование в Европе. ЮНЕСКО. - М.: Европейский центр по высшему образованию, 1996. - 126 с.

129 Зарубина Р.В., Лапшина И.В. Использование аудиовизуальных технологий в учебном процессе // Вестник ТГПИ Гуманитарные науки. Педагогика. – 2010. - №7, раздел 6. – С. 176-179.

130 Нұрымбетова Г.Р. Саясаттану пәнін оқытуда интерактивті әдісті қолдану: оқу құралы. - Алматы: Өнер, 2008. - 204 б.

131 Сеницына Г.П. Технологии обучения студентов в ВУЗе: учебное пособие для студентов магистратуры / под ред. Сеницына Г.П. - Омск, 2002. - 179 с.

132 Сүлейменова Ж.Н. Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы, 2018. – 212 б.

133 Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. – Спб.: Издательский дом «Питер», 2006. – 304 с.

134 Қожамқұлова Ж. Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар: оқу құралы. – Алматы: "Қыздар университеті" баспасы, 2013. - 215 б.

135 Нұрымбетова Г.Р. Саясаттану пәнін оқытуда интерактивті әдісті қолдану: оқу құралы. - Алматы: Өнер, 2008. - 204 б.

136 «Толағай» мультфильмі. 2019.// <https://www.youtube.com/watch?v=TJ7iEP8sucU> (қаралым күні: 10.10.2019)

137 Әлімов А. Интербелсенді оқыту әдістерін ЖОО-да қолдану әдістемесі. - Алматы, 2013. - 263 б.

138 Сатбекова А.А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы: оқу құралы. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013. - 209 б.

139 Яныгина В.М. Использование метода проекта на уроках английского языка в начальной школе. – 2011. <https://urok.1sept.ru> (қаралым күні: 15.10.2018)

140 Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексияны дамытуға даярлау: филос. PhD док. ... дис. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2018. – 192 б.

141 Троценко Э.Р. Формирование коммуникативных учебных действий школьников в системе начального образования: дис. ... канд. пед. наук. - Грозный, 2018. - 191 с.

142 Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. - «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. – 120 б.

143 Книсарина М. М. Формирование управленческих умений у младших школьников: филос. PhD док. ... дис. - Алматы: КазНПУ имени Абая, 2016. - 198 с.

144 Қарсыбаева Р.К., Қарсыбаева А.Б. Сауат ашу және жазуға үйретудің теориясы мен технологиясы: студенттерге арналған көмекші оқу құралы. - Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2014. - 152 б.

145 Дүйсенова М.М. Сөз тіркесін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сынып

материалдары бойынша: филос. PhD док. ... дис. – Түркістан: Қожа Ақмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2016. - 226 б.

146 Брызгалова С.И. Проблемное обучение в начальной школе: учеб. пособие. - Изд. 2-е, испр. и доп. – Калининград: Калинингр. ун-т, 1998. - 91 с.

147 Қазақ тілі оқу бағдарламасы. Бастауыш білім беру (оқыту қазақ тіліндегі 2-4 сыныптар үшін). – Астана, 2015. – 27 б.

148 Ляховицкий М.В., Кошман Н.М. Технические средства в обучении иностранным языкам: пособие для учителей. - М., 1981. – 143 с.

149 Сладкевич Б.Т. Аудиовизуальный метод обучения. – Ленинград, 1975. – 125 с.

150 Балаларға арналған қазақ әндері // https://youtu.be/2rHk14_v0uE (қаралым күні: 21.10.2018)

151 Мулдабекова К.Ч. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру: филос. PhD док. ... дис. - Алматы, 2014. – 149 б.

152 Александрова Н.А., Мулдашев Р.М., Старостин Н.И. и др. Технические и аудиовизуальные средства в обучении (лекционный материал) для студентов, обучающихся по направлению подготовки 44.33.01 «Педагогическое образование» профиль «Информатика», очной формы обучения: учебно-методическое пособие. – Саратов: СГУ, 2015. - 50 с.

153 Рязанова З.Г. Аудиовизуальные технологии обучения в географии (магистратура): учебно- методическое пособие. - изд.2-е, испр. и доп. – Красноярск: Краснояр. гос. пед. ун-т им. В.П. Астафьева, 2013. – 152 с.

154 Екі Аяз ертегісі. <https://erketai.kz/ertegiler-alemi/eki-ayaz-ertegisi> (қаралым күні: 13.12.2019)

155 Морянова Н.П. Влияние учебно-познавательной мотивации на уровень тревожности у младших школьников в процессе их учебной деятельности: автореф. ... канд. психол. наук. - Тверь, 1999. - 124 с.

155 Психология человека от рождения до смерти / под ред. А.А.Реана. – М.: АСТ, 2015. - 656 с.

157 Фотекова Т.А. Тестовая методика диагностики устной речи младших школьников: метод, пособие . - М.: Айрис пресс, 2007. - 96 с.

158 Зайцева Е.А. Учебный диалог на уроках русского языка как средство развития социального интеллекта младших школьников: дис. ... канд. пед. наук. - Екатеринбург, 2015. - 174 с.

159 Ступницкая М. Диагностика уровня сформированности общеучебных умений и навыков школьников // Педагогическая диагностика. – 2008. – №2. - С. 28–41.

160 Бруннер Е.Ю. Лучше, чем супервнимание. Методика диагностики и психокоррекции. Психологияческий практикум. - Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. - 316 с.

161 Төребаева К.Ж., Есенғұлова М.Н. Психологиялық-педагогикалық диагностика: оқу құралы. - Алматы, 2012. – 304 б.

ҚОСЫМША А



Бекітемін

Алматы қаласы КММ

«А.С.Сәтпаев» директоры

Б.Р.Оспанбек

2021 ж.

ЕНГІЗУ АКТІ

Бұл енгізу актісі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «00011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының ізденушісі Сабденәл Бағила Алтынбекованың 2016-2021 оқу жылдары аралығында «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық деңгейлерін дамыту» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша Алматы қаласы коммуналдық мемлекеттік мекеме «№15 гимназияда» тажірибелік-жоспарланған зерттеу жұмыстарын жүргізгендігін растап берілді.

Тажірибелік-жоспарланған зерттеу жұмысына 165 бастауыш сынып оқушылары қатыстырылды.

Ғылыми әдістемелік ісі
жөніндегі орынбасары

Г.Ж.Мырдаанова

ҚОСЫМША Ә



Бекітемін
Алматы қаласы ҚММ
№15 гимназия директоры
Б. Оспанбек
2021 ж.

АНЫҚТАМА

Бұл анықтама Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының ізденушісі Сәбденова Багила Алтынбековнаның 2016-2021 оқу жылдары аралығында «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша Алматы қаласы коммуналдық мемлекеттік мекеме «№15 гимназияда» тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмыстарын жүргізгендігін растайды.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысына 165 бастауыш сынып оқушылары қатыстырылды. Алынған нәтижелер оқыту тәжірибесінің тиімділігін дәлелдеді.

Ғылыми әдістемелік ісі
жөніндегі орынбасары

Г.Ж.Мырзаханова

ҚОСЫМША Б

Тыңдалым мәтіндерімен жүргізілетін интербелсенді жұмыс түрлері

2-сынып

І-бөлім. Өзім туралы

6-сабақ. У әрпінің жазылуы

Оқу мақсаты: Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша сұрақ құрастырады және сұрақтарға жауап жазады.

Бағалау критерийі: Тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырып, ойын жинақтап жауап жазуға дағыдаланады.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, жазылым.

Дауыстыдан соң және сөз басында дауыстыдан бұрын келген у дыбысы дауыссыз болады: *әуежай, уақыт, Сәуле.*

Дауыссыздан соң және сөз басында дауыссыздан бұрын келген у дыбысы дауысты болады: *сусын, елу, ұлап-шулап.*

Тыңдалым. Мәтінді тыңда

Жануарлардың меркелік киімдерін дайындау – қызықты жұмыс. Тауық, тауыс, маймыл, қу түлкі сияқты жануарларды бейнелеу үшін олардың өзіне тән киім үлгілерін дайындау керек. Мұндай меркелік киімдер рөлдік ойынды қызықты етіп көрсетеді. Жануарлардың осындай меркелік киімдері олардың өзіндік ерекшеліктерін танытатын болады.

Айтылым.

1-тапсырма. «Ара ұясы» техникасы. Жұптағы оқушылар мәтіннен білген ақпарат туралы пікір алмасады және екі сұрақтан дайындайды. Содан кейін әрбір жұп кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты басқа оқушылар береді.

2-тапсырма.

«ВЕР» әдісі бойынша қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне мәтін мазмұны бойынша сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.



3-тапсырма. Дұрыс жауапты белгіле.

1. Удыбысы дауысты болып тұрған қатарды белгіле

А) дайындау, тауық,

В) ауыз, тауыс

С) жануарлар, қу

D) су, булап

Сезім мүшелері туралы не білемін?

11-сабақ. Я әрпінің жазылуы

Оқу мақсаты: тыңдаған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.

Бағалау критерийі: Тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша тақырыбын анықтап, негізгі ойды табады.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым.

Сөзде **я** дыбыстары естілгенмен, жазуда олардың орнына **я** әрпі жазылады: *мая, сая, таяқ.*

Тыңдалым. Мәтінді тыңда.

Дене мүшелерінің таласы

Бірде Аяқ бастапты. Одан соң Қол, Құлақ, Көз өз пайдалары туралы айтыпты. Ең соңында Мұрын тұрып былай дейді:

- Адам үшін мен пайдалымын, мен болмасам адам иісті сезе алмас еді!

Сол кезде Адам бәрін ортаға шақырып, былай депті:

Босқа дауласпаңдар, адам үшін бәріңнің де пайдаларың бар.

Аяқ болмаса, адам баратын жеріне жете алар ма еді?!

Қол болмаса, адам тамақ ішіп және әртүрлі жұмыстар атқарар ма еді?!

Құлақ, Көз және Мұрын болмаса, адам ести, көре және ауа жұтып, иісті сезе алар ма еді?!

Бәрің де адамға керексіңдер! Бір-біріңді сыйлап өмір сүріңдер!

1-тапсырма. Оқылым, айтылым.

«Баяндама» әдісі. Оқушылар мәтінді түсініп оқиды, соңынан оның мазмұнын сурет, сызба түрінде береді. Салынған суретті оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Әрқайсысы өз көршісінің суреттерін қолдана отырып, осы мәтін бойынша мәтін құрастырады. Мәтін мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғаған оқушы жеңімпаз болады.

2-тапсырма. Тыңдалым, жазылым. «Әдебиет лотосы» Мақсаты: тыңдаған мәтіндегі кейіпкерлер туралы белгілі бір уақыт ішінде кестені толтыру.

Мәтіннің тақырыбы	Кейіпкерлер	Кейіпкердердің қандай жағымды қасиеттері мен қылықтары ұнайды?	Кейіпкердің таласы туралы сенің пікірің қандай?

3-тапсырма. Я әрпінің дұрыс жазылған қатарын белгіле.

- A) қйар, пйаз, қойан
- B) мая, сая, таяқ
- C) Айан, Сайат, Майа
- D) тақия, сйа, шайан

27-сабақ. Өмірбаян жазамын

Дауыссыз к мен г

Оқу мақсаты: Тыңдаған мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Әріптердің емлесін сақтап жазу.

Бағалау критерийі: Автордың идеясын анықтайды, әріптердің емлесін сақтап қатесіз жазады.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым

44. Өленді тыңда.

Атам мені «құлыным» дейді,
Әжем мені «боташым» дейді.
Әкем мені «шырағым» дейді,
«Айналайын, жаным!» дейді.
Ал, шынында, мен кіммін?

Рафиқа Нұртазина

1-тапсырма. Айтылым. «DEAL» әдісі.

D – Describe – баланы отбасындағылар қалай атайды, сені қалай атайды баянда (оқығанды, көргенді сипаттау, сынау, өлшеу).

E – Explain – түсіндір неліктен олай атайтынын (құбылыс немесе оқиға бойынша не білетіндерін, түсінгендерін суреттеу).

A – Analyse – талдау (ақпаратты талдау, қорытынды жасау, себептерін атау).

L – Links – байланыс (болжамдар немесе қорытынды жасау).

2-тапсырма. «Ассоциацияның көмегімен көрініс».

Оқушылар өздерінің есімдерімен қоса бір затты (қызығушылығына т.б. байланысты) ұйқастырып айту керек. Мысалы: Есімім – Жанайым, ата-анам мені айналайын деп еркелетеді т.с.с. Сабақта өтілген ұғымдарды өз есімдерімен байланыстырып айтуға болады.

3-тапсырма. Жазылым.

К, г әріптері бар сөздерді қатыстыра отырып өзіне «**Мінездеме**» жазады. Жазбаны «**Өткеншек**» әдісі арқылы жұбымен бөлісіп тексертіп, толықтырулар енгізеді.

3-сынып

I-бөлім. Жанды табиғат

1-сабақ. Тіл және сөйлеу

Оқу мақсаты: Тыңдалған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру

Бағалау критерийі: Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түйіндейтін тірек сөздерді білгілейді. Ашық және жабық сұрақтарға дәлел келтіре отыры, ойын жинақтап жауап беруге дағыдаланады.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, жазылым.

Сөйлеу екі түрде жүзеге асады. Ауыз екі сөйлеу және жазбаша сөйлеу.

Сөйлеу тіл арқылы жүзеге асады. Тілдің көмегімен адамдар қоршаған орта туралы көптеген жаңа және қызықты нәрселерді біледі. Олар оқиды, ойланады, өз ойларын ортаға салады, білгенін айтады, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды.

Жазбаша сөйлеудің, ауызшаға қарағанда, мазмұны жинақты келеді. Сөйлеудің

Тыңдалым. Өлеңді мұқият тыңда

Теледидар саңқылдап,
Үйрекке тіл бітірді.
Қара қарға қарқылдап,
Сөйлеп кетті біртүрлі.
Абыржымай, қаймықпай,
Торғай сайрап тіл қатты.

Ал бөдене жалықпай,
Шешті қиын жұмбақты.
Кенет көлге қаз қонып,
Басты қоңыр әніне.
Ақтан отыр мәз болып,
«Сөйледі, - деп, - бәрі де!»

Тұрсын Елеусізұлы

Айтылым.

1-тапсырма. Тыңдаған мәтін бойынша ашық және жабық сұрақтарға жауап бер.

- 1) Өлеңде сөйлеудің қай түрі жүзеге асқан?
- 2) Ақтанның қуануына не себеп болды деп ойлайсың?
- 3) Тіл бітірді, тіл қатты сөз тіркестерін қалай түсіндірер едің?

Жазылым.

2-тапсырма. Жұмыс жеке жүргізіледі.

Тыңдаған мәтіннен тірек сөздерді белгілеп, «**Еркін әңгіме**» әдісі бойынша өлеңнің мазмұнынан сүйеніп шағын әңгіме құрап жазады. Оқиға желісін сақтауға тырысуларын ескертіп отыру.

3-тапсырма. Дұрыс жауапты белгіле.

1. Сөйлеудің түрлерін белгіле
А) оқылым, айтылым
В) ауыз екі, жазбаша
С) жазбаша, тыңдалым
2. Ауыз екі сөйлеуде адам қандай іс-әрекет жасай бастайды?
А) **ойларын ортаға салады, білгенін айтады**
В) **қарым-қатынас жасайды, жазады**
С) оқиды, сурет салады
3. Жазбаша сөйлеудің ауызшаға сөйлнуге қарағанда айырмашылығы қандай?
А) білгенін айтады ,
В) мазмұны жинақты келеді
С) ой бөлісіп, талқылайды

4-сабақ. Тыңда. Тақырып пен сурет бойынша мәтін мазмұнын болжа.

Оқу мақсаты: Көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін құрап жазу.

Бағалау критерийі: Тыңдалған мәтін бойынша кейіпкердің іс-әрекетіне баға беріп, «өйткені», «себебі», «сондықтан» көмекші сөздерін қолдана отырып пайымдау мәтінін құрап жазу.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, жазылым.

Тыңдалым.

Торғай

Ерте тұрған Омар атай бақшаны аралап келе жатты. Ол жусанның ығында бүрісіп отырған бір торғайды көрді. Өзіне әбден жаңбыр өткен. Торғай Омар атайға жасқана қарады.

Әрі тоңған, әрі қорыққан кішкене құс қалшылдап тұр. Омар атай торғайды үйіне әкелді. Алдына ыдысқа салып жем әкеп қойды. Атай оның себебін сезіп, сыртқа шығып кетті. Сәлден кейін терезеден сығаласа, торғай жемді жеп жатыр екен. Үсті де кеуіпті...

Нығмет Ғабдуллиннен

1-тапсырма. Айтылым. Топтық жұмыс.

«Дананың кілттері» стратегиясы.

Сыныпты 5 топқа біріктіріп мәтіннің мазмұны бойынша жұмыс жүргізіледі.



1-топ. «Жаңа дизайн» кілті – мәтін мазмұнын өзгертіп, жаңа жағдайда айту. Мысалды: *Омар атаның үйіне немерелрі қыдырып келді. Олар ауладағы өсіп тұрған жусаннан шыға алмай отырған балапанды көрді т.с.с.*

2-топ. «Егер де» кілті – өз көзқарасын білдіре отырып, атайдың орнында өзі болса не істейтінін айтады.

3-топ. «Жөнсіздік» кілті – мәтін мазмұнына қарама-қарсы пікірлер айтып, сонан соң оны дәлелдейді.

4-топ. «Тағы қалай?» кілті – мәтінді әрі қарай жалғастырады.

5-топ. «Әліпби» кілті – әр сұрақтың жауабы болатын сөздерден тірек сөздер қатарын құрап айтады. Жұмыстарын топта жариялайды.

2-тапсырма. Жазылым.

Көмекші «өйткені», «себебі», «сондықтан» сөздерін қолдана отырып мәтін кейіпкеріне «**Мінездеме**» жазады. Жазбаны «**Өткеншек**» әдісі арқылы жұбымен бөлісіп тексертіп, толықтырулар енгізеді.

19-сабақ. II-бөлім. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

(Жарық пен қараңғы)

Қаратпа сөз

Оқу мақсаты: Қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою;

Бағалау критерийі: Қаратпа сөздерді анықтай алады.

Тілдік дағды: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым.

Тілде біреудің назарын аудару үшін қолданылатын сөздер болады. Ондай сөздерді қаратпа сөздер дейді: Дана, сен хайуанттар бағына барасың ба?

Қаратпа сөз үтір арқылы жазылады: Марат, үйдесің бе? Иә, Марат, мен сені күтіп тұрамын. Көп кешікпе, Марат.

Тыңдалым.

Нұржан кішкентай ағаштың артық бұтақтарын қия бастады. Байқамай, қабығымен қоса діңін кертіп тастады.

- Балам-ау, мұның не? Ағашты жарақаттадың ғой, енді ол жылайтын болды.

Нұржан қалт тұрып қалды.

- Қалайша, ағаш та жылай ма?! – деді таңданып.

- Әрине, оның да жаны бар, ол да тіршілік иесі. Оны сезіне білуің керек, - деді бағбан.

«Балдырған журналынан»

1-тапсырма. Айтылым. Сұрақтарға жауап бер.

1) «Балам-ау, мұның не?» Қайда? Мұндай сөзді қайда және қандай жағдайда кездестіріп едің?

2) Не үшін? Не үшін қолданады?

3) Қалай? Осы сабақта бұл сөйлемді қалай қолданамыз деп ойлайсың?

4) Мәтінді мұқият тыңдап, өздерің келтірген мысалдармен салыстырыңдар, қандай ой түйдіндер?

2-тапсырма. Айтылым. Жазылым.

«Құндылықтар спекторы» әдісі. Ұзын жіптің екі жағына А спекторы «Ағаштар жылайды» - В-спекторы «Ағаштар жыламайды» екі түрлі пікір жазып ілінеді. Осы пікірге көзқарасы қарама-қарсы оқушылар екіге бөлініп топталады. Топта ойларын талқылап, ортақ шешім қабылдайды. Өз ойларын, пікірлерін қағаз бетіне жазып түсіндіре отырып өздерінің тұсындағы жіпке іледі. Өз ойларын дәлелдеуде қаратпа сөздерді қолдана отырып, қарсы спектордың қатысушыларының назарын аударып, сендіруге тырысады.



3-тапсырма. Дұрыс пікірді тап. Пікір дұрыс болса «+», егер жұрыс болмаса «-» белгісін қой.

А) Нұржан ағаштардың бұтақтарын қиды

В) Ағашқа ешқандай зақым тигізбеді

С) Бағбан атай оны мақтады

Д) Нұржан атайдың сөзіне таң қалды



20-сабақ.

Оқу мақсаты: Қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою.

Бағалау критерийі: Қаратпа сөздерді анықтай алады. Берілген тақырып бойынша өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады.

Тілдік дағды: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым.

Тыңдалым. Өлеңді тыңда.

Балақай

- Бүлдірген тереміз, балақай.

- Алақай!
- Ат жарыс көреміз, балақай.
- Алақай!
- Айға ұшып барамыз, балақай.
- Алақай!
- Кел, ағаш жарамыз, балақай.
- Әй, ата-ай!

Қадыр Мырза Әлі

1-тапсырма. Жазылым. Жеке жұмыс.

- 1) Өлеңнің әрбір жолына сөйлем сызбасын сыз.
- 2) Өлеңнің мазмұнын әңгімелеп жазып бер.
- 3) **Бүлдірген** сөзін екі мағынада қолдана отырып қаратпа сөзді қатыстырып 2 сөйлем құрап жаз.

2-тапсырма. Айтылым.

«Кемпіркөсақ» ойыны. Түстері әртүрлі түспен белгіленген өлең жолдарын көріп, тындап, есінде сақтай отырып бір минуттың ішінде ретімен орналастырып айтып шығу керек.

27-сабақ. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

Ч, щ дыбыстары

Оқу мақсаты: ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін білу; жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету.

Бағалау критерийі: Ч, щ әріптері бар сөздердің емлесін біледі. Жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді тауып түзете алады.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым.

Ч, щ – қатаң дауыссыз дыбыстар. Олар өзге тілден енген сөздерде кездеседі: чех, чемпион, плащ, борщ. **Щ** дыбысы қазақ тілінде ащы, тұщы сөздерінде ғана қолданылады.

Тыңдалым. 32-жаттығу. Өлеңді мұқият тында.

Пиязды ашшы дейміз бе,	Мәнін ашып берер кім?
Әлде ащы дейміз бе?	«Құйрықты щ» жөнінде
Есікті ащы дейміз бе?	Көңіл қой да, мынаны ұқ:
Әлде ашшы дейміз бе?	«Ащы», «тұщы» сөзінде
«Ашшы», «ащы» дегеннің	Қолданылар бұл әріп.

Өтепберген Ақыпбекұлы

1-тапсырма. Айтылым. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Өлеңге қандай тақырып қояр едің?
- 2) Ашшы, ащы сөздерінің мағыналық қолданылуы бойынша дәлделдер келтір.
- 3) Өлең мазмұнын қысқаша баяндап бер.

2-тапсырма. Оқылым.

«Өзінді тексер» әдісі. Мәтіндегі «ашшы», «ащы» сөздерінің мағынасына қарай айтылуы мен жазылуын тексер.

3-тапсырма. Жазылым.

Берілген сөздерді мәтін мазмұнына сүйене отырып «Шындық-жалған» кестесіне орналастырады.

Керекті сөздер: терезені ащы, тұздалған қияр ащы, пиязды ашшы, тұз ащы, есікті ащы, лимон ащы.

ШЫНДЫҚ	ЖАЛҒАН

28-сабақ. Ч,щ дыбыстары

Оқу мақсаты: Оқыған, тыңдаған және дыбыс-бейнелік материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу; бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету.

Бағалау критерийі: тыңдаған материалдар бойынша жоспар құрып мазмұндама жазады. Көркем, сауатты жазу емлесін сақтайды.

Тілдік дағды: тыңдалым, жазылым.

Ч, щ – қатаң дауыссыз дыбыстар. Олар өзге тілден енген сөздерде кездеседі: чех, чемпион, плащ, борщ. Щ дыбысы қазақ тілінде ащы, тұщы сөздерінде ғана қолданылады.

Тыңдалым.

35-жаттығу. Мәтінді тыңда.

Жақсы мен жаман

Диқан атызға бір топ гүл әкеліп отырғызды. Гүл күннен-күнге тамыр жайып, гулеп өсе берді.

Бір күні:

- Әй, сен көп асқақтама! Өлі өмірге келгеніңе өкінетін боласың, - деген дауысқа жалт қараса, төменде ұсқынсыз тырбық шөп басын қылтитып тұр екен.

Гүлдің көңілі ортайып, бір түрлі жабырқап қалды. Бірте-бірте солып, сарғая бастады. Амалсыз жанындағы өзінен жасы үлкен гүлге басын сүйеді.

- Жабырқама. Сабыр ет! – деп жұбатты ол.

- Адамдар оны «арамшөп» деп атайды. Одан әлі-ақ құтыламыз. Жамандардың өмірі қашан да қысқа. «Жақсы сөз - жарым ырыс» деген ғой.

Үлкен гүлдің айтқаны рас болды. Ертеңіне адам келді де, арамшөпті тамырымен бірге жұлып тастады.

Гүл қайтадан құлпырып өсті. Көп сырды ұқты. Өмірде жақсылар да, жамандар да бар екен.

Балтабай Әділов

1-тапсырма. Жазылым. Өздік жұмыс.

«Сөз бен мағына» әдісі арқылы мәтіннен мағынасы түсініксіз сөздерді теріп жазады. Түсіндірме сөздіктен мағынасын тауып кестеге түсіреді.

Сөз	Мағына
-----	--------

2-тапсырма. Жазылым.

Мәтінді бөліктерге бөліп, әр бөлігіне тақырып қою. «Серпілген сауал» әдісінің көмегімен мәтін мазмұнының ретін сақтай отырып әр бөлікке сұрақ қойып, сұраққа жауап беру. Сұрақтардың негізінде жоспар құрастырып, жоспар бойынша мазмұндама жазады.

Жазба жұмысын бірін-бірін тексеру арқылы оқып бағаланады. Ең үздік жұмыс сыныпқа жарияланады.

33-сабақ. Нәтиже сабақ

Мен нені үйрендім?

Оқу мақсаты: Тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; **х, һ** әріптері бар сөздерді ажыратып жазу; жіберілген пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету;

Бағалау критерийі:

Мәтіннің түйінін белгілейтін тірек сөздерді анықтай алады. Ашық және жабық сұрақтарға толық жауап береді. Жіберілген қателерді мұғалімнің көмегімен түзеді.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, жазылым.

Тыңдалым.

1. Мәтінді мұқият тыңда.

Хиуаз Доспанова Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ол – қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы.

Хиуаз әуеге 300 рет ұшып шығып, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Германия жерлеріндегі жау бекіністерін бомбалаған.

Хиуаз Доспанованың ерлігі дәріптеліп, ол туралы бірнеше кітап жазылды. Жауынгерлік еңбегі үшін «Халық қаһарманы» атағы берілді.

«Ана тілі» газетінен

1-тапсырма. Айтылым. Топтық жұмыс.

«Өкіл» әдісі арқылы мәтінді талқылау. Топта тыңдаған мәтіндегі ақпаратты қосымша ұсынылған әдебиет көздерін қолдана отырып толықтырады. Топтан бір оқушы «өкіл» ретінде сайланып өзге топтарға барып түсіндіреді және басқалардың ойларын тыңдап ақпарат жинақтайды. Осылайша әр топтан алған ақпаратты жинақтап өз тобында оралып, ортаға салып талқылайды.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) «Халық қаһарманы» атағы кімдерге беріледі?
- 2) Хиуаз Доспанова осы атаққа лайық па, қалай ойлайсың?
- 3) Қазіргінің батырлары кімдер, неліктен олай ойлайсың?

3-тапсырма. «Кейіпкерге хат» тәсілі бойынша Хиуаз Доспановаға хат жазады. Жазба «Түрлі түсті жиектер» әдісімен тексеріледі. Оқушы жазба жұмысын орындау барысында дәптер жиегіне түрлі түсті қарындашпен белгі салып отырады. Мағынасы: «қызыл - тексеріп, барлық қателерін түзетіңізші»,

«жасыл- барлық қателерді белгілеңізші, мен барлығын өзім түзетемін», «көк-кәте санын көрсетіңізші, мен өзім тауып түзетемін», «қара-бұл жұмысқа баса назар аудармаңыз, мен оны асығыс орындадым».

48-сабақ. Түбір мен қосымша.

Оқу мақсаты: Түбір сөзге -ы, -і дауысты дыбысынан басталатын қосымша жалғанған кездегі түбірдің өзгерісін сақтап жазу; мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер пайдаланып, мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық) құрау/компьютерде теру.

Бағалау критерийі: Түбір мен қосымшаның жазылуын біледі. Мәтіндегі ақпаратты сызбаға түсіре алады.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, жазылым.

Тыңдалым.40-жаттығу. Өлеңді тыңда.

Жеті жасар баласын

Жетпісте шал жетектеп,

«Қайда әлгі мектеп?» - деп,

Жетпіс келеді сүрініп,

Жеті келеді жүгіріп.

- Балам, балам, жақсы бол,

Міне, сенің мектебің.

Сабағыңа зейін сал,


Ақылды бол тентегім, -

Деп, жетпіс бір күрсінді.

Жеті нені түсінді? ..

Қасым Аманжолов

1-тапсырма. «Эмоциялар сызбасы». Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша атасы мен немересінің көңіл күйін сызбаға түсіреді. Сызба сызуда түрлі-түсті қарындаш қолданады. Оқиға желісінің өрбуі, көңіл-күйді сипаттауды диаграммаға сала отырып, өз ойын дәлелдейді.



2-тапсырма. Айтылым. Сұрақтарға жауап бер.

1) «Жетпіс», «жеті» деп кімдерді айтып отыр?

2) Атасы мен немересінің көңіл күйін, іс-әрекетін салыстыр?

3) Үлкен кісілер неге жүгіре алмайды?

4) Атасы немересіне қандай ақыл айтты?

5) Өлеңдегі түбір сөздердің өзгеріске түсіп жазылған сөздерін тауып, себебін түсіндір.

3-тапсырма. Жазылым.

«Үлкендерге құрмет көрсетейік» тақырыбына жарнама жаз. Жарнама жазу талабын сақта. Басы, негізгі бөлігі, соңы. Ақпарат қысқа болу керек. Өтетін іс-

шараның атауы, уақыты, кездесетін орны, ұйымдастырушылардың байланыс телефон нөмірі мен мекен-жайын жазуды ұмытпа!

Жарнама

Үлкендерге құрмет көрсетейік

Құрметті, балақай! _____

4-сынып

I-бөлім. Байлығым – байтақ елім

1-сабақ. Тіл және сөйлеу

Оқу мақсаты: Тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту

Бағалау критеріі: Мәтіннен тірек сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды. Анықтаған сөз тіркестеріне сүйене отырып мәтіннің мазмұнын жүйелі түрде мазмұндап береді.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, жазылым.

Тыңдалым. 1-жаттығу. Мәтінді мұқият тыңда.

Байлығым – байтақ жерім, бақытты елім. Көрсен көз тоймас асқар шыңды тауларым, миуалы бауларым, асу-асу белдерім, айдын-шалқар көлдерім, орам-орам орманым.

Алтай Атырауға дейін созылып жатқан кең-байтақ жерімізге ірі-ірі елдер тұтасымен сыйып кетері анық. Елімізде жүзден астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүреді.

Қазынаның барлығы да қазақ жерінің топырағында тұнып жатқанын екінің бірі біледі. Ал ғарышқа жол «Байқоңырдан» басталатынын мақтан етпейтін кім бар?! Орынды мақтаныш. Елім де, жерім де оған әбден лайық.

Жақау Дәуренбековтен.

1-тапсырма.

«Консенсус» әдісі. Мәтіннен кемінде 7 тірек сөз және сөз тіркестерін анықтап алу. Анықтаған сөздер мен сөз тіркестерін топта талқылап, мәтіннің негізгі ойын анықтайды. Әр топ өзінің нұсқасын ұсынады. Бір келісімге келіп барлық оқушылардың қосқан идеяларынан ортақ шешімді анықтайды.

2-тапсырма.

«Қойын дәптер» әдісі бойынша анықтаған тірек сөздер мен сөз тіркестерін кестеге түсіріп ортақ шешімдерімен мәліметтер қорын толықтырады. Тірек сөздер негізінде мәтіннің мазмұнын әңгімелейді.

3-тапсырма. Жазылым.

Тірек сөздерді қолдана отырып «Қазақтан кең-байтақ ел» тақырыбына шетелдік саяхатшыларды елімізге саяхат жасауға қызығушылығын оятатындай етіп *жарнама* жаз.

Жарнама

Құрметті, қала қонақтары мен саяхатшылар!
Сіздерді еліміздің

2-сабақ. Ауызша және жазбаша сөйлеу.

Оқу мақсаты: Мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу.

Бағалау критеріі: Сөйлеудің не үшін қажеттілігін ұғынып, сөйлеу түрлерін ажыратады. Берілген тақырып, сызбаға сүйене отырып мәтіннің мазмұнын болжап ойын дәлделдеп әңгімелеп береді.

Тілдік дағды: тыңдалым, жазылым.

6-жаттығу. Өлеңді мұқият тыңда.

Үш бақытым

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбаттырақ алтыннан нарқым менің.
Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей–кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – «Отан» деген,
- Кім мықты? – десе біреу: «Отан» дер ем.
Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

Мұқағали Мақатаев

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Өлеңнің тақырыбы бойынша мазмұнын болжап көр.
- 2) Тыңдаған өлеңнің мазмұнын өз ойыңмен салыстырып ортақ шешімге кел.
- 3) Сөйлеудің қай түрі маңызды деп ойлайсың? Ойыңды дәлелде.

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

«Әңгімеге негізделген жазу» әдісі бойынша шағын топтарға тыңдаған мәтін бойынша тапсырма беріледі.

1-топ - Шақыру қағазы.

Оқушылар мектепте өткізілетін «Анам тілі ардағым» тақырыбында өтетін мүшәйралар сайысына қатысушыларға шақыру қағазын жазады.

2-топ - Хат.

Оқушылар қазақ халқына жерін, тілін құрметтеп, қадірлеуге үндеу хат жазады.

3-топ - WhatsApp

Оқушылар табиғатты аялауға қатысты WhatsApp желісіне нұсқаулық жазады.

4-топ - Күнделік.

Оқушылар өлеңді оқығанда алған әсері туралы өз ойларын жазбады.

5-топ - Газет мақаласы.

Оқушылар өлеңнің мазмұнынан сүйене отырып газетке ғылыми мақала жазады.

3-тапсырма. «Кластер немесе жүзімнің шоқтары» әдісі бойынша «Байлығым-байтақ елім» тақырыбын ашатын өлең мазмұны мен жасаған жұмыстарының негізінде жинақтаған білімдерін түйіндеп жазады.



6-сабақ. Табиғат ғажайыптары Фонетика әлеміне саяхат

Оқу мақсаты: тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту

Бағалау критерийі: Мәтіннен тірек сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды. Анықтаған сөз тіркестеріне сүйене отырып мәтіннің мазмұнын жүйелі түрде мазмұндап береді.

Тілдік дағды: тыңдалым, айтылым, жазылым.

Фонетика – тіл білімінің дыбыстық жағын зерттейтін сала. Фонетика дыбыстардың жасалу, айтылу, естілу және буын, екпін, интонация мәселелерін қарастырады.

Тыңдалым. 27-жаттығу. Мәтінді тыңда.

Бұлт өзеннен су алса ...

Кейде сіркіреп, кейде нөсерлеп жауатын жаңбыр қайдан шығады? Шағын бұлақтар, үлкен өзендер қайда барып құяды?

Осы сулардың біразы егінді суарғанда, жазық жайылымға жайылғанда жерге сіңіп, жер астындағы су қорына қосылады. Содан кейін бастау немесе құдық арқылы қайтадан жердің бетіне шығады.

Ал кейбіреуі үлкен көлдерге құяды. Көл айдыны арқылы буланады да, бұлтқа айналады. Содан соң жаңбыр болып жерге қайта жауады.

Бабаларымыздың: «Бұлт өзеннен су алса ғана жауады» деуі содан шығар.
Спандияр Ақаев

1-тапсырма.

«Идеялар қоржыны» әдісі. Әр топ берілген мәтін бөліктерінің басқы бөлігін табады. Ол үшін төмендегі қадамдар жүзеге асырылады:

1-қадам. Әр оқушы мәтіннің басқы бөлігін өз беттерінше ойлап жазады. Бұл кезеңге екі-үш минут беріледі.

2-қадам. Оқушылар топта өз ойларымен ақпарат алмасады.

3-қадам. Ұжымдық жұмыс бойынша әрбір топ өз нұсқаларын ұсынады. Әр топ нұсқаларының бір-бірімен қайталанбауы ескеріледі. Барлық айтылғандар қабырғаға ілінеді.

«Қоржынға» ең жақсы нұсқа салынады.

2-тапсырма

«Т кестесі» әдісі бойынша мәтіндегі тірек сөздер сол жақ бағанға жаз. Ал оң жақ бағанға өз сөзіңмен қалай түсіндіретіңді жаз.

Тірек сөздер	Менің түсіндіруім

3-тапсырма. *Жаңбырлы* сөзіне фонетикалық талдау жаса.

Мысалы: қ-қатаң дауыссыз дыбыс

Абай шығармалары – ұрпаққа мәңгі мұра 41-сабақ. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Оқу мақсаты: Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажырату және тыныс белгісін (үтір, қос нүкте) қою.

Бағалау критеріі: Мәтіннен бірыңғай мүшелерді табады, сұрақ қойып, тыныс белгілерін қояды.

Тілдік дағды: тыңдалым, жазылым.

Сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беріп, бірдей тұлғада тұратын сөйлем мүшелерін бірыңғай мүшелер дейміз. Бірыңғай мүшелер сөйлемдегі бір мүшемен ғана байланысады: Әсем демалыс кезінде көрмеде, мұражайда, театрда болды. Сөйлемде бірыңғай мүшелер санамалап оқылады.

Тыңдалым. 40-жаттығу. Мәтінді тыңда.

Он тоғызыншы сөз

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жармайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда «адам» десе болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұрап «ұғайын» деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп

қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек? «Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы», - деп бір хакім айтқан екен, сол секілді сөз болады.

Абай

1-тапсырма. «Деректер қоры» кестесін толтыру. Кестеге мәтіннің мазмұны бойынша топта талқылай отырып деректерді толтырады.

Есті адам	«Адам»	«Адам» емес	Ал сен, «Адам емес» дегенді қалай түсінесің

2-тапсырма.

«Бірлесе жазған әңгіме» әдісі арқылы мәтіндегі Абай атамыздың «адам» және «адам емес» ұғымына берген түсіндірмесінде жазылған сөйлемнің бірыңғай мүшелерін тауып, өз сөзімен жазады. Сұрақ қою арқылы сөйлемде қандай қызмет атқарып тұрғаны және дара не күрделі мүше екенін дәлелдеп жазады. Оқушы дәптерлері мұғалімнің айтуымен (1 минутта) сағат тілімен топ ішінде ауысып отырады. Дәптер өз иесіне келгенде ойын тоқтайды.

ҚОСЫМША В


Қысқа мерзімді сабақ жоспарының кейбір үлгілері

2-сынып 6-сабақ

Кесте В 1

Бөлім:	Өзіме киім үлгісін таңдаймын			
1	2			
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	У әрпінің жазылуы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; 2.4.1.2 у, и, й әріптерінің емлесін сақтап жазу; 2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау.			
Сабақтың мақсаты	Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтіндежалпы не туралы айтылғаны түсінеді. Мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. Берілген тақырып бойынша ой қорыта алады. У дыбысының дауысты немесе дауыссыз болып келуін анықтайды.			
Құндылықтарды дарыту	Ұлттық құндылықтарды дарыту. Салт-дәстүрді сыйлауға, құрметтеуге баулу.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (1-7 мин)	(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі Сабақ мақсатын хабарлау.	Сыныптың оқу әрекетіне мотивін тудыру.		

В 1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
<p>Сабақтың ортасы (26 мин)</p>	<p>23-жаттығу. Мәтінді ұнтаспадан тыңдайды. Айтылым. 1-тапсырма. «Ара ұясы» техникасы. Жұптағы оқушылар мәтіннен білген ақпарат туралы пікір алмасады және екі сұрақтан дайындайды. 2-тапсырма. «ВЕР» әдісі бойынша қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне мәтін мазмұны бойынша сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.</p> <p>3-тапсырма. Дұрыс жауапты белгіле. 1. Удыбысы дауысты болып тұрған қатарды белгіле А) дайындау, тауық, В) ауыз, тауыс С) жануарлар, қу D) су, булап</p> <p>24-жаттығу. Оқушылардың назары суретке аударылады. Суреттегі жануарларды атап, қандай белгілеріне қарап танығанына дәлелдеу жасатылады. 1. Тауықтың мерекелік киімін қағаздан жасайды немесе суретін салады. 2. Тауық сөзінен бірнеше сөз жасайды. Құрамында дауысты у дыбысы бар сөздерді бір бағанға, дауыссыз у дыбысы бар сөздерді екінші бағанға топтастырады. 3. «У» дыбысы екі дауыстының ортасында келген жағдайда тасымал жасайалу білігі бағаланады.</p>	<p>Әрбір жұп кезектесіп сұрақ қояды, ол сұраққа жауапты басқа оқушылар береді.</p> <p>Берілген жауаптар топта оқылады.</p> <p>Тестілік тапсырмадан дұрыс жауапты белгілейді.</p> <p>Суреттегі жануарлардың атын белгілеріне қарап таңдауын дәлелдейді. Дауысты және дауыссыз болып келген у дыбысы бар сөздерді екі бағанға топтастырады. У дыбысының тасымалда келу орнын түсіндіреді.</p>	<p>Қолдау</p> <p>Қолдау көрсету</p> <p>Мақтау-мадақтау</p>	<p>Ұнтаспа, бейнебаян</p>  <p>Тестілік тапсырмалар</p> <p>Оқулық, суреттер</p> <p>Оқушылардың жазбасы</p>

В 1 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
	<p>Дәптермен жұмыс. 25-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемді көшіріп жазады. Дауысты у дыбысының астын – бір, дауыссызу дыбысының астын екі сызықпен сызу тапсырылады.</p> <p>Сергіту сәті. Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік. Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік. Қолды создық, басты бұрдық – екі деп, Қозғалыспен әрбір адам жетіледі. Алға, артқа қарадық та – үш дедік. Тағы жаңа жаттығулар істедік. Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып, Отырайық көңілді енді марқайтып.</p> <p>26-жаттығу. Оқушылардың назары көбелек киімін киген Дулаттың қанатында жазылған сөздерге аударылады. Сөздердің ұқсастығы мен айырмашылығы табу тапсырылады.</p> <p>28-жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, өлеңді оқуға тапсыру. Ол үшін қажетті сөздерді анықтауға бағытталған сұрақтарды қойғызып, оларға жауап алу жұмыстары ұйымдастырылады.</p> <p>Түсіндірме сөздікпен жұмыс. Түсіндірме сөздікпен жұмыс ұйымдастыру.</p>	<p>Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып дәптерге көшіріп жазады. У дыбысының астын тиісті сызықпен сызады.</p> <p>Сергіту сәтін қимыл жасай отырып айтады.</p> <p>Сөздердің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды.</p> <p>Өлеңді көп нүктенің орнына сұрақтар қоя отырып берілген керекті сөздерді қойып мәнерлеп оқиды.</p> <p>Түсіндірме сөздіктен тору, косетек көйлек сөздерін тауып</p>	<p>Колдауды қажет ететін оқушыларға колдау көрсету.</p> <p>Қолдау</p> <p>Қолпаштау</p> <p>Мақтау</p> <p>Қолдау көрсету</p>	<p>Дәптер Оқулық</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>Оқулық суреттер</p> <p>Оқулық</p>

В 1 – кестенің жалғасы


1	2	3	4	5
	<p>Тору, қосетек көйлексөздерінің мағынасына назар аудартылады. Талдау жасалады.</p> <p>Жұмыс дәптерімен жұмыс. 1. Оқушыларға дәптерде берілген шығармашылық тапсырма орындатылады. Сөзжұмбақтан ұлттық киімдерге қатысты сөздерді тауып бояйды. Жұмыстарын топта жариялайды. 2. «Өз жұмысыңды бағала» тапсырмасын орындайды. Нәтижелерін топта жариялап, дәлелдеулер жасайды. Үйге тапсырма: Ереже жаттау</p>	<p>оқиды.</p> <p>Жұмыс дәптерінде берілген тапсырмаларды орындайды.</p>		<p>Түсіндірме сөздік</p> <p>Жұмыс дәптері Түрлі-түсті қарындаш</p>
Сабақтың соңы 7 мин.	Сабақ «Шынжыр» әдісі бойынша бекітеді. Шынжырға жазылған сұрақтар беріледі.	Оқушыларға өтілген тақырып бойынша сұрақтар қойылады.	Бірін-бірі бағалайды.	Шынжыр тақтасы
	<p>Рефлексия. Кері байланыс оқушылардың сабақтан кейін өз жұмысына талдау жасау арқылы жүргізіледі. - Біледі. - Сұрағым бар. - Түсінбедім.</p>	Әр оқушы сабақтан меңгерген білімдеріне талдау жасайды.	Өзін-өзі бағалайды.	Кері байланыс тақтасы.


Бөлім:	Жанды табиғат			
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сабақтың тақырыбы	Тіл және сөйлеу			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау; 3.3.3.1 оқыған, тыңдаған және дыбыс-бейнелік материалдар бойынша мұғалімнің көмегімен жоспар құрып, мазмұндама жазу; 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Мәтіннің негізгі ойын анықтайды. Тыңдаған мәтін бойынша мазмұндама жазу. Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырып, жауап береді. Оқушылардың басым бөлігі: Тыңдаған мәтін мазмұны бойынша оқиға желісін сақтай отырып мазмұндама жазады. Кейбір оқушылар: Мәтіннің мазмұнын мазмұндап жазады, өзіндік пікірін қосып ойын тұжырымдайды.			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (1-7 мин)	(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі Сабақ мақсатын хабарлау.	Сыныптың оқу әрекетіне мотивін тудыру		
Сабақтың ортасы (26 мин) Сергіту сәті	Мағынаны ажырату <u>Білу. Түсіну. Қолдану</u> 1-жаттығу. Тыңдалым. Мәтінді тыңда. - Алматы уақыты 9 сағат 15 минут. - Аузыңды аш, «а-а» де. - Ыстық самса алыңыз. - Абайлаңыз, есік жабылады. Келесі аялдама – «Абылай хан» даңғылы. - Ойыншықтарыңды тағы да шашып тастағансың ба?! - Бүгінгі өтетін тақырыбымыз – «Етістік». 6-тапсырма. Айтылым. Жұмыс жеке жүргізіледі.	Бейнебаянды мұқият қарап, тыңдайды	Мақұлдау, қолпаптау	Оқулық Үнтаспа Бейнебаян



	<p>«Бір сөзбен» әдісі бойнша оқушылардың әрқайсысы бала мен ананың көңіл күйін білдіретін (<i>ренжу, үміттену, қуану, ескерту, уәде беру, ұқыптылық, жауапкершілік, немқұрайлылық, үлкенді тыңдамау, көпшіл адам</i>) сөздердің бірін таңдап өз ойын бір сөйлеммен білдіреді.</p> <p>2-тапсырма. Жазылым. Жұптық жұмыс. Анасының баласына қаратып айтқан «Ойыншықтарыңды тағы да шашып тастағансың ба?!» сөзін негізге ала отырып, айтылған сөздің себеп-салдарын анықтау үшін неліктен? неге? сұраулы сөздерінен басталатын 2 сұрақ құрастырып жаз. Жауабын жұбыңмен талқыла.</p> <hr/> <hr/> <hr/> <p>3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. 1) Тыңдаған мәтіндегі сөйлеу мәнері тән мамандықтарды анықта. 2) Анасы баласына неге ескерту жасады деп ойлайсың? 3) Осындай ескерту сөздерін естіген кездерің болды ма? Қандай сезімде болдың? 4) Сен қандай адамсың?</p> <p>7-жаттығу. Мәтінді тиісті дауыс ырғағымен оқу. Хатты әрі қарай жалғастырып жазу.</p> <p>8-жаттығу. Тапсырмалар арқылы сөйлеудің қай түрі жүзеге асырылғанын тауып көр. Сөйлеу түрі мен оған сәйкес тапсырманың тұсына «+» таңбасын қой.</p> <table border="1" data-bbox="495 1283 1339 1422"> <tr> <th rowspan="2">Сөлеу түрлері</th> <th rowspan="2">6-жаттығу</th> <th colspan="2">7-жаттығу</th> </tr> <tr> <th>1-тапсырма</th> <th>2-тапсырма</th> </tr> <tr> <td>ауызша</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>жазбаша</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Сөлеу түрлері	6-жаттығу	7-жаттығу		1-тапсырма	2-тапсырма	ауызша				жазбаша				<p>Мәтінді тыңдап болған соң өз ойларын білдіреді, өмірмен байланыстырады.</p> <p>Ашық, жабық сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Хатты жалғастырып жазады.</p> <p>6, 7 жаттығуларды пысықтап кестеге толтырады.</p>	<p>Өзара бағалау</p> <p>Жетістік критерийі: Сұрақтарға жауап бере алады</p> <p>ҚБ: мұғалімнің көмегімен оқушылар бірін-бірі бағалайды</p> <p>Топта бір-бірін бағалайды</p>	<p>Сөздер</p> <p>Сұрақтар</p> <p>Сұрақтар</p> <p>Оқулық, хат</p> <p>Кесте Оқулық</p>
Сөлеу түрлері	6-жаттығу			7-жаттығу														
		1-тапсырма	2-тапсырма															
ауызша																		
жазбаша																		

	<p>9-жаттығу. Оқы. Мәтінді оқуды сөйлеудің қай түрін қолданасың? - Қарамен жазылған сөздер мәтіндегі сөйлемдерді байланыстырып тұрғанына назар аудар. Сол сөздерді басқа сөздермен алмастырып айтып көр. - Алғашқы адамдар суреттердің көмегімен сөйлеудің қай түрін жүзеге асырды? Ойынмен бөліс. Ойынды «Жазбаша сөлеу бірден пайда болған жоқ» сөйлемімен баста.</p> <p>10-жаттығу. Сурет бойынша күзде не болатынын әңгімеле. Не болмайтынын айт. Әңгімелеу үшін сөйлеудің қай түрін қолданасың?</p>  <p>- Күз мезгілі бейнеленген сурет бөліктеріне зер салып қара. Осы сурет бойынша 3 сұрақ жаз.</p>	<p>Ойын ауызша жеткізеді.</p> <p>Сурет бойынша әңгіме құрастырады. Сурет бойынша 3 сұрақ құрастырып жазады.</p>	<p>Қолдау</p> <p>Мақтау</p>	<p>Оқулық</p> <p>Сурет</p>
<p>Сабақтың соңы (7 мин.)</p>	<p>Сабақты бекіту. «Кубизм» әдісі бойынша түскен сандарға сәйкес сұрақтар беріледі.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сөйлеудің қандай түрлері бар? 2. Ауызша сөйлеу түрлерін ата? 3. Жазбаша сөйлеу түрлерін ата? 4. Сөйлеудің қай түрін жиі қолданасың, неліктен? 5. Сөйлеудің қай түрі бірінші пайда болды? 	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p>		<p>Куб</p>
	<p>Рефлексия. «Бес бармақ»</p>	<p>Оқушылар сабақтан алған әсерлерін саусақтарға қарай айтады.</p>	<p>Өзін-өзі бағалау</p>	<p>Қол суреті</p>

4-сынып
10-сабақ

Сынып: 4	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Дыбыс үндестігі			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	1.7 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту. 4.1.7.1 Сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын, дыбыс үндестігін сақтап айту.			
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айтады, дұрыс жазады. Ойын дәлел келтіре отырып жеткізеді. Оқушылардың басым бөлігі: Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстырып, қатесіз жазады. Дыбыс үндестігін сақтайды. Кейбір оқушылар: Сөздерді орфоэпиялық талапқа сай айтады және жазады, дыбыстық талдау жасайды.			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (1-7 мин)	(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі Сабақ мақсатын хабарлау.	Сыныптың оқу әрекетіне мотивін тудыру.		
Сабақтың ортасы (26 мин)	Мағынаны ажырату <u>Білу. Түсіну. Қолдану</u> 41-жаттығу. Суретте сызбаға қарап, мәтіннің мазмұнын болжа. Мәтін не туралы? 	Сурет бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды.	Мақұлдау, қолпаштау Жетістік критерийі: Сурет сюжеті бойынша сөйлей алады; сұрақтарға жауап бере алады;	Сурет

	<p>42-жаттығу. Өлеңді мұқият тыңдайды. 1-тапсыма. «Кластер» (Жүзім шоқтары) әдісі бойынша тыңдаған мәтіндегі жұлдызқұртының көбелек қалпына дейін келу жолы туралы ойларын жазады.</p>  <p>2-тапсырма. «Мен оқымыстымын» ойыны. Айтылым. Оқушылар ғалым рөліне еніп тыңдаған мәтіндегі дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, өзара сәйкестеніп айтылуға бағынған сөздерді тауып, ойын дәлелдейді. 3-тапсырма. Жазылым Дыбыс үндестігіне бағынған сөздердің астын сызып, дәлел келтіріп жаз.</p> <p>43-жаттығу. Көп нүктенің орнына тұсындағы қосымшалардың тиістісін қойып жаз. Түбір сөздің соңындағы және қосымшадағы бірінші дыбыстың астын сыз. Олардың қандай дыбыс екенін айт. Содан өзін қорытынды жаса.</p> <p>44-жаттығу. Суреттегі зат атауларын үш жақта тәуелдеп айт. Тәуелдік жалғау жалғаған кезде түбір сөздердің қандай өзгеріске ұшырағанын айт.</p> <p>45-жаттығу. Сөздерді оқып, көшіріп жаз. Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.</p> <table border="0" data-bbox="584 1342 972 1407"> <tr> <td>Жазылуы</td> <td>айтылуы</td> </tr> <tr> <td>Басшы</td> <td>башшы</td> </tr> </table>	Жазылуы	айтылуы	Басшы	башшы	<p>Бейнебаянды мұқият қарап, тыңдайды Кластерге мәтіндегі ойларын тұжырымдап жазады.</p> <p>Ойын дәлелдейді</p> <p>Дәлелдейді</p> <p>Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жазады.</p> <p>Талдайды Қорытынды жасайды</p> <p>Заттарды үш жақта тәуелдеп айтады.</p> <p>Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстырады.</p>	<p>Өзара бағалау</p> <p>ҚБ: мұғалімнің көмегімен оқушылар бірін-бірі бағалайды</p>	<p>Үнтаспа Бейнебаян</p> <p>Кластер</p> <p>Тапсырма</p> <p>Оқушылардың жазбасы</p> <p>Оқулық</p> <p>Оқулық Суреттер</p> <p>Оқулық</p>
Жазылуы	айтылуы							
Басшы	башшы							

	Бозжан	Божжан			
Сабақтың соңы (7 мин.)	<p>Сабақты бекіту.</p> 		Сабақтан меңгергендерін саусақтарға жазып шығады.		Қолдың сұлбасы.
	<p>Рефлексия</p> 		Оқушылар қай сатыда тұрғандарын анықтайды, түсіндіреді.	Өзін-өзі бағалау	Табыс баспалдағы

ҚОСЫМША Г

Қатысымдық дағдыларды дамытуға бағытталған оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары







Қысқа мерзімді сабақ жоспарлары
2, 3, 4 сынып



**Тыңдалым мәтіндерімен жүргізілетін
интербелсенді жұмыс түрлері жинағы**
2, 3, 4 сынып

